

Ж.К. КЕҢЕСОВ

САРТАЙ БАТЫР



АЛМАТЫ

2011

Халықаралық «ДАЛА» журналының
кітапханасынан

САРТАЙ БАТЫРДЫҢ
ТУҒАНЫНА 300 жыл және
ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ
20 жылдығына АРНАЛАДЫ.

Кеңесов Ж.К.
Сартай батыр бастаған
«Мың бала жорығы»
/Монография/

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 қаз)
К 30

Кітапты шығарушы, халықаралық «Дала» журналының
Бас редакторы, журналист АТАБАЙ ҚЫЛЫШБАЙҰЛЫ

Ж.К. Кеңесов. Приозерск қаласының мемлекеттік мұрағатының директоры, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетінің ізденушісі.

Сартай батыр және XVIII ғасырдың басындағы қазақ-жоңғар соғыстарындағы «Мың бала жорығы».

Монография. – Алматы: Дала, 2011. – 248 бет.

ISBN 9965-860-08-4

Монографияда қазақ тарихына «Мың бала жорығы» деген атпен енген шайқасқа бозбалалардан жасақ ұйымдастырып, ата-жау жоңғарларға қарсы жүргізілген соғыстарға қатысқан, Шұбартеңіз, Бұланты соғыстарында үлкен ерлік көрсеткен, он бес жасында қол бастаған Жақайым – **Сартай батыр** тұлғасының аңызы мен тарихы баяндалады.

Оқырман ұлтжандылықтың, елжандылықтың, ерлік пен отан сүйгіштіктің жоғарғы үлгісін көрсетіп, ел мен жер үшін жан қиған жас боздақтардың ерлігімен таныса алады.

Зерттеу қазақ елі мен тарихына қызығушылықпен қарайтын оқырманға арналады.

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 қаз)

ISBN 9965-860-08-4

© «Дала», ЖШС 2011

СӨЗБАСЫ

Тарихи кезеңдер қашықтаған сайын, елдің ерен ерлерінің есімі де алыстай түседі екен. Әйтпесе, Сартай бабам бұдан бірнеше ғасыр бұрын-ақ қалың жұртқа танымал, мәртебелі тұлға ретінде белгілі болатын еді ғой. Өйткені, ол кісінің ұрпақ алдында айбарлы істері осы күндері ғана дәріптеле бастады. Сартай Байжанұлының жарқын істері мен тіршілік тауқыметіндегі адами қасиеттерін көрсететін құбылыстары осы монографияда біршама жақсы қамтылған. Кеңесов Жалмұрат інімнің тыңғылықты ізденісі арқасында, кітап оқырмандарына жол тартып отыр. Көп ізденген, жақсы дәйектермен жазылған, ғылыми еңбек ретінде, қарастырғанымызбен келешегін кемелденгіретін дүние екені даусыз.

Ия, Сартай баба кім, қандай іс атқарды, қадір-қасиеті қандай, қалың жұртқа есімі қалай таныс болды, нендей ұлағат тындырды, осы дәуірде баба есімін атап, дәріптеуден ұрпаққа не ұғындырамыз деген сауалдардың нақтылы жауаптары кітаптан толық табылады.

Мен, Сартай баба ұрпақтарының бірімін. Бұдан бірнеше жыл бұрын бабаға зиярат ету ниетіммен басына бардым. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы орталығынан 63 шақырым жерде Қызылқұм қойнауында үш арыстың бейіттері «мен мұңдалап» тұр екен. Қосым қожа, Сартай батыр, Даулет бақсы замандарында сөздері мір оғындай дуалы, істері көпке мәлім, есімдері елге танымал ғұмыр кешкен жандар болатын. Алланы аузымызға алып, әруаққа айналған бабалар басына құран бағыштап, қайтып едім. Одан кейінде араға жыл салмай арнайы Сартай бабама мал атап, жанұяммен, туған-туыстарыммен баба басына барып, бір түнеп қайттым. Бабаның тікелей ұрақтарының бірі - Ердеш Нұров ағамыз ескерткіш тақта орнатыпты. Ия, өз ағайым Ердеш. Кімнің жақын, кімнің алыс екенін білмейтін кезіміз ғой. Ақшатау қойнауындағы 7 жылдық мектептің 1 класына оқуға барған кезім - 1947-48ж. оқу жылы болатын. Өрімдей балалар алғашқы ұстазымызды ата-аналарымыздан кем көрмей қарсы алдық. Сол менің алғашқы ұстазым - Ердеш Нұров еді. Өзі өте

кішіпейіл, білімпаз, елгезек жан еді. Қатты қуанып қалдым. Қазақта «өлі риза болмай, тірі байымайды» - деген сөз бар ғой, ал Ердеш ағамыздың мақсаты - өлі әруақты риза ету болса керек. Бізде Сартай баба әруағына тағзым етіп, жеңілденіп қалғандай болдық. Кезінде, мың баланы бастап, елдің тәуелсіздігі, яғни берекелі болуына, қолдарына қару алып, қазақ жерін қорғаған батыр Сартай қазіргі ұрпақ үшін батырлық пен батылдыңтың, ер жүректілік пен ұлтжандылықтың үлгісін көрсеткендей.

«Сартай батыр» кітабы замана үніне - үн, тынысына - тыныс қосатын дүние іспеттес. Оны жарыққа шығарған Ж.Кеңесов бауырыма шексіз алғыс айта отырып, сүбелі ісіңнен баба әруағының қолдауымен береке тап демекпін.

Атабай ҚЫЛЫШБАЙҰЛЫ,
Халықаралық «ДАЛА» журналының
Бас редакторы, Арал және Сырдария
аудандарының құрметті азаматы.

**КЕҢЕСОВ ЖАЛМҰРАТ КЕҢЕСҰЛЫНЫҢ САРТАЙ БАТЫР
ЖӘНЕ XVIII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР СОҒЫСТАРЫНДАҒЫ
«МЫҢ БАЛА ЖОРЫҒЫ» АТТЫ ЕҢБЕГІНЕ**



АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тарихында Әбілқайыр, Нұралы, Батыр, Сартай, Сырлыбай, Есет сынды тағы да басқа батыр-билеріміз бен хан-сұлтандарымыздың қызметі бүгінге дейін арнайы зерттеу нысанына айналған емес. Кешегі Ресей империясы мен кеңестік замандардағы тарих ғылымы айтарлықтай дамығанымен қазақ тарихына қатысты арнайы зерттеулер аз болды. Жазылған күннің өзінде өткен тарихымыздағы тарихи тұлғаларға бір жақты баға берілді. Атап-айтқанда, елі үшін жанын қиып күрескен Сырым, Сырлыбай, Сартай, Әбілқайыр, Қайыпқали, Исатай-Махамбет, Жанқожа сынды көптеген батырларымыздың азаттық күресін 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейінгі Патша үкіметі тұсында қарақшылар шабулы, бүлікшілердің бүлігі деп жазғырса, кеңестік тарихнамада шаруалар көтерілісі деп жіктеді. Сондықтанда Жалмұрат Кеңесұлының Сартай батыр бастаған «Мың бала жорығы» атты зерттеу еңбегі бүгінгі таңда өзектілігі жоғары мәселелердің бірі. Өйткені, қазақ тарихының тұңғығындағы тұлғаларымыздың елі үшін атқарған қызметін зерделеп, көптеген деректер арқылы ашып көрсету, өткен тарихымыздағы мәдени-рухани құндылықтарымызды терең және тура түсінуге жол ашпақ.

Зерттеудің алдына қойған мақсат-міндеті айқын. Сартай батыр және оның заманына қатысты ауызша және жазбаша деректерді барынша пайдаланған. Атап-айтқанда, А.И.Тевкелевтің «Қызметтік жазбалар күнделігі», Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегі, Б.Залесскийдің «Қазақ сахарасына саяхаты», М.Тынышбаевтың «Қырғыз-қазақ халқы тарихының материалдары» мен М.Вяткиннің «Батыр Сырым» атты зерттеу еңбегі және тағы да басқа тарихнамалық зерттеулерді негізге ала отырып, Сартай батырға қатысты жыр-дастандар, аңыз-әңгімелер мен шежірелерді салыстырмалы түрде талдалған. Әсіресе, Нұрмағанбет Қосжанұлының «Сартай батыр» атты дастаны, Зейнолла Шүкіровтың

«Сыр бойы» шығармасы, Теңізбай Үсенбаевтың «Алшын шежіресі», Х.Табылдиев пен А.Қалмұратовтың «Кіші жүз рулары» шежіресі және тағы басқа деректі шығармалар басшылыққа алынып жазылған.

Бұл жұмыстың ерекшелігі Сартай батыр мен бірге ерлік көрсеткен қазақтың мыңға тарта батыр жігіттерінің Жоңғар шапқыншылығына қарсы жасаған ерлігін жан-жақты саралаған. Сонымен бірге ХУІІІ ғасырдағы қазақ халқының әлеуметтік жағдайы мен қоғамдық-саяси өмірін тарихи тұрғыдан баяндаған. Яғни, ХУІІІ ғасырдың 30 жылдарындағы Кіші жүздегі болып жатқан тарихи оқиғалар, соның ішінде, қазақ-башқұрт қарым-қатынасы мен белгілі тұлғаларымыз Әбілқайыр хан, Есет батыр, Бөкенбай, Сартай, Байғара, Сырлыбай сынды елбастаған бабаларымыздың арасындағы әртүрлі мәселелерді ғылыми негізде зерделеп, ашып көрсеткен. Сонымен қатар, Ресей империясының Кіші жүздегі саясатына да тоқталып өтеді.

Жалмұрат Кеңесов дайындаған Сартай батыр бастаған «Мың бала жорығы» атты еңбегінде Ресейдің Петербург, Москва, Орынбор қалаларындағы мұрағаттарынан Сартай батырдың заманына қатысты, яки ХУІІІ ғасырдағы Кіші жүз қазақтарының қоғамдық-саяси өмірін аша түсетін құжаттарды ғылыми айналымға қосқанда зерттеу жұмысы тағы бір жаңа қырынан ашыла түсер еді. Дегенмен, зерттеу тақырыбы Сартай батырдың өмірі мен қызметіне қатысты болғандықтан аталған кемшілік жұмыстың мазмұнын кемітпейді деп ойлаймын. Сондықтан да еңбекте қазақ тарихына «Мың бала жорығы» деген атпен енген, жас бозбалалардан жасақ ұйымдастырып, жоңғарларға қарсы жүргізілген соғыстарға қатысқан, Шұбартеңіз, Бұланты соғыстарында қол бастаперлік көрсеткен Байжанұлы Сартай батыр тұлғасының аңызы мен тарихын баяндауыбұл қазіргі таңдағы ұлтжандылықтың, елжандылықтың, ерлік пен отансүйгіштіктің жоғарғы үлгісін көрсетеді.

Қорыта келе Кеңесов Жалмұрат Кеңесұлының дайындаған Сартай батыр бастаған «Мың бала жорығы» атты еңбек оқырманның қызығушылығын тудыратына сенімдімін.

Бауыржан Бердіқожаұлы ЕНСЕПОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Мемлекеттік тарих институтының
аға ғылыми қызметкері

АВТОРДАН

Туған жерді, алтын бесік елді сыртқы жаудан қорғау мақсатында «Мың баладан» жасақ ұйымдастырып, он бесінде қол бастаған Сартай батыр туралы жазуға маған не түрткі болды?

Мың бала туралы бала күнімде ауыл ақсақалы Орынбеттен естігендерімді жазам деген ой менде болған жоқ. 1997 жылдары қызмет барысымен Орталық Қазақстанға қоныс аудардым. Кейіннен Приозерск қаласындағы мемлекеттік мұрағатқа қызметке орналастым. Осы қызметіме байланысты Қарағанды қаласына мәжілістерге қатысып жүрген кездерімде, Жезқазғандық әріптесім Сағындық Қожамсейітов мырзаның «Мың бала және оны басқарған Сартай батыр туралы деректер іздестіріп жүргені эсер етті деп ойлаймын. Оның үстіне Мырзатай Жолдасбеков ағамыздың теледидарға берген бір сұхбатында: қазақтың тарихы әлі толық жазылып біткен жоқ, сондықтан білетіндерің болса қағаз бетіне түсіріңдер дегені де мені кәдімгідей үлкен ойға қалдырды. Содан бастап «Мың бала» жасағының қолбасшысы Сартай бабамызды жазып, тарихта қалдыруды өзіме парыз санадым. Мүмкін кемшілігі де болар, бірақ мен жерлесім Орынбет атамыздан естігендерімді, тарихи деректерді іздестіре отырып, оның бер жағында Сартайдың қол бастаған, ел басқарған кездерін бейнелеген жазушы ағаларымның шығармаларын да қайта оқып шығып, өзімнің естіп санамда қалғандарымен салыстыра отырып жазып шықтым. Кім біліпті?! Орынбет ақсақал да осы Сартай туралы күнімен, түнімен жырлағанда кейін осындай егемендікке қолымыздың бір жететініне, сол кезде жастардың бірі болмаса бірінің санасында қалып Сартай бабамыздың жарыққа шығатынына сенген болар. Сартай бабамыздың тегін адам болмағаны барлығына аян, оны өлгенінше жырлап өткен Орынбет ақсақалдың да аруағы риза болсын деген мақсатпен осы еңбегімді жазып шықтым. Бағасын тарихшылар бере жатар.

Осы еңбекке кіріскеннен маған рухани қолдау білдіріп, тілекші болған, білгендері болса ой қосып, бөліскен азаматтарға:

Ерлан Нигматулинге, Ерлан Өтешевке, Атабай Қылышбаевқа, Өмірзақ Жолымбетовке, Жұмабай Жақыпқа, Нұрғали Қарабековке, Пахреддин Берсүгіровке, Әскербек Төлеуовке үлкен алғысымды білдіремін. Оларға Алланың ризашылығы жауып, Сартай бабамыздың аруағы қолдасын!

КІРІСПЕ

Құрметті оқырман! Қазақ елі тарихының елеулі кезеңін саралай қарап, XVIII ғасырда туған жері, туған елі үшін жандарын пидаеткен қыршындардың ерліктерін сөз етпекке, арғы-бергі тарихқа көз жүгірттім. Өйткені, олар ел мен жердің тағдырына әр кезеңде тегеуірінді ықпал етті. Солардың іс-әрекеттері кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болған. Тарихтың талай соқпағын бастан өткерген қазақ жұртының да қабырғалы халық, іргелі ел болып қалыптасуы оңайға түспеген. Солардың бірі біздің дәуірімізге дейінгі 570-520 жылдары мөлшерінде өмір сүрген массагеттердің падишасы Тұмар (Томирис) ханымның ел басына күн туған сәттердегі іс-қимыл, әрекеттері.

Тарихтың атасы Геродоттың жазбаларында ұлы сақ ордасының падишасы Тұмар ханым мен Мидия патшасы, тарихта «Азия әміршісі» атанған, жан-жағын жалмап, бүкіл Азияны жаулаған қаныпезер Кирдің арасындағы болған кескілескен шайқас туралы жазып қалдырған. Қай уақытта да соғыс елді басып алу, жерді қосып алу мақсатында болғаны айғақ. Осындай бай елді өзіне қарату мақсатында Мидия патшасы үш жүз мыңнан астам әскерін бастап, Ұлы сақ даласына келеді. Айлакер, әккі Кир патша Ұлы сақ ордасының падишасы Тұмар ханымды желіктіріп, оның өзін де, жерін де, елін де соғыссыз алуды көздеп, Тұмар ханымға құдалықты желеу етіп, елші жіберіп, сөз салады.

«Сақтардың ұлы ордасының жесір ханымын өзіне әйел етпек ниеті барын білдіреді. Екеуміз екі елдің басын қосып, бірігіп билейік - деген ұсынысын айтады.¹

Оның алдаусырату екенін, Кирдің құлқынын тескен ханым емес, ұлы сақ ордасының қазынасы екенін бірден аңғарған Тұмар ханым қарсылық білдіреді. Оның үстіне Ұлы сақ ордасының падишасы Кирдің таққа келу тарихын, Мидиядағы саяси жағдайды жақсы білетін.

Құлығы іске аспаған Кир патша Тұмар ханымның қарсылығын естісімен өз әскерлеріне массагеттермен ашық соғысу үшін жарлық беріп, іске кіріседі.

1 Геродот. Тарих. 1 кітап. 205 бап. 90 бет

Қамданған жаудың қашан да қатерлі болатынын сезген Тұмар ханым да қарап қалмай өз әскерін дайындайды.

Осы соғыстың соңы Ұлы сақ әскерлерінің жеңісімен аяқталады. Геродот бұл туралы өз жазбасында –былай деп жазып қалдырған.²

«Томирис Кирдің өз кеңесіне құлақ аспағанын білгеннен кейін, соғысқа өзінің барлық әскерін жұмылдырды. Соғыс барысы туралы менің білгенім; қарсыластар алдымен бірі-біріне қарсы тұрып, алыстан садақпен оқ жаудырған, қорамсақтағы садақ оғы түгесілгеннен кейін олар қолма-қол соғысқа бет қойып, қанжармен, қылышпен аяусыз, тайсақтамай шайқасады.. Ақыры Тұмар ханымның әскері жеңіске жетіп, Кир әскерінің барлығына жуығы, Кирдің өзі де сол соғыс алаңында қаза табады. Бұдан кейін Тұмар ханым шарап құятын сабаны адам қанына толтыртып, Кирдің өлі денесін іздетіп тауып, басын сол қанға батыртады. Бұл соғыс, менің пайымдауымша, жаугер тағылардың арасындағы ең қатігез шайқас болды».

Сақ тайпаларының осы шайқаста жан аямай соғысуы Тұмар ханымның елінің халқын түгелдей атқа қондыруы еліне, туған жеріне, халқына деген ерен сүйіспеншілікті паш етеді.

Осыған ұқсас тағы бір оқиғаны Грузия тарихынан кездестіруге болады.

1744 жылы Иранның Нәдір шахы Гүржістанға шабуыл жасағанда, Гүржінің жүз бозбаласы патша сарайын қорғап, патриоттықтың асқан үлгісін көрсетіп, қасық қаны қалғанша соғысып, тапжылмастан сол қақпа алдында жан тапсырады. Сол соғыста шаһид болған бозбалалар патша сарайынан төмен жарқабақтың етегінде ағып жатқан Кура өзенінің жағасына жерленеді, есімдері ойылып жазылған құлпытастар сол тарихтың куәсі.

Осы оқиғалардан түйіндеп ой қорытар болсақ, қай халықтың да өзінің елі, жері, Отаны үшін жандарын пидаеткендеріне куә боламыз.

Ал, 1723 жылы тарихқа «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» болып енген қазақ халқының басынан өткен нәубеттің зиянын ешнәрсемен салыстыруға келмейді. Жоңғарлардың жетпіс мың қолмен, жеті бағыттан бір мезетте тұтқиылдан жасаған шабуылы,

2 Геродот. Тарих. 1 кітап. 214 бап. 93 бет.

оған сол жылғы жұттың қосылуы қазақ халқының жаппай қырылуына, аман қалғандарының босқыншылыққа ұшырауына әкеліп соқтырады.

Кейін қазақ халқының санының әр түрлі тарихи кезеңдерден өсіп-кеміген күрделі динамикасын зерттеген демограф ғалым Мақаш Тәтімов «1723-1725 жылдардағы қияметті кезең халқымыздың тірнектеп 258 жыл бойы жинаған санының тең жартысын жоқ етіп, оны демографиялық жағынан 128 жылға төмен түсіріп кетті» - деп жазды.³

Осы жаугершіліктен аман қалған үш жүздің баласы қайта бас біріктіріп, басқыншы жауға тойтарыс беруді ойлайды. Орта жүзде Қаракесек Арғын елінен Қаз дауысты Қазыбек би халқын жиып, 80 ге келген Аймауыт Сұлтан жарты би деген шалға келіп ақыл сұрайды.⁴

Сонда Қаз дауысты Қазыбек биге Аймауыт Сұлтан жарты бидің қайтарған жауабы:

Қазақтың қамын ойлаған	Азықпассың ойласып
Қазыбек бала қарағым,	Ақылын алсаң ағаның,
Ақыл айт деп адаспай	Сексенге келіп селкілдеп
Аузыма менің қарадың,	Таусылып отыр заманым.
Қазақтың қамын ойласаң	Қолдан келер шама жоқ
Қайырлы болсын талабың!	Тілеймін елдің аманын,

Аймауыт сұлтанмен ойластықтан кейін Қаз дауысты Қазыбек би басқыншы жауға тойтарыс беру үшін жаугершілікте аман қалған үш жүздің жақсыларына хат жазып сауын айтады. Сол кезде қазақ халқының алдында жалғыз ғана таңдау: не өлім, не өмір, болмаса туған жерді тастап босып кету мәселесі тұрғанын түсінген бар қазақ қасиетті Ұлытауға жиналады.

Түркістанды алып, оңтүстіктен Сарысу бойын қуалап шабуылдап келген жоңғар әскерінің ендігі мақсаты да Ұлытауды алып, қазақты елдігінен айыру еді. Бұл қанды

3 М.Тәтімов. Қазақ әлемі. 49 бет.

4 Н.Қосжанов. Сартай батыр дастаны. Алматы, 1997ж. 16-19 бет.

Жанын сақтар Жасаған
Он сегіз мың ғаламның.
Асығыс жинап бір ойлас
Үш арыс елдің алабын
Ел іші алтын бесік қой
Ойласып табар амалын,
Қаз дауысты қарағым.
Ай да өтер, күн де өтер,
Енді қалмақ келгенше
Тағы төрт-бес жыл өтер,
Сарт пен өзбек сын етер
Салық салып, ақша алып
Кеуіліңді кір етер.
Солқылдаған мырзанды
Қаздырып арық құл етер,
Жібегіңді жүн етер,
Әр шаһарға тентіреп
Азығып қазақ күні өтер.
Қарсыласып қағыссаң
Мойныңнан қылыш сыр етер,
Шарифаттың жолы деп

Көнбеген күні дүр етер,
Тегі алыс Өзбегің
Жұртыңды жүдетер,
Бір күні барып Өзбектің
Арбасына жегілме,
Есіңе түсер сол күні
Жатқаның жәннат төрінде,
Біздің қазақ үйренген
Жалғанның мынау кеңіне.
Кіші жүз жатыр толқындап
Жайықтың сонау өрінде,
Ұлы жүз жатыр бір беткей
Жетісудың шенінде.
Ойласып елмен есеп қыл
Тартынып кейін шегінбе,
Тілімді алсаң, жарандар
Бөлінбе қазақ бөлінбе!
Найза ұстаған бозбала
Намысың бір ғой сенің де,
Өзбек пен Сартты досым деп
Өнбейтін іске семірме.

қырғында жеңіске жеткен елін, жерін мәңгі сақтап қалмақ та, жеңілгені жер бетінен мәңгі жойылмақ. Ел мен жер үшін болған осы қанды шайқасқа кіші жүздің өзінен отыз бес мыңға жуық әскер аттанады. Оның ішінде өзі тұрғылас, өңкей бозбалалардан құралған «Мың бала» жасағын ұйымдастырып, он бес жасар **Жақайым-Сартай** батыр қол бастап барады. Қазақ халқының есінде мәңгі сақталған «Мың бала» ел тарихында бұрын-соңды болмаған. Шұбар теңіз (1726ж.) және Бұлантыда (1727ж.) болған соғыстарда Сартай батыр бастаған «Мың бала» жасағы үлкен ерлік көрсетіп, елжандылықтың, отансүйгіштіктің, туған елге, жерге, халқына деген сүйіспеншіліктің тамаша үлгісін көрсетеді. Өрімдей жастардың ата-жау жоңғарларға қарсы шабуылы қаны қызатын барша қазақтың намысын жанығаны хақ. Қарағай сапты найза, сірі қалқан, садақ,

айбалта және бірді-екілі шиті мылтықпен қаруланған қазақ қолының мерейі үстем болады. Қару-жарағы сайлы, әдіс-айласы басым Жоңғар әскерлері қазақ қолының жанкештілігіне шыдай алмайды. Сартай батыр бастаған «Мың бала» жаудың зеңбіріктеріне лап қойғанда көз алдарында баудай түсіп қырылғандарына қарамай өршелене ұмтылған жас балаларды көрген қазақ қолына ерекше күш бітіп, айбаттанып, «әруак, әруак» - деп жауға дүрсе қоя береді. Бұндай өлермендікті күтпеген жоңғар қолының Ұлытаудан біржола үміті үзіліп, шебін тастап кейін шегінуге мәжбүр болады.

Соғыстан кейін майдан ортасындағы кара төбе «Қалмаққырылған» атанады. Қазақ қолы осы соғыста шейіт болған батырларды, боздақтарды төбе басына жерлеп, басына оба үйіп, руларының таңбасын салады. XVIII ғасырдан қалған қорымдар, ру таңбалары сол қанды қырғын туралы әлі талай мұнды сырды шертіп тұрады анық. Дерлік үш жүздің баласы қатысқан Бұланты соғысындағы жеңістен кейін «қазақ» деген халық өз ұрпақтастығын жалғастырып, аға-баба арман еткен бүгінгі күнгі Тәуелсіздікке қолы жетті. Қаздауысты Қазыбекби жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресті ұйымдастырумен ел есінде мәңгі қалды. Он екі жасар баладан сексендегі қартқа дейін қатысқан Бұланты өзені бойындағы «Қалмаққырылған» соғысында «елім» деп еңіреген біртуар азаматтардың арқасында қазақ халқы бірлігі мен жерінің тұтастығын сақтап қалды. Жоңғарлар жер бетінен жойылды. Сондықтан бүгінгі ұрпақтың парызы – Тәуелсіздігіміздің қасиетін терең ұғынып бағалай білу, осы жолда шейіт болғандарды әрдайым естен шығармай басымызды иіп тағзым ету.

Автор

I ТАРАУ БАТЫРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ, ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР



Асан Қайғы: шығу тегі, өмір сүрген жылдары, ұрпақтары

В данной статье проведена сравнительный анализ устных и письменных данных автор выдвигает свою гипотезу о происхождении, даты рождения и смерти, о потомках Корасана, известном в народе как Асан Кайғы, жившем в примерно в XV – начале XVI вв., поэте, песеннике, философе, судьбе, государственном деятеле, советнике ханов – основателей казахского ханства – Керей и Жанибека.

In this article done the comparative analyze of the early find written forms, the author wrote his hypotheses about descent, the date of birth and death, about descents of Korasan, was well-known in people like Asan Kaygy, which had lived nearly in XV – the beginning of XIV century, which was the poet, the singer, the philosopher, the judge, the state man, the adviser of hands – founders of the Kazakh hanstva – Kerey and Dganibek.

Қорасанның (Асан қайғы) шығу тегін, өмір сүрген жылдарын, ұрпақтарын анықтау мәселесіне қайта оралу қажеттілігі осы кезге дейінгі зерттеулерде қалыптасқан төмендегідей қарама-қайшылықты пікірлердің орын алуынан туындап отыр. Мысалы:

- Қорасан (Асан қайғының) өмірінің соңына шейін қазақ халқының қамын ойлап, оған жер ұйық іздеп, жер шалып, шаңырағы шайқала бастаған ордадағы болашақ қазақ хандығының негізін қалайтын Керей мен Жәнібектің ақылшы, кеңесшісі болғанына қарамай, оның тегі ноғай болуы мүмкін деген пікір баспа бетінен жарық көрді (1, 6), (1, 5).

- Ал, аңыз, шежірелік деректерге зер салсақ оның шығу тегі Кіші жүздегі

Әлімнен тарайтын шектілермен байланысты екендігі, осы рудан шыққан Сартай батыр оның алтыншы ұрпағы болып келетіні анықталады (2, 392).

- Қазақ ұлттық энциклопедиясында Асан Қайғы өмір сүрген жылдар шамамен «... 14 ғасырдың ақыры, 15 ғасырдың басы...» (3, 471) – деп берілген, ал аңыздар мен шежірелік деректердің негізінде ол шамамен XV ғасырдың басында туып, XVI ғасырдың басында о дүниелік болған деген тұжырымға келуге болады.

Қорасанның (Асан Қайғының) шығу тегін, өмір сүрген уақытын, ұрпақтарын анықтау мәселесі осы күнге шейін қолға алынбай келуінің баршамызға түсінікті бірнеше себебі бар.

Біріншіден оның өмір сүрген жылдары қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңді қамтиды (13 ғ. соңы 14 ғ. басы) деген тұжырым дұрыс деп қабылданғандықтан және қазақ деген халықтың тарихын тек қазақ хандығы құрылған 15 ғасырдың екінші жартысы – 16 ғасырдың басы аралығынан бастап қарастыру дәстүрі қалыптасқандықтан «оның қазақ болуы мүмкін» деген пікірдің айтылуына ешқандай жол қалмаған.

Тарих ғылымында қалыптасқан осы мәселеден мынадай сұрақ туындайды: «қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңде осы жерде өмір сүрген халықты қазақ деп атауымызға болмай ма?!». Егер жоғарыдағы тұжырымдарды ұстансақ, әрине, бұл сұраққа «болмайды» - деген жауап аламыз. Сондықтан да осы қалыптасқан жағдайда зерттеушілер Асан Қайғының шығу тегін қай халықпен байланыстарса да оның ішінде «қазақ» деген нұсқаның орын алмайтыны өзінен-өзі түсінікті.

Екіншіден, тарих ғылымында ру, рулық қоғам мәселесі о бастан марксистік теорияда: бұлар «алғашқы қауымдық құрылыстың әлеуметтік ұясы» деп танылғандықтан – қай тұлғаны қарастырсақ та, оның тегі осы әлеуметтен шығып, осында қалыптасатынына көз жұмып қарадық. Оның салдарын Асан Қайғының әкесі туралы, оның мекен еткен жері туралы, ол қамын ойлаған елі

туралы аңыздар ел ішінде айтылып та, жазылып та келе жатса да, осы күнге дейін оған назар аудармауымыздан көруге болады. Оның шығу тегін қазақ халқын құрайтын рулардың біреуімен байланыстыруға болмайтыны да осы себептен туындайды.

Ал қазіргі қалыптасқан жағдайда талай зерттеушінің көкейін тесіп келген осы сұрақтарға жауап іздеуге бар мүмкіндік туындағандай. Елді құрайтын рулардың тарихы да, олардың басын құрап елдіктің туын көтерген мемлекет тарихы да қайта қаралып, жан-жақты зерттеле бастады. Мақалада көтеріліп отырған мәселені анықтау да осы зерттеулерге өз үлесін қосуды көздейді.

Қарастырып отырған мәселеміздің тарихнамасына келетін болсақ, Асан қайғы тұлғасына тарихшылардан гөрі, халық ауыз әдебиетін танушы, фольклор мамандарының көп көңіл бөлгендігі белгілі. Дегенмен, ауызша мұраның авторы, оның өмір сүрген кезеңін анықтағанда фольклор мамандары тарих ғылымында анықталған фактілер мен оларды түсіндіретін теорияларға сүйенетіні белгілі. Сондықтан да тарихшылардың ұстанған тұжырымдары мен ауызша деректің оған сәйкес келмейтін тұстарында төрелік айтатындай шетелдік ғылымда жағдай болғанымен, кеңестік фольклор мамандарының сүйенетін тәуелсіз теориялық, әдіснамалық ұстанымдары болған жоқ. Осының салдарынан қарастырып отырған мәселеде теорияның ыңғайына «жығылған», тұспалдап қорытқан күмәнді тұжырымдарды осы уақытқа дейін «қанағат тұтып» келуге мәжбүр болдық.

Тарих және басқа да қоғам тануда қалыптасқан осы күрделі теориялық мәселелердің шешілуіне жағдай нақты фактілерді талдап, анықтап алғаннан кейін ғана қалыптасады.

Асан қайғының тегі, өмір сүрген жылдары және оның ұрпақтары туралы мәселеге назар аударуыма себеп болған ең басты себеп – ел ішінде сақталып келген аңыз-әңгімелерді жас күнімнен ауыл ақсақалдарынан естіп өстім. Кейін әкем Кеңес бұл әңгімелерді қайталап айтып, құлағымда өшпестей етіп қалдырды. Осы қарастырып отырған тұлғаның тікелей ұрпақтарымен де

жүздестім. Мақалада сүйеніп отырған аңыздарды бертінге дейін айтып келген – Орынбет ақсақал 1972 жылы қайтыс болды. Бір баласы Сағынайдың айтуынша әкесі құжат бойынша 94 жаста, ал ақсақалдың өз аузынан: «міне жүзден кеттім, мен де Сартайдың жасына жетіп өлем» деуіне қарағанда жүзден асып қайтқан. Мұны ол 1969 жылы айтқан. Ол шекті руының Асан тайпасы, Есен руынан шыққан. Қысқартып түсіндіре кетсек, ол Асан қайғының ұрпағы болып келетін Сартай батырмен немере ағайын болып келеді. Кейін 2008 жылы анықтағанымдай, жеті атадан кейін, осы Сартайдың Малтабарының ұрпағы Мәуектің қызы Қатшаны алған екен. Орынбет ақсақалдың біз қарастырып отырған тұлға мен оның ұрпақтарына қатысты аңызды көкейінде сақтап, бертінге дейін айтып келуінің негізгі себебі осында. Қарастырып отырған әулеттің тұлғаларына қатысты аңыздарды мен тек Орынбет ақсақалдан ғана емес, оның жары Қатшаның сіндісі Кермеқастың қызы Бақтыбикеден естідім. Оның қысқаша тарихы мынадай: Орынбет ақсақал 1930 жылы Қызылорда облысында кеңес үкіметінің саясатына қарсы шыққан «Асан» көтерілісіне қатысқан. Көтерілістен жеңілген соң көтерілісшілер Тәжікстан, Ауғанстанға қарай үдере көшкен, ал Орынбет ақсақал басын сауғалап, елін қимай, Ұлытауға кетуге мәжбүр болған. Жары Қатшаның елде қалып қоюына осы дүрбелең себеп болған. Бұл өмірбаяндық деректерді 2006 жылы Елбасымыз Тәжікстаннан көшіріп алған бауырластарымыз құрамында туған жерге келген Қатшаның сіндісі Кермеқастың қызы Бақтыбике 2008 жылы берген сұқбатында айтып берді.

Екінші бір деректі Арал өңірінің төл перзенті, ақын Зейнолла Шүкіров өзінің «Сыр бойы» романында келтіреді. Онда ел арасындағы аңыз әңгіме бойынша «Сартай батыр Асан қайғының алтыншы ұрпағы, бабасы Қосқұлақ би Сауранды билеп, Ақназар ханның сенімді сардарларының бірі болса керек. Өз әкесі Байжан би Хиуа ханының төбе биі болыпты», - деп жазады (2, 392). Тағы бір аңыз бойынша: «Асан қайғы, Шерғұтты, Қарға бойлы қазтуған Шора ханға сәлем бере келіп, Хантөрткүлдің басында

кеңес құрады. Төрт хан бәтуаны бір жерге қоя алмай тарасады. Қазтуған ізіне ерген жұртты бастап Хорезм жұртына қарай жөн тартады Шерғұтты ескі қонысы Ақ Жайыққа көшеді» - деп баяндалады (2, 140).

Ақын З. Шүкіровтің келтірген бұл деректері мұрағаттық деректермен нақтыланбаған. Дегенмен, жазба әдебиетінің өзі ауыз әдебиетінің негізінде дамыды емес пе?! З. Шүкіров Арал өңіріндегікөне көз қариялардан естігенін жазған. Арал өңірінен шыққан өзге жазушыларда Асан қайғы туралы ешқандай мағлұмат жоқ. З. Шүкіров жазған осы Асан қайғы туралы аңыздың бірнеше нұсқасы Арал өңірінде сақталған. Соның куәсіндей аңызда айтылатын жер аттары да әлі күнге солай аталады.

Енді Асан қайғының шығу тегі Кіші жүздегі Әлімнің ішіндегі Шекті руымен байланысты деген болжамды қарастырып көрейік. Ескі әңгіме желісі бойынша әкесі Әлімге мың ақ боз үй тіктіріп барша қазаққа ас беретін баласы Жаманақ көрінеді. Жаманақ атамиз малына салған Х (қос шек) таңбасына байланысты «Шекті» аталып, одан тараған ұрпақтар да сол таңба атымен елге танылған – деп айтылып та, жазылып та жүр.

Жаманақтан (Шекті) – Шыңғыс, Өріс, Бәубек тарайды. Жаманақтың үлкені Шыңғыс тумысынан зерек, алғыр, бойына қасиет дарыған киелі жан және соған сәйкес өте бай болған көрінеді. Қызылқұмды қысқы қонысы етіп, жаз жайлауға Қаракұм арқылы Ырғыз, Торғай, Ор, Түмен, Орынборға қарай көшеді екен. Шыңғыс өзінің өлетінін күнілгері біліп, алдын-ала елді жидырып үлкен садақа береді. Садақа соңы палуан күрес, көкпар тарту, ат бәйгесіне жалғасып, ұлан асыр тойға ұласады. Той аяқталысымен Шыңғыс ел жақсыларын өзінің ақ боз үйіне жинап, әкеден өзіне мирас болып қалған дүние-мүлікті, төрт түлік малды бөледі. Бабаңның көзі еді деп, Жаманақтан қалған қоңыраулы қара қобызды, көн садақты қорамсағымен ақ бураның үстіндегі кілем қоржынның екі басына салдырып, төрт түлік малдан еншісін бөліп Жақайымнан туған он алты жасар немересі Қорасанға береді. «Сөйлер сөзге шешен, құралайды көзге атар мерген» - түбі

осыдан шығады деген екен. Өзі киген ақ сауыты мен найзасын, шоқпарын Ақшулан атты тұлпарымен қоса ортаншы немересі Бөлекке (Шыңғыстың тауып алған баласы Қалудан туған) беріп, «айтқанынан қайтпайтын өжет, шеніне жау жолатпас батыр болады»- деген екен. Өзі мінген Ақ моншақ атты тұлпарын, беліне таққан қанжары мен қылышын төрт жастағы кіші немересі Тоғанға беріп «қику шықса намысы қозатын, ерегіскен дұшпанға есесін жібермейтін ер болады» - деп көрегендік танытқан. Қалған малды інілері Өріс пен Бәубекке, баласы Жақайымға тең бөліп береді. Садақаға қатысқан өзінің сыйлас замандастарына, ағайындарына, туыс-жекжаттарына ат мінгізіп, шапан жауып барлығының көңілін тапқан екен – дейді. Осыдан кейін көп ұзамай Шыңғыс ерте дүние салады да шаңырақта қалған Жақайым аға баласы атанады. Ел-жұрт Шыңғыс ағамыздың көріпкелдігіне тәнті болып қарапайым адамдық, азаматтық істеріне ризалық танытып «шынымен кеуілі кең, пейілі бай адам екен» - деп, кейінгілер Шыңғысты - Шынбай (ол бара-бара Шымбай) атандырыпты. Қызылқұмдағы Шыңғыс жайлаған қоныс «Шымбай» аталып, кейіннен қала болыпты дейді. Баласы Жақайымды да көне көз қарттар: «қасиетті, киелі, түсінде Қыдыр бабаны үш рет көріп, батасын алған» - деп айтып отыратын.

Жақайымның бәйбішесінен Қорасан /Асан Қайғы, Ақбура / Қызылқұмда туған көрінеді. Азан шақырып атын Қорасан қойғанымен, кейін Асан, Ақбура атануына оның жеңгелері мен шешелері себепкер болған көрінеді. Қорасан аты әулиенің аты болғандықтан оның атын дәлатамай қазақ халқының менталитетіне сәйкес Асан деп, кейін атасының ақбура сыйлағанын ескеріп Ақбура атауы да даусыз.

Ел аузында, батырлар жырында Қорасан әулиеге сиынғанда айтылатын өлең жолдары бар. Халықтың бұл әулиеге сенім-нанымы әлі күшін жоймаған. Мысалы, Қобыланды батыр жырында:

«Әулие қоймай қыдырып,
Етегін шеңгел сыдырып,
Жеті пірге танытқан

Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып
Қабыл болған тілегі
Жарылғандай жүрегі» - дейді (4, 22 б.).

Ал, екінші әйелінен туған Тоған – Тоқбай көлінің жағасында туған дейді. Ол кезде Тоқбай, Шұқыркөл, Сары көл, Жарық көл, Сарыой, Өзекқак, Үлкен Сарыой Арал теңізіне не болмаса Қамыстыбас көліне қосылмай әрқайсысы жеке-дара табиғи тоған болып тұрған дейді. Кейін Тоқбайдан басқасы тартылып, кеуіп қалған көрінеді. Жақайым ағамыздың үшінші әйелінен туған кейінгі балалары Ағыс, Көгіс Ақ Жайық, Еділ өзендерінің бойында туған дейді. Себебі сол уақыттарда Ақсақ Темір жойқын шабуылдар жасап, бар елді жаулап алып жатқанынан сескенген Жақайым бай елін Орынбор асырып, Қазан маңын жайлаған екен. Жақайым ағамыздың моласына қойылған құлпытасы Орынбор қаласынан 70 км арыда жатқанын көрген ақсақалдар айтып отыратын. Шыңғыс ағамыздың аузының дуальылығы сонда, немерелеріне көрегенділік танытып берген баталық сөзі, дүние мүлкі мен малының көзі «Ақбура, қара қобыз, көн садақ» сегіз ұрпағына, кешегі Сартай батырға дейін жетті. Ақ моншақ аттың тұқымы Ақ құнан тұлпар, қанжар мен қайқы қылыш Жылқайдар батырға дейін жетті. Ақшулан аттың тұқымы Ақтабан тұлпар, ақ сауыт, ақ найза мен қара шоқпар Бақтыбай батырға дейін жетті – деп айтып отыратын, Орынбет ақсақал. Енді осы айтқандарын жазба деректермен салыстырып көрейік;

1. М. Тынышпаев өз еңбегінде төмендегідей деректер келтірген.

Қытайдың мұрағаттық мәліметтерінде VII - ғасырда Шу өзенінің батыс бетінде Чумынь, Чумунгунь тайпалары өмір сүрген. 654 - жылы қытайлықтар Чумунгуньдарға шабуыл жасап, астанасын қиратып, 30 мыңға жуық чумунгундарды өлтіріп, құлақтарын кесіп алғанын жазады. 742-744 жылдары ұйғырлар мен карлуктардың біріккен күшінен жеңіліс тапқан чумунгундар батысқа қашқан. Махмуд Қашғари 1073 жылы жазған «Түркі тілі сөздігі – Диуани лұғат-ит-түрк» пен Шу алқабындағы Баласұғұн

қаласының тұрғыны Юсуф Хас Хаджиб 1069 жылы «Құтты білік-Құтадғу біліг» кітаптарында Шу өзенінің жағалауында сол уақыттарда чеклы тайпасының өмір сүргенінен хабар береді.

Қаракесек тайпасы (Әлімұлы, шөмекей, кете) ежелгі ұраны – дөйт. Әлімнің бір тармағы шекті немесе шеклы болып аталады. Қашғардың оңтүстік батысы мен Алай тауының шығыс бөлігінде осы күні қара-қырғыздардың қаракесек пен дөйт рулары ежелден бірге тұрып жатырғанын, туыстықтарының барын жазған (5, 23-24 бб.). Сонымен қатар қаракесек пен дөйт рулары Кіші жүз қазақтарында да бірдей кездесетінін, бұл ру аттарының екі жақта да бір-бірімен тығыз байланысты екенін жазған (5, 23-24 бб.). 742-744 жылдары ұйғыр мен карлуктардың шабуылынан қаракесектердің (әлім, шөмен, кете) екіге бөлініп, бір бөлігі Қашғарияда қалса, екінші бөлігі Сырдария өзенінің төменгі сағасын, Арал теңізінің шығыс бетін мекендегенін жазған. Бұдан «қаракесек» пен «шекті» атауының VI ғасырдан бері белгілі болғанын, VII ғасырдың елуінші жылдары Сырдың төменгі сағасын, Арал теңізінің шығыс бетін жайлағанынан хабардар боламыз.

2. Б.Залесский /Қазақ сахарасына саяхат. Алматы, 1991 ж. 40 б./ еңбегінде «Батыр Шора туралы аңызда» Қазан шаһарының маңында Қара, Тама және Жақай есімді үш батырдың өмір кешкені туралы жазады. Бұндағы Жақайы-Жақайым бай екені дау тудырмаса керек. Бұл аңыз болғанымен Жақайым атамыздың атының жазба деректе ұшырасқаны, Қазан маңын мекен еткеніне дәлел болатын құжат (6, 406.).

3. Ұлы жүз руларында Қаракесек, Шекті рулары кездеспейді, ал орта жүзде бар. Орта жүздің тоқал Арғыны «жоғарғы шекті» және «төменгі шекті» болып екіге бөлінеді. М. Тынышпаев өзінің жоғарыдағы еңбегінде бұл атаулардың да таңбадан шыққанын жазған. Арғындардың негізгі таңбасы ОО көз таңба, ал жоғарғы шекті арғын таңбасы – ОО былай белгіленген, төменгі шекті арғын осыған керісінше, яғни, былай ОО таңбаланған. Орта жүз шежірешілері Қотан тайшыдан Дайырқожа (Ақжол би),

одан Мейрамсофы туады деп таратады. Осы Мейрамсофының үш әйелінен (үшеуі де Кіші жүз руларының қыздары) бес бала тарайды.

а) Алшын Құдыс байдың қызы Нұрпаядан – Қуандық, Сүйіндік туады.

б) Нұрпаяның жеңгесі жаугершілік болып кейін қайталмай қалғасын, Нұрпая жеңгесін Мейрамсофыға өзі қосып, одан – Бегендік, Шегендік туады.

в) Нұрпаяға қызметші болып еріп келген Қаракесек руының қызы Қарқабаттан – Болатқожа туады. Міне, осы Болатқожаны Арғын елі «Қаракесек» атайды (7, 25 б.).

Орта жүз шежірешілері Қарқабатты Нұрпаяға еріп келген қызметші қыз деп жазып жүр. Бұған себеп; М.Тынышпаевтың жоғарыдағы еңбегінде келтірілген дерек болса керек. Бұнда «қаракесек» күннен туған, шешесі кіші жүз руларынан шыққан. Тәуке хан тұсында Қаз дауысты Қазыбек би XVII ғасырдың соңы XVIII ғасырдың басында бүкіл орта жүз биледі, оған дейін «қаракесектер» өзгелерге бағынышты болған – деп найман руының суырып салма ақынының «Қаракесек қап-қара күннен туған, Қазыбегі би болып бетін жуған» - деген төрт жол өлеңін мысалға келтірген (5, 69 б).

Дегенмен, бұл найман руының ақыны қаракесек руының шығу тегіне терең бойламай, арғын елінің ақынын тұқырту, әрі қаракесектерді кемсіту мағынасында айтылса керек.

Кіші жүз, Әлім аталығында Ұланақ (қосымша аты Сасықбай, Қаракесек) атасы Қаракесектің бауырына басқан немересі. Ол келе-келе әкесі Әлімді мойындамай, қара шаңырақта отырғанын арқаланып «мен Қаракесекпін» - деп, атасы өлгеннен кейін Қаракесек атанған. Сондықтан «Әлімнің үлкені де Қаракесек, кішісі де Қаракесек» деген сөз қалған. (13, 932 б). Қаракесек руы қыздарын байұлы руына күндікке жіберетіндей әлсіз немесе жарлы болмаған. Атасының шаңырағын ұстап қалған Қаракесек (Ұланақ-Сасықбай) өте бай болған. Бұл туралы А.И. Тевкелевтің қол жазбасында да дерек келтірілген (9, 301-302 б) Демек Қарқабатты күң деп айтуға

дәлел жоқ. Орынбет ақсақалдың да айтуы бойынша (казантебер) тобыл Қаракесек руынан бір байдың (атын ұмыттым) Қарлыға атты қызы байұлының Құдыс байының баласына тұрмысқа шыққан. Қарқабат апамыз ел жайлауға шыққанда осы Қарлығаның артынан іздеп барып, Құдыс байдың қызы Нұрпаяның ұзатылу тойына тап болады. Апасы Қарлығаменбірге қызды құтты орнына қондыру үшін Арғын еліне кетеді. Сол уақытта қалмақтардың тұтқиылдан болған жаугершілігінен Тобыл Қаракесектері үлкен шығынға ұшырап, тірі қалғандары Ойыл, Шұбарқұдық, Астраханға қарай көшіп кетеді де орта жүзбен байланыс болмай қалады. Құйрық-бауыр жесіп құда болмағасын, Болатқожаның, одан тарайтын Қаз дауысты Қазыбек бидің бағын қызғанғандар, оны кемсіту үшін жоғарыдағы өлең жолдарын шығарған деп ойлаймын.

4. Шәкәрім Құдайбердіұлы /Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы, 1991 ж. 34 б./ еңбегінде «Кіші жүз ішінде біздің тоқал Арғын деп аталатын саржетім-шақшақтың нәсілі бар екені анық, бірақ кіші жүз аталықтарының ішінде анық аты ұқсағаны жоқ, олай болса шекті дегені шақшақ бола ма – деп ойлаймын, яки арғын болған соң қоспаған ба?» - деп жазады (8, 34 б.).

Ресейдің елшісі А.И. Тевкелев өзінің «Қызметтік жазбалар күнделігінде: «1731-1734) «Кіші жүзде Шекті адам саны жағынан көп, әрі әлеуметтік жағдайы мықты, әлуеті күшті ел» - деп жазған (9, 301-302 бб.). Шекті кіші жүзге кірме болса ондай беделге тез арада ие болуы мүмкін емес.

Жоғарыдағы келтірілген деректерге ой жүгіртер болсақ Қаракесек, Шекті атаулары Кіші жүзде Орта жүздегіден әлдеқайда ерте пайда болғанын пайымдаймыз.

Ал, кіші жүздегі «Қыр шектілерінде» үш кірме ру бар. Олар; Уақ, Ноғай, Қырғыз. Бұлар өздерін қабақып, қыр шектісіміз дейді. Уақ Қарқаралы жақтан көшіп келгендер. Ноғай-Қазақай деген кісі келіп, содан өсіп-өнген ұрпақ. Қырғыз бұлар да көшіп келгендер -деп жазады Ж. Дәуренбекұлы, С. Құттыбайұлы «Алты Ата Әлім еңбегінде «10, 23 б.).

Осыған қарағанда Ш. Құдайбердіұлы қыр шектілеріндегі

уақты меңзеген болар деп ойлаймын. Кіші жүз шектілерінің Орта жүздегі шектілерге қатысы жоқ. Шежіреші қарттар Ноғай-Қазақай әйгілі ноғайлының Доспанбет жырауының баласы-деп отыратын.

5. Әнес Сарай мырза «Ноғайлының рухани өмірі» атты еңбегінде Шынбай, Жамбай, Кеңегес шектінің бір аталары, ал шекті шежіресінде Асан Қайғының (Қорасан, Ақбура) байланысы байқалмайды – деп жазады «11, 66.). Бұл Әлім аталығын, одан тарайтын Шектіні толық білмейтіндіктен қате жазылған пікір – деп есептеймін. Себебі, Шектіде Шынбай, Жамбай, Кеңегес деген аталар жоқ. Бұл Қарақалпақ рулары. Қарақалпақтың атақты шайыры Бердақ өзінің өлеңмен жазып қалдырған шежіресінде;

Мүйтен, Қоңырат, Қытай, Қыпшақ,

Кеңегес, Маңғыт ақпышақ

Бәри алты урыу қарақалпақ

Үргеништи жайлаған екен – деп жазған.

Табысқан Қанатов / Тауелибай тарихынан там-тум сыр. Нөкис, 1993 ж. 15-18 бб./ кітабында осындағы 12 баулы Қыпшақ арысынан бөлінетін Құбақыпшақты Құрама, Қотыр, **Жамбай**, **Шымбай**, Шабайлы, Жағалбайлы, Өтеқайлы, Айыушы, Ойрат, Қыслық деп тоғыз атаға бөледі. Әнес Сарай мырзаның Жамбай, Шымбай шекті аталықтары дегендері осы қарақалпақтардың Құбақыпшағынан шығып тұр. Ал, **Кеңегес** аталығын он төрт руға бөледі. Олар; Қарғалы, Абақлы, Тарақлы, Қайрысалы, Ақтоғын, Араншы, Өмир, Мынжыр, Назар, Добал, Шонтыбай, Алшын, Үйшин, Керей (12, 15-18 бб.). Бұлардың барлығы шектіге қосылмайды, яғни қарақалпақтар.

6. Әнес Сарай мырза жоғарыдағы еңбегінде Асан Қайғы мен Абаттың не себепті «мырза» атанғанын, бұл жерде оның жомарттығын меңзеген бе, әлде «мырза» тектік лауазымы ма? – деп тоқтала кетіп және Едігеге туыстығы жоқ деп жазған.

Біріншіден, Асан Қайғы мен Абаттың «мырза» аталуына келетін болсақ, әкелі-балалы екеуі де тумысынан жомарт, қолда бар малды елдің болашағына аямай жұмсаған. Талай жаугершілікті

бастан өткізіп, кейін кедейлікке ұшыраса да туа бітті қасиетінен жаңылмаған көрінеді.

Екіншіден, Шыңғыс Орта жүзге құда түсіп Зеріп деген қызды тауып алған баласы Қалуда алып береді. Қалудың өмірі қысқа болып, өлер алдында өзінің тегін Шыңғысқа былай баяндайды. Ол өзін Ноғайлының атақты би-батыры Едігенің төртінші ұрпағы Мұсаханнның бәйбішесінен туған Сидактың баласы екенін жасырмай айтады. Өзінің шығу тарихын толық баяндап, әйелі Зеріптің екіқабат екенін, ұл туса атын Бөлек қоюды Шыңғысқа аманаттапты (13, 246 б.). Шыңғыс Қалудың жылы өткен соң келіні Зеріпті қайнысы Өріске қосады, ал, немересі Бөлекті Жақайымнан туған немерелерімен бірдей көріп өсіріп, өз қолынан еншісін береді. Сонда Асан Қайғы (Қорасан, Ақбура) мен Бөлектің шығу тегі былай таралады.

1. Жаманақ (шекті) – Шыңғыс – Жақайым – Қорасан (Асан Қайғы, Ақбура) – Абат – бәйбішеден, кіші әйелінен – үлкен Асан туған.

2. Едіге – Нурадин – Ғаббас – Мұса – Сидак (Шыңғыс) – Қалу – Бөлек – бәйбішесінен – Айт, Бұжыр, тоқалынан – Ақмалай, Олжабай, Шағатай, Бұғыбай, Жаңабай.

Кейін Шыңғыс, Өріс, Бәубектен тарағандар «Сыр шектісі», ал, Бөлектен тарағандар «Қыр шектісі» - деп тұратын жеріне қарай бөлініп айтылатын болған. Осы аталық шежірені назарға алатын болсақ, Асан Қайғы (Қорасан, Ақбура) мен Абаттың ең ет жақын туысы Бөлек болады. Сондықтан білмейтін былайғы жұрт бұларды да Едігенің ұрпағы деуі мүмкін. «Мырза» атануының екінші себебі осы болса керек.

7. Асан Қайғы (Қорасан, Ақбура) Керей мен Жәнібек хандарға ақылшы болған күннен бастап хан ордасын қазақ даласына қарай көшіруге, жеке-дара мемлекет болуға уағыздайды. Жайық бойындағы сапырылысқан өзге ұлттардан қазақты бөлектеуді көздейді. Бастапқыда Жәнібек хан қазақ хандығының ордасын көшіруге келісіп, жер таңдауды Асан Қайғыға жүктейді. Асан Қайғы өзінің орнына төбе би қылып Абатты бекітуді өтініп,

өзі ұзақ сапарға жер көруге аттанады. Кетерінде Абатқа хан тарапынан болған сынға лайықты болуды, егер ханмен арасы жақын сыйластықта, алыс-беріс болатындай болса Әлім балаларына Ойыл, Жем, Ырғыз бойын сұрауды тапсырады. Бұл жерлердің мал-жанға қолайлы екенін, өлеңмен айтып суреттейді. Бізге жеткен аңыз бойынша Асан Қайғының жер көру сапары жеті-сегіз жылға созылады. Асан Қайғы кеткесін Жәнібек хан Абатты шеттетіп, елді өзі жеке билемек болып кінә боларлық сылтауларды іздестіре бастайды. Бұған ақыл-парасаты мол Абат тарапынан ешқандай мін табыла қоймайды. Абат өзіне қарасты елге айтқанын жүргізіп отыра береді. Сонда Жәнібек хан Абатты бес рет сыннан өткізген көрінеді.

Жәнібек хан саятшылық құрып құс салса құсын жабайы бір қыран келіп, қуып тастайды екен. Жәнібек: «Сені құралайды көзге атқан мерген дейді, мерген болсаң осы жабайы қыранды атып түсір» - деп бұйырады. Абат атады. Оғы жабайы құсты жаракаттамай, құйрығын екіге айырып, қауырсынын бұрқыратып өтеді. Жабайы қыран шорт бұрылып көзден ғайып болады. Жәнібек хан мергендігіне тәнті болады. Сонда Абат: «Ен салдым, аршыл құс болса енді қайтып келмес, арсыз болса қайта келер, сонда ат деген жеріңнен атармын» - деп ханды нөкерлерінің алдында бір тұқыртады. Жәнібек хан Абаттың мергендігін бір сынаса сонымен қатар сөзге де мергендігін байқаған екен.

Тағы бірде аузында жалғыз ғана тісі қалған құлды «Абат жоқта әйелінің қойнына кіріп жатып ал, ұрып-соқса да кетпе» - деп жұмсайды. Құл да аңдып отырып, Абат ордадан шығып қайтқан кезде әйелінің қойнына кіріп жата қалады. Тәтті ұйқының құшағына берілген әйел бұл оқиғадан қаперсіз жата береді. Ханның нөкерлері болса Абатты әрнәрсені сылтауратып таң бозарып атқанша ордада кідіртеді. Таң атқасын ештеңеден хабары жоқ Абат отауына кірсе құлдың өз әйелін құшақтап жатқан үстінен түседі де, қайта шығып кетеді. Бұны көрген хан нөкерлері Абатты қайрап құл мен қатынның басын шабуға үгіттейді. Сонда Абат бұл оқиғаның да тегін еместігін сезіп: «Жігіттер кең болсаң

кем болмайсың» - депті де жылқысын қарауға кетеді.

Енді Абаттың мырзалығына, жомарттығына көз жеткізгісі келген хан өзінің жеті жігітін аңға шығуға дайындалып жатқан батырға жұмсайды. Абат батыр әдеттегі дағдысымен қойдың төстігін үйітіп енді жемек бола бергенде ханның жеті нөкері сау етіп жетіп келеді. Сонда Абат келгендерге: «Таңғы ас тәңірден деген, бұйырған дәмнен ауыз тиіндер» - деп, төстікті қанжарымен сегізге бөліп талғажау етеді.

Ең соңында батырлығын сынамақ ниетпен хан Абатты ел-жұртқа қиянаты өтіп жүрген қалмақтардан есе қайтаруға жұмсайды. Абат батыр ханның бұл тапсырмасын бұлжытпай орындап, ханның көңілінен шыққан екен – дейді.

Абаттың мергендігін, сөзге шешендігін, ашуға берілмейтін кеңдігін, дүниеге көңілі тарылмайтын кеңпейіл-жомарттығын және батырлығын сыннан өткізіп, көңілі толған Жәнібек хан оң тізесінен орын беріп, қадірменді би деп танып: «не тілегің бар» - деп сұрайды. Сонда Абат әкесінің айтуы бойынша Ойыл, Ырғыз, Жем бойын Әлім аталығына сұрайды. Жәнібек хан сөзге келместен Абаттың тілегін орындайды. Сол уақыттан бастап Ойылды Байсарының ұрпағы кетелер, Жемді Әлімнің ұрпағы, Ырғыз бойын шөмекейлер жайлапты. Кіші жүз руларының үлкені Қаракесек, одан тарайтын алты ата Әлімнің жолы үлкендігі кейінгілерге дәстүрлі түрде жалғасқан. Бұған ел ішінде «Әлім алдында аузыңды тый деген халықтың аталы сөзі, сондай-ақ Мұрат Мөңкеұлының мына бір өлең жолдары куә:

... Алаш, алаш болғалы,
Алаш атқа мінгелі,
Ала шұбар ту байлап,
Алашқа ұран бергелі
Әлім еді ағасы.

Сонымен қатар Шернияз ақынның (Ақ кете Әлім) Мақаш әкімге өзін:

«... Қыстауымды сұрасаң – Торыатбасы, Шідерті,
Жайлауымды сұрасаң, адыр-бұдыр арасы,

Жем-Сағыздың сағасы,
Руымды сұрасаң, 12 ата Байұлының ағасы
Әкемнің аты – Жарылғас, өзімнің атым – Шернияз,
Аты-жөнімді айтпасам, түсірмейтін ғой,

Мынау Мақаш әкім шамасы» - деп таныстырған өлеңі мысал бола алады (11, 476.). Осы таныстыру өлеңі арқылы ақын Жем-Сағыздың сағасы ежелден Әлімнің ата-қонысы екенін айтып кеткен емес пе?!

8. Бізге жеткен аңыз әңгіме бойынша, 1490-1495 жылдардың аралығында Бесқопа аңғарында ат суаруға барған Абат батырды ат-матымен жайын балық жұтады. Бүкіл аймақ халқының қатысуымен тез арада Абат батырға кесене тұрғызылады. Ойда-жоқта опат болған Абат батырдың жылы өткесін XVI ғасырдың басында Бұрындық ханның озбырлығына, ақылсыздығына шыдамаған Асан Қайғы, Шерқұтты, Қотан тайшы, Шора батыр бастаған қазақ билері ізіне ерген ел-жұртты бастап үдере көшіп, Арал теңізінің жағалауына келеді. Осы күнгі №89 разъездің батыс бетіндегі екі төбенің біріне өзіне ерген жұртымен тама Шора батыр түседі. Қазірге дейін сол №89 разъездің Шорахан аталуы содан көрінеді. Сол төбенің батыс бетіндегі төрт көлдің бірін Шораның елі жайлайды, ал қалған үш көлге Арғын елін бастап Қотан тайшы, шекті елін бастап Асан Қайғы (Қорасан, Ақбура) және байұлын бастап келген Шерқұтты келіп түседі. Шора батырды халық «хан» деп атағанмен, ол кісі хан болмаған, бірақ батырлығын, халқына қамқорлығын ел қатты құрметтеген – дейді.

Шора батыр түскен төбенің жанындағы екінші төбе қазіргі уақытта «Хантөрткүл» аталады. Бұл төбенің бұлай аталуының себебі, елді бастап келген Шора, Қотан тайшы, Асан Қайғы және Шерқұтты осы төбенің басына кең шатыр тіктіріп, қазақ халқының келешегі туралы, қайтсек ел боламыз деген мақсатта ақылдасады екен. Өздері оргаларынан хан сайламақ ниеттері де болады, әйткенмен, төрт би бәтуаны бір жерге қоя алмай тарқасады. Бұл шамамен 1502-1503 жылдар болса керек, Шора батыр ізіне

ерген жұртымен Ақжайық бойына қайта көшеді, Шеркұтты Астраханьға кейін қайтады. Асан Қайғы болса күннің ыстықтығы, теңіз бойындағы қамыстың маса-сонасы малға жайсыз екендігін білгеннен кейін жаз ортасында ізіне ерген жұртымен Ырғыз даласы арқылы Ұлытаудың солтүстігіне келеді, ал, Арғынаты тауына Қотан тайшы, яғни орта жүз жайғасады. Арқаны бір-екі қыстап суығына төзбеген Қорасан ата (Асан Қайғы, Ақбура) елін бастап Қаратауға қайта келеді. Қаратаудың терістігіндегі Айыртау жайлауы үшін болған ұрыста Қорасан атамьздың тоқалынан туған Асан жиырма үш жасында қайтыс болады. Ұрыста жеңіліс тапқан шекті қолы кейін шегініп Сырдың бойына, қазіргі Шиелі елді мекеніне Асанның мүрдесін әкеліп жерлейді, басына кесене тұрғызады. Асан Қайғы атамьз өзінен туған балаларының жаудан опат болғанына қайғырып, соңғы алданышы Асанның да мерт болған қайғысын көтере алмай, бар медеті қара қобыздан күйін төгіп Арқа жеріне келеді. Өзі өлсе халқы арулап қоятынына сенгенімен, топырақ салар ұлдың болмағаны өзегін өртейді. Асанның әйелінің ішінде қалған баланың қашан азамат балып ат жалына мінетініне көңілі сенбей, оның үстіне қазақ елінің келешегін толық болжай алмай, халқының бақытсыздығын ойлап, күннен-күнге қайғысы күшейіп өмірден түңіледі. Өмірінің ақырғы күндері Ұлытаудың солтүстігінде өтеді, өлген соң өзінің аманаты бойынша сүйегі Ұлытауға жерленеді. Айтушылардың сөзіне қарағанда Қорасан атамьздың Асан Қайғы аталуына өмірінің ақырғы күндері қайғыдан бас көтере алмай, өле-өлгенінше Асаным деп зарлап өткені де себеп болса керек.

Айтқандай-ақ, үлкен Асанның әйелі ұл туып, оның аманаты бойынша атын Асан қояды. Осы кіші Асан ер жетіп он үш- он төрт жасында елден жасақ жиып, әкесінің кегін алмақ болып Қаратау маңындағы ойраттарға жорық ұйымдастырады. Бірақ өмірі ат үстінде соғыспен өткен, әбден соғыстан қажыған Ер Тоған кіші Асанды қолдамай, Асан Қайғыдан кейінгі елдің үлкені болғандықтан, ел-жұртты бастап Сырдың төменгі сағасына көшіп кетіп қалады. Кіші Асанның маңында қалғандар Ер Тоғанның бұл ісіне өкпелейді.

Өзінің балалары аман болғасын көңілі тоқ, қалғанын не қылсын деп, оны «шалбура, тоқбура» атандырады. Кіші Асан болса Ер Тоғанға ермей, жаумен соғысуды тоқтатпайды. Өзінің күші жетпеген жерде қырғыз манабы Отарбай батырмен одақтасып соғысады.

Бір ұрпақты шартты түрде 30 жыл деп есептейді, дегенмен ол замандардағы аталарымыздың бір емес, бірнеше некелері болған. Кейінгі тоқалдарынан туған балаларының өздері немере, шөберелерімен қатар өскен. Олардың өмірге бала әкелдіру қабілеттеріне ауа тазалығы, ішкен тағамдарының табиғи әрі нәрлі-қуаттылығының да әсері болса керек. Сондай-ақ ауырып-сырқаса қазіргідей дәрілік препараттарға емес, халықтық емдерге жүгінген. Осылардың өзі жасы ұлғайғанына қарамастан бала сүю қабілеттеріне оң әсерін берген. Дей тұрсақ та, қазірдің өзінде жастары жетпіске келсе де өмірге перзент әкелдіріп отырған ағаларымыз да бар емес пе?! Осыған байланысты Қорасан атамьздың шығу тегі Орынбет ақсақалдың айтуымен және ақын, жазушы З. Шүкіровтың жазып қалдырған дерегі бойынша былай таратылады.

Жаманақ /Шекті/ - Шыңғыс /Шынбай, Шымбай/ - Жақайым / Жақай батыр, Жақайым бай/.

Жақайымнан – Қорасан. /Асан Қайғы, Ақбура шамамен 1405 жылы туып 1515 жылы қайтыс болған. Ұлытауға жерленген./

Қорасанның үлкен әйелінен – Абат. /Шамамен 1450 жылы туып 1490 жылдары қайтыс болған/, кіші әйелінен – Асан /Үлкен Асан, шамамен 1485 жылы туған, шежіре бойынша Қаратаудағы Айыртау үшін болған ұрыста 23 жасында қайтыс болған. Сүйегі Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы «Оқшы ата» әулінің қорымына жерленген/

Үлкен Асаннан – кіші Асан. /Шамамен 1508 жылы туған. Қырғыз Отарбай батыр Күнбиіні баласы Марқадаммен алып кетуге келгенде кіші Асан тоқалымен бөлек ауыл болып отырған. Қосқұлақ сол кезде еңбектеп жүр екен – дейді айтушылар./

Кіші Асаннан – Қосқұлақ. /Кіші Асанның тоқалынан шамамен 1575-1580 жылдары туған. Көп жыл Ташкент, Хиуа, Бұхара жағында тұрып, би болған. Сонымен бірге елшілік қызмет

атқарған, қазақ елінің сұлтаны Бабаның сөзін алып Бұхарадағы өзбек ханы Абдаллахқа бірнеше рет барған (14, 248 б.). Елге келгесін тағы екі ұлды болған. Байжан, Мерген./

Қосқұлақтан – Байжан би. /Шамамен 1640-50 жылдары туған. 1736 жылы Джон Кэстль Байжанды башқұрттардан босатқанда шал екенін жазған./

Байжан биден – қолбасшы, би Сартай батыр. /Байжан бидің екінші әйелінен 1711 жылы туып, ұзақ өмір сүріп 1817 жылдың қақаған қысында, желтоқсан айында қайтыс болған – дейді.

Кезінде Әнес Сарай мырза «Ежелгі адайлар» атты тақырыппен (Қазақстан әйелдері. 06.06.2008 ж.) қазақ елінің шежіресі туралы жазған мақаласында: «Енді осы Қосқұлақ бидің кім екенін анықтау қалды. Адай Қосқұлақ па, жоқ Әлім (Балқы) Қосқұлақ па? – деп өзіне және оқырманға сауал тастай жазған (16, 12 б.). Осы мақалаға орай сол кезде мен де Әнес Сарай мырзаға «Қазақстан журналы» редакциясы арқылы «Бұл мүмкін Әлім, Асан-Жақайым Қосқұлақ би болар» - деп өз пікірімді білдіргенмін. Бірақ өкінішке орай, менің білдірген пікірім жауапсыз қалды, не сол мақаланы шығарған «Қазақстан әйелдері журналы» редакциясы да жарияламады. Біздің қазақтың тарихы өте күрделі деп ойлаймын, себебі жүз-жүзге, ру-руға бөліну біздің қазақ халқында, оның бер жағында ықылым замандардан бері қарай үш жүз бір-бірімен араласып туыс-жегжат болған. Сондықтан тарихта орны бар тұлғалар туралы жазғанда қалың оқырманның ат салысқаны, білгенімен ой бөліскені жөн болар. Енді сол кезде білдірген пікірімді айта кетсем, менің білуімше тарихта үш Қосқұлақ би болған, соның бірі - Әлім, Асан-Жақайым Қосқұлақ би. Жақайым Қосқұлақ бидің Бұхарада, Ташкентте би болғаны, өзбек ақсүйектерінен қыз алып, күйеу болғаны туралы дерек ауызша әңгімеде айтылып, қазіргі шежірелерде жазылып та жүр. Сондықтан бұл мәселе де терең зерттеуді қажет етеді. Қосқұлақтың баласы Байжан би де уақытысында Хиуаның төбе биі болған.

Сөзімнің соңында Әнес Сарай мырзаның Асан Қайғы атамызды

Құрбанғали Қалидұғлының Қошан акамі айтқан төрт жол өлеңін көлтіре отырып, «соған қарағанда, ноғай болар» - деген түйінді пікірімен келісе алмайтын ойымды білдіргім келеді.

Соловьев /Ресей тарихы -, 11 кітап, VI том, 94 бет./ өзінің еңбегінде 1555 жылы әнжі Ысмайыл өзінің бауыры Жүсіпті өлтіргеннен кейін ноғайлардың бір бөлегі қырғыздарға яғни, қазақтарға кеткенін жазған. Ал, 1600 жылдардың шамасында Ормамбет би өлген соң ноғайлардың елеулі бөлігінің қазақтарға қосылғанын баяндаған (15, 94 б.).

Егер Асан Қайғы ноғай болса, жалғыз үй ноғай қалың ноғайдан бөлініп, қазақ халқының тағдырын ойлап, жеті-сегіз жыл желмаяға мініп жер аралап, не үшін бас ауыртып жүр? 1500 жылдары Асан Қайғы елді батыстан оңтүстікке қарай өзге қазақ билерімен бірігіп көшірген заманда ноғай ордасы дін аман, ешқандай бүліншілік болмаған. Олай болса хан ордасына лайықты жер іздеп, қазақ халқының тағдырына бей-жай қарамай жеке мемлекет болуды аңсауының өзі атамыздың қанының қазақ екендігіне дәлел емес пе? Ендеше біз неге осындай айтулы тұлғаларымызды басқа ұлтқа оңай тели салуымыз керек?

Енді Асан қайғы бабамыздың есіміне байланысты қойылған жер, су, тау аттарына да тоқтала кеткенді жөн көрдім.

Ғалым А. Сейдімбек «Қазақтың күй өнері» кітабында Ұлытаудың батысындағы Торғай жеріндегі қос өзеннің бірі – үлкен қайғы, екіншісі – Кіші қайғы деп аталатынын, алғашқысы Асанның құрметіне, кейінгісі Абаттың құрметіне байланысты аталғанын жазады (16, 39 б.).

Сондай-ақ, жазушы-этнограф Сейіт Кенжеахметов Қостанай облысының Наурызым ауданында Қайғы деген жер Асан қайғы есіміне қойылған атау екенін, Қызбел тауының «Ақ отау» деген жерінде Асан есіміне байланысты аңыз бар деп жазады. Осы деректерді Қызылорда облысы, Арал ауданының Шөміш станциясында тұрған Орынбет ақсақалдың аузынан талай естідім. Және бір көңіл аударарлығы С. Кенжеахметовтың жазған Қызбел тауына байланысты Орынбет ақсақал Тоқбай көлінің батыс

бетіндегі қызбел тауын нұсқап: «Қорасан өліп, кіші Асанның жоңғарлармен соғысайық дегеніне келіспей осында көшіп келген Ер Тоғанның (кейіннен Тоқбура, Шалбура атанған) қызы өліп осы тауға жерлеп, сол тау Қызбел аталғанын, қызының моласы қыздың белгісі атанғанын үнемі айтып отыратын. Қыздың белгісі атанған моланың осы уақытқа дейін орны сақталған. Бүгінде оның не себепті қыздың белгісі атанғанын ауыл тұрғындарының бірі білсе, бірі білмейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сартай “Ноғайлының рухани өмірі” Егемен Қазақстан газеті, 16.02.2010 ж. 6 бет. 17.02.2010 ж. 5 бет.
2. Шүкіров З. “Сыр бойы”. Қызылорда, 1998 ж., барлығы 650 бет.
3. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. I-том. Алматы, 1998 ж., барлығы 719 бет.
4. Дүйменбайұлы Е. «Батырлар жыры». I-том. Алматы, 2009 ж., барлығы 252 бет.
5. Тынышбаев М. «Қырғыз-қазақ халқы тарихының материалдары». Ташкент, 1925 ж., барлығы 75 бет.
6. Залесский Б. «Қазақ сахарасына саяхат». Алматы, 1991 ж., барлығы 131 бет.
7. Шөжентегі Ж. «Ақжолтай Ағыбай батыр». Қарағанды, 2002 ж., барлығы 234 бет.
8. Құдайбердіұлы Ш. «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» Алматы, 1991 ж., барлығы 80 бет.
9. Тевкелев А.И. «Қызметтік жазбалар күнделігі».
10. Дәуренбекұлы Ж., Құттыбайұлы С. «Алты ата Әлім». Алматы, 1992 ж., барлығы 30 бет.
11. Табылдиев Х., Қалмұратов А. «Кіші жүз рулары». Алматы, 1994 ж., барлығы 108 бет.
12. Қанатов Т. «Тауелибай тарихынан там-тум сыр». Нөкис, 1993 ж., барлығы 100 бет.
13. Үсенбаев Т. «Алшын шежіресі» Қызылорда, 2003 ж., барлығы 463 бет.
14. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. Алматы, 1969. 505 бет.
15. Ә.Сарай «Ежелгі адайлар» Қазақстан әйелдері журналы, 2008 ж.
16. Соловьев С.М. «Ресей тарихы» II кітап, VI –том.
17. Сейдімбек А. «Қазақтың күй өнері» Астана. Күлтегін-2002 ж.

Сартай батырдың шығу тегі, өскен ортасы, тұлға болып қалыптасу тарихы және ол қолбасшылық жасаған «Мың бала» туралы

Резюме

В этой статье автор на основании рассказов людей, которые знали Сартай батыра, со слов живущих среди нас его потомков, опираясь на устные и письменные данные, попытался восстановить картины его детства, средувоспитания, факторы, повлиявшие на становление его – как личности.

Summary

In this article the author on the basis of stories of people which knew Sartay Batyra, according to descendants living among us, leaning against oral and written data, his tried to restore pictures of his childhood, the education environment, the factors which have affected his formation – as persons.

Халықтың айтуымен бізге жеткен мәліметтерге және кіші жүз шежірелеріне қарағанда Сартай батырдың әкесі екі әйел алған. Біріншісі, кіші жүздің табын руынан, екіншісі – тама руынан. Сартай батыр Байжан бидің екінші әйелі тама қызынан туған және де кәрі құлақ қарттардың айтуынша киімімен туған көрінеді.

Ақын Нұрмағамбет Қосжанұлы жазып қалдырған «Сартай батыр» дастанында:

«Бөкенбай, Есет нағашың,

Тама мен Табын халқында-ай»- деген жыр жолдары бар, яғни әкесі Байжан би бел баласына ақыл айта отырып, оң-солын таньту мақсатында, осы рулардан шыққан екі айтулы батырдың атын атап өтеді. Бұл жерде Сартайдың нағашыларының да тегін адам еместігін еске салады. Қазақтың салт-дәстүрі бойынша, әкесінің алған әйелдерінің төркін жұрттары бар балаға да нағашы болып саналады (1, 39).

«Әке балаға сыншы»-демекші, Байжан би де балаларының ішінде осы Сартайдан үлкен үміт күткен. Сартайға қашанда туған елі мен

жерін, халқын қорғайтын нағыз сарбаз ретінде қараған. Баласының сап-сары жүзіне қарап, әкесі еркелетіп «Үкісары», «Сарыжан» деп атаған көрінеді. Кейін Сартай жетіге қадам басқанда өзінің төл малынан туған құйрық-жалы ашпақ қасқа құлынды Байжан би баласы Сартайға еншілепті. Сартай жорыққа аттанған тұста мінген «Шалқасқа» ат, кішкентайынан жаратқан осы тұлпары екен. Баласы Сартайға жастайынан әдептен озбауды, елі мен халқы үшін тұлғалы ұл болуды, досқа адал болуды үйретеді. «Қай уақытта да асып-таспа, не істесең де ақылмен іс қыл, сонда өкініші болмайды, өзіңнен де, өзгеден де әділеттілікті талап ет» – деп ұғындырады. Сартайды төрт жасынан діни оқуға беріп, сауатын аштырған, жеті жасқа келгенде немере інісі Бүкірек батырға тапсырып, соғыс өнеріне баулытады. Сартай жастайынан ат жаратып, садақ тартып, өзі қатарлас серіктерін ізіне ертіп дала аңдарын аулауға құмар болған. Бүкірек батырдың үйреткен айла-тәсілдерін дала тағыларын ұстау барысында да қолданып, қару-жарақты қалай пайдалану керектігіне машықтана түседі, оған өзінің де көңілі толады. Осындай сал-серілікпен балалықтың бал-дәуренін өткізіп, кейін есейгенде әке үмітін ақтай біледі (2). Сартай батыр бір мүшелге толғанда қазақ елі зобаланға ұшырап, қазақ халқының басына қауіп төнеді. Ол кезде елдікті сақтап қалудың өзі неғайбыл еді. Міне, осы нағыз қиын тұста жастығына қарамастан соғысқа аттанған Сартай мен оның тұрғыластары тәуелсіздіктің парқы мен нарқын, егемендіктің қадірін біліп есейеді.

Сонымен қатар Байжан би баласы Сартайды ел мүддесі шешілетін жиындардан қалдырмай, үнемі ізіне ертіп жүретін болған. Сартай жас кезінен өзінен мүшел жас үлкен Қосымқожаға үйір болған, сондай-ақ жас ерекшеліктеріне қарамастан үлкенмен де, кішімен де тез тіл табысатын, көпті өзіне үйіре білетін қасиеттері ерте танылған (3).

Жаз жайлауға шыққанда Ойыл, Ор, Жем, Ембі, Сағыз, Ырғыз өзендерінің бойындағы қалың шекті елін, өздерімен аталас Қарабұтақ, Ырғыз, Торғай, Тобыл, Елек өзендерін жайлайтын Қарамашақ-Төртқара, Ұланақ-Қаракесек, Қарасақал елдерін,

нағашы жұрты Табын-Тама елін еркін аралап, жастайынан ел ағаларымен жүздесіп, үлкен ғибрат алған. Байжан би баласының бетінен қақпай, айтулы билерге, батырларға, ел ағаларына сынаттып отырған (4).

1726 -жылы мамыр айында Арғын елінен қаракесек, Қаздауысты Қазыбек бидің жоңғарларға бірігіп қарсы тұрайық деген жаушыларының сөзінестіген жас Сартай соғысқа бармақ қаталаптанады. Баласының алған бетінен қайтпайтынын білген Байжан би өзінің ағасы Алшымбайдың баласы Қожамжар мен немере ағайыны Құлмырзаның баласы Дуланы қасына қосып, бағасын береді. Соғысқа аттанар сәтте кіші жүзден шыққан отыз бес мың қолға пір болып Мүсірәлі қожаның баласы Қосым қожа сайланады. Қосым қожа өзіне етене таныс, кеуілі жақын Сартай батырдың мыңдығына қосылады. Бас сардар Әбілқайыр хан Қосым қожаның өңкей жастардан құралған мыңдыққа қосылғанына қарсы болмаған көрінеді, өйткені жас бозбалаларға дем беріп, рухтандырып отырсын деген ойы болса керек. Қалың шекті елінің өңкей жастарынан жиналған мыңға тарта балаға қолбасшы етіп Сартайды бекітіп, Бүкірек батыр тәлімгер, Қожамжар, Дула ағалары ақылшы ретінде ағалыққа қосылады (2). Сол соғысқа аттанар тұста Сартай батырдың жасы он бесте екен. Бұл туралы ақын Нұрмағамбет Қосжанұлы «Сартай батыр» дастанында қолбасшылық жасаған Сартайдың жасының он бесте екенін жазып кеткен. Сондай-ақ осы «Мың баланың» құрамындағы ең жас сарбаз, кейін айтулы батыр болған Жылқаманның жасы небары он екіде-ақ болған екен (1, 41-42).

«Мың бала» сапындағы Сартай, Жылқайдар, Жылқаман, Төркінбай, Тойқожа, Арғынбай, Ашабай, Елемес, Аман, Аяған, Мыңбай, Саурық, Байрақ, Қайрақ, Тайлақ, Жарас жоңғарлармен болған бес жыл ұрыстан кейін елге айтулы батырлар болып оралған. Осы «мың баланың» жартысына жуығы Айрантөгілген-қалмаққырылған деген жерде болған ұрыста жандарын пида етеді. Жоғарыда аты аталған батырлар жоңғарларды күштеп көшіріп, Хан тауы, Тарбақатай және Далатаудағы соғыстарға, Аңырақай майданына қатынасып, елге аман-есен оралған. Елге аман келген батырлар о дүниелік

болғанша барша халықтың назарына ілініп, ел құрметіне бөленген. Бұндай құрметке ие болу себептері қазақ халқының ортақ жауынан қазақ жерін, елін тазарту үшін өздерінің жастық шақтарын қиып, ел үшін жасаған ерлік істеріне байланысты болса керек. Тағдырдың көп теперішіне ұшыраған қазақ халқы өзінің жерін жаудан қорғау үшін не нәрседен де тайынбаған. Бұрын кейбір соғыстарға жас бозбалалардың қатысуы ішінара болып тұрса да, осы Бұланты-Білеуті бойындағы «Айрантөгілген-қалмаққырылған» соғысында қазақ жасағының құрамында мың баладан құралған өңкей еріктілер болған. Осындай он екі мен он бес жас аралығындағы бозбалалардан құралған жас сарбаздарды «Мың бала» атандырыпты (2).

Жоңғарлармен болған соғыста «Мың баланың» қолбасшысы Сартайдың көрсеткен ерлігі қазақ еліне жыр болып тарады. Сартай батыр жаумен бетпе-бет келгенде ештеңеден тайсақтамай, өзінен анағұрлым күшті жоңғар батырына қарсы жекпе-жекке шығып, оны өзіне жақындатпастан сүңгі қадап ат сауырынан аударуы, Сартайдың айлакер, әдіске шеберлігін көрсетеді (2).

Сартай орынсыз құр мақтанның батыры емес, айла-тәсілін аңдысқан жауынан асыра білген нағыз ержүрек батыр. Сонымен бірге соғыс тәсілін терең меңгерген, қысылтаянда қиыннан жол тауып, сарбаздарын жеңіске бастай білген алғыр қолбасшы. Бұл әрине оған тәлімгер болған айтулы батырлардың бірі Бүкіректің еңбегінің нәтижесі екені анық. Сартайдың өзі аға батырға қашанда үкен құрметпен қараған, қартайған шағында артындағы ұрпаққа аманат-өсиет етіп айтып кеткен көрінеді: «Тағдыр тәлкегімен бізге сіңісті болған, нәсілі арқар ұранды аз рудан еді, Бүкірек батырдың аты ұмытылмасын, халық үшін қызмет жасаған ер, кейінгі ұрпаққа айта отырындар, халық жадында мәңгі қалсын» - деген екен. Бұл Бүкірек батырдың негізі төре тұқымынан екенін, үрім-бұтағының аз болатынын алдын-ала көріпкелдікпен болжаған деп үлкендер айтып отыратын еді (3). Сонымен қатар Сартай жас кезінен-ақ билікке араласып, би атанған. Бұған дәлел ретінде, орыс елшісі А.И. Тевкелевтің қызметтік жазба күнделігіндегі

дәріктерді келтірсек жеткілікті деп ойлаймын. Сартайдың орыс елшісінен Байғара батырдың құнын даулап өндіргені, оларға табанды талап қойып орындатқаны туралы талай романдарға жүк болып жазылып жүр(5,105).

Сондай-ақ Сартайдың билік еткені туралы Қазақ ССР тарихының материалдарынан да танысып көз жеткізуге болады. Мысалы, 1785 жылдың 21 шілдесінде Екатерина II патшайымға Нұралы ханды тақтан түсіру жөнінде жазған өтініші дәлел бола алады. Бұл өтініште Сартай бидің есімі жазылған (6, 50).

«Сартай би кісі хақысын жемейтін, сөз бұйдаға салмай, не айтса да әділ сөзді тауып, ұтымды кесімін бір-ақ айтатын шешен болған. Алдау-арбау, қулық-сұмдықтан аулақ, әділдікті, туралықты жақтаған. Хансын ба, қарасың ба, кемшілігін бетке айтып, әрқашан әділдікті талап еткен» - деп Сартай туралы көп мәлімет жинаған Орымбет ақсақал біздерге үнемі айтып отыратын.

Сондай-ақ, Сартай бабамыз ораза-намазын тастамайтын тақуа адам болған – дейді. Жастайынан кескілескен ұрысқа араласып, шейіт болған жорықтас серіктерін өз қолымен жерлеп, жаназасын шығарған. Кейін қолбасшы, батыр, би атына молда және көріпкелділігі қосылған. Ауыздан-ауызға тарап бізге жеткен аңызда әйгілі Мөңке бидің «жаназамды жақайым, Сартай батыр шығарсын деуі», оның бұл жаназға қаншама шақырымнан хабарсыз сол сәтте баруы бұған дәлел боларлық (7, 3).

Сартай батырдың тағы бір ерекше қасиеттерінің бірі көпті айтқанына ұйытып, ізіне ерте білуі. Әкесі Байжан би осы қасиеттеріне қарап баласынан көп үміт күткен. Жастайынан Әйтеке биге сынатып батасын алып береді. Кейін Әйтеке би Сартай, Жылқайдар, Жылқаман батырларды Әбілқайыр ханға, Төле мен Қазыбек билерге сынатуы, Қазыбек бидің бұл батырларға аталық мейірбандықпен берген батасы Нұрмағамбет Қосжанұлының «Сартай батыр» дастанында кеңінен жырланған.

Сартай батырдың аузынан шыққан сөзі қабыл болатын аузы дуалы болған дейді. Сондықтан кім-кімде оның наласына қалудан қорқып, аяқтарын аңдап басса керек. Бұл жөнінде де

халық арасында аңыз болып тараған қаншама әңгімелері бар. Бұл қасиеті Сартайдың өзімен шектелмей, кейінгі ұрпақтарына берілген. Сондықтан ел іші батырдың ұрпақтарына да құрметпен қарап, осы күнге дейін алдарынан кесе өтпейді (8).

Осы қасиеттерінің барлығы, қайсарлығы, өжеттігі, тапқырлығы, шешендігі, қол бастаған батырлығы ел аузында әлі күнге дейін айтылып та, жазылып та жүр. Сартай қолбасшылық жасаған «Мың бала» XVIII ғасырдың басындағы қазақ-жоңғар соғысында қазақ қолына жігер беріп, намысын жанығаны анық. Мың баланың ерліктері, отан үшін жандарын құрбан еткендері, елжандылығы бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Бұрын-соңды тарихымызда болмаған жас қыршындардың ел азаттығы үшін өз еріктерімен соғысқа аттануы, «Мың баланы» қазіргі тәуелсіздігіміздің іргетасын қалауға үлес қосқандар деп тұжырым жасауға әбден лайық.

Арада үш ғасырдай уақыт өтсе де бұлардың аттары өшпей, аспандағы темірқазықтай бүгінгі ұрпағымен табысуы осының дәлелі деуге әбден болады.

Пайдаланылған материалдар

1. Н. Қосжанұлы «Сартай батыр дастаны»
2. Сартайдың күйеу баласы Орынбет ақсақал
3. Орынбеттің ауылдас көршісі К. Құлпыбаев
4. Орынбет ақсақалдың ауылдасы К. Медетияров
5. А.И. Тевкелев. История Казахстана в русских источниках XVI-XIX веков. III-том. Алматы. «Дайк-Пресс», 2005ж., барлығы 480 бет.
6. Қазақ ССР тарихының материалдары. IV -том. 1940ж.
7. М. Құл-Мұхаммед. «Мөңке би» Айқын газеті. 2007ж. 3 бет.
8. Сартай батырдың жиені Аязбайқызы Бақтыбике.

Сартай батыр бастаған «Мың бала жорығы»

Резюме

В статье рассматривается история похода «Мын бала жорығы» под руководством Сартай батыра, о котором в народе существует легенды и эпические произведения. Данные сюжеты темы анализируются на фоне исторических событий, которые происходили во время казахско-джунгарских войн XVIII века. Автор на основе сравнительного исторического метода анализирует фольклорные и исторические факты, относящиеся как к личности самого батыра, так и все события тех времен, где Сартай батыр выступает главным героем. Таким образом автор впервые в научный оборот вводит новые фольклорные тексты и факты по рассматриваемой теме.

Summary

The article is considered the history «Myn vala zhorygy» under the guidance of Sartay vatyrov which were legends and epic histories in the people. These themes analyzed in the historical events which occurred during the time of kazahsko-dzhunqarskih wars of the XVIII century. The author on the basis of a comparative historical method analyzes folklore and the historic facts concerning as to the person of batyr, and all events of those times where Sartay batyr was the main hero. At the first time, the author applies the new folklore texts and the facts of the considered theme.

Сартай Байжанұлы Кіші жүздегі шекті руының ішіндегі ең ірі тарихи тұлғалардың бірі. Оның 1727 жылы Ұлытауды жоңғарлардан босату үшін болған негізгі шайқаста кіші жүз сардарларының қатарында «Мың баланы» бастап барып, үлкен ерлік көрсетіп, жауды жеңуге шексіз үлес қосқаны туралы ақын Нұрмағанбет Қосжанұлы «Сартай батыр» туралы дастанын жазып, кейіннен 1927-1953 жылдардағы елдегі тоталитарлық жүйенің салдарынан дастан жерге көміліп тасталады. Ақынның өзін

Ақтөбенің НКВД үштігі халық жауы деп айыптап, 1937 жылдың 29 тамызында ату жазасына кескен. Үкім сол жылы 4- қыркүйекте орындалған [1; 13]. Ақын жазықсыз жаламен бұл дүниеден өтсе де, ол жазып қалдырған Сартай батыр дастаны халықтың Сартай батырға деген, жазған ақынға деген сүйіспеншілігінің арқасында осы кезге жетті. Ақын Нұрмағанбет Қосжанұлының дастанын ел арасынан іздестіріп тауып, туған елімен қауыштырған белгілі журналист, профессор Өмірзақ Жолымбетов. Бұл да толық нұсқасы емес, кейіннен жыршы-термешілердің айтуымен жазылған нұсқалары. Дастанды жазба күйінде сақтауға Кеңес үкіметінің сол кездегі саясатынан қорыққан халық жасырын ауызша таратып, кейінгі ұрпаққа жеткізген. Өмірзақ ағамыз бастырып шығарған нұсқасында жер атаулары өзгертілген.

Осы Н.Қосжанұлының жазып қалдырған «Сартай батыр» туралы дастанының түпнұсқасын Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ақшатау елдімекенінің қасындағы Майтөбедегі Махамбет сұпы мешітінің күнбатыс бетіне батырдың ұрпағы Томаұлы Жетпістің айтуымен құрым киізге орап, сыртын былғарымен су өтпейтіндей етіп қаптап көмеді. Томаұлы Жетпіс көзі тірісінде «Сартай батыр» дастанын бір жырлатып тыңдай алмай, бар сырын ішіне бүгіп, 70-ке қараған шағында 1952 жылы қайтыс болады. Өлер алдында Байжан Асан аталығынан туыс інісі Жұбатханға аманаттаған. Кейіннен Жұбатхан қасына жігіттер ертіп, ағасының айтып кеткен жерін қазып іздестіреді, бұл кезде ол маңнан ел көшіп, мешіт үйі құлап қалған еді – дейді. Өкінішке орай қанша қазып әрекеттенгендерімен еш нәтиже шығара алмайды. [2; 3].

Жұбатхан өмірден өткенмен, баласы Шанжарханның көзі тірі – деп Сартай бабамыздың ұрпақтарының бірі Әйтенова Күләй апамыз да дастанның табылмағаны жөнінде «Толқын» газетіне жазады. Осы газетте Сартай бабаның мөрі мен қылышының кейінгі 1980 жылдарға дейін келіп, кейіннен жоғалғаны туралы да айтып өкініш білдіреді [3; 3].

Сонымен «Сартай батыр» дастанының толық түпнұсқасы Майтөбедегі Махамбет сұпының мешітінің күнбатыс бетінде алтын қазынадай сақтаулы жатқандығын Ақшатаулықтар айтып отырады.

Мен, өзім, осы «Мың баланы» бастап барып жоңғарлармен соғысқан Сартай батыр бабамыз туралы ең алғаш ауыл ақсақалы Орынбеттен есітіп, кейіннен қағазға түсіріп қойғаным болмаса, ол туралы кітап жазам не болмаса газет-журналдарға жариялатам деген ой болған жоқ. Кейіннен әр түрлі себептермен Сартай батыр туралы білгендерімді тарихи деректермен салыстыра отырып, қолыма қалам алып кірісуіме тура келді.

Алдымен Орынбет ақсақалға тоқтала кетсем, Орынбет 1930 жылғы тамыз, қыркүйек айларындағы Кеңес үкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатына, алым-салық, азық-түлік, мал жинау науқандарына қарсы болған, тарихта «Асан көтерілісі» атымен белгілі көтеріліске қатысқан [4; 471]. Көтерілісшілер жеңіліс тауып Өзбекстан арқылы Ауған жеріне қашқанда Орынбет Ұлытауға қарай қашқан. Елден қол үзбей Ұлытаудан Бұхараға дала жолымен мал айдап, Шөміш станциясының жанындағы сордан тұз шығарып арқаға апарып сатып, малға айырбастап күн көрген. Орынбет ақсақал Кеңес өкіметіне қызмет етпеген. Содан заманның беті бері қарап, Сталин қайтыс болғаннан кейін елге біржола оралады. Өмірінің ақырына дейін Арал ауданының Шөміш станциясында тұрып жасы 100-ден аса қайтыс болды. Өле-өлгенше «Мың бала» жасағын басқарған қолбасшы Сартай батырдың жоңғарлармен соғыстағы ерліктерін, Сартайдың батырлығымен қоса ел басқарған би болғанын біздерге айтып отыратын. Ұлытау маңында 24 жылдай жүріп, атасы Сартай батырдың соғысқан жерлерінде, «Қалмақ қырылғанда» болып, кіші жүз руларының таңбаларының барлығын өз көзімен көріп, елге жеткізеді.

«Замандасым Томаұлы Жетпіс ақын Н. Қосжанұлына Сартай батыр туралы дастанын жаздырғанға дейін де Сартайдың ерлігін мадақтаған өлең-жырлар, арнаулар болды. Кезінде соғыс болған жер аттарын, Сартай туралы билетін жыр-толғауларды айтып, замандасыммен бөліскенмін. Бірақ не керек, қазір дастанның ізі жоқ болды, бабамыз туралы кейінгі ұрпақ білсе жақсы, сендер де зерделеріңе құя беріңдер. Баба бәрімізге ортақ» - деп үнемі айтып отыратын.

Негізгі соғыстар Орта, Ұлы жүз жерлерінде болғандықтан, бұл соғыстар туралы жыр-толғаулар осы өңірде жырланып, кейін әр жүз, әр ру өз батырларын мадақтап, кіші жүз батырлары туралы жазылған жырлар ел ішінде ұмытыла бастаған. Бірақ халық жадында сақталған бастапқы жырлардың біздерге жеткен үзіндісіне зер салсақ, көптеген жайлардың мәнісін аңғаруға болады.

Мысалы; сол кездердегі айтылған төмендегі жыр жолдарын Орынбет ақсақал былай жырлаушы еді:

Сартай батыр бастаған,
Кіші жүзден мың бала,
Аттанды ұлы жорыққа.
Қамшысы бар білеулі,
Найзасы бар егеулі,
Саржасы бар кезеулі,
Ұрандап шапқан ұрыста,

Әр біреуі жүз кісіге балаулы. Бұл жыр жолдарында Сартай батыр бастаған «Мың баланың» елді қорғау мақсатында, ұлы жорыққа аттанғаны жырланған. Ал, келесі үзіндіде жас батырдың жоңғарлармен жекпе-жегі баяндалады:

Ел үшін болған ұрыста,
Менменсіген жоңғар-ноянға,
Сартайдайын жас қыран
Өңешке қадап сүңгіні,
Ат сауырынан аударып,

Жеңіске жол бастаған... Бұл жерде Сартай батырдың жастығына карамастан, өзінен анағұрлым күшті, мінген атына қаруы сай жоңғар ноянымен жекпе-жекке шығып, оның сауытсыз ашық өңешіне сүңгіні лақтырып дәл қадағанын, жауды ат сауырынан аударып, жеңіске жол бастағанын мадақтаған.

Айбынуды білмейтін, жолбарыстай қайратты, көкжалдай тез шешім қабылдайтын жас та болса бас бола білген Сартай батыр, бұл әдіс-айласын кейінгі жекпе-жектерінде де пайдаланған. Оған төмендегі жыр жолдары куә:

Сартай менен Бөлекті,
Коргеннен қалмақ үрікті.
Бас-көзге төпеп аттарын,
Шепті тастап зытыпты.
Ат құлағында ойнаған,

Бөлектің өзге өнері... Бұл жыр жолдарында аты аталған Бөлек батыр Кіші жүз қолында болмаған деп ойлаймын. Ата-тек шежірелерді оқып ізденгенімде Бөлек батырды Қазыбек бек Тауасар-ұлының «Түп тұқианнан өзіме шейін» - деген кітабынан кездестірдім [5; 255]. Бөлек батырдың да жасы Сартаймен қатарлас болғандықтан, өзі ғұрыптас Сартай батыр бастаған мыңдыққа қосылып, бірге соғысуы мүмкін. Бұл жыр жолдарына қарап отырып Қосжанұлы жазған «Сартай батыр» дастанынан басқаша екеніне, соған қарағанда Орынбет ақсақалдың айтқанында шындық бар екеніне көз жеткізуге болады. Сондай-ақ ел аузында «Сартай батыр мен «Мың бала» туралы керей Қожаберген жырау жырлаған деген де айтылады.

Оған нақты дәлел; осы мақаланы жазу кезінде пайдаланылған, ел аузынан жиналған Қожаберген жыраудың өлеңдерінен келтірілген төмендегі жыр үзіндісі. Жырда аты аталған батырлардың есімі Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп тұқианнан өзіме шейін» кітабында кездеседі. Онда шекті батырларының Далатаудағы соғысқа қатысқанын жазған [5; 260].

Қатысты Кіші жүзден Тайлақ мерген,
Сұлатты көздегенін атқан жерден.
Бір мерген Саурық атты жараланды,
Ер екен екеуі де Кіші жүзден.

Ағасы Тайлақ мерген- Байрақ, Қайрақ,

Олар да жүрек жұтқан бетті екен. Бұл жырдағы Тайлақ, Байрақ, Қайрақ батырлардың аталығы Кіші жүз ішінде былай таратылады:
Әлім – Жаманақ – Шыңғыс – Бөлек – Айт – Қабақ – Айбек – Бекежан – Тайлақ, Байрақ, Қайрақ, Қалнияз ишан.

Кіші жүздегі Жаманақ ұрпақтарының ұранына айналған Бақтыбай батыр да, Пұсырман батыр да осы аталықтан. Қабақтан

– Ханкелді, Жанкелді, Төлес, Аралбай, Айбек болып бес бала тарайды. Ханкелдіден – Пұсырман батыр, одан Жарас мерген. Төлестен – Бақтыбай батыр [6; 250.251].

Осы соғыста Пұсырман, Бекежан батырлар Бақтыбай батырдың қарамағында соғысса, олардың балалары Тайлақ, Байрақ, Қайрақ және Жарас мергендер Сартай батыр бастаған мың баланың құрамында болған. Тарбағатай тауындағы «Алшын жалы» үшін болған ұрыста Жарас, Тайлақ, Байрақ, Қайрақ мергендердің ерлігіне тәнті болған ақындардың өлең-жырлары сол кезде көп айтылғанға ұқсайды.

Батырлар Байрақ, Қайрақ, Тайлақ,

Жаудан қайтпаған кіл саңлақ.

Шайқасып, оққа қарсы қасарысып,

Айламен жауды төмен жұмалатпақ.

Сегіз сүйем оқты ер Бүкірек,

Атқанда айырылады жартас қақ-қақ,

Қашады шуылдасып жасырынған қалмақ.

Тартқанда жас мергендер көздеп садақ,

Топырласа құлайды жоңғар-қалмақ. Не десек те, осы арнау-толғаулардан жырланған үзінділер ауыздан ауызға тарап, осы уақытқа дейін жеткен. Кейінгі кезде ұмыт бола бастаған.

Сартай Байжанұлы шамамен 1711 жылы туып 1785 жылы қайтыс болған деп жазылып жүр [7; 72].

Орынбет ақсақалдың айтуы бойынша және Н.Қосжановтың жазған «Сартай батыр» дастанында Сартай батыр жауға аттанғанда он бес жаста еді – дейді [1; 41, 42]. Қазақ қолының жоңғарларға 1726 жылы Шұбар теңіз және Бұланты мен Білеуті өзендерінің бойында болған «Қалмаққырылған» соғысында бірінші рет тойтарыс бергені нақтыланған [8; 92]. Сондықтан Сартай батырды 1711 жылы туды деуге толық негіз бар. Батырдың өлген жылы туралы әркім әртүрлі пікір айтады. Бірақ ел аузындағы аңыз әңгімелерді, жырларды, жазба деректерді және мұрағаттық деректерді салыстыра қарайтын болсақ бұны да анықтауға болады.

1. Ел аузындағы әңгімеге қарағанда Сартай батыр Ақшатау

елдімекенінде 1817 жылдың желтоқсан айында, қақаған қыста қайтыс болған дейді [9].

2. Жергілікті Арал өңірінің тарихшылары Сартай батырды 1785 жылы және жорықтас серігі Жылқайдар батырды 1786 жылы қайтыс болған деп жазып жүр [7; 72, 101]. Бұл меніңше қате пікір. Оған келтірер дәлелдерім:

Жылқайдар батыр қарақалпақ Тықы батырдың қолынан мерт болып, оның кегін қайтаруға Жанқожа батыр барады. Сол кезде Жанқожа батыр он сегіз жаста болатын –деп «Жанқожа батыр» жырында жазылады. Жанқожа батырдың туған, өлген жылдары тарихта мұрағаттық деректермен нақтыланған. Ә. Оспанов өзінің «Жанқожа батыр» романында Жанқожа батырды 1774 жылы туғанын дәлелдеп жазған [10; 63]. Олай болса Жанқожа батырдың туған 1774 жылына 18 жылды қоссақ 1792 жыл, яғни Сартай батырдың жорықтас серігі Жылқайдар 1786 жыл емес, 1792 жылы қайтыс болғаны. Жылқайдар қайтыс болғанда Сартай батыр тірі. Жорықтас серігінің кегі қайтқанына риза болған батыр Жанқожа батырға орыс керуенін тонағанда қолға түсірген қаруларының біреуін беріп, келешек ел қамқоры, шекті қолының бас батыры осы болар деп ақыл-кенесін айтып, бата берген.

– Мен болсам қартайдым, артымнан алдым жақын, ендігі жерде Аллаға мінажат етіп, иман тілеу ғана қалды. Балам, жастық шақ – батырлық жасайтын шақ. Жасымда қол бастап жауға шаптым, ел үшін, жер үшін намысты қолдан бермеуге тырыстым. Батырға бітер асыл қасиет: қылышың шапқанда шалыс кетпесін, найзаң діттеген жеріне тисін. Атқан жебең мен айтқан сөзің тигенін мерт қылатындай оқ болсын. Аңғалдық та батырға тән қасиет. Аңғалдық бар жерде аярлық бар. Аярдың арбауына түсіп, қандасқа қас болма. Күштімін деп, момынға күш көрсетпе. Әдептен озба, жүзіңнен имандылығың көрініп тұрсын. Туыс та болса азғынның азғырғанына ерме. Батырлығыңды ата жауыңа көрсет. Елдікті, ауызбіршілікті, туған еліңді сақтауға жаныңды пидә ет! – деп сөзін бітіріп, сөз аяғын тақпақтай жөнеліп, бата береді:

«Ойдан өзбекті өргізсең,

Балағыңнан кіріп, басыңа шығар.

Қырдан кәбірді кіргізсең,
 Қыл мойынға тұзақ түсер.
 Елді бірлігінен айырсаң -

Қайта бітпес жік түсер...» (бұл бата менің ойымда толық сақталмады, ойыма түскендерін қағазға түсірдім). Осы жерде дәлел ретінде келтіре кетсем, кезінде орыс офицері Гарбердің қару-жарақ тиеген керуенінің тоналғаны жайлы хабар Анна патшайымға да жетеді. Бұл туралы Ресей патшайымы 1732 жылы, жетінші қазанда Әбілхайыр ханға төмендегідей мәтінде хат жазады:

- «...получены здесь извести, коим образом киргиз-кайсаки, противно своему обещанию и присяге быт в верном подданстве, полк артиллерии нашей Гарбера и отправленной с ним в Хиву и Бухару купеческой караван разграбили и в нем людей и подданных наших до смерти побиили» дей келіп ханға: «...все погребленные из каравана сыскать и возратить, участников того воровства наказать и жить как добрым и верным подданным принадлежить» - деп талап қояды [11; 94].

Жанқожа батырдың Сартай қолынан алған осы қаруы батырдың ұрпақтарында осы күнге дейін сақтаулы көрінеді. Бұның растығы жөнінде газеттерде бірнеше рет материалдар жарық көрді [12; 24].

Ал, енді мұрағаттық деректерге назар аударар болсақ Сартай туралы деректер 1732-1817 жылдарды қамтиды. Соның ішінде Сартайдың 1817 жылға дейін келгенінің нақты дәлелі: 1817 жылдың 16 тамызында кіші және орта орда билерінің патша ағзамға жазған мәлімдеме хатында Шерғазы Айшуақұлын өздеріне хан етуді ұсынып, ол турасында дәйекті деректерді алға тартқан жүзден астам билер қол қойған. Міне осы хаттағы тізімде 21-ші болып «мен Сартай Байжанұлы өзімнің мөрімді бастым» [13; 317] деген сөздер бар.

Оның бер жағында 1787-1791 жылдары Түрік елі мұсылмандығын алға тартып, Бұхара хандығын Ресей империясына қарсы көтеру мақсатында хат жолдайды. Ал Бұхара хандығы Ресей империясымен көршілес жатқан кіші жүз

қазақтарын осы соғысқа араластырмақшы ниетпен басты-басты билерге, батырларға хат жолдайды:

«Храбрым воинам, биям и старейшинам Сарытай-бию, Сырым-батыру, Шукуралы-бию, Садырбеку, Барак-батыру, Даждан-батыру мир и благославение, а потом слово наше. Слава Вышнему Богу. По милости Его Святой все наши дела теку благополучно. Одна только у нас скорбь: недавно от православного турецкого государя, наместника божия, прибыл к нам посол с грамотою, извещающею, что неверные россияне со всех сторон собирались и, соединясь с семью европейскими державами против турецкого государя, выступили поход. А как вы живете к россиянам ближе, нежели мы, и, следовательно, сражаться с ними умеете лучше нас, то мы предлагаем всем рабам Божиим и последователям Мухаммеда, уповающим на ходатайство Пророка нашего, соединиться с войском турецким делами и духом и отправиться на поражение неверных, за что великую мзду получить можно. Если же кто в том походе упустит нанести неверным возможный удар, тот имеет опасаться от Бога жестокого гнева и на ходатайство Пророка нашего да не упоает. Впрочем, просим словесному объявлению посланного дать веру».

«Слышим мы, что у вас, казахов, собственных мудрецов или ученых людей нет; почему никак не можете исполнить узаконений Пророка нашего. Поелику же господь Бог всем народом повелел знать учение его и, сообразуясь с оным молиться, содержать пост и давать милостыню из имени своего, то познание грамоты для чтения книг принадлежит к богослужению. У нас ныне находится источник мудрости: ибо из всяких народов, а именно из узбеков, таджиков, арабов и туркменцев много есть учащихся в школах наших, а от вас, народа столь многочисленного, не находится ни одного ученика. В Коране Пророк наш предписал, чтобы всякий правоверный, не только муж и жена, но и малые дети учились закону, боялись Бога, и когда в состоянии найдутся, то друг друга увещевали бы, а потому советуем вам прислать сюда из всякого рода по два или по три человека для научения. Ежели увещаний

ваших не послушают, то силою возьмите от всякого рода по два или по три человека. Пропитание им будет от нас. Когда же они окончат учение и сделаются сведущими в законе, то возвратятся в дома свои с правилами благочестия, с привычкою к молитве и посту. Если же вы, народ казачий, имея возможность исполнить наше предложение, оставите оное без исполнения, то сделаетесь на сем свете изменниками Богу, а в день Воскресения будете гореть в адском огне. Ежели бы мы сей истины вам не предложили, то сами заслуживали бы в сем свете название неверных, а в будущем подвергли бы себя вечному адскому огню.

Впрочем, с нашим почтением пребываем. Лета 1202 от Эгиры, (или 1788 от Рожд. Христова)».

К письму сему приложена была чернильная печать бухарского аталыка (первого министра) Шаг-Мурата [14; 270, 271].

Сартай би бұл хатқа: «Шекті елінің Ресей империясына ұзында өші, қысқада кегі жоқ, орыстармен соғысқысы келсе бұхаралықтар өздері білсін. Бірақ жолда қалың қазақ елі бар, бұхара әскерін өз жерімнен өткізу-өткізбеуді мен шешем», деп үзілді-кесілді қысқа жауап қайырады.

Бұхара хандығынан кіші жүздің батыр-билеріне хат келгенінен құлақтанған генерал-губернатор О.А.Игельстром шекті еліне, өзбектермен шекаралас жатқан төртқара, шөмекей руларының арасына құпия мәлімет жинау үшін жауапты тапсырмамен Орынбордың муфтиі Мухамеджан Хусайновты бірнеше рет жібереді. Көне ноғай жолымен Арал теңізінің жағалауын бойлап, Сырдария өзенінен Райым бекінісі арқылы өтіп, Қызылқұмдағы төртқара, шөмекей руларын аралаған М.Хусайнов Бұхара, Хиуаға дейін сапар шегеді. Өзбек хандарымен астыртын сөз байласқан М.Хусайнов өзбек хандығын қару-жарақпен жабдықтап қазақтарға айдап салмақ болады. Татар купецінің баласы М.Хусайновтың өзбек пен екі ортаға сапарының жиілеуінен күдіктенген Сартай би сыр шектілерін көтеріп, 1790-жылы М.Хусайновтың керуенін тонап, өзін Ресейге кері қуады. Бұл оқиға туралы Ералы сұлтан 1794-жылғы 4-қаңтарда Екатерина II-ге жазған хатында мәлімдейді [13; 166-170]. Тағы да бір тоқтала кететін тарихи дерек:

1787-жылы қыркүйек айында Хобда өзенінің бойында Орынбор генерал-губернаторы барон О.А.Игельстромның ұйымдастыруымен кіші жүз елінің старшындарының жиналысы болады. Бұл жиналыста генерал-губернатор О.А.Игельстромның кіші жүз елін Қаракесек, Байұлы және Жетіру аталықтарына, яғни, үш ордаға бөліп басқару туралы ұсынысы өтіп, шешім қабылданады. Старшындар мен халықтың жалпы жиналысы әрбір «басты орданы» басқаратын старшындарды сайлайды. Қаракесек руына – Сегізбай би, Байұлына – Тормамбет би, Жетіруға – Тіленші батыр старшын болып сайланады. Жаңа сайланған старшындарға барлық рудың үстінен қарау міндеті жүктеледі. Осы жиналыстың өтуіне басты себепкер болған, халық алдында зор беделге ие болып, Нұралы ханға басты қарсылас бола білген Сырым батыр үш орданың да кеңесшісі болып сайланады. Сонымен бірге Көккөз би мен Қаратау би де старшын болып сайланады. Бірақ олардың атқаратын қызметі түсініксіз күйде қалады [15; 189].

Дегенмен жаңа сайланған старшындар басқару реформасын патша әкімшілігі ойлағандай жүргізе алмайды. Басқару жүйесінің ойдағыдай жүрмеуіне қазақтарға белгілі айтулы билердің сайланбауынан көрген генерал-губернатор О.А.Игельстром өзінің реформасына қосымша енгізуге мәжбүр болады. Барон О.А. Игельстром өзінің патшайым Екатерина II-ге жазған мәлімдемесінде: «...басқаларға қарағанда өздері артықшылық халде боларлықтай қызмет жүктеу қажет», - деп өз ойын білдірген. 1787-1789 жылдар аралығында сайланған тексеру-басқару старшиналығына Әлім әулетінен Сартай би, Қаракөбек би, Мұратбек би тағайындалған. Байұлына – Сырым батыр, Қаратау би, Жетіру әулетіне – Тіленші мен Жанболат батырлар сайланады. Бұдан басқа Сырым батырға «тархан» атағы беріледі [15; 229-230].

Бұл жиналысқа патша әкімшілігінің өкілі, сарай кеңесшісі А. Бекчурин мен Орынбор губерниясының бірінші ахуны, муфти Мухаммеджан Хусайнов та қатысады. Осы жиналыстан кейін старшындар өздері басқаратын рудың қожалықтары атынан патша ағзамға, оның өкіметіне адал болуға ант қабылдайды. 1786-1787 жылдардағы орыс-қазақ қатынастары туралы жазылған деректерде, осы жылғы ант беру құжатына басқа билермен қатар шекті руының

он мың үйі атынан Сартай бидің де ант бергені туралы жазылған [15; 226]. Бұдан шығатын қорытынды 1787-1789 жылдар аралығында тексеру-басқару старшиналығына сайланған Сартай батырдың әлі де тың екендігін көрсетпей ме?!

Сартайдың батырлығымен қоса елге билік еткендігін де осы деректерден байқаймыз. Сартай батырдың билік ету ісіне араласқан ең алғашқы тұсы шектінің батыры Байғараның оққа ұшуы.

Байғара мен Әбілхайыр ханның баласы Нұралы сұлтанның арасындағы қақтығыс барысында Нұралы сұлтан «жау келіп қалды» - деп, бар дауысымен айқайлап, атының басын елшілікке қарай қоя береді. Кешкі апақ-сапақта не болып қалғанын түсінбеген Ресей елшілігінің азаматтары қолдарына қаруларын алып, далаға жүгіріп шығады. Елшілікті қазақтар шапқалы жатыр, елшілерді түгел қырып тастамақшы деген хабарды күнде есітіп, үрей билеген елшілік адамдарының бірі Нұралыны қуып келе жатырған Байғара батырды көздеместен басып салады. Сұлтанның жау келіп қалды – деп айқай салғанымен аңдамай атылған оқ қақ жүректен тиіп, батыр аттан құлайды. Қаптап келе жатырған жау жоқ екенін көрген орыс елшісі А. Тевкелев «атпандар» – деп ақырып бұйрық береді. Осы кезде батырдың ізін ала жеткен серігі, өліп жатырған Байғараны көріп, ой бауырымдап үстіне құлайды. Серігі батырдың денесін атқа өңгеріп алып кеткенше, сексиіп-сексиіп әр жерде тұрған елшіліктің адамдары не болып, не қойғанына түсінбей де қалады. Осыдан кейін екі жақты тым-тырыс үнсіздік басады. Байғара батырдың денесін алып, жолай ауылды қоса көшірген қаралы көш болған оқиғаны хабарламаққа, елге жаушы шаптырады. Қаралы көшті қарсы алған шекті елі батырдың денесін арулап, азалап, қазіргі Арал ауданы, Сексеуіл станциясынан бес-алты шақырым жердегі Тебіренбес тауының басына жерлейді. Батырдың ажалы от - қарудан болғанын, бәрінің көзі көреді. Бірақ кімнің қолынан қаза болғанын көрген жан жоқ. Байғараның жанындағы серіктері әуелгі қақтығыс Нұралы сұлтанмен болғанын айтады. Сондықтан шектілер Байғарадай арысының құнын кімнен даулауды анықтау үшін, Сырлыбайдың баласы Жылқайдар батырды, Байжан бидің баласы Сартай батырды

қасына екі жүз сарбаз қосып, күннің суықтығына қарамай, атқа мінгізеді. Байғара батырдың оққа ұшқан күні, орыс елшісі А. Тевкелевтің күнделігінде 1731 жылы қарашаның 3 жұлдызы – деп нақты көрсетілген [16; 79].

1732 жылғы наурыздың алтыншы жұлдызында, іңір қараңғысын жамылып, елшілік қосынына ағайынды Қара батыр мен Бәйімбет батыр келеді. Жақайым аталығының Көгісінен тарайтын Бәйімбет пен інісі Торжымбайдың немересі Қара батырдың беймезгіл келуі тегін емес екенін аңдаған А.Тевкелев екеуінің аузына қарады. Жасы да, жолы да үлкен Бәйімбет батыр түнделетіп келген шаруасын айтады. Шектілер Баби би, Бәтжан, Жантума би, Еспембет би, Өтеғұл би, Байжан би, Малыбай би, Өтеп батыр, Ақша батыр, Сартай батыр бастаған қолдың түгелдей атқа қонып, елді дүрліктіріп осында бастап келе жатырғанын хабарлайды. Бірақ олардың қандай оймен келе жатырғандарын білмейтіндерін, олар елші А.Тевкелевке сақ болу керектігін ескертуге келгендерін және де жолай табын Бөкенбай батыр мен тама Есет батырға соғып, осы хабардан құлағдар еткендерін хабарлайды. Бұл хабарды алысымен Бөкенбай мен Есет батырлар да іздеріне нөкерлерін ертіп, ертелетіп елшілік қосынына жетеді. Хабарды жеткізген Бәйімбет батыр мен Қара батырға А.Тевкелев алғысын білдіріп, сый-сияпат көрсетеді [16; 104].

Бөкенбай, Есет, Бәйімбет, Қара батырлар Тевкелевті ертіп, Әбілқайыр ханның ордасына келеді. Негізінен Бәйімбет батыр мен Қара батырды Сартай батыр алдын-ала хабаршы етіп өзі жібереді. Ондағы ойы, Әбілқайыр хан біздің ісімізге араласпасын дегенді ескерту еді. Бұл хабарды батырлар Әбілқайыр ханға ретін тауып жасырын айтады. Хан хабарды есіткен бойда өзінің қарауындағы Мойнақ батырды шектілердің ауылына жаңа хабар әкелуге жұмсайды. Баруынан қайтуы тез болған Мойнақ батыр, шектілердің Байғара батырды атқан башқұртты атымызға өңгеріп берсін, болмаса Байғараның құнын төлесін деген талаппен келе жатырғанын жеткізеді. Мойнақтың хабарын естіген Әбілқайыр өзіне қарасты батырларын ортаға алып отырып, А.Тевкелевке

күн төлеуден басқа жол жоқ екенін түсіндіреді. Тевкелев те өз айтқанынан қайтпай, қайдағы бір басбұзар қарақшы үшін күн төлейтін жайым жоқ, - дейді. Хан сөзін орыс елшісіне өткізе алмай, екеуі бір тоқтамға келе алмай жатқанда, Баби мен Жантума билер бастаған шекті қолының келіп қалған хабары да естіледі.

1732 жылғы наурыздың тоғызыншы жұлдызында Баби би мен Жантума би орталарынан екі кісіні А.Тевкелевке жұмсайды. Олар 1731 жылғы қарашаның үшінші жұлдызында орыс елшілігінің адамдарының қолынан оққа ұшқан Байғара батырды атқан адамды тауып, атымызға өңгеріп бересің, не болмаса ата салтымызбен батырдың құны – жүз жылқы, бір қалқан, бір жесір, бір сауыт, бір мылтық, бір түйе күн төлейсің деген талабын қояды. Егер орындамасаң, өз обалың өзіңе, елшіліктен бір де бір адамды тірі қалдырмаймыз, – дейді. Көп ойланып отырмастан, А. Тевкелев те:

- Былтыр күзде орын алған оқиғаға қазақтар өздері кінәлі. Елші қосынына ұрандатып, ат ойнатып шауып келу, беймезгіл уақытта тыныштығын бұзу, нағыз бұзақы, қарақшының ісі. Осында келгелі мініс көліктерімізді қуып кету, елшілік адамдарына шабуыл жасау оқиғалары кездесті. Міне, осыдан зәрезап болған елшілік адамдары ат үстінде шауып келе жатырған бұзақыны тоқтатпақ ниетпен оқ атқан. Өкінішке орай қаңғыған оқ дәл тиіп, қарақшы оққа ұшты. Оған біз кінәліміз деп есептемеймін. Байғара қараңғылық уақытты пайдаланып қарақшылықпен айналысты, заңсыз шабуылдар жасады. Қай замандардан бері бұндай бұзақыларды, ұрыларды, қарақшыларды қорғамайды, қайта оларды осындай жазаға кесетінін айтады, сіздердің елдеріңізде де солай болар, – деп ойлаймын - дейді. А.Тевкелев қайдағы бір ұры-қары үшін өз адамдарын оның өтеуіне беруге үзілді-кесілді бас тартатынын, егер сол күні оның жанындағы серіктері қолға түскенде, оларды да сондай жаза күтіп тұрғанын айтады [16; 105].

Шектілерден келген екі елші А.Тевкелевтің сөзін тындап, тіл қаптастан аттарының басын кері бұрып, өз адамдарына қарай шаба жөнеледі.

Төбе басында шоғырланып қарап тұрған шекті елінің батыр-билері екі елшінің хабарын естіген соң, Баби би мен Жантума би:

«орыс мәмілеге көнбеді, ендігі билік өзінде» - деп, Сартай батырға қарады. Елден шықпас бұрын, егер екі жақ келісімге келе алмай, қастығыс болатындай болса, қалған билікті Сартайға беретінін, Сартай батырдың айтуымен қимыл жасайтынын келісіп келген.

Көп ойланып тұрмастан, Сартай батыр елшілік қоныс тепкен аумақты айналдыра қоршап, іштен бірде-бір адамды шығармауды, отын, су, азық тағы басқа тірлікке қажеттілердің барлығын сырттан кіргізбеуді жасакқа бұйырады. Қоршауда қалған елшіліктің сыртпен байланысы үзіледі. Екі жақ аңдысысып, осылай он күн тұрады. Бұл жағдай әсіресе сырттан бақылап отырған Әбілқайыр ханға қатты батады. Шектілермен де арасын алшақтатып алғысы келмеген, бір жағынан екі елдің арасында қан төгіліп, ушығып, соғыс өрті тұтанбауын ойлаған хан Сартай батырға табын Бөкенбай батырды жұмсайды. Бірақ, Сартай батыр бұл іске ханның араласпауын, Байғараның құнын төлетпей бұл жерден ешқайда кетпейтіндерін айтады.

Бұдан кейін Сартай тез арада шешім қабылдап, наурыздың жиырма бірінші жұлдызында қолды екіге бөліп, Ақша мен Құл батырларды башқұрттарды шауып келуге жұмсайды [16; 106].

Бұл башқұрттар қарақалпақ тұтқынынан босап, Тевкелевтің өтінішімен қазақтардың арасында бір ауыл болып отырған. Бірде-бір адамын өлтірмеңдер, деген тапсырма алған шектілер қолы қатты қарсылыққа тап болады. Айқас таң атқанша созылады, қарсыластардың көбісі жарақаттанады,

Ақша мен Құл батырлардың башқұрттарды шабуға кеткенін естіген Әбілқайыр хан тағат тауып отыра алмай, Бөкенбай батырды нөкерлерімен сонда аттандырады. Бөкенбай батыр кеш жетеді, Бөкенбайдың нөкерлерімен келгенін көрген Құл батыр өзді-өзіміз бір-біріміздің қанымызды қайдағы бір башқұрттар үшін төкпейік, деген оймен өз жасағын алып, башқұрттардың жылқыларын алдына салып қуып, бұл жерден тайып отырады. Бөкенбай батыр да шектілерге қарсы соғысқысы келмейді, сол жерде жарақат алған шектінің үш адамын алып, ханға келіп, олардың башқұрттардың қырық алты жылқысын қуып кеткенін

айтып келеді. Бұны естіген А.Тевкелевтен маза кетеді. Бір Байғараның құнының үстіне шектінің тағы үш адамын қосып алса, не болмақ. Не болғанда да бұл үшеуі өліп қалмай тұрғанда беріп құтылайын деген ойын Әбілқайыр ханға жеткізеді. Хан Бөкенбай батырды Сартайға жіберіп, Тевкелевтің де көп зиян шеккенін айтып, түсіністікке келуге, бітімгершілікке шақырады.

Құн төлеп құтылмаса, іс насырға шабатынын түсінген орыс елшісі де келіспеске амалы қалмайды. Осыдан кейін екі жақ бітімге келіп, Тевкелев шектілердің талабын қанағаттандырып, Бөкенбай батырдың алып келген үш адамын аман-есен қолдарына тапсырып, құнның көлемін үш жүз қырық жеті сом, елу алты тиынға бағалап, ақшалай есептеседі [16; 106].

Шектілер болса қуып әкеткен қырық алты жылқының отыз бесін қайтарып, он бірін өздерінің жараланған аттарының есебінен ұстап қалады. Тевкелев те олардан он бір жылқыны дауламақ түгіл, олармен бітімгершілікке келгеніне қуанып, ризашылықпен тарқасады. Әбілқайыр хан да шектілердің намысты қолдан бермей, дегендеріне жеткеніне шүкіршілік етеді.

Міне, осы шекті батырының құнын даулауға Баби би мен Жантума бидің қатарында жасы жиырмадан жаңа асқан Сартай батырдың баруы оның бостандық пен еркін өмір салтын берік ұстаған тұлға екенін көрсетеді. Отаршыл орыс елшісін күштеп құн төлетуге көндіруі Сартай батырдың алған бетінен қайтпайтын қайсарлығын, батылдығын, қара қылды қақ жарған әділ би екендігін айқындай түседі.

Ғасырдан-ғасырға, ауыздан-ауызға тарап жеткен бұл оқиғаның желісі осындай. Бұл оқиға туралы орыс елшісі А.Тевкелевтің сол уақытта жазып қалдырған қызметтік жазба күнделігі ғана сақталған. Одан өзге құжат көзі жоқ. Бірақ, біздің елдің қариялары бұл оқиғаны (негізгі желісі біздің жерде болғандықтан) күні кешеге дейін айтып келді.

Би, батыр Сартай көріпкелділік және алдын-ала болжау қасиеттерімен де ерекшеленеді.

Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен сұңғыла би, ақын, дала данагөйі, пәлсапашы Мөңке би өлерінде «жаназамды жақайым

Сартай би шығарсын» деген аманатын айтып кеткен көрінеді [17; 3]. Бірақ Мөңке би қайтыс болғанда Сартай батырға хабар тимейді.

Сезімтал Сартай би Алла жазса ақылгөй данамен жүздесіп, көуілін сұрауды, о дүниелік болса ақтық сапарға өз қолынан аттандырып, жаназасын шығаруды ойлап, баласына өрісте жүрген ақ желмаяны алдыртып, жазылауды бұйырады. Ақ желмая арғы бабасы Асан Қайғыдан қалған ақ бураның тұқымы, жүрісі жайлы, ұзақ жолға шыдамды. Сартай соңғы уақытта ислам дініне ден қойып, Софы Әзиз пірдің бел баласы Қосым қожадан дәріс алып, бақилық болғандардың жаназасын шығарып, батыр, би атағына молдалығы да қосыла бастаған. Ақ желмаяға мінген Сартай би батысты бетке алып, қыр шектісіне жол тартады. Бірнеше күн жол жүріп, Мөңке бидің ауылына жеткен Сартай би желмаяны шөгеріп, түсіп жатып бұл елдің адамдарының аңтарылып бұған таңдана қарап тұрғанын аңдайды. Сартай би ақылгөй, дана Мөңке бидің үйіне қарай асығыс жүреді. Ел ақсақалдары бұған қарсы жүріп, амандық-саулықтан кейін Мөңке бидің о дүниелік болғанын естіртіп, көңіл айтады. Көріпкел әулиенің «жаназамды Жақайым Сартай би шығарсын» деген аманатын қоса жеткізеді. Мөңке бидің көріпкелділігіне талай куә болып жүрсе де, жиналған ел үшін мынау таңқаларлық оқиға болады. Хабарсыз жеткен Сартай бидің де тегін адам емес екенін халық мойындапты.

Осы оқиғадан кейін Сартай би әулиелігімен, қара қылды қақ жарған әділдігімен, хақ жолын берік ұстаған адалдығымен, әрі дана адамгершілігімен ел жұртына кеңінен танылады. Тіпті өзбек, қарақалпақ, түрікпен жұрты оны «көкірегі пәк адам» - деп қатты құрметтеген. Себебі Сартай би елге өзі келіп тиген жау болмаса, жау іздеп жорыққа шығуды қолай көрмеген. Барымта, ел араздығын тудыратын, ел бірлігін бұзатын кез-келген келеңсіз оқиғалардан аулақ болуды халқына насихаттап, бірлікке шақырып, ислам дінін уағыздаған. Сартай бидің болашақты айнытпай болжайтын ерекше қабілет иесі Мөңке биді өз қолынан ақтық сапарға аттандырғаны туралы аңыз ауыздан-ауызға таралып, кейінгі ұрпақтарына жетті. Бұл аңыз да болса шындық.

Ел аузында мынадай да аңыз бар: Бірде Қосым қожа, төртқара Дәулет бақсы, жақайым Сартай батыр үшеуі қызылдың құмында келе жатып, алдарынан шыға келген қоянды көреді. Қоян да бұлардан үрікпей, арқан бойы жерде көрініп тұрған сексеуілдің түбіне жата кетеді. Сонда ат тізгінін тежеген Қосым қожа: «Менің өлгеннен кейінгі бейітім – анау қоян жатқан жер. Сен Сартай оң жағыма, Дәулет сол жағыма жайғасарсыңдар» - депті.

Жасы ұлғайып, әбден қартайған Сартай батыр бабамыз дүниеден озар шағында ағайын-туыстарымен, балаларымен араздасып, қоштасып: «Мені Қызылқұмдағы Қосым қожаның оң жағына жерлендер» - дейді [7; 78]. Қыс мезгілі болса керек, таңдана қараған балаларын түсінген әкесі: «Қорықпаңдар, мені ақ бураға артып басын бос қоя бер, межелі жерге сол жеткізер» - дейді. Қайтпас сапарға аттанған баба сүйегін қыстың саршұнақ аязына қарамастан- ақ бура Қызылқұмды бетке алып, қаралы топты бастап желе жортқанда, күн райы бірден сынып, сіреу қар ери жөнелген екен. Ешқандай қиындықсыз Қосымқожа бейітіне жеткен қаралы топ Сартай денесін жер қойнына тапсырып, қайтуға жиналғанда, қыс қаһары қайтадан күшіне мінген көрінеді. Баба құдіретіне таңданбасқа, табынбасқа лажың жоқ!

Кезінде Қаздауысты Қазыбек би Сартай батырға аталық мейіріммен сынап қарап: «Үш жүзге аға болғалы тұрған бала екен, есімің ақырға дейін барар» - деп, разылығын білдірген екен.

Сол айтқандай үш ғасыр өтсе де Сартай батырдың есімін ұрпақтары ұмытқан жоқ. Бабамыздың ерлігі, айтқан билігі осы күнге дейін жетті.

Осындай құдіреттің иесі Сартай батыр қазақ тарихында ең алдымен он бесінде қол бастаған кемеңгер қолбасшы, қаһарман батыр, ел басқарған көсем, ақыл-ойдың алыбы, киелі де қасиетті көріпкел әулие ретінде мәңгі қалмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қосжанов Н. Сартай батыр дастаны / Өңдеген Ө. Жолымбетов. – Алматы: «Қаржы-қаражат», 1997. – 69 б.
2. Жақып Жұмабай. Сартай батыр дастаны // Сыр бойы газеті. – 8 шілде. – 2000. – Б. 3.
3. Әйтенова Күләй. Сартай батырдың мөрі // Толқын газеті. – 27 ақпан. – 2008. – Б. 3.
4. Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998. – 720 б.
5. Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп тұқианнан өзіме шейін. – Алматы: Жалын, 1993. – 416 б.
6. Теңізбай Үсенбаев. «Алшын шежіресі» Қызылорда. «Тұмар» 2003 ж., барлығы 464 б.
7. Жұмабай Жақып. «Тәуелсіздікті ту еткен тұлғалар». «NOBEL» Ақтөбе қаласы, 2008 ж., барлығы 191 б.
8. Тынышпаев М. Великие бедствия: Ақтабан шұбырынды. – Алматы: Жалын, 1992. – 150 с. с ил.
9. Орынбет ақсақал. Арал ауданы, шөміш станциясының тұрғыны.
10. Ә. Оспанов. «Жанқожа батыр» романы. Алматы. Ғылым баспасы «Маржан» 1992 ж., барлығы 271 б.
11. Казахско-русское отношение-я в ХМІ-ХМІІІ веках. I том. Алма-Ата. 1961 г.
12. Әбдуов Қ. Жанқожа батырдың мылтығы // Дала мен қала газеті. – 14 тамыз. – 2008. – Б. 8.
13. История Казахской ССР [Текст]: научное издание. – Т.1 / Ред. кол. М.О. Ауезов. – Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР, 1957. – 609 с. ил.
14. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: «Санат», 1993. – 655 б.
15. Вяткин М.П. Батыр Срым. – Алматы: «Санат», 1998. – 343 б.
16. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. – Т. 3. Журналы и служебные записки дипломата А.Н. Тевкелева – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – 482 с.
17. М. Құл-Мұхаммед. «Мөңке би» Айқын газеті. 2007 ж., 3

ШОҚАН САЛҒАН СУРЕТТЕГІ САРТАЙ ПОРТРЕТІ ТУРАЛЫ

Резюме

В этой статье автор, опираясь на письменные исторические факты, ставит перед собой задачу доказать, что изображенный на портрете Сартая, написанном Шоканом Уалихановым изображен именно Сартай Байжанулы, который, в начале XVIII века организовал и возглавил войско «Мың бала».

Summary

In this article the author, leaning against written historic facts, puts before himself a problem to prove, that represented on portrait Sartaya written Shokanom Ualihanovym represented Sartay Bayzhanuly which in beginning of a century has organised and has headed an army “Мың бала” (“Thousand children”)


Шоқан Уәлихановтың бейнелеу өнері саласындағы мұралары оның қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі екендігін танытқан. Шоқан Уәлихановтан 150 шақты сурет қалғаны, ол көбінесе қарындаш, акварель, майлы бояумен, ал, кейде туш, қалам, сиямен жұмыс істегені айтылып та, жазылып та жүр. Оның қолынан шыққан суреттер XIX-ғасырдың 60-жылдарында «Всемирная иллюстрация», «Искра» және тағы басқа басылымдарда жарық көрген (1, 604).

Сонымен қатар Шоқан тастағы жазуларды, суреттерді және кейбір суреттерді қайта көшіріп салған (1,604).

Осы мақалада қарастырылатын мәселе - 1856-жылы Шоқан Уәлиханов салған «Сартайдың портреті». Бұл сурет қазақ мәдениеті энциклопедиялық анықтамалығында басылған (1, 604). Портретте қолындағы кездікпен садақ оғын жонып отырған жасы 30-ға таяу батырдың бейнесі бейнеленген.

1726-жылы XVIII-ғасырдың басындағы қазақ-жоңғар соғысына мың баладан жасак ұйымдастырып, қол бастаған Сартай батыр Байжанұлы туралы ізденіс барысында осы фактіге ерекше көңіл

аударуға төмендегі ауызша айтылған мәлімет себеп болды. Оны айтқан Сартай батыр туралы ақын Нұрмағамбет Қосжанұлына «Сартай батыр» дастанын жаздыруға тапсырыс беруші Томанұлы Жетпіске ақыл-кеңес беруші қарт Орынбет ақсақал. Ол: «1935- жылдары Томанұлы Жетпіс Сартайдың суретін, бұрын жазылған өлең үзінділерін, жер аттары мен кісі аттары жазылған қағаздарын берді» - деген еді. Ол не сурет екенін ешкім білмейді, өйткені жазылған дастанның өзі толық нұсқасы сақталмай, қызыл саясаттың қаһарынан қорыққан ел жерге көміп, соңы жоғалған дейді ел ішіндегілер.



Сартай бидің алты баласынан өрбіген кейінгі ұрпақтарының үйінде өткен XX-шы ғасырдың 60- жылдарынан бастап Шоқан Уәлиханов салған портреттің көшірмесін ілу дәстүрге айналған. Ш.Уәлиханов 1835- жылы туып, 1865-жылы қайтыс болған және кіші жүз өңірінде болды деген мәлімет те жоқ. Ал, Сартай батыр Байжанұлы 1711-жылы туып, 1818-жылы қайтыс болған дейді көне көз қариялар. Ұлы және Орта жүзде аты алты алашқа танылған Сартай есімді аттас батыр не би болмаған. Бұл мәлімет екі жүздің осы уақытқа дейін жарияланған шежіре нұсқаларын қарастырып шыққаннан кейін анықталып отыр.

Кіші жүзде Шөмекей аталығының Бозғұлынан тарайтын Балқыдан Құлжаманұлы Сартаи би XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген. Кезінде кіші жүзге аты мәлім би болған. Бұл екі би де Шоқан Уәлихановтан бір – екі ғасыр бұрын жасаған, кездеспеген деп нақты айтуға болады.

Сонда Шоқан Уәлихановтың салған суретінде кім бейнеленген, ол қай Сартай? Бұл мақаланың жазылу себептерінің ең бастысы – осы суреттің шығу тарихын анықтауға суретшілер мен тарих ғылымының ғалымдарының назарын аудару.

Тарихқа назар аударсақ саяхатшылар Арал теңізін әруақытта картаға түсірген, бірақ олардың көбісі бұл күнге жеткен жоқ, сақталмаған. Мысалы: 1558-жылғы ағылшын А.Дженкистон, 1664-жылы Голландиялық Николай Витсен, 1723-жылы Далилия, 1734-жылы Крылов, 1741-жылы Муровин картаға түсірген. 1714-жылы I Петрдің жарлығына сәйкес Бекович Черкасский экспедициясы сәтсіздікке ұшырауына байланысты, 1737-жылы екінші рет Кирилов басқарған экспедиция жіберіледі (2, 19). Ал, 1736 жылы Джон Кэстль Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапарында, ханның және оның әйелі Бопай ханыммен кіші баласы Әділдің портреттерін және тағы басқа суреттер салған. Осы күні көріп жүрген Әбілқайырдың портреті сол Джон Кэстльдің салған портретінің 1784 жылғы литографиясы (3, 209). Осы сапарында Джон Кэстль Сартай батырмен кездесуі әбден мүмкін. Себебі, ол сол еңбегінде: «Менің құрметіме арналған

қонақасыға қатысқан билердің саны бес жүз болды» – деп көрсеткен (4, 30). Бұл қонақасыға жоңғармен болған 1726-1730-шы жылдар арасындағы «Бұланты», «Аңырақай» шайқастарында ерекше көзге түсіп ел құрметіне ие болып, батыр атанған Сартай бидің қатыспауы мүмкін емес.

Сонымен қатар Джон Кэстль Ресейге қайтар сапарында башқұрттарда тұтқынға түсіп қамауда отырған Байжан би мен жас қазақ жігітін босаттырғанын жазған (4, 29). Байжан би Сартай батырдың туған әкесі. Сол сапарында Әбілқайыр ханға келген Джон Кэстльге Сартай батырдың жолығып, әкесін башқұрттардың тұтқынынан босатуын өтінуі мүмкін. Сартай батыр тұтқындағы әкесін қол жинап соғыс салу арқылы босату дұрыс емес деп шешкен, әрі атасы Таймас батырға қарсы шығып соғысқысы келмеген. Сондай-ақ Джон Кэстль өзінің еңбегінде кездескен алты қазақ билерінің атын атап жазған (4, 28). Оның ішінде Сартай батырдың атының аталмауы, екеуінің арасындағы құпияның ашылуынан сақтық жасағаны деп ойлаймын. Сартай батырдың суретін салып, оны өз атынан жариялатпауының себебі де осында болса керек.

Сартай батырдың суретін Джон Кэстль салған деп тоқтам жасауыма тағы да бір себеп; Сартай жиырма жасынан билікке араласып, орыс үкіметінің назарына іліккен. Әсіресе Сартайдың орыс елшісі А.И. Тевкелевтен Байғара батырдың құнын даулап, елшілікке өзінің шарты бойынша өндіртуі оның тегін адам еместігін көрсеткен. Сондықтан орыс үкіметі Джон Кэстльге Сартай батырдың суретін құпия түрде салуды міндеттеуі мүмкін.

2010 жылдың «Егемен Қазақстан» газетінің 27-қазан, 11-қараша айларында жарияланған Көшім Есмағамбетовтың «Шоқан дүниетанымы», «Жарық жұлдыз» мақалалары менің «Шоқан салған суреттегі Сартай кім?» деген ізденісіме тағы да қайта оралуыма итермеледі. Мысалы осы мақаладағы төмендегі деректер Шоқан Уәлихановтың Джон Кэстль еңбектерімен де танысуы мүмкін ғой деген ойға келуіме жетелейді. Себебі осы екі мақалада төмендегі деректер келтірілген.

Америкалық ғалым Томас Виннер Шоқан Уәлихановтың орыс

әдебиеті мен философиясы ғана емес, ағылшын жазушыларының, трихшылары мен философтарының туындыларымен танысқандығын жазған. Кейінгі зерттеу нәтижелері көрсеткеніндей, Ш.Уәлиханов француз, неміс, ағылшын тілдерін білген, осы елдің ғалымдарының еңбегін түпнұсқадан оқығандығы туралы пікір айтылған. Петербордан Парижге барып, сол елдердің жай-күйімен, мәдениетімен танысқандығы анықталып отыр (5, 5). Мүмкін, Шоқан Сартайдың портретін Джон Кэстльдің мұрағатынан алып қайта жаңғыртып салған болар.

1768-1769 және 1770-1774 жылдары Арал өңірін И.Г.Георги, П.С.Палас және Фалька зерттеп, құнды деректер қалдырған. 1731-жылы Әбілқайыр ханның шақыртуымен келген орыс елшісі А.И.Тевкелев және тағы басқа қаншама патшалық Ресейдің Хиуа, Бухараға жіберген елшілері Арал өңірінде болған. Бұл зерттеулердің барлығы белгілі мақсатты ұстанды, теңіздің байлығын пайдалану, Шығыс және Орта Азия мемлекеттеріне барудың жолын іздеу. Бұлар да жүрген жерлерін, қазақтың атақты байларын, би-батырларын, сұлтандарды, хандарды суретке салуымен қатар, олардың көшіп – қонатын қоныстарын, су ішетін құдықтарын, таза су көздерін картаға түсірген. Ондағы мақсаттары; отарлау саясатын жүзеге асыруға кедергі келтіретіндей болса, қазақтың біртуар азаматтарының көзін, тіпті қазақтың өзін жою болған. Сол кезде орыс елшілерінің және теңізді зерттеуге жіберілген экспедиция құрамында тонограф, суретшілер болғаны ақиқат. 1848-жылы зерттеуші-саяхатшы, контрадмирал А.И.Бутаков басқарған экспедиция құрамында украин халқының ұлы ақыны Т.Г. Шевченконың болғанын барша ел біледі. Арал теңізінің жағалауында 2 жыл, жалпы Қазақстанда 10 жыл айдауда болып, өмір сүрген бір Т.Г. Шевченкодан 450 сурет қалған екен (2, 21). Ал, одан бұрынғы және кейінгі саяхатшылар арасындағы суретшілер Райым бекінісінен 40 шақырым жердегі Ақшатауда тұрған Сартай батырды суретке салмауы мүмкін емес деп ойлаймын.

1580-жылдан бермен қарай Ресей саяхатшыларының Орта

Азияны қалай жаулауды жоспарлы түрде жобалауының нәтижесі 1846-жылға дейін жалғасқан. 1846-жылы капитан Шульц Бұхарадан шығып, Аманөткел, Тасбөгет арқылы Арал теңізінің жағалауын бойлап, көне ноғай жолымен жүріп отырып Ресейге жеткен. Үш ғасырға жуық зерттеудің қорытындысы Орта Азияға, Өзбекстанға, Индияға өтудің ең қысқа жолы Райым бекінісі екенін нақтылаған. Ақыры 1847-жылы маусым айының 30-күні Орынбор әскери губернаторы, инфантерия генералы Обручевтің бастауымен жорыққа шыққан қалың қол Арал теңізінен 60 шақырым жердегі үлкен бір төбеге табан тіреп, Райым фортын салған. Орыстар Райымды жаулап алғанда ешқандай қантөгіс болмаған (2, 24).

Міне, осы стратегиялық маңызы бар Райым фортын орыстардың салуына, сол арқылы Орта Азияны бағындыру ниетіне қарсы болған Сартай батыр көзінің тірісінде оған мүмкіншілік бермеген. Сонымен қатар өзбек хандарының да осы көне ноғай жолы арқылы кіші жүздің Әлім аталығы, қалың шектілер жайлап отырған елге шабуыл жасауына тосқауыл бола білген. Олар өздерінің дегендеріне шектінің төбе биі Сартай батыр қайтыс болғасын, 30 жылдан кейін барып қол жеткізген. Он бесінде қол бастаған Сартай батырдың атағы алысқа кеткен, әрі Ш.Уәлихановтың бабасы Абылай ханның шақыртуымен Орта жүз жерін қалмақ-жоңғардан азат ету үшін бірнеше рет шекті қолын басқарып барған. Ол кездегі үлкендердің әңгімесіне қанық Шоқан Сартай батырдың суретін өзі жетілдіріп, қайта салып жорналға жариялатуы мүмкін деп ойлаймын. Осы портрет жөнінде кімнің қандай пікірі болса, редакцияға хабарласса, не болмаса пікірін баспасөз бетіне жарияласа, қарастырып отырған мәселеміз анықтала түсетін еді.

Осы мақала мазмұны баспасөз бетінде - 06.06.2009-жылы «Орталық Қазақстан», ал, 10.06.2009-жылы «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарық көрді. Өкінішке орай оқырмандардан, тарихшылардан, суретшілерден ешқандай пікір болмады. Шоқан Уәлиханов салған портреттегі «Сартай батыр» құпия күйінде қалды.

Дегенмен, мен осы суретке қатысты өз пікірімді білдіре кеткенді жөн көріп отырмын. Арал өңірінің үлкен кісілері күні кешеге дейін арасына түйенің жүнін салып, сырған шапан кигенін, суреттегі Сартай батырдың үстіндегі шапаны соған ұқсас екенін байқауға болады. Сондай-ақ көнекөз қарттар: «Сартай батыр қажетті қару-жарақтарын өзі дайындап алатын» - деген әңгімелеріне қарағанда, суреттегі кездікпен садақ оғын жонып отырған Сартайдың «Мың бала жасағын» басқарған Сартай батыр екеніне еш шүбә жоқ, - деп ой түйіндеуге болады.

Соғысқа қажетті қарулар – жақ, жебе, сүнгі тағы басқа қару түрлерін жасап, оқтарын дайындау жұмыстары бабамыздың өз қолынан өтеді екен. Сондай-ақ шекті елінде бұл атадан балаға мирас болған өнер.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ мәдениеті энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2005ж., Аруна баспасы, барлығы 715 бет.
2. А.Қылышбаев, Б. Қодаманов. «Арал». Алматы, Халықаралық «Дала» журналының кітапханасы, 2003ж., 336 бет.
3. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. III том. Алматы. «Дайк-Пресс», 2005г., барлығы 480 бет.
4. Джон Кэстль. «1736-жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы». Алматы. 1994ж., барлығы 72 бет.
5. К.Есмағамбетов. «Шоқан дүниетанымы», «Жарық жұлдыз». Егемен Қазақстан газеті, 27.10.2010ж., 5 бет. 11.11.2010ж., 5 бет.

II ТАРАУ

**Сартай батыр жайлы ел аузындағы әңгімелермен
көркем шығармаларды тарихи деректермен салыстыру
Баба ұрпақтарымен сұхбат.**



САРТАЙ БАТЫР МЕН МҮСІРӘЛІ – СОФЫ ӘЗИЗ

Қазақ тарихындағы 1680-жылы Түркістанда Салқам Жәңгірұлы Тәукені ақ киізге салып хан көтергенде, бұл тарихи оқиғаға Кіші жүздің би-батырлары түгел қатысқан. Шектінің сол уақыттағы жасы үлкен бас батыры, әрі биі Тілеу Айтмырзаұлы хан сайлауына қатысып, алқалы топта сөз сөйлеген және Тәукені – хан, Софы Әзизді үш жүзге – пір сайлаған. Бұл жөнінде сол уақытты жырлаған белгісіз ақынның мына өлеңі нақтылай түседі:

*...Тарайды Айтмырзадан Тілеу, Қабақ,
Әлімнің баласына болып салмақ.
Қонысы Мұғалжардың Шалқар көлі,
Кеңборсық, Қарашолақ, Қаратанақ.
Үш жүз Күлтөбеде жиналғанда,
Сөз тапқан Атам Тілеу ойланбай-ақ.
Сайлаған Тәукені – хан,
Софы Әзизді – пір,
Үш жүз тарқасады мақұлдап-ақ.
Адамның сұңқары деп атақ алған,
Бір қазақ Тілеудей боп жаратылмақ...*

Бұл өлеңдегі «Сайлаған Тәукені – хан, Софы Әзизді – пір», - деп бұл жерде ханмен бірге үш жүзге пірдің сайланғанын паш етіп тұр. Үш жүзге пір болған Софы Әзиз – Жәдікұлы Мүсірәлі болатын. Ол – тарихтағы Баба түкті Шашты Әзиздің ұрпағы. Мүсірәлі діни сауатты, көріпкел, сәуегей, аузы дуалы адам болған. Ол келе-келе Мүсірәлі аты ұмытылып, Софы Әзиз аталып кетеді. Кіші жүздің бас биі, әйгілі Әйтекемен үзеңгілес болып, ел қамын бірге жеген, жерін жаудан босатуға қатысқан, не қилы

кереметтерімен тәмам елді таң қалдырған, қасиеті мен киесі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан біртуар тұлғалардың бірегейі.

Үш жүздің жақсы мен жайсаңдары хан мен пір сайлаған келер «1681-тауық жылы қазақ пен қалмақ арасындағы екі жүз жылдық соғыстың жаңа кезеңі басталатынынан» жазушы-ғалым М.Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі» атты еңбегінен таныспыз. Қалмақтардың 1681-жылғы әуелгі жорығының өзі-ақ Ойрат ұлысының айрықша қуатқа жеткенін, қазақ Ордасының үлкен қатер алдында тұрғанын әйгілейді. Бұл жорықты Ғалдан-Бошықты ханның өзі бастаған қалмақтар жолындағының бәрін жапырып, бүкіл Жетісуды көктей өтіп, Шудан, Таластан асып, Арысқа жетеді, қазақтың қалың ортасындағы Сайрам қамалын қоршайды. Тас құрсауға түссе де, қамалы берік Сайрам құламайды. Қалмақтың Ғалдан-Бошықты ханы қысқа қарай кейін шегініп, жазды Іленің жағасынан тосады, күш жинап, шешуші ұрысқа әзірленеді.

Келесі ит жылы тағы да тынымсыз, тепе-тең күрес үстінде өтеді. 1683-доңыз жылғы соғыстар да Сайрамның түбінде өтеді (М. Мағауин).

Осы Сайрам қамалын қорғауға бүкіл қазақ даласы атсалысты. Сайрам (ойрат) соғысына Батыс аймақтан әдейі Кіші жүз қолын бастап барған Тілеу, Қалдыбай, Жолдыаяқ, Тайлақ, Көкі, Бүкірек, Бәйімбет және тағы басқа батырлар туралы ел ішінде ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ақиқат пен аңызға құрылған әңгімелер жетерлік. Кіші жүз қолын басқарған батырлар Түркістанға аттанады. Түркістандағы Тәуке ханның алдынан өтіп, тарихта қанды қырғын атанған Сайрам соғысына кіреді. Осы қидаласқан қанды қырғын соғыста талай батырлар, боздақтар қазақ елінің тәуелсіздігі үшін, ұлтының болашағы жолында қан майданда, ат үстінде шәйіт болады.

Ақыры, 1684-жылы жазда Ғалданның інісі Батұр қонтажының немересі Сыбан Раптан Сайрамды басып алады. Қаланы қиратып, халқын қырып-жойып, Қазақ Ордасының ұйықты жұртын ойрандап, мың-сан тұтқын, қисапсыз олжаға кенеледі.

Төрт жыл бойы тынымсыз жүргізілген Сайрам соғысы қазақ әскерінің күш-қуатын кемітіп, қатты қажытты. Қайта қалыпқа түсіп, тың күш-қуат жинау үшін, Қазақ Ордасының астанасы Түркістанды сақтау мақсатында Тәуке ханның Ғалдан-Бошыққа алым-салық төлеп, соғысты уақытша тоқтатуға жіберген елшілігі нәтижесіз аяқталады. Екі қайтара жіберген елшіліктен нәтиже шығара алмаған қазақ Ордасының ханы Тәуке торығып, қазақ елінің жақсы-жайсаңдарын Күлтөбеге жинап, мәжіліс құрып, ақылдасыпты. Мәжіліс күштің тең емес екенін, себебі, қалмақтар соғыс өнерінде ілгері кетіп, от қару – мылтықпен қаруланғанын айтып, қыстың келіп қалғанын ескеріп, қалайда келісімге келуді мақсат етеді. Тәуке хан, Төле, Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке бастаған билер, батырлар тығырыққа тіреліп, жиынды үнсіздік басады. Біршама уақыт өткен соң Тәуке хан «сіздің айтарыңыз жоқ па», – деп Софы Әзизге ел назарын бұрыпты. Қай жиында да көп сөйлемейтін Софы Әзиз: «Тыңдайтын құлақ болса, менің айтарым бар», – деп, ханның елшілікке жіберетін ақ жібек туды қолына алып, сабынан ажыратып матасын ортаға жайып, үстіне бір уыс мақта салып, ортада маздап жанып тұрған сексеуілдің шоғын және құмандағы суға сол жерде дем салып мұзға айналдырып, қол басындай мұзды ақ жібек матаға түйіп, «мынаны Ғалдан-Бошықты ханға елшіңізден беріп, жауабын күтіңіз», – деп хан алдына қойыпты. Бұны көзбен көрген би, батырлар аң-таң болыпты. Тәуке ханның елшілері түйілген орамалды алып, бір жеті жол жүріп, Ғалдан-Бошықты ханның ордасына жетіпті.

Ғалдан-Бошықты ханның қызметшісі Қазақ Ордасының елшілері алып келген орамалды шешіп, қызуы қатты сексеуілдің шоғына мақтаның жанбай, мұздың ерімей немесе шоктың сөніп күлге айналмай тұрғанын көріп таң қалысыпты.

Ғалдан-Бошықты хан қарауындағыларға Қазақ Ордасының елшілері әкелген орамалды ордасының шаңырағына іліп қоюды, қазақ елшілерін үш күн жақсылап күтуді бұйырыпты. Ондағы ойы, бұл қанша жерден әулие болса да, күз айы болғандықтан мұз ерімесе де, үш күнде шоғы сөнеді, не болмаса мақта жанады

деп күтеді. Арада үш күн өтіп, орамалды шештіріп қараса мақта, шок, мұз да сол күйінде тұрады. Ғалдан-Бошықты хан шоқты ұстаса – қолын күйдіреді, мұзды ұстаса – мұздайлығы қолын қариды. Орда маңындағылар бұған аң-таң болып, не айтарын білмейді. Сол кезде Ғалдан-Бошықты ханның әйелі орамалды үш күн бақылағанын, күндіз-түні мұз жан-жақты аяздай қарып тұрса, шоқтың қызуы орданы жылытып, қып-қызыл болып жарық шашып тұрғанын айтыпты. Мақта, мұз және шок түйілген орамалды – **қазақ жері**, мақтаны – **ұлы жүз**, мұзды – **орта жүз**, шоқты – **кіші жүз** деп қарасақ, бұны басқарып отырған **хан мен пір** де тегін жандар болмады. Елді мақтадай бірлікке ұйыстыратын ұлы жүзін алғанмен, мұздай қарулы орта жүзді, найзасының ұшы алтын, шоқтай жанған кіші жүзді бағындыру оңайға соқпас. Бұл үш жүз біріксе ойрат қолына тегеуірінді тойтарыс беріп, орданды ортасына түсірер, - депті.

- Ақылмды алсаң, бұл адамды өзіңе қаратудың амалын қарастыр, менің кіші сіңілім Мариямды қосып, өзіңе бажа қыл, - деп ақыл беріпті.

Тынымсыз соғыс, қидаласқан қанды қырғын ойрат қолын да әлсіретіп, зор шығынға ұрындырған болатын. Соғысты әрі қарай жалғастыруға әскерінің құлқы жоқтығын ұққан Ғалдан-Бошықты хан қазақ елшілері әкелген кереметті сылтау қылып, келісімге келуге шешім қабылдапты.

Софы Әзиздің білімдарлығын, әулиелігі мен кереметін мойындаған Ғалдан-Бошықты хан өзінің кіші балдызын беретінін, басып алған жерді өзі иемденетінін айтып, әзір Қазақ Ордасына соғыс ашпауға уәде беріпті.

Қазақ елшілері ойрат ордасынан шығарда Ғалдан-Бошықты хан, «уәдем – уәде, Софы Әзиз жерге қар түспей қалыңдығын алып кетсін», - депті. Бір жеті жол жүріп, қазақ елшілері елге бітім алып келгенін хабарлап, сүйінші сұрай келіпті. Тәуке хан билер бітімінің астарында кулық барын, қалмақ ханы қыз беру арқылы Софы Әзизді қолға түсүруді ойлап тұрғанын салғаннан-ақ аңғарыпты. Ақылдаса келе, қазақтың ескі салтын басшылыққа алған Тәуке хан пірдің мемлекет ісімен қатар бес уақ намаз

оқитынын, уақытының тығыздығын айтып, Софы Әзиздің бөркі мен қамшысын, құдалықтың барлық сый-сияпатын жасап, елші жіберіп, қалмақ Шұғылай Жайсаңның бесінші қызы Мариямды алдырып, үш жүздің пірі Софы Әзизге қосыпты. Софы Әзиздің үшінші әйелі қалмақ қызы Мариямнан Сарықыз бен Қосым туған. Қосым қожа кейін кіші жүздің пірі болған. Осы оқиғадан кейін Тәуке ханның билік құрған кезі кейбір қақтығыстарға қарамастан, халық арасында «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» дейтіндей тыныш заман болған. Тәуке хан сыртқы жауға тойтарыс бере отырып, кей уақытта келісімге келіп, қазақтың ру-тайпалары арасындағы ішкі талас-тартысты тынып, олардың өзара ынтымақты тұруына күш салады. Елді іс жүзінде өздерінің ортасынан шыққан билерге – Әлібекұлы Төлеге, Келдібекұлы Қазыбекке, Байбекұлы Әйтекеге басқартты. Тәуке хан осы үш бас бидің, көрші қырғыз бен қарақалпақ билерінің және пір Софы Әзиздің қатысуымен «Жеті жарғы» деп аталатын ел басқару заңдарының ережелерін құрастырды. «Жеті жарғы» аталған қазақтың заң ережесі бір жағы Ұлытау, бір жағы Торғай, бір жағы Арал теңізі, осы үш бұрыштың ортасында орналасқан Қарақұм деген жерде қазақтың үш жүзінің қасқа мен жайсаңдары түгел жиналған жиында жарияланып, қабылданған. Софы Әзиз «Жеті жарғы» жүйеленген жаңа билік дәстүрлеріне ең бір жауапты адам болған, шешуші қызмет атқарған және дінге байланыстыра отырып толықтырған белгілі ғұлама, ислам дінін жетік білген оқымысты. М.Тынышпаев: «бұл кеңесте қазақтың тоқсан биі кезек-кезек сөз алып, өздерінің көкейінде жүрген мәселелерімен бөлісті», - дейді. Қарақұмда жиналған жиында кіші жүздің бас биі Әйтеке сол кездегі кіші жүз билері Байжан, Бәби, Сырлыбай, батырлар Бүкірек, Тама Есет, Бақтыбай, Пұсырман және тағы басқалармен сөз байластырып алып, жеті жасқа толған әрбір ер баланы соғыс өнеріне баулуға тәлімгерлер ұстауды, қару-жарақ сатып алуды және жалдамалы тұрақты әскер ұстауды ұсынды. Әйтеке бидің бұл ұсынысын билер кеңесі мен Тәуке хан үлкен қаражатты қажет ететінін айтып, қабылдамай тастайды. Жаманшылықты тез

ұмытатын қазаққа енді ойратпен соғыс болмайтындай көрінеді. Хан Кеңесінде сөзін өткізе алмаған кіші жүздің би-батырлары өз ұсыныстарын өздерінің ұлысында іске асыруға сөз байласады. Ерте ме, кеш пе, жоңғар басқыншылары бас көтеріп, тұтқиылдан бас салатынын Әйтеке би алдын-ала болжайды.

Әз Тәуке хан о дүниелік болысымен-ақ оның бар кезінде жасалған бәтуа, алысқан қол, берген серт ұмыт болған. Айтушы қариялардың сөзіне сенсек, қазақ қолының жеңілуіне басты себеп – сол жылғы жұт және әр жерде қыстауда отырған қазақ батырларының басын біріктірмей, алдын-ала жансыздары арқылы біліп алған қалмақ қолының тұтқиылдан жасаған шабуылы болды. Сондықтан жоңғар қолы жеңген жерде қазақты тырп ете алмастай қылып, ойсыратып, шауып кете берген. Қазақ есінде «қайың сауған» болып қалған ауыр қыстан, жұттан қалған малды жоңғар тартып алған. 1723-1725-жылдардағы шапқыншылықтың кезінде Ұлы жүздің жері, елі, малы-жаны талауға түсіп, аман қалғандары Жиделі Байсынға, берісі Қоқан маңына, Орта жүз Самарқан пен Бұқараға, Қаратауды, Сауранды қыстайтын Кіші жүз рулары Хиуаға дейін жаяу босқан. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Ақтабан Шұбырынды – Алқакөл сұламаны» еске түсіріп: «Жұттан, жаудан басын алып қашқан елдің жаяу шұбырған шұбырындысы әппақ сүрлеу болып, табандары таздың басындай жалтырап қалады екен. Жатқанда алқа қотан айнала жатады екен. Семіздерін ортасына алып қорғап жатады екен, басқа бөтен рулар ұрлап алып, сойып жеп қоя ма екен деп. Тобықты Әнет бабаңның төбе басында қалғандығы, он бес ұлды Тілеуімбеттің қырылып, жойылғандығы сол еді. Сол күндерді қалай ұмытарсыз?!», - деп жазды. (М. Көпейұлы).

Міне, осындай алапат жұттан, жаугершіліктен қазақ елі есін жинап, қалмаққа қайтара соққы беруді, өз жерін, отанын жаудан тазартуды басты мақсат етті. Қаз дауысты Қазыбек би, Ұлы жүздің, Кіші жүздің би батырларына хат жазып, қолын қойып, мөрін басып Қарақыпшақ Мәмбет сыншы мен ақын, арғын Біржанды өзінің екі тұлпары Тауқара мен Ақжелеңге мінгізіп, бар қазаққа

суын айтуға шаптырады. Орта жүзден Қаз дауысты Қазыбек бидің хатын алып Кіші жүз жеріне жеткен Мәмбет пен Біржан Жақайым руының төбе биі Байжанның үйіне келіп түседі. Оның себебі Кіші жүз Әлімде «Жақайым – аға баласы» саналады. Ол жөнінде мынадай өлең жолдары осы күнге дейін халық жадында сақталған:

*Тарайды Жаманақтан Баубек-Өріс,
Көз жетпей айналасы болған тегіс.
Жақайым аға баласы атанады,
Үлкені Жаманақтың – аты Шыңғыс.
Үлкені Жаманақтың – аты Шыңғыс,
Туғанда бар еді дейді аузында тіс.
Таң қалып үлкен-кіші әңгіме еткен,
Туысы бұл баланың гажайып іс...*

Осы жәйтті есіне ұстаған болуы керек, не болмаса Байжан бидің арғы бабасы түркі еліне аты кең тараған, үш жүзге сыйлы болған, аты аңызға айналған Асан Қайғы екенін Қаз дауысты Қазыбек би білгеннен соң, жаушыларына осы шаңырақтан бастауды тапсырған болуы керек. Бұл жөнінде З.Шүкіров өзінің «Сыр бойы» романында Сартай батырды Асан Қайғының алтыншы ұрпағы деп жазады.

Байжан би Мәмбет пен Біржанның ізіне өзінің 15 жасар ұлы Сартай бастаған мың баланы ертетінін айтады. Орта жүзден келген жаушылар бұған таң қалып, «мұныңыз қалай, би аға? Бұл елдің жігіттері жоқ па?», - деп сұрайды.

Байжан би: «Бар ғой. Ерсіз ел бола ма? Әне, Бақтыбай мен Пұсырман Шектінің туын жығады деймісің, мен де сақадай жігіттерді іздеріңе ертер едім-ау, бірақ, қазақ аңқау, ел шетіне тиген жау ертең біздің ауылға да ұрандап жетер деп ойлай ма? Балалар үшін соғыс ойын сияқты, өлемін деп ойлай ма? Ал жігіттер былай шыға бере-ақ кейінгі қалған келіншектерін, бала-шағасын сағынып, түн жамылып қашып кетеді. Соғыстың ұзаққа созылатын түрі бар. Бүгін он бестегілер енді бес жылдан кейін жиырмаға шығады, сонда бір өзі он адамға татитын қанды балақ

қыранға айналады әлі», - деп жауап қайтарыпты. Бидің тереңнен ойлайтынын аңғарған жаушылар жауап қатпастан келісіпті. Дегенмен, бұл мың бала әр ауылдан жинап жібере салған жай әшейін қол емес еді. Мың баланың құрамында Кіші Жүздің көптеген руынан балалар болған. Бұларды Байжан бидің немере інісі, Жалаңтөс баһадүрдің жасағында болған, Сайрамды қорғау, Еділ қалмақтарына қарсы және тағы басқа сол өңірдегі негізгі соғыстардың барлығына қатысқан, қарт батыр, құралайды көзге атқан мерген, сегіз сүйем оқты Бүкірек батыр соғыс өнеріне баулып, әскери тәжірибеден өткізген болатын. Балалар жақ тарту, қылыштасу және тағы басқа сол кездегі соғыс өнеріне тән әдістерді толық меңгергенімен, жаумен бетпе-бет келіп, ашық соғысқа қатыспаған болатын.

Кіші жүз билері мен батырлары кезінде Тәуке ханға айтып сөзін өткізе алмағандықтан, бұл мәселені өздерінде іс жүзіне асырмақ болып қолға алған болатын. Үш жүзге бас сардар болған кіші жүз ханы Әбілхайыр, Құлымбеттің пірі - бақсы Сасық пен шешен Олжабай, Тама Есет, Табын Бөкенбай, Шекті Бақтыбай мен Пұсырман батырлар «Мың баланы» бастап келген Сартай батырды, кіші жүз қолының пірі болған жеті пірге қол берген, жеті өлікке жан берген Софы Әзиздің бел баласы Қосым қожаны ләм деп тіл қатпай өздеріне қосып алғаны, бұл балалардың соғыс өнеріне жаттыққанынан хабардар болғандығынан еді. Үш жүздің батыр-бағландары, билері кездескен жерде Ұлы жүздің құрамындағы қырғыз биі Қырғауыл Кіші жүз құрамындағы балаларды көріп, шошып кетеді. Бұл мәселе үлкен дауға айналып, арты үш жүздің жасақтарының соғысқа дайындығын анықтайтын сынға ұласады. Ұлы жүздің жері жауда, елі босып кеткендіктен, бұл соғысқа мардымды қол шығара алмайды. Айтушы қарттардың сөзіне сенсек, жоңғарлар басып алған жеріндегі қазақтардың қызын күн, ұлын құл қылып жұмсап, мал соңына салып қойған. Шұбар теңіз, Қалмаққырылған жеріндегі болған соғыста негізгі 35 (отыз бес) мыңға жуық әскер Кіші жүздікі болған. Орта жүзден арғын, Тархан Жәнібек өзіне қарасты елден (кіші жүз, орта жүз аралас)

10 мың жасак, Қаз дауысты Қазыбек би 10 мыңға жуық әскермен келген. Осы Бұлантыдағы ұрыс жайлы тарихшы Мұхамеджан Тынышбаев: «... в конце 1726 года или в начале 1727 года казахи организовали отряды и выступили против калмыков. Первые победы над ними были одержаны батырами Младший Орды на берегах рек Буланты»-деп жазған.⁵ Бастапқы соғыс Шұбар теңізде жоңғарлардың 7-8 мыңдық шолғыншы жасақтарымен болған. Үнемі жеңістің буына мастанған жоңғарлар, артындағы әскерлерін күтпей, соғысты бастап жібереді. Қаруы сай, соғыста жиган тәжірибесі бар жоңғарлар бастапқыда тегеуірінді қарсылық көрсетіп, екі жағынан да адам шығыны көп болады. Дегенмен, жоңғардың қолы аз болуы себепті, бірден қоғадай жапырылады. Мерейі үстем болған қазақ жағы қалмаққа өшіге түседі, өршеленіп тағы алға ұмтылады. Жоңғарлардың аман қалған аз жасағы қашып негізгі қолына қосылады. Отан үшін, қазақтың қасиетті алтын қазығы Ұлытау үшін болған негізгі шешуші шайқас 1727-жылы Бұланты мен Білеуті өзендерінің арасындағы кең жазықта болған. Шона Даба бастаған қалың қалмақ пен бас сардар болып бекіген Әбілхайыр хан бастаған қазақ сарбаздары оқ жетер жерге келіп, қарама-қарсы тұрған деседі. Қаныпезерлігі мен қаталдығы қатар жүретін жоңғарлар зеңбіріктерінен бес-алты оқ атып, қазақ қолының алдын-ала зәре-құтын алады. Қолында қарағай сап найзасы, сірі қалқаны, мықтағанда азды-көпті шиті мылтығы бар қазақ қолы қаруы сай жоңғар қолын көргенде сескеніп қалады. Сол кезде ортаға Шона Дабаның батыр нояны шығып, жекпе-жекке адам сұрайды. Сол кездің жазылмаған заңы бойынша жол Ұлы жүздікі болғандықтан, бәрі Ұлы жүзден шығатын батырды күтеді. Қару-жарағына, мінген аты сай жоңғар ноянына қарсы шығуға ұлы жүз қолының батырлары кібіртіктей бастайды (негізгі бас батырлар бұл соғысқа қатыспаған). Қолындағы найзасын жоғары лақтырып, қайта қағып алып қазақ қолына айбат көрсетіп, жекпе-жекке адам сұрап, ортада айнала шауып жүрген жоңғар

5 М. Тынышбаев. «Великие бедствия». Алматы, Жалын 1992 г. стр. 92

нояны бір шетте тұрған жап-жас бозбалаларды көріп, қорқытпақ болып соларға қарай тұра шабады. Барлығын бақылап тұрған Сартай батыр өздеріне тура салған жоңғар ноянының сауытының жоғарғы түймесінің салынбағанын, жаудың кеңірдек тұсы ашық келе жатырғанын анық көреді. Жанында тұрған Жылқайдар мен Жылқаманға мен мынаны құлатсам, сендер жауға лап қойып, зеңбіріктерін қиратындар дейді. Өзі астындағы Шалғасқа атқа тақым қысып, «Бақтыбайлап» ұрандап алға шығады. Жоңғар нояны да баланы найзамен іліп тастамақ ниетпен, астындағы есік пен төрдей теңбіл көк атты тебініп, далақтап қарсы шаба жөнеледі. Арқан бойы жер қалғанда, Сартай батыр жаудың кеңірдек тұсына қолындағы сүңгіні жіберіп ұрады. Серіппедей серпінді қолдан шыққан сүңгі жаудың кеңірдегіне дәл қадалып, ат үстінен аударады. Бұны көріп тұрған мың бала, «Сартай, Сартайлап» ұрандап, жаудың зеңбіріктеріне қарай лап қояды. Өлімнен тайсалмай жауға шапқан балаларды көргенде, қабағынан қар жауған, шоқпарын сілтесе қара тасты уататын – Қанжығалы Бөгенбай, өзіне сілтеген найзаны ауада қылышпен қақ бөлетін – Тама Есет, тірі жанға ырық бермейтін Шектінің жолбарысы – Бақтыбай, өзіне адам теңгермеген – Тархан Шақшақ Жәнібек қандары бастарына шапшып, «Ел үшін, жер үшін» - деп ұрандап бұлар да жауға лап қояды. Жоңғарлар бұрын мұндай екпінді шабуылды көрмеген еді. «Бала үшін қалай қырқысады мына қазақтар» десіп шуласыпты. Өршеленіп алға ұмтылған қазақ қолының екпініне, жанкештілігіне, қару-жарағы сай, әдісі кемел жоңғар қолы шыдамайды. Кейін қашқан жауды қазақ қолы түре қумай, қан майданда шейіт болған сарбаздарды таудың басына шығарып жерлепті. Тас оба үйеді, әр ру өз азаматтарының басына таңбаларын салып белгі қойған. Сол жеңістен кейін майдан ортасындағы қара төбе «Қалмаққырылған» атанады. Жаудың беті осылай тойтарылып, ел жақсыларының, батыр-билердің жүрегінде болашаққа деген үміт оянады.

Сартай батыр осы ұрыста өзінің бес жүзден астам жасағынан айырылады. Есін біліп, етегін жапқалы елі мен жеріне иелік еткелі еңтігіп жеткен жаулары жайында есітіп-біліп өскен,

қаршадайынан ат беліне отырып, соғыс тәсіліне жаттыққан Сартай батырдың өз басы опат болмаса да, бірнеше жеңіл дене жарақатын алған еді. Бұның жанын ауыртып жатқан тән жарақаты емес, жүрегін сығымдап жатқан өзге нәрсе. Өзі бастап келген өрімдей бозбалалардың жартысына жуығының балиғатқа жаңа толғанда жер жастанғанына жас батыр қабырғасы қайыса қайғырды. Олардың өліміне өзін кіналап, соғыс барысындағы мүлт кеткен тұстарын ой елегінен өткізіп отырды. Әу басында бес қаруын бек асынып, сайланып жорыққа аттанғанда жас жүректің соғуы өзгешелеу болатын. Алдынан келгенді апырып, артынан келгенді жапырып кетердей болған аптыққан көңілі қазір басылып та қалғандай ма, қалай? Соғыс дегенің өзі ойлағандай оңай шаруа емес екенін ұғынғандай. Бұл майданда қаруыңның сайлылығы, білегіңнің мықтылығы мен жүрегіннің батылдығынан басқа да дүниелер қажет екен. Әйтсе де, кеше ғана «жау қайдалап» ұмтылған жас жолбарыс бүгінде біраз ес жиып, соғыс майданының ыстық қазанына қайнап піскендей сыңайлы. Осы бағытпен бара берсе, әл-әзір бұл соғыс біте қоймайтын секілді. Айналадағы жағдай соны аңғартқандай. «Алапат айқастан қалған жан олжа» - деген аталарынан қалған сөзді есіне алған жас Сартай өзін ендігі жерде аты шыққан батыр, қол бастаған жетекші ретінде сезінетіндей. Бұл тек өзінің ғана емес, күні кеше қасында тайқұлындай тебісіп жүрген жора-жолдастарының төгілген қанының арқасында келген абырой екенін бағамдайды. Жауды жену үшін өз басыңның амандығын күйттемей, қасындағы жорықтастарыңның да бас амандығын сақтау керек екен. Осы соғыстан соң өз мойнына батпандай салмақты жауапкершілік артып алғанын еріксіз мойындады. Бірақ соғыс бұнымен бітпейді. 1729-жылы «Аңырақайда» болған соғыс, қазақтың жерін жоңғар басқыншыларынан тазарту үшін болған шайқастар 1730-жылға дейін жалғасқан. Біріккен қазақ қолының Бас Сардары болып жеңіске жеткен, жоңғарларды Тарбағатай тауына дейін қуған Әбілқайыр ханның осы жорығына байланысты Тарбағатайда «Әбілқайыр тауы», «Табын тауы», «Алшын жалы» деген жер атаулары бар. Осы соғыстарға елден бозбала болып аттанған Сартай, Жылқаман,

Жылқайдар, Ашабай, Төркінбайлар 20 жасқа шығып, атақты батырлар болып қайтты. «Қалмаққырылғанда» ұрыс біткен соң Үйсін Төле, Қаракесек Қаз дауысты Қазыбек, Алшын Әйтеке билер түскен олжаны бөлуді Сартайға міндеттепті. Бір жағынан Асан-Қайғының да әруағын ұлық тұтса керек. Кіші жүздегі жақайым аталығының «Сартай батыр – үш жүзге хан сайланған», - деп жүргені осы оқиға болса керек.

Жалпы осы Ұлы жосынға қатысқан Сартай батыр туралы аңыздар мен әңгімелер көп. Алайда нақты деректер мен зерттеулер өте аз. Бұл жөнінде өз басым соңғы уақытта көп іздендім. Бала күнімде естіген әңгімелерді кейінгі уақытта естігендеріммен салыстырып жазуға, **Мырзатай Жолдасбеков** ағамыздың «қазақ тарихы қағазға көп түспеген, ауыздан-ауызға ауызша айтылған. Сондықтан білгендеріңді қағазға түсіріп, негізгі тарихпен салыстырыңдар» деген мағынадағы сөзі желеу болды.

Соңғы уақытта БАҚ-да жарық көрген Сартай батыр туралы мақалаларда, Қалмаққырылғандағы соғыста «Мың бала» шолғыншылық қызмет атқарған дегенге өз басым келіспеймін. Себебі, Кіші жүз әлім рулары М.Тынышпаевтың еңбегінде Шу өзенін, Айыртау жайлауын, Ұлытау, Қаратау өңірін ертеректе Әлім атамыздың кезінде, Асан-Қайғы заманына дейін жайлаған. Сартай батыр бастаған «мың бала» бұл өңірді білмейді. Шолғыншылар жерді жақсы білетін адамдардан жасақталған.

Сыр өңірінде жыр көрігін лапылдатқан ақын атамыз Нұрмағанбет Қосжанов «Сартай батыр» дастанын батырдың жақын туыстарының айтуымен жазғаны белгілі. Ақын осы дастанын жазып, өзі орындап жүргенде ұсталып, халық жауы ретінде 1937-жылы атылған. Бұған дейін ақын 1930-жылдары саяси қудалаудың алғашқы нысанасына ілініп, жазықсыздан бес жылға сотталады. Ақын бұл жөнінде өзінің дастанында былай жырлайды:

*«Айдауға кеттім бес жылға,
Мәлімсіз неден қылмысым.
Айналып келдім саламат,*

Санаулы болып күн кесім» - дейді.

Осы бес жылды ақын Қарағандыдағы әйгілі «Карлагта» отырған деп жазылып жүр. Негізінде Н.Қосжанов Қарағандыда болмаған. Бұл жөнінде менің іздестіруіме сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Қарағанды облысы бойынша Басқармасы бастығының орынбасары Н.Кокишевтің жауабы бар. Мен іздестіруді Ақтөбе облысына да жібергенмін. Әлі жауап алғаным жоқ.

Сартай батыр бастаған «Мың бала» жорығы туралы жазғандағы мақсатым:

- Азаматтықтың, бостандықтың, тәуелсіздіктің құны мен қадірін жете түсіну үшін;
- Ұрпаққа елжандылықты, ұлтжандылықты, отансүйгіштікті үйрету үшін;
- Ұрпақ болашағы қыл үстінде тұрғанда, үш жүздің халқының ауыз біріктіруінің арқасында келген жеңістің құнын білуге, ұлт болып жер бетінде қалғанымызды еске түсіру үшін...

МЫҢ БАЛАНЫҢ ЕРЛІКТЕРІ

Ел азаттығы үшін жандарын шаһид қылған бес жүзден астам жасөспірім туралы естігенде, қазақ қолы қайғыдан күңіреніп кетеді. Көзіне жас алып, иегі кемсендемеген адам қалмайды. Соғыстың аты соғыс, шығынсыз жеңіс болмайды. Жоңғар-қалмақ қолының Ұлытауды тартып алып, қазақты елдігінен айырып, тентіретіп жібереміз деген жоспарының күл-талқаны шықты. Бірнеше күнге созылған алапат шайқастан кейін жаудың беті тойтарылды. Ұлытаудан үмітін үзген жоңғар қолы көп шығынға ұшырап, кейін шегінеді. Қазақ билерінің елдің басын біріктіріп, рухтандырып, сайланып келген жауға қарсы қоя білген даналығының, қол бастаған сардарлардың, батырлардың, сарбаздардың жанкештілігінің, елжандылығының арқасында келген бұл Ұлы жеңіс – қазақ есінде мәңгі сақталмақ. Бас сардар мен дана билер елге жақсылық хабарды жеткізуге жаушылар шаптырады. Сонымен қатар соғыста қаза болғандардың орнын толтыру үшін, елде қалған еркек кіндіктілер сарбаз қатарына шақырылады. Жауды туған елден біржола қумай тыныштық болмайтынын түсінген қазақ қолы қару-жарағын сайлап, аттарын баптап-жаратып, соғыс тәсілдерін жетілдіріп, келесі ұрысқа дайындала бастайды. Көп шығынмен жеткен жеңістің хабарын алған ру басылары, ел ағалары сарбаздар қатарына адамдар жіберумен қатар, азық-түлік, киім-кешек жөнелтіп, сойыстық малдарын қоса айдатады. 1728-жылы тың күшпен толыққан қазақ қолы ата-жауды түре қуу үшін алға жылжиды. Жолда кездескен жоңғардың шолғыншы жасақтарын, басып алған жерлеріне бауыр басып тұрып қалған қалмақ ауылдарын шапқан қазақ қолы жауды қырып-жойып, күштеп көшіріп, ізінен тықсыра қуып, еліміздің біраз жерін басқыншылардан тазартты. Елінен, жерінен, малынан, дүние-мүлкінен айырылып босып жүрген ел-жұрт, қазақ қолының бұл жеңісіне қуанғаны соншалықты, әрқайсысының жүрегінде болашақтағы азаттыққа деген сенім ұялап, жауды түре қумаққа жан-жақтан ағышып, бас сардар Әбілхайыр хан бастаған қазақ қолына келіп қосылады.

Негізгі шешуші соғыс – 1729-жылы Аңырақайда өтеді. Аңырақайдағы соғыс та алдыңғы соғыстар сияқты бірнеше күнге созылған жекпе-жекпен басталады. Қазақтың батырлары жекпе-жекте әдіс-айласын асырып, қарсыластарын қапы қалдырады. Сол кездегі ақын-жыраулар жекпе-жекте жеңген батырларды дәріптеп, әспеттеп өлең шығарып, сарбаздардың намысын жанып, қолдың рухын көтеріп, кейінгіге үлгі боларлық мол мұра қалдырған. Әрине, ауыздан-ауызға ауызша айтылып, қағазға түспей, неше өзгеріп біздерге жеткен бұл толғаулардың, жырлардың, кешегі Кеңес заманында қажеттілігі болмады. Оны білетін көнекөз қариялардың қатары сиреп, көбісі о дүниелік болып кетті. Заманында айтылып, жаңғыртылмағандықтан, ұмытылып, ұрпақ жадынан өше бастады.

Негізгі соғыстар Орта, Ұлы жүз жерлерінде болғандықтан, бұл соғыстар туралы жыр-толғаулар осы өңірде жырланып, кейін әр жүз, әр ру өз батырларын мадақтап, кіші жүз батырлары туралы жазылған жырлар ел ішінде ұмытыла бастаған. Бірақ халық жадында сақталған бастапқы жырлардың біздерге жеткен үзіндісіне зер салсақ, көптеген жайлардың мәнісін аңғаруға болады.

Мысалы, сол кездердегі айтылған төмендегі жыр жолдарын Орымбет ақсақал былай жырлаушы еді:

*Сартай батыр бастаған,
Кіші жүзден мың бала,
Аттанды ұлы жорыққа.
Қамшысы бар білеулі,
Найзасы бар егеулі,
Саржасы бар кезеулі,
Ұрандап шапқан ұрыста,
Әр біреуі жүз кісіге балаулы...*

Бұл жыр жолдарында Сартай батыр бастаған «Мың баланың» елді қорғау мақсатында ұлы жорыққа аттанғаны жырланған. Ал, келесі үзіндіде жас батырдың жоңғарлармен жекпе-жегі баяндалады:

*Ел үшін болған ұрыста,
Менменсіген жоңғар-ноянға,
Сартайдайын жас қыран,
Өңешке қадап сүңгіні,
Ат сауырынан аударып,
Жеңіске жол бастаған...*

Бұл жерде Сартай батырдың жастығына қарамастан, өзінен анағұрлым күшті, мінген атына қаруы сай жоңғар ноянымен жекпе-жекке шығып, оның сауытсыз ашық өңешіне сүңгіні лақтырып дәл қадағанын, жауды ат сауырынан аударып, жеңіске жол бастағанын мадақтаған. Сартай батыр ат үстінде отырып иілгенде қолы жерге еркін жететін, шалт қимылдайтын болған. Жауға шапқанда қолының серпіні жетер жердегі дұшпанға сүңгіні бірінен соң бірін жіберіп, екі жақ қолма-қол ұрысқа кірісем дегенше жау әскерінің бірнешеуін аттан аударатын әдіс-айласы болған.

Айбынуды білмейтін, жолбарыстай қайратты, көкжалдай тез шешім қабылдайтын, жас та болса бас бола білген Сартай батыр бұл әдіс-айласын кейінгі жекпе-жектерінде де пайдаланған. Оған төмендегі жыр жолдары куә:

*Сартай менен Бөлекті,
Көргеннен қалмақ үрікті.
Бас-көзге төпеп аттарын,
Шепті тастап зытыпты.
Ат құлағында ойнаған,
Бөлектің өзге өнері...*

Бұл жыр жолдарында аты аталған Бөлек батыр Кіші жүз қолында болмаған деп ойлаймын. Ата-тек шежірелерді оқып, ізденгенімде Бөлек батырды Қазыбек Бек Тауасар-ұлының «Түп тұқияннан өзіме шейін» - деген кітабынан кездестірдім. Бөлек батырдың да жасы Сартаймен қатарлас болғандықтан, өзі ғұрыптас Сартай батыр бастаған мыңдыққа қосылып, бірге соғысуы мүмкін. Бұл екі жас батырдың өнері, сол кездегі батырлардың жекпе-жектегі қолданатын әдіс-айласынан өзгеше болған. Сартай батыр өзіне

қарсы шапқан жау батырының сауытсыз ашық денесіне сүңгіні лақтырып дәл қадайтын, құралайды көзге атқан мергендігімен өрекшеленсе, Бөлек батыр жекпе-жекте шауып келе жатқан аттың бауырынан айналып, екінші қапталына шығып кетіп, асқан шапшаңдықпен жоңғардың көк желкесінен ұратын болған. Бұл екеуі жекпе-жекке шыққан кезде, жоңғар батырлары бұлардың тәсілдеріне төтеп бере алмайтынын біліп, соғыс алаңын тастап қашады екен.

Аңырақай соғысында жекпе-жекте әруағы басым болған казак батырларының жеңісінен рухтанған казак қолы жоңғарлардың тоз-тозын шығарып жеңеді. Жауды казак жерінен қууды әрі қарай жалғастырып, Тарбағатай тауына дейін барған. Тарбағатайдың бір откелі қапталы терең шатқал, шатқалмен тау сулары, бұлақтар ағып өзенге айналған, жан-жағы қалың жыныс. Екінші қапталы суытқа құрсаңандай, жал-жал найза жартастар. Жоңғардың әскері осы жартастарға мықтап бекініп алып, казак қолына ілгерілеуге мүмкіндік бермейді. Осы тұстағы жауды жоюды бас сардар Әбілқайыр хан Сартай батырға міндеттейді. Жартасқа жасырынған жоңғар қолымен Сартай батыр бастаған жас сарбаздар оққа қарсы қасарысып, өлермендікпен шайқасады. Талайлар мерт болып, жер жастанады. Жоңғарды әдіс-айласыз ала алмасын білген Сартай батыр Жылқайдар, Төркінбай, Ашабай батырларға жасақтарымен шатқал бойымен жоғары өрлеуді бұйырады. Өзі жанына бірыңғай мергендерді алып қалып, жартасқа бекінген жоңғар қолымен аңдысып атысады. Сонда Бүкірек батыр сегіз сүйем оқты қолына алып, жартастарға атқанда, оғы жартастарды қақ – қақ айырады. Жартастардың тасасына жасырынған жоңғарлар көктен Әзірет Әлі түскендей шошып, тұра-тұра келгенде, аңдып тұрған Сартай, Жылқаман, Жарас, Байрақ, Қайрақ, Тайлақ сынды мергендер дәл көздеп атып түсіріп, жоңғарлардың біразын жайратып салады. Шатқал арқылы жаудың ту сыртына шыққан Жылқайдар бастаған жасақ күтпеген жерден шабуылдап, жоңғарларды қойша қырыпты. Бас сардар Әбілхайыр хан Алшынның жас қырандарының ерлігіне

тәнті болып, бұл биік бұдан былай «Алшын жалы» аталсын – дейді. Бұл жер сол уақыттан бері осылай аталыпты, – дейді. Ал, есте қалған көне жыр жолдарындағы үзіндіде «Алшын жалы» үшін ұрыс былай баяндалған;

*Батырлар Байрақ, Қайрақ, Тайлақ,
Жаудан қайтпаған кіл саңлақ,
Шайқасып, оққа қарсы қасарысып,
Айламен жауды төмен жұмалатпақ.
Сегіз сүйем оқты ер Бүкірек,
Атқанда айырылады жартас қақ-қақ,
Қашады шуылдасып жасырынған қалмақ,
Тартқанда жас мергендер көздеп садақ,
Топырласа құлайды жоңғар-қалмақ...*

Қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан тазартып, үлкен ерлікпен жауды Тарбағатайдан асыра қуған бас сардар Әбілқайыр хан үш жүздің жақсыларының үш жүзге хан көтермегеніне өкпелеп, соғысты тоқтатып, сарбаздарды қайтарады. Отан үшін, қазақ жері үшін болған қанды қырғында аман қалған жас сарбаздар елге атпал азамат, батыр болып оралады.

САРТАЙ БАТЫР ТУРАЛЫ ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ ӘҢГІМЕЛЕР

Шұбартеңіз, Қалмаққырылған, Хан тауы, Далатау, Аңырақай және Тарбағатай тауларында болған соғыстарда Сартай батыр бастаған мың бала үлкен ерлік көрсетіп, жауды жеңуге шексіз үлес қосқан. Бұл батырлар туралы кезінде Қожаберген, Ақтамберді және тағы басқа ақын-жыраулар жырлаған. Оған нақты дәлел: осы мақаланы жазу кезінде пайдаланылған, ел аузынан жиналған жыр үзінділері және Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп тұқиянымнан өзіме шейін» кітабында Қожаберген жыраудың өлеңдерінен келтірілген төмендегі үзінді:

*Қатысты Кіші жүзден Тайлақ мерген,
Сұлатты көздегенін атқан жерден.
Бір мерген Саурық атты жараланды,
Ер екен екеуі де Кіші жүзден.
Ағасы Тайлақ мерген- Байрақ, Қайрақ,
Олар да жүрек жұтқан бетті екен.*

Бұл жырдағы Тайлақ, Байрақ, Қайрақ батырлардың аталығы Кіші жүз ішінде былай таратылады;

Әлім – Жаманақ – Шыңғыс – Бөлек – Айт – Қабақ – Айбек – Бекежан – Тайлақ, Байрақ, Қайрақ, Қалнияз ишан.

Кіші жүздегі Жаманақ ұрпақтарының ұранына айналған Бақтыбай батыр да, Пұсырман батыр да осы аталықтан. Негізінде Қабақтан – Ханкелді, Жанкелді, Төлес, Аралбай, Айбек болып бес бала тарайды.

Ханкелдіден – Пұсырман батыр, одан Жарас мерген.

Төлестен – Бақтыбай батыр.

Осы соғыста Пұсырман, Бекежан батырлар Бақтыбай батырдың қарамағында соғысса, олардың балалары Тайлақ, Байрақ, Қайрақ және Жарас мергендер Сартай батыр бастаған мың баланың құрамында болған. Тарбағатай тауындағы «Алшын жалы» үшін болған ұрыста Жарас, Саурық, Тайлақ, Байрақ, Қайрақ мергендердің ерлігіне тәнті болған ақындардың өлең-жырлары сол кезде көп айтылғанға ұқсайды. Не десек те, осы

арнау-толғаулардан жырланған үзінділер ауыздан ауызға тарап, осы уақытқа дейін жеткен. Кейінгі кезде ұмыт бола бастаған. Дегенмен, Сартай батырдың туысы Томаұлы Жетпіс соғыстың болғанына арада екі ғасыр уақыт өтіп кеткеніне қарамастан, көне көз қарттардың айтқан әңгімелерінің, жыр-толғауларының желісімен атасы Сартайдың ел үшін, жер үшін жасаған батырлық ерлігі туралы, құдіреті мен қасиеті туралы деректерді баяндап, ақын Нұрмағанбет Қосжанұлынан Сартай туралы тарихи дастан жазуды арнайы сұраған. Томаұлы Жетпіс дастан жазылып болғасын бес жылқы беретінін айтып, мынадай шарт қойған. «Дастанды жазып, аяқтаған соң әуелі өзіме көрсетесің. Мен өзім баяндаған оқиғалар желісінің дұрыс жазылғанына, тарих деректерінің шындықтан ауытқымағанына көз жеткізуім керек және дастанды басқа жыршы-термешіге орындатам» – дейді. Ақын Нұрмағанбет Қосжанұлы дастанды жазып, Томаұлы Жетпіске тапсырады. Бірақ Томаұлы Жетпіс дастанды алғанымен, оны дұрыстап бір жырлата алмай дүниеден өтеді. Оған басты себеп, тоталитарлық жүйенің қаныпезер жендеттері тап мүддесін желеу етіп, 1927-1953-жылдары ұйымдастырған қудалау науқаны. Осы зұлматтың кесірінен қазақ елі қатты зардап шегіп, ұлттың ұйытқысы бола білген «қаймағынан» айрылды. Томаұлы Жетпіс НКВД үштігінен қорқып, дастанды жерге көмдіріп тастағанынан хабардар болған жампоз ақын Нұрмағанбет Қосжанұлы ел арасында Сартай батыр дастанын өзі орындап тарата бастайды. Бірақ, Ақтөбе қаласының НКВД үштігі Нұрмағанбет Қосжанұлын «халық жауы» деп айыптап, 1937-жылдың 29-тамызында ату жазасын кескен. Үкім сол жылы 4-қыркүйекте орындалған. Ақын жазықсыз жаламен бұл дүниеден өтсе де, ол жазып қалдырған Сартай батыр дастаны халықтың Сартай батырға деген, жазған ақынға деген сүйіспеншілігінің арқасында осы кезге дейін жетті. Ақын Нұрмағанбет Қосжанұлының дастанын ел арасынан іздестіріп тауып, туған елімен қауыштырған белгілі журналист Өмірзақ Жолымбетов.

Сартай – батырлығымен қатар қара қылды қақ жарған әділ

билігінің арқасында да халқының жүрегінде қалған. Сондықтан халық ішінен шыққан ақын-жыраулар батырдың әділ, білікті би болғанын әрдайым жырға қосып насихаттап отырған. Нақтырақ айтар болсақ, Сыр сүлейлерінің ірі тұлғасы, дарабоз ақын Қарасақал Ерімбет (1844-1916) өзінің Көнек Қыпшақпай атты толғауында былай келтіреді:

... Сәлем айт Төрежанға Ақмолламен,

Би өткен **Сартай**, Қылыш, Қарадостай.., – деп жырға қосса, С.Сейфуллин кезінде «Бұхар жыраудан кейінгі қазақтың ірі ақын - жырауы Балқы Базар жырау», - деп жоғары бағалаған шайыры, Базар жырау «Қарақожа» ұранды Қаратамырдың Тетрабай биінің жалғыз ұлы Ысқақ қайтыс болып, қаралы қасіретте отырған биге көңіл айтады. Осы көңіл қосында Сартай бидің есімі аталады, бұл да Сартай бидің халқымыздың мықты билерінің қатарында саналғанын көрсетпей ме?!

Бай – көркем, батыр – шешен бітсе дәулет,

Адамға бақ, дәреже қонса сәулет.

Ашылмас Әзірейілге есік бар ма,

Дем бітіп, басқа келсе кезек нәубет.

Қазыбек, үйсін Төле, өтті Әйтеке,

Таба алмай ажалға айла, Балқы Баубек.

Байтақ ел, Қарақожа, мың жарым үй,

Қыстаубай талай жауға тартқызған күй.

Сартай, Өтетілеу, Мөңке, Айтілес,

Өтіпті Күнтуардай атақты би.

Сарыбай, Садыр, Әзілкеш, жүйрік Бостан,

Бөкендей баурын төсеп желге жосқан.

Сенің де досың түгіл дұшпаныңа,

Кем емес сырт айбатың жолбарыстан.

Оқ тисе қабырғасы қайыспайтын,

Ақ иық қыран едің аспанға ұшқан.

Ишалла, аруақ орны қапы қалмас,

Ұл болар Ысқақ ердің орнын басқан...

Ал, Жаркенттік ақын Қален Тәжібаев өзінің «Арнау» деп

аталатын өлеңінде жоңғарлармен болған ұрыста ерлік көрсеткен үш жүздің батыр-бағландарын, елді бірлікке шақырған билерін жырлаған. Қален Тәжібаев бұл «Арнау» өлеңін «Хабар» телеарнасы арқылы бірнеше рет орындағанына куә болдық, өлеңнің батырлар туралы жырлаған жерінде мынадай өлең жолдары бар:

Талай дұшпан қашыпты,

Сартай менен Бөлектің,

Күркіреп дауысы шыққанда..., яғни мен тыңдап өскен

Орымбет ақсақалдың:

Сартай менен Бөлекті,

Көргеннен қалмақ үрікті.

Бас-көзге төнеп аттарын,

Шептерін тастап зытыпты..., – деп жырлауының

тегін еместігі, бұл жырдың тек қана Қызылорда облысы емес, Қазақстанның басқа аймақтарында да жырланғанын көрсетеді. Сондай-ақ Сартай батырдың қазақ елі үшін жасаған ерлігі, әділетті билігі, көріпкелділігі туралы аңыз әңгімелерді, жыр-толғауларды еліміздің әр түкпірінен кездестіруге болады. Нақтылап айтар болсақ: Жезқазған қаласының тұрғындары С.У.Қожамсейтов, Б.Байжантаев, Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Иманов кеңшарының тұрғыны Ә.Төлеуов, Шымкент қаласынан Өмірзақ Жүсіпов, Қарақалпақстанның тұрғыны Қуаныш Кәрімбаев, Жамбыл облысы, Шу ауданының тұрғыны Қонысбек Жадырасынов, Қытайдағы Шыңжан ұйғыр автономиялық ауданы Нәнчань ауылының тұрғыны Қалқаман деген азамат және тағы басқалар. Бұдан шығатын қорытынды, Сартай батыр есімінің халық жадынан өшпегендігін, оның ерлігінің ауызша таралса да, еліміздің барлық өңірінде жырланып, танымал болғандығын паш етеді. Сартай батыр туралы зерттеулер өте аз. Оған себеп, 1930-жылдағы көтерілістер, 1932-1933-жылдардағы ашаршылық, оған қосылған 1927-1953-жылдардағы саяси қуғын-сүргін, қолдан жасалған зобалаң бәрін астаң-кестең еткен. Ақын Нұрмағанбет

Қосжанұлының Сартай туралы дастаны кезінде ел ішіне кең тарағанымен, кейіннен осындай себептермен жырланбай қалған, айтуға да қорыққан. Қазіргі уақытта батыр бабамыз туралы ғылыми, әдеби материалдар өте тапшы, барының өзі мардымсыз, көңіл көншітпейді. Оның үстіне Сартай есімін қасиетті бой тұмардай сақтап, айтудан жалықпайтын көзі қаракты қариялар қатары азайғандықтан, баба есімін жаңғыртудың өзі қиынға түсері анық. Сондықтан Сартай батыр есімін қолда бар материалдарға сүйеніп ізденбесе, кейінгі жас ұрпақтың ол туралы білмей қалуы да мүмкін.

САРТАЙ БАТЫР МЕН ӘБІЛҚАЙЫР ХАН ЖАЙЛЫ

Аңырақай жазығында, Тарбағатай тауларында қазақ қолы жеңіске жеткенмен, жоңғардың әскерін түгел қырып тастау қолдарынан келмеді. Бұған басты себеп: шешуші соғыста үш жүздің ханы Әз Тәукенің бел баласы Болатқа жау оғы тиіп, ауыр жарақат алуы болды. Әл үстіндегі Болат ханды Әбілмәмбет сұлтан ұлы жүзге қарасты әскерімен Түркістанға әкетті. Сәмеке хан, Барак және Күшік сұлтандар өзіне қарасты елді іздеріне ертіп, бас сардар Әбілхайыр ханмен жүре қоштасып, өздерінің ұлыстарына кетті. Әбілмансұр сұлтан орта жүз батырлары Шақшақ Жәнібек, Қанжығалы Бөгембай, Қаракерей Қабанбай өз қосындарын соңына ертіп, бас сардармен қош айтысып, Сарыарқаны бетке алып олар да кетті. Соғыс даласында Кіші жүз қолымен қалған Әбілқайыр хан бұл соғыста «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған» елдің іргесі сөгіліп, әр жүз әр тарапқа тартқанына налыды. Өздеріне қарасты ұлысқа билігін жүргізіп қалған кілең шонжар, шұбар төс, шынжыр балақ сұлтандар бірігіп ел болудан гөрі, өз ұлыстарын жеке билеуді жөн көреді. «Арқар» ұранды қандастары Әбілқайырды қазаққа үлкен хан сайламақ түгіл, оған өз ұлыстарын түгел қарсы қойып, оның осы уақытқа дейінгі ірілі-уақты соғыстарда жеткен жетістіктерін жоққа шығарып, атақ-абыройын біржола аяқ асты етуге даяр екендіктерін көрсетеді. Қарсыластарының бақай есепке шебер екенін, бұған үлкен тақты қандай жағдайда да қимайтындарын әуелден білетін Әбілқайыр, шарасыздықтан өзіне қарасты кіші жүз қолын бастап, елге қайтады. Ат үстінде қалың ойға шомған Әбілқайыр хан «қайтсем ойлаған мақсатыма жетем, қазақ елін ел қылып, жан-жақтан анталаған жаумен терезесін тең қылып, тең дәрежеде сөйлесетін ілгерлі елге жеткізем» - деген ойды қуып, ойы он саққа жүгіреді. Бұл соғыста жеңгенмен, елдің келешегі әлі де күмәнді болатын. Айнала қоршаған жау, Ташкентті, Бұхараны, Қоқанды, Хиуаны билеген өзбекке, батыстағы Түрікменге, Астрахань, Еділ бойындағы қалмақтарға, башқұрттарға арқа сүйеуге болмайды.

Шығыстағы жоңғардың сиқын қазақ біледі, аржағы қаптаған қара қытай. Тек солтүстік көрші Ресейдің бодандығын қабылдап, ес жинап, мына ұланғайыр далаға ие болып қалмаса, ол кезде қазақ елі тоз-тозы шығуға әзір тұрған болатын. Ел ішінде бұл мәселенің көтерілгеніне де көп болды. Әз Тәуке тұсында, одан кейін Қайып ханның уақытысында Ресей патшалығына «одақтас болайық» - деген хат жазылып, елші жіберілгенімен, бұл мәселе нәтижесіз қала береді. Қазір де Ресей патшалығына арқа сүйемесе, қазақ елінің келешегі дүдәмәл. Арғы ата-бабалары Еділ бойындағы ата-қонысты орысқа қалдырып, Шығысқа ойысқанда, бүгінгі ұрпағы Шығыстан қаптаған жоңғар мен қытайдан қайда барып паналарын білмей қатты састы. Ордабасы, Мәртөбе, Күлтөбе, кейінгі Қарақұмдағы жиындарда қазақтың батыр-билері, ел тізгінін ұстаған хандары мен сұлтандары бұл мәселені сан мәрте көтергенімен, әлі бір тоқтамға келе алмай, тек сөз күйінде қалып отырады. Әбілқайыр хан Кіші жүз халқының тізгіні қолына тиген күннен бастап, белді билерге, даңқты батырларға Ресей патшалығына қосылу жөнінде ой тастап, әрқайсысымен жеке кездесіп, сөз байласқанына да көп болды. Бірақ Әбілқайыр тәуекел ете алмай, бір жағынан еркін елдің мойнына қамыт кигізіп алудан сескеніп, екінші жағынан кейінгі соғыстарда қазақ қолына бас сардар сайланып, еңсесі түскен елдің сарбаздарын бастап жеңіске жеткізген еңбегін ескеріп, үш жүзге хан көтерер деген дәмесі де бар еді. Бұл ойының іске аспайтынын кешегі соғыс барысы айқындады. Ойы, ақыл-айласы жете тұра, қазақ сұлтандарының алауыздығынан жоңғарларды түгел қырып, ұлыстарын ойран-ботқасын шығарып шауып алып, ұлын құл, қызын күң етіп, «ақтабан шұбырындының» есесін қайтарудың орнына, Болат ханның жарақатын сылтау қылып, тоз-тоз болып бөлініп, қолдың кері қайтқанын көрген Әбілқайыр ханның іші әлі удай ашумен келеді. Ішіндегі ыза-кекті, қатпар-қатпар болып қатқан шерді кімге айтып шағынарын білмей, ішқұса болып келе жатырған Әбілқайыр ханға табын Бөкенбай, тама Есет, шектінің жолбарысы Бактыбай батырлар қатарласып келіп, жасы үлкен Бөкенбай батыр сөз бастайды.

– Алдияр хан, кеш болып қалды. Қосынды осы араға тоқтатып, қонуға жарлық беріңіз.

Ой елегінде келе жатырған Әбілқайыр ат тізгінін тартып, кештің болғанын аңғармағанына қайран қалып, жан-жағына алақтап қарап, қызарып батуға айналған күнге қарап тұрып, ойының бұзылғанына қынжылғандай кейіп танытып, сұп-сұр жүзін сақтаған қалпы, «болсын» деді. Қалың қол аттан түсіп, батырлардың бұйрығымен көліктерін тұсап отқа қойды, мініс көліктерін, жалпы қолды қарауылдауға сарбаздар бөлініп, қалғандары кешкі ас қамына, одан әрі демалуға кірісті. Кешкі асын ішіп, оқшау құрылған жеңіл сары ала шатырдың төріне салынған төсекке жатқан Әбілқайыр ханды ой мазалап, әрі дөңбекшіп, бері дөңбекшіп таңды көзбен атырды. Ертемен атқа қонған қосынның алдына түскен Әбілқайыр ханның бет-жүзінен былайғы жұрт ештеңе аңғармады. Сырт қараған кісіге ұзын бойлы, қою қара сақалды, ат жақты, сұп-сұр жүзді Әбілқайыр ханнан бір көргеннен сыр алу мүмкін емес еді. Әрі күлмеске уәде бергендей ханның осы сұп-сұр өңі көп өзгермейтін, оның жүзіне қарап, қандай күйде келе жатырғанын білу де өте қиын болатын. Іші қандай алай-түлей болса да, сыртқа сыр бермейтін қатыгез қалпын әрдайым сақтайтын. Қосын алдына түскен Әбілқайыр хан тағы да ой жетегіне еріп, ат тізгінін бос тастап, бұл тығырықтан қалай шығуды, бүкіл қазақты бір ханға бағындыруды ойлаумен келеді. Ой үстінде келе жатырған Әбілқайыр ханға түс ауа бүгінгі шолғыншылардың басшысы, жас батыр Сартай келіп, шекті елінің ақсақалдары бас сардарды жеңісімен құттықтау үшін келе жатырғанын, қозы көш жерде жеңістің құрметіне шекті елі қашанғы қазақтың салтымен дастарқан жайып, өздерінің қуаныштарын жеткізгісі келетінін мәлімдеді. Әбден қажытқан ойдан бір сәтке болса да арылуды ойлаған хан ат тізгінін жинап, алдынан шыққан шекті елінің ақсақалдарын, билерін қуана қарсы алады.

Өз ұлысының іргесіне аман-сау жеткеніне Аллаға тәубе етті. Хабарды жеткізген бүгінгі шолғыншылардың басшысы жас батыр Сартайға, оның әкесі қарт би, Байжанға Әбілқайыр ханның

көңілі ала-бөтен тұғын. Әбілқайыр хан өз ұлысын аралап, басты-басты билерге қонақ болып ел жағдайын, келешегін ақылдасып, Ресей империясына қосылу жөніндегі ойларымен бөлісіп жүрген кезінде осы Байжан бидің отының басында бұрын да қонақ болған. Соның бірінде хан мен би сұхбаты ұзаққа созылып, қонақасы мезгілі өтіп кетеді. Хан мен бидің әңгімесін бұзуға батпаған ел азаматтарының назарын байқаған жеті жасар Сартай әкесіне «Әке, осы асты хан жейді ме, әлде қазан жейді ме?» - дегенде барып сыйлы қонаққа арналған қонақасы уақытының өтіп кеткенін білген сұхбаттастар ас жеуге шығады. Ас үстінде жаңағы баланың айтқан сөзі ойынан бір кетпеген хан, әрі ертелі-кеш әкесінің мол тігілген түйе жүн шекпенінің ішіне тығылып, хан мен бидің әңгімесін тапжылмай тыңдап отырған баланың келешегінің зор екенін дұрыс болжапты. Кейін жоңғарларға қарсы соғысқа сауын айтылғанда, осы жақайым Байжан би өз ұлысынан он мыңнан астам қол шығарады. Оның бір мыңдығын осы он бес жасар Сартай батыр өзі құралыптас жастардан ұйымдастырып, бастап шығады. «Өсер елдің баласы он бесінде баспын дер, өшер елдің баласы отызында жаспын дер», - деген халық даналығының растығына Әбілқайыр ханның көзін осы мың бала Қалмаққырылған соғысында анық жеткізді. Жас Сартай батыр құралайды көзге атқан мергендігімен қатар талай жекпе-жекке шығып, өзіне қарсы шапқан жауды елу-алпыс қадам жерден сүңгі лақтырып қадап, аттан аударғанын көрген қазақ қолының тәңті болмағаны қалмады. Ерлігіне ақылы сай Сартай батырдың әлі талай жауды түсіретініне, ел тізгінін ұстап, би боларына осы сапар Әбілқайыр ханның нақты көзі жетті. Мейірімі түскен құлдарына таршылық етпейтін жаратқан ие әу басында өзі сүйген пендесіне жалпы адамзат баласына қажетті қасиеттерді молынан бере салатыны ақиқат. Алла-тағала бұндай кеңшілікті Сартайдан да аямай, артығымен жасаған сыңайлы. Ол қара күштің иесі ғана емес, көзсіз батыр, білікті би, қамшы салдырмас жорғадай шешен, қапылыста ойлы сөз табатын дана, Алла назарын салған көріпкел әулие, айналасындағы қоршалаған халқына қиналғанда

қол ұшын беретін жомарт, қайырымды да ақылман, мақсат еткен ісінің ақырына жету жолында әулетті ұйыстыра білетін көшбасы адам болған. Сартай батыр бұл кезде шынығып, толыққан, сол бір алмағайып заманның тезіне көндігіп, бейімделген кісі еді. Ел басқарған мықтылардың да қарапайым пенделер екенін, олардың да кей жағдайларда пендешілік жасап, қара бастарының қамы үшін ұсақ істерге де бара алатынын пайымдап қалған кезі. Өз ортасына өзінің қажеттігін де сезіне бастаған. Әр іске ақыл-парасатпен, терең оймен, тиянақты кесіммен баруға қалыптасқан. Елді, жерді қорғау басты мақсат болғанмен, сол аласат арасынан ұпай жинап, жоғын түгендеп қалуға, билік басына ұмтылуға құмар жандарды ажырата алатын дәрежеге жеткен. Сондықтан да, өз төңірегіндегілерді бұрынғыдан да мықтырақ ұйыстырып, ағайын арасындағы ауызбіршілікті нығайта бастаған. Бұнысы сол кездегі ел арасына әрі үлгі, әрі сес болды. Кіші жүзде алты ата Әлімнің ішінде шектінің алар орны ерекше екенін білетін Әбілхайыр хан бұл рудың ақсақалдарымен, билерімен әрдайым санасып бағады. Шектілерді туған күйеу баласы Батыр сұлтан басқарғанымен, хан қашанда шекті елінің мұң-зарына құлақ түріп, ұсыныс-пікірлерін басты назарында ұстап отырады. Шекті елінің жеңіс құрметіне жайылған дастарханынан дәм тата отырып, Әбілқайыр хан қалың ойдың тұманынан шыға алмады. Дастарқандас болған билермен, ақсақалдармен ашылып сөйлеспей, бұл жеңістің қуанышы ұзаққа бармайтынын, анталаған жаудың сейілмегенін аңғартты. Қазақелін бір тудың астына жинамай жеңіске жеттік дудің, елдік туралы сөз қозғаудың бекер екенін жиналғандарға ұқтырды. Бүгінгі жағдайда үлкен хан сайлау мәселесі іске аспайтынын түсінген жұрт, бұл жеңіске Әбілқайыр ханның желпінбей тұрғанын, оның үлкен хан болу жөніндегі арманының іске аспағанына қынжылғанын айтқызбай білді. Шекті елінің ақсақалдарымен, билерімен қоштасып, өз жұртына ат басын түзеген Әбілқайыр хан өзінің ұлы мақсатына тек қазақтан тысқары бір пәрмендірек патшаның демеуімен жететінін ұқты. Ондай патшалық солтүстік көрші – Ресей патшалығы, қалғандары санатта бар болғанымен, сапалары

қазақ ұлысынан төмен, келешегі дүдәмәл. Бірақ Ресей патшалығы өзінен көш төмен елді өзіне одақтас студі қош көрмейді. Сонда қайтпек керек? Көп күннен бері ойлаған ойдың соңы осы сұраққа келіп тірелді. Қазақ елі бодан болудан азар да безер болып, ит-тонын ала қашатынын Әбілқайыр хан да біледі. Осы кезде одақтас немесе арқа сүйер, қолында күші бар ел таппасаң, ертеңің қараңғы, келешегіңнің не болары белгісіз. Ойлай-ойлай Әбілқайыр ханның басы қатты, бірақ бір тоқтамға келді. Барысымен Ресей патшалығына елші жіберу керек деп шешті. Одақтас болуға қазақ жұрты келісіп отыр, бірақ оған Ресей патшалығы көнбейді. Сондықтан: «боданың боламыз, қарамағыңызға алыңыз, бұл бүкіл қазақ жұртының тілегі», – деп елші жіберуге Әбілқайыр хан біржола бекінді. Қалғанын кейін көріп алармын, деген нар тәуекелге жүгінді. Ресей патшалығының боданы болып отырған қалмақтар мен башқұрттардың жағдайы жаман емес, ұпайы түгел, қайта Ресейге арқа сүйеп, қазақ барымташыларын жазалауға орыстан әскер сұрап, қоқанлоққы көрсетіп отырғаны белгілі. Әбілқайыр хан дәл осы кезде Ресейге елші жіберіп, боданың боламыз демесе, бәрі кеш болатынын ұғынды. Сондықтан өзіне сенімді, әрі туған жиені табын Бөкенбай батыр және оның күйеу баласы тама Есет батырға өз ойын жеткізіп, тәуекелге бел байлағанын білдірді. Бағырлар хан ойының дұрыстығын сезінгенімен, бодан болудың келешек ұрпаққа жақсылық әкелмейтінін де ойлады. Бірақ, басқа жолдың қалмағанын ұққан қос батыр құптамасқа амалы қалмады. Ресейге елші жіберетінімізді жалпы халыққа айтайық, бірақ бодан болу жөніндегі әңгімені әзірше үшеуімізден басқа кісі білмесін деп уәделесті. 1930-жылғы көктемде Әбілқайыр ханның ордасына кіші жүздің және көрші отырған орта жүздің уақ, қыпшақ, керей, арғын руларының игі жақсылары түгел жиналады. Олардың арасындағы әңгіме жоңғарларға қарсы соғыстың ұзаққа созылатыны, сондықтан орысқа арқа сүйемесе, басқа жолдың қалмағаны туралы өрбіді және барлығы бір ауыздан Ресейге елші жіберуді шешіп, пәтуаласты. Бұл жөнінде Ә.Кекілбаев өзінің «Үркер» романында жазған.⁶

Сары уайымға салынып, көптен көзі талып күткен орыс елшілігі де, 1931 жылы күзге салым Әбілқайыр хан ордасына келіп жетті. Ресей патшалығынан келген орыс елшілігінің Әбілқайыр ханның ордасына ат басын тірегені орта, ұлы жүзді билейтін Жәдік ұрпағынан және тағы басқа беделді әулеттен тарайтын сұлтандардың көкірегіне шаншудай қадалды. Оларға Ресей патшалығын арқаланған Әбілқайыр хан қазақтың бас ханының тағын иеленіп кететіндей көрінді. Қызғаныш оты іштерін өртеген сұлтандар ел билеп отырған билерді, ақсақалдарды Әбілқайыр ханға қарсы қойып, Ресей патшалығының бодандығына берілмеуге үгіттеді. Бұл сұлтандарға кіші жүздің шекті елін билейтін Қайып ханның баласы, Әбілқайыр ханның күйеу баласы Батыр сұлтан да қосылды. Бірақ әуелден Әбілқайыр ханды қатты сыйлайтын, өзге сұлтандарға қарағанда Әбілқайырдың батырлығын, тереңнен ойлайтын ақылдылығын, қол бастар сардарлығын мойындаған кіші жүздің игі жақсылары түгелімен оны қолдады. Алты шектінің билері орысқа бодан болуды қабылдап, орыс елшілігінің сый-сияпатын алып, кеуілдерін бір демдеген болатын. Алайда, бұларға билігін жүргізетін Әбілқайыр ханның күйеу баласы Батыр сұлтан ханның қарсыластарымен бірігіп, өзіне қарасты жұртты елшілікті шауып, бармақтарын басып ант берген құжатты тартып алуға үгіттейді. Орта жүздің ханы Сәмеке, сұлтандары Күшік, Барак және тағы басқалары, кіші жүзден Батыр сұлтан, жаппас Баймұрат би, шектіден «бес Қожас» аталатын Қожастың бес баласы – Баби, Сырлыбай, Байғара, Теке, Жамансарылар кіші жүз ханының жасаған іс-әрекетіне бірден келісе қойған жоқ, керісінше қарсы болды. Олар да Әбілқайыр ханның түпкі ойын жазбай білді. Әбілқайыр ханның көкейін тесіп отырған осы тарихи оқиға арқылы орысты арқаланып, үлкен хандыққа қол жеткізу екенін білген жұрт, орыс елшісіне мөрлерін, бармақтарын басып ант бере тұра, ханды түпкі арманынан айыру үшін бірлесіп қарсы шықты. Бұл жөнінде тарихшы Боджер кезінде былай деп жазған еді

«Олар Әбілқайыр ханның қулығына, сұмдығына қарамастан берген антын сақтауға күш-жігері жетпейтін жан екенін сезді.

Шығыс билеушілерінің екі жақты саясат ұстанатын сұмдығын Ресей патшалығы да білетін. Сонда да болса патша үкіметі Әбілқайыр ханға өз күшімен өктемдік алып беріп, сол арқылы қазақ халқына билік жүргізуді мансұқ етті».

Осы сияқты пікірді орыс патшасының елшісі А.Тевкелев те айтқан. Ол өзінің патша ағзамға жазған баяндау хатында, Әбілқайыр ханның Ресей патшалығына жазған хаты арқылы қазақ елін бодандыққа кіргізіп алуды, одан әрі өздерінің саясатына қарсы келетін болса, Әбілқайыр ханның көзін біржола жоюды немесе бар биліктен құр алақан қалдырып, қамал ішінде, көз алдында ұстауды ұсынғаны тарихтан белгілі.⁷

Әбілқайыр ханның Ресей патшалығына қосылу арқылы жеке дара билікке қол жеткізуді көздегенін дер кезінде ұққан қарсыластар жағы оның ойын іске асырмау үшін қолдарынан келгенінің бәрін жасаған. Ресей патшалығының алдында оның абыройын төгу үшін кіші жүз ханының ордасының жанына келіп орын тепкен орыс елшілігін орта жүзге көшуге үгіттеп, олардың мініс-көліктерін қуып кетіп, қоқан-лоққы көрсете бастайды. Қаракұм, Борсық құмды жайлайтын шектінің Бердіңұл тайпасынан тарайтын «бес Қожас» елі орта жүздің руларымен әрдайым қанаттас көрші отыратын. Баби да, Сырлыбай да асқан дәулетті бай адамдар болған. Інілері Байғара өте қайратты, жауына қатыгез, асқан дүлей күштің иесі, батыр болған. Байғараның бойы өте ұзын болғандықтан, басын еңкейтіп жүреді екен. Сырт қараған адамға батырдың бұл еңкейіп жүргені бүкір сияқты болып көрінеді. Сондықтан ат қойғыш қазақтар оны бүкір Байғара атандырған. Байғара сол кездегі қақтығыстарға, қалмақ, башқұрт, түрікпен және жоңғарлармен болған соғыстарға түгел қатысқан айтулы батыр. Әрдайым шекті қолының сапында болып, бас сардар Әбілқайыр ханның сенімді батырларының қатарында болған. Жауға талай шауып, сыннан өткен, елге белгілі сұсты батыр болған. Ескі көз қариялардың айтқан әңгімесіне құлақ

7 А.И. Тевкелев «Елші А. Тевкелевтің қызметтік жазба күнделігі».

түрер болсақ, Байғара тек «бес Қожастың» ғана емес, алты шектінің сыртқа көрсетер айбаты, айбынды батыры дейді. Баби би батыр інісін қатты құрметтеген, оған екінші әйелдікке тама еліне құда түсіп, қалың малын төлеп, келер жылы көктемде жайлауда келінін алуға уағдаласып қояды. Қанаттас көрші отырған орта жүз руларының сұлтандары, билері, батырлары «бес Қожастың» жақсыларын өздеріне қонаққа шақырып, қонақасы береді. Сол қонақасыда елдің келешегіне алаңдаушылық білдіріп, Әбілхайыр ханды өз ойынан қалай бас тартқызуды ақылдасады. Ақылдастық үстінде батырлығы, серілігі, ержүректігі аңызға айналған Байғара батырдың: «Оның көп бас қатыратыны жоқ, хан келіспейтін болса, олардың көзін жоюымыз керек, орыс елшісін де, Әбілхайыр хан мен оның баласы Нұралының басын алуды мен міндетіме аламын», - деген әңгімесін біздің елдің көне көз қариялары айтып отыратын. Бірақ бұл ұсынысты жиналғандар қолдамайды. Ресей патшалығының елшісін өлтіру жақсылық әкелмейтінін бәрі де түсінеді. Ата жау жоңғардан құтыла алмай отырғанда, солтүстіктегі орыспен жауласудың қазаққа абырой әпермейтіні бесенеден белгілі еді. Ел жақсылары орыспен жауласпай, оның елшілігін орта жүзге көшіруге мәжбүрлеу керек, солай ету арқылы Әбілқайыр ханның ел алдындағы абыройына нұқсан келтіру керек деп шешеді. Осындай ортақ шешімге келгесін орыс елшілігіне шабуыл жасау жоспардан алынып, барлығы тарқасады. Баби, Сырлыбай бастаған шектінің байлары қыс келіп қалғандықтан Қарақұмға, өздерінің бұрынғы жайлап келген күздікте отыратын жерлеріне қарай көшеді. Байғара болса өзіне қарасты азғантай қолымен көшпей қалып қояды. Оған басты себеп, жаңадан айттырған қалыңдығының елі тама жұрты күздікке көше қоймаған. Батырды қалыңдығына деген қызғаныш сезімі билеп, әзірше көшу мәселесін кейінге қалдыра тұрады. Қалыңдығы Шолпанның көркіне мінезі сай, оған сол өлкедегі жігіттердің көпшілігінің көңілінің бар екенін білетін. Соның бірі Әбілқайыр ханның баласы Нұралы сұлтан болатын. Хан баласы қызды баса-көктеп алып қашайын десе, Шолпанның қалың малы беріліп,

құдалар арасындағы келісім жасалынып қойылған. Қызға деген ғашықтық сезімі бойын мендеп алған Нұралы сұлтан Байғара батырды тұқыртуды, ел алдында, қыз алдында абыройын төгуді ойлап, бұрын да неше түрлі айла-әдістерді қолданып жүрген екен. Бірде, жаз жайлауда өткізілген тойлардың бірінде Нұралы сұлтан батырды күреске шақырады. Ондағы ойы ұзын тұра, қолапайсыз Байғараны өзіне таныс әдісімен шаңға бір аунату еді. Бірақ, Байғара батыр сұлтан ойлағандай аңқау, ебедейсіз болмай шығады. Хан баласы екен деп именбей, бұның өзін алып ұрып, нығырлап, жауырынын жерге тигізіп, май шаңға бір аунатады. Ашуланып, намысқа булыққан Нұралы сұлтан салт-дәстүрді бұзып, Байғара батырға қамшы сілтемек болып ұмтылғанда, талай жекпе-жек шайқасты басынан өткерген батыр тайсалмастан сұлтанның қолына шап беріп, қолын қайырып, қамшысын тартып алып, лақтырып жібереді. Батырдың қуатты қолы батып кеткен Нұралы сұлтан ызадан жарылардай болып, қолынан келер дәрмені болмағандықтан, осы оқиғадан кейін Байғараға деген кегі ішінде кетеді. Арада өткен осындай келеңсіз оқиғадан кейін батыр да қалыңдығының ауылы көшпей, ешқайда қозғалмауға мықтап бекінеді. Әбілқайыр ханның әулеті де күннің суытқанына қарамай, орыс елшілігіне жан-жақтан бодандықты қабылдаушылар келіп жатқандықтан, аялдап отырған жайы бар еді. Хан ордасы мен елшілік орналасқан жер кіші жүз, орта жүз руларына да, қарақалпақ еліне де жақын, нақ ортада болатын. Сондықтан болса керек, Әбілқайыр хан күздікке көшуге биыл асығар емес. Байғара батыр да қалыңдығы үшін алаңдаулы, тама жұртына күнделікті ат ізін салып, Шолпанды сырт көзден қорғап, кеш түсе өз отауына қайтып жүреді. Батырдың осы қылығына ыза болған Нұралы сұлтан Байғараның тама еліне қарай кеткен уақытын пайдаланып, жылқысын қуып алмаққа бекінеді. Қасында жиырма-отыз нөкерімен сайланып келген Нұралы сұлтан батырдың оншақты жылқышысын соққыға жығып, жылқыларды қуа жөнеледі. Нұралы сұлтанның қарасы көрінгеннен, бұның тегін емес екенін аңғарған бір жылқышы тама еліне қарай тізгінді қоя береді. Сол

бетімен шапқан жылқышы Байғара батырды хабарландырады, батыр да дереу оншақты серігімен жылқының ізіне түседі. Еш қаперсіз қалыңдығының аулына кеткен батырдың үстінде сауыты да жоқ, қолында қайыңнан жасалған сойылдан өзге қаруы да болмайды. Намысқой, ержүрек батыр хабар тиісімен бір аллаға сиынып, атқа қарғыш мініп, барымташылардың ізінен салады. Жылқыны қуып келе жатқан Нұралы сұлтан манағы жалғыз қараның тама еліне қарай шапқанынан секем алып, Байғара батыр қуып келіп қалар деген оймен солай қарай алаңдаумен келе жатады. Ойлағанындай, үзік-созық қуғыншылардың қарасы көріне бастайды. Қуғыншылардың алдында оқ бойы озық келе жатырған жүйрік қараның үстіндегі өзгелерден тұлғасы бөлек Байғараны жазбай таниды. Нұралы сұлтан оншақты нөкеріне жылқыны қуа беруді бұйырып, қасына алып қалған жиырма шақты нөкерімен батырдың жолын тосып, жақындағанда қарсы шабады. Ашуға булыққан Байғара батыр әп дегеннен кездескен сұлтанның нөкерлерінің төрт-бесеуін қайың сойылмен тобықтан қағып, қаракұстан ұрып, аттан түсіреді. Қызынып алған жүйрік қараны еркіне жіберіп, ортаға қамап алып, ұрмақ болған сұлтанның жоспарын іске асырмай, алыстан орағытып өзіне ұмтылған және екі-үш аттыны сойылмен соғып, аттан құлатады. Байғара батырға тікелей қарсы келуге жүрегі шыдамаған Нұралы сұлтан әп-сәтте жеті-сегіз жігіттің аттан құлағанын көріп, Байғара жігіттерінің аман жібермесін сезіп, қаша жөнеледі. Жылқы алдырып, ашуға мінген шектілердің екпініне сұлтанның жанындағы тоқмейіл төлеңгіттер төтеп бере алмайды. Енді жылқы түгіл бас қайғы болып, мына дүлей күштен қалай құтыларын білмеген Нұралы сұлтан астындағы ақ боз жүйрікке қамшы басады. Ашу-ыза кернеген Байғара батыр жылқыны тастай сала қашқан сұлтанның ізіне түседі. Жолай талай жорықта сыр бермеген жүйрік қарамен кездескен сұлтан нөкерлерінің қарсыласқанын қаракұстан ұрып, қаша ұрыс салғанын тобықтан қағып құлатып, сұлтанның ізінен қалмайды. Осы пәтімен қашып ауылға барса да, Байғараның аман қоймайтынына көзі анық

жеткен Нұралы сұлтан атының басын елшілікке қарай қоя беріп, жау келіп қалды - деп, бар дауысымен айқайлап, елді дүрліктіреді. Кешкі апақ-сапақта не болып қалғанын түсінбеген Ресей елшілігінің азаматтары қолдарына қаруларын алып, далаға жүгіріп шығады. Елшілікті қазақтар шапқалы жатыр, елшілерді түгел қырып тастамақшы деген хабарды күнде есітіп, үрей билеген елшілік адамдарының бірі Нұралыны қуып келе жатырған Байғара батырды көздеместен басып салады. Сұлтанның «жау келіп қалды», – деп айқай салғанымен, аңдамай атылған оқ қажүректен тиіп, батыр аттан құлайды. Қаптап келе жатырған жау жоқ екенін көрген орыс елшісі А.Тевкелев «атпандар» – деп ақырып бұйрық береді. Осы кезде батырдың ізін ала жеткен серігі, өліп жатырған Байғараны көріп, ой бауырымдап үстіне құлайды. Серігі батырдың денесін атқа өңгеріп алып кеткенше, сексиіп-сексиіп әр жерде тұрған елшіліктің адамдары не болып, не қойғанын түсінбей де қалады. Осыдан кейін екі жақты тым-тырыс үнсіздік басады. Байғара батырдың денесін алып, жолай ауылды қоса көшірген қаралы көш болған оқиғаны хабарламаққа елге жаушы шаптырады. Қаралы көшті қарсы алған шекті елі батырдың денесін арулап, азалап, қазіргі Арал ауданы, Сексеуіл станциясынан бес-алты шақырым жердегі Тебіренбес тауының басына жерлейді. Батырдың ажалы от қарудан болғанын бәрінің көзі көреді. Бірақ кімнің қолынан қаза болғанын көрген жан жоқ. Байғараның жанындағы серіктері әуелгі қақтығыс Нұралы сұлтанмен болғанын айтады. Сондықтан шектілер Байғарадай арысының құнын кімнен даулауды анықтау үшін, Сырлыбайдың баласы Жылқайдар батырды, Байжан бидің баласы Сартай батырды қасына екі жүз сарбаз қосып, күннің суықтығына қарамай атқа мінгізеді. Байғара батырдың оққа ұшқан күні, орыс елшісі А.Тевкелевтің күнделігінде 1731-жылы қарашаның 3-жұлдызы, деп нақты көрсетілген.⁸

Шектілер Байғара батырды арулап жерлеп жүргенде,

8 А.И. Тевкелев. «Елші А. Тевкелевтің қызметтік жазба күнделігі». 105 бет

бұның арты насырға шауып, үлкен дауға айналатынын білген Әбілқайыр хан етек-жеңін жинақтап, өзіне қарасты әулетті жылда қыстап жүрген қыстауына бастамай, Арал теңізінің, Үш шоқы шыңының батыс бетіндегі теңізге емініп кіріп жатырған Қаратүп түбегіне қыстатуды ұйғарады. Шектінің шағын қолын бастап келген Сартай батыр хан ауылының көшіп кеткен жұртына тап болады. Сартай батыр жеделдетіп хан көшінің ізіне түседі. Сартайдың шолғыншы жігіттері Әбілқайыр ханның мал айдаған малшыларымен тілдеседі. Хан ауылы мен елшілікті қоршай ханның нөкерлері табын Бөкенбай батыр, оның немере інісі Құдайназар жігіттерімен, садақпен, от-қарумен қаруланған елшіліктің адамдары қандай қатер болса да бас тігіп, асқан дайындықпен келе жатырғаны туралы хабар алады. Сартай батыр Жылқайдармен екеуі ақылдаса келе елшіліктен есебін тауып, бір адамды ұрлауды ұйғарады. Ондағы мақсаты, Байғара батыр кімнің қолынан оққа ұшты, соны анықтау еді. Хан ауылының немесе Бөкенбай батырдың жігіттерінің біреуін қолға түсіргенмен, олар бұл жайды білсе де айтпайды. Сондықтан тіке шабуыл жасап, қан төгудің қажеті жоқ – деп шешеді.

Бес қаруы түгел, әрі сырттан қауіп-қатер күтіп келе жатырған көштен адам ұрлау да оңай емес, сондықтан екі батыр бұл міндетті орындауды тәуекелге бел буып, өз мойындарына алады. Алдын-ала келісілген жоспар бойынша қос батыр қастарына оншақты сарбаз алып қалып, көштің соңында бара жатырған елшілікке шабуыл жасайтын болады. Ал, қалған қолды Шектінің қарт батыры Құл батыр бастап көшті орағыта шауып, алдыңғы жақтан ұрандатып, шабуылға лап қояды. Бұны көрген хан нөкерлері ұрандатып келе жатырған шекті қолына қарсы ұмтылмақ болып, барлығы алдыңғы шепке жиналады. Қолында қаруы бар елшіліктің адамдары да айқай шыққан жаққа тұра ұмтылып, хан нөкерлерімен қатар соғыспаққа шаба жөнеледі. Осы сәтті пайдаланған Сартай мен Жылқайдар елшіні қорғауға қалған, еңгезердей алып денелі башқұртты қарақұстан бір періп, аттан құлатады. Алдыңғы жақты ат үстінен қарайлап, мойындарын

созып, алаңдап тұрған екі казакты қаруларын оқтап үлгіртпей, қайың сойылмен ұрып, сұлата салады, Батырлар тізгіндерін тартып, кейін бұрылғанда, бұлардың ізіндегі сарбаздары әдепкі құлаған башқұртты қол-аяғын байлап, атқа өңгеріп жатады. Қос батырдың ойлаған жоспары іске асқасын, кешкі даланы жаңғырта өз сарбаздарына «қайт-қайт» - деп айқайлап дабыл қағады. Мақта араластырылып, нығыздап буылған қаңбақ шөпті тұтатқан бір сарбаз ат үстінде басынан айналдыра бұлғап, Құл батыр бастаған шабуылдаушы жаққа белгі береді. Күткеніндей, алыстан берілген белгіні көрген Құл батыр қасындағы сарбаздарын ертіп, көшті қорғаушы хан нөкерлерімен сойыл қағыстырып, емініп соғыспай, көшті тастап шыға береді. Бұл кезде Сартай мен Жылқайдар батыр да тұтқын башқұртты өңгерген сарбазды ортаға алып, көштен біршама ұзаған еді. Не болып, не қойғанын түсінбей де қалған хан мен Бөкенбай батырдың нөкерлері шектінің қолының қашқанына, өздерінің жау қашырғанына мәз болады. Осы кезде жүк арасында жасырынып аман қалған орыс елшісі А.Тевкелев те атын борбайлата шауып, Әбілхайыр ханға келіп, болған жайды жеткізеді. Екі казактың жарақат алғанын, шектілер башқұрт Таймас Шайымұлын атқа өңгеріп, тірі алып кеткенін естіген Әбілхайыр ханның маңайындағылардың қуанышы су сепкендей басылады. Әбілхайыр хан, Бөкенбай батыр, орыс елшісі А.Тевкелев те екі жүз қаралы шекті қолын қуып, Таймасты арашалап алып қалуға жүректері дауаламайды. Әрі қоңыр күздің қараңғылығы ерте түсетіні белгілі. Енді бір жарты сағатта даланы қою қараңғылық басып, біреудің біреуді көруі де мүмкін емес. Зығырданы қайнаған Әбілқайыр хан шекті қолының бұларды алдыңғы жаққа ұрыс салып алдандырып, арттан елшінің адамын ұрлап кеткен айла-тәсіліне қайран қалумен болады. Бүкіл қазақ жұртында өзінен асқан айла-тәсіл, қулық-сұмдық, әскери-тактика ойлайтын адам жоқтай көрінетін Әбілқайыр ханды мына оқиға ойландырып тастады. Бұндай жоспарды кім құруы мүмкін деген оймен шектінің батырларын көз алдынан тізбектеп өткізе бастады. Бұрын батырлар, хан мен сұлтандардың айтуы бойынша

іс-қимыл жасаушы еді. Аз уақыттың ішінде шағын қолмен келіп, бірде-біреуі жарақат алмай, ойластырған жоспарын іске асырған шекті қолына таң болумен қатар, риза да болады.

- Әттең, бар қазақ өзінің айтқанымен жүріп, осылай іс қылып, ауызбіршілік танытса орысқа бодан болып неміз бар еді?!, - деп ойлады іштей.

Әбілқайыр ханның ащы өкініш өзегін өртеді. Түнімен әр нәрсені ойлаған хан дөңбекшумен болды. Жоңғарлармен болған соғыста мың баланы басқарып келген жасөспірім Сартай батырдың көрсеткен ерлігі, айла-тәсілді қолдана отырып жауды тықсыра қуғаны, бәрі-бәрі көз алдынан өтіп жатты. Ойлай-ойлай тапқаны, бұл істі ұйымдастырған да, қолды бастап келген де Сартай батыр деген тоқтамға келді. Соғыс өнеріне жетік, жаудың осал тұсын дөп басуға, қысылтаяң кезде айла-тәсіл тауып, қарсы бетті қапы қалдыруға даяр тұратын қас батыр Сартайдың ісі екені ханға аян. Бірақ Сартай батыр жоңғарлармен болған соғыстарда үнемі өзінің жанынан табылып, Ресей империясына қосылу жөніндегі ұсынысына да әкесі Байжан би екеуі қолдау білдірген еді, кейін ант беріп елшіден сый-сияпат көрген. Енді келіп бұл іске араласқаны қалай? – деп ой қорытады Әбілқайыр хан. Өлген Байғара батыр Баби мен Сырлыбай байлардың туған інісі. Сартай батырдың бұларға қосылысы арыдан. Сартай Жақайымның Ақбурасынан тарайтын Асан тайпасынан, бұлар Жақайымның Тоқбурасынан тарайтын Бердіңғұл тайпасынан. Әлде Жақайым деген қиқуға Сартай батырдың қаны қызып отыр ма? Кешегі алдыңғы жақта ұрыс салған қолды басқарған батырдың дене-пішімі, басындағы дулығасы Құл батырға келетін сияқты еді. Пайғамбар жасына келіп қалған Құл батырдың да атқа мінгені, алты шекті түгел атқа қонғанын ұқтырғандай екен. Демек, шекті елімен араздаспай, насырға шапқалы тұрған істі мәмілемен шешу керек, - деп түйді. Байғара батырдың өліміне өзінің үлкен ұлы Нұралы сұлтанның себепкер екенін білетін хан шекті еліне жансыздар жіберіп, олардың не ойластырып жатырғанынан хабар алып тұру керек, – деп шешті. Алыстан ойлайтын Әбілқайыр хан

Таймас башқұртты шектілердің тірілей алып кеткеніне қарағанда, Байғара батырдың өліміне себепкердің нақты кім екенін анықтау үшін тұтқынға алғанын болжады. Хан білмейтін қазақтың сыры жоқ.

Шектілер Байғара батырдың қыркы өтісімен, қашаннан келе жатырған ата салтымен құн дауламақ. Байғара батырға құн алмай, Баби мен Сырлыбайдың тыншымасы анық. Сондықтан ерте көктемде Әбілқайыр хан баласы Нұралы сұлтанды қарақалпақтарға орыс патшалығының қарамағына өтіңдер, – деп үгіт жүргізуге жібермекші. Елде жүрсе, ашулы шектілер жазым етуі мүмкін. Бәрі бір жақты болып шешілгенінше, бой тасалай тұрғанын дұрыс көреді. Сөйтіп, шектілерден хабар алып тұру үшін бір төлеңгітін жансыз қылып аттандырады.

Таймас батырды өңгеріп алған Сартай батыр бастаған қол іңір қараңғылығында Сырлыбай байдың үйіне келіп түсті. Оңаша тігілген үйдің төрінде отырған Сырлыбай байдың алдына қолы байлаулы башқұртты жүресінен тізерлеп отырғызды. Айнала қоршап отырған шектінің батыр-бағландары дойыр қамшымен башқұртты жон арқадан бір-бір тартып, сөйлеуге мәжбүрледі. Сырлыбай байдың алдымен білмегі, Байғара батырды кім атты, болды. Башқұрт өзінің мұсылман екенін алға тартып, Байғараның өліміне ешқандай қатысының жоқтығын, құран ұстап бар шындықты айтамын деуге шамасы келді. Жан-жақтан анталап отырған шекті батырлары ашудан өздерін ұстай алмай, башқұртты қамшымен жостырғады, қамшыны сілтеген сайын боқтық сөздер де қоса естіледі. Сырлыбай бай қолын көтеріп, батырларды сабырға шақырады.

Есін жиған башқұрт өзін Таймас Шайымұлы, – деп таныстырып, Алла атымен ант етіп, батырды алас-қапаста «жау келіп қалды» - деп шауып келген Нұралының айқайымен жүгіре шыққан елшіліктің адамдарының бірінің байқаусызда атып алғанын айтады. Оқ жаза тиіп, батыр мерт болдыдан жауабы әрі аспайды. Ертеңіне Сартай мен Жылқайдар батыр башқұртты қайта қыспаққа алады. Жуан санға қыл арқанды салып, қайың кеспекпен бұрағанда, башқұрттың жаны көзіне көрінеді. Батырлар қанша жерден қинаса да, берер жауабы сол, бір жауап. Сартай мен Жылқайдарды башқұрттың да батырға

сай шыдамдылығы қайран қалдырады. Екі батыр енді не істерлерін білмей, Сырлыбайдың шешімі, башқұртты Байғараның жолына «қанға-қан» - деп құрбандыққа шалу екенін өз-ара айтысып тұрады. Бұл сөзді құлағы шалып қалған Таймас Сартай мен Жылқайдар батырларға жалына түседі:

- Менің шыбындай жанымды қия көріңдер. Менің Байғараның өліміне зәредей де кінәм жоқ, мен де өздерің сияқты батырдың бірімін. Егер қаласандар, көзімнің ағы мен қарасындай көретін егіз қызымды екеуіңе қосып, қазақтармен құда болайын. Әйеліме хат жазып берейін, қыздарым да менің сөзімді жерге тастамас. Осы сөзімді Сырлыбайға жеткізіндер. Хатты Жайық бойындағы адайларға жеткізсендер, сол жерде Байтерек деген тамырым бар, әрі қарай қалғанын сол бітіреді, – дейді.

Қос батыр Таймастың сөзін Сырлыбайға келіп баяндайды. Сырлыбай да көп ойланып жатпастан, башқұрттың сөзін құп көреді. Таймасты өлтіргенде не ұтам? Одан да башқұрттың екі қызын екі батырыма әйелдікке алып берейін, өзіме жауды да көбейтпейін, інімнің құнын орыс елшілігінен даулайын деген шешімге келіп, Таймасқа хат жаздыртып алып, Жайық бойына жібертеді. Таймасқа күзетті күшейтіп, ас-суын бергізіп, қыздары келгеннен кейін босатуды ойластырады. Таймастың қамақта отырғанына да ай жарымнан асады. Осы уақыттың ішінде не Әбілхайыр ханнан, не орыс елшілігінен ешқандай хабар келмейді. Олар да Таймасты өлтірмегенін біліп, үнсіз, әліптің артын бағып отыра береді.

Таймас та қыздарын қазақтың мынадай батырларына қосуға кет әрі емес. Сартай мен Жылқайдар батырлардың дене бітімі, батырлығы көңілінен шығады. Ертелі-кеш қамақта отырғандықтан, ойдан-ой қуалап, қыздарының кешіккеніне қарап, әйелім келіспей, жібермей отыр ма екен? Бірақ, осыған дейін айтқанын екі етпеген зайыбынан әлде де болса үміттеніп, екі құлағы сыртқа түрулі, жақсылық хабар күтіп алаңдаулы. Құдай қаласа, болашақ батыр күйеулерді өзінше салыстырып, ой қорытады. Жылқайдар батыр туралы мағлұматы аз, ал елшілікке әкесі Байжан бимен бірге келіп, Әбілхайыр ханның ұсынысын

қолдаған Сартай батыр туралы табын Бөкенбай мен тама Есет батырлардың пікірі жақсы. Әбілхайырдың өзі Сартайдың келешегі алда деп, одан зор үміт күтетінін білетін. Сартайдың дұшпанға қатыгездігі, қиыннан жол тапқыштығы, мергендігі, әдептілігі, әділдігі, имандылығы бәрі көңілінен шығады. Қай іске кіріспес бұрын тереңнен ойлап, тез шешім қабылдауға бейім. Ал, Жылқайдар болса мінезі шытырлақтау, тез ашуланғыш, тыз етпе. Бірақ, жайшылықта терісі кең, кең қолтық нағыз қазақы мінезді батыр. Таймас батыр бүгінгі күннің қай күн, айдың нешесі екенін де ұмытты, тек қыздарым тездетіп келіп, басыма бостандық берсе екен, – дейді. Сондай күндердің бірінде Таймастың құлағына қоңыраулы шананың дыбысы естілгендей болады. Тоңғаннан бұйығып, басын шапанымен қымтап, көзі ілініп кеткен Таймас осы есітіп отырғаным рас па дегендей, тың тындайды. Сырлыбай байдың үйінің алдына тоқтаған қоңыраулы шанадан өзге атты адамдардың да дауысы естіледі. Сол кезде хабарласқандай, «кім бар?»- деген Байтерек тамырының қарлығыңқы дауысы анық естіледі. Қуанғанынан екі көзінен шыққан жасқа ие бола алмай, тұрған жеріне отыра кетеді. Арада біршама уақыт өткесін бұның қолын шешіп, Сырлыбайдың үйіне алдыртады. Бұл кіріп барғанда Байтерек тамырының артына тығылып, үрпісіп отырған екі қызын көргенде қыздарын құшағына алып, екі көзіне тағы ерік береді. Сырлыбай Таймастың жылағанына қарап, жаны қысылғанынан айтқан шығар, қыздарын бергісі келмей отыр ма екен,- деген ойға қалады. Жоқ, Таймас батыр айтқан сөзінде тұрып, Алтын есімді қызын Сартайға қосып, Көмөшін Жылқайдар батырға некелейді. Дастарқаннан дәм татқан Таймас мен уәдемде тұрдым, енді сендер менің басыма бостандық беретін шығарсындар, – деп Сырлыбайға қарайды. Сырлыбай бай да қазақтың салт-дәстүрі бойынша құдаға жақсы ат мінгізіп, үстіне шапан жабады. Башқұрттың Алтын есімді қызына қосылған Сартай батыр арада жыл өткенде, шекесі торсықтай қошқар тұмсық ұлды болады. Башқұрт батыры, әрі биі Таймастың ерлігіне, адамшылық қасиетіне тәнті болған Сартай батыр

баласының атын Таймас қояды. (Сартай әулетін таратар тұста арнайы тоқталатын болғандықтан, батырдың ұрпағы туралы сөзді осы арадан доғарайын). Ертеңіне күннің суықтығына қарамай Баби, Сырлыбай, тағы шектінің басты-басты ақсақалдары, он шақты адам болып Таймас биді ертіп, орыс елшісінің отауына келіп түседі. Шекті еліндегі жағдайдан бейхабар А.Тевкелев пен Әбілқайыр хан олардың бұл келісіне таң қалады. Мән-жайды толық білмеген елші түйіліп отырған Сырлыбай мен Бабидың түрлеріне қарап, Таймасты аман-есен әкеліп тапсырғанына сый дәметіп отырған шығар деп ойлайды да, темір сандығынан бір-бір орам жібек мата алып, шекті ақсақалдарының алдына қояды. Сол кезде тәкаппар Сырлыбай бай елшіге қарап:

- Әй, естек, (башқұрт дегені, әдейі қырсығып, қытығына тие сөйлейді) мұнда шұлғаулық шұға алғалы келгеніміз жоқ. Туған інім Байғара батырды кім өлтіргенін білу үшін Таймас биді тұтқын еттік, енді төрт көзің түгел отырғанда, он екі мүшесі сау күйінде тапсырғалы келдім. Байғара батыр бір Бердіңғұлдың намысы емес, алты шектінің арысы болатын. Алты шектінің игі жақсылары түгел жиылып келіп, құнын мына сенен даулайды. Алла сол күнге тезірек жеткізгей, –деп орнынан тұрып, артына қайрылмастан шығып кетеді. Жанындағылар да жұмған аузын ашпастан, тоң-торыс зіл тастап Сырлыбайдың ізімен елші ордасынан шығып кетеді. Әбілқайыр хан, Бөкенбай батыр, елші А.Тевкелев те ойламаған жерден келген шектілерге не айтарларын білмей, аңырып отырып қалады. Содан кейін барып, бәрі Таймасқа бұрылып, екі ай тұтқында болғанда не болғанына қанығады. Сұп-сұр суық қалпын сақтап отырған Әбілқайыр хан бұл келістің тегін емес екенін ұғады. Хан елшіге шектілердің Байғараның құнын өндірмей, тоқтамайтынын айтады. Ханның сөзін сүлесок тыңдаған елші, Ресей патшалығының «барымта-қарымта» -деп, елшілікке баса-көктеп келген басбұзар бұзақыға құн төлемейтінін айтып, жауапты қысқа қайырады. Қазақ батырларына қыздарын берген Таймас батырдың да қазақтарға деген өкпесінің бір қайнауы ішінде еді. Бұны А. Тевкелев Таймас батырмен оңаша

сөйлескенде айтпай-ақ ұғады. Бұдан кейін өз ордасына бет алған Әбілқайыр хан Бөкенбай батырға: «шегірткеден көп шектілерді өзімізге қарсы қойсақ, хандықтың да, елшіліктің де күл-паршасы шығады» - дейді. Абыржулы ханға не ой қосарын білмеген батыр Әбілқайырдың ізіне ордаға дейін ере түсіп, оның өз ойымен болып кеткенін андап, үндеместен атқосшысына бұрылады. Ордаға келгеннен кейін де тағат таппаған хан, орда ішін кезумен болады.

Кіші жүзде шектілер – іргелі ру. Әз Тәуке бұны кіші жүзге хан сайлағанға дейін бұлар бір ханға басыбайлы бағынған емес. Жалаңтөс баһадүрден Әйтеке биге дейін, бұлар төртқара руынан шыққан дана билердің, батыр-баһадүрлердің ықпалында болған. Әйтеке би оның Өсекенің күңінен туғанын біле тұра, оны осы елдің хан тағына көтереді. Жеті атасынан бері ел билеген қадірлі би, бұған халықты өз ықпалында ұстаудың айла-тәсілдерін үйретіп, үнемі ақылын беріп отырады. Өзі де ақылдан, қулықтан қара жаяу емес. Оның үстіне алғырлығы, батырлығы, қол бастар сардарлығы Әйтеке бидің көңілінен шығып, кіші жүз халқы бұны төбелеріне көтерді. Жоңғарлармен болған соғыста бұл сауын айтқанда, негізгі қалың жасақ осы шекті руынан жиылған болатын.

Әлім қосқан он мыңның,

Шаңы аспанға шұбалған.

Отыз бес мың ер болды,

Кіші жүзден сыбанған, – деп, кейін ақын Нұрмағамбет Қосжанұлы жырлағандай, осы кіші жүзден аттанған отыз бес мың әскердің жартысына жуығы шектінің қолы болатын. Сөйткен шектімен жауласу – талай күн, талай түн ұйқысыз армандаған мақсатының біржола құрығаны, – деп ойлады. Әбілқайыр хан ес жиып, етек жапқалы білетіні, шекті елі көп жұрт. Қаратау, Сыр, Өму өзендерінің қос саласы, Қызылқұм, Қарақұм, Ұлытаудың теріскей солтүстік беті, Ырғыз даласы, Ор өзенінің бойы, Ақ Жайық, Еділ өзендерінің жағалауы, Арал, Шалқар, Ақтөбе және Мұғаджар тауы, Сарытау, Орынбор, Астрахань маңын да шектілер өзге кіші жүз руларымен қатар мекендеген. Алты ата Әлімнің –

үлкені Жаманақ, одан әрі Қарамашақ, Айнық, Ұланақ, Тегінболат, Тойқожа болып алты жүйеге бөлінеді.⁹

Жаманақтың лақап аты «Шекті», олардан тараған ұрпақты осылай атаған. Қарамашақтың ұрпағы – Төртқара, Айнықтың ұрпағы – Сарбас Қарасақал, Ұланақтың ұрпағы – Қаракесек, Тегінболаттың ұрпағы – Қарасақал, Тойқожаның ұрпағы – Ақ Кете.

Он сегізінші ғасырдың аяғы, он тоғызыншы ғасырдың басында өмір сүрген майталман ақын Қарасақал Ерімбет Көлдейбекұлы:

...Әлімде алты жүйе, бес Шекті көп,

Айтатын әдетім жоқ сөзімді ептеп.

Екеуі алты Әлімнің «Қарасақал»,

Ішінде бізді айтады «Сарбасы», - деп өзін жырмен таныстырып өткен. Алты ата Әлім балаларының екінші жанама атты иеленгендері туралы аңыз ел ішінде жетерлік. Оның бәрін баяндап жатпай-ақ, осы шектісінің шығу тарихына үңілер болсақ, аңыз былай өрбиді:

Ескі әңгіме бойынша, Әлім атасына үш жүзге сауын айтып, жайлауға жағалай мың ақ боз үй тігіп, аста-төк ас беретін баласы Жаманақ көрінеді. Жаманақ аса бай болған. Ол заманда әр рудың өз таңбасы болған. Ол таңба сол рудың малын бірден тануға мүмкіндік берген. Рулық таңбалар Әлім аталығында да бар. Әлім өзінің көзінің тірісінде балаларының бәсіре аттарын алдырып, «әрқайсысың өз таңбаларыңды басындар», – дейді. Сонда үлкен баласы Жаманақ аттың сауырына айқасқан қос шек «Х» таңбасын басыпты. Содан шекті аталынса керек. Баласының басқан таңбасына разы болған Әлім ақсақал «балам сауырлы ел боларсың», -деп батасын беріпті-мыс. Осы әңгіменің тағы бір нұсқасы ел ішінде былай айтылып жүр: Жаманақ аса дәулетті кісі болған. Жаманақтың үш баласы Шыңғыс, Өріс, Баубек өзара тату, мыңғырған мал айдаған байлар болған. Өркештері қарағайдай матау-матау түйе, үйір-үйір жылқы, көпшілігі үшемнен қоздайтын отар-отар қой ұстаған, құт-береке дарыған ел болған.

⁹ Ж. Дәуренбекұлы, С. Құттыбайұлы. «Алты ата Әлім» 14 – 28 бет.

Ол кездері халықтың байлығы негізінен жылқымен есептелген. Сондай игерімсіз, неше жүздеген үйір-үйір жылқыларды ұстап, ен салып, таңба басу оңайға соқпаған. Жылқыларды таңбалау үшін мал өрісіне барып, тайқазандарға қыстан жиналған малдың майы мен сүйектерін қайнатып, жылқыларды тайқазанның жанынан айдап өткізіп, қайнап тұрған ыстық майды сабы ұзын бақырлармен жылқыларға шашатын көрінеді. Жылқылардың кез келген жері ыстық майға күйіп, жазылған соң, қылаң жылқыға қара, баран жылқыға ақ болып, шек-шек таңба түседі екен. Міне, осы таңбасына қарап, Жаманақтың балаларын «Шекті» атандырыпты –дейді. Жаманақтың балалары: Шыңғыс, Өріс, Баубек – бұдан тараған ұрпақтар «Сыр шектісі» аталады. Шыңғыстың тауып алған баласы Мәкуден (шын аты Қалу) туған Бөлектен тараған Айт-Бұжыр ұрпағын «қыр шектісі» деп атаған. Бұлар кіші жүз ішінде бұтағын кең жайған, үбірлі-шүбірлі өскен ұрпақ.. Оған Жаманақпен бірге туған бес аталықтың ұрпағын, Әліммен бірге туған Байсары мен Шөменнен тарайтындарды қоссаңыз, қаншалықты күш екенін білетін адам аңғарады. Ой құшағында отырған Әбілхайыр хан осының бәрін бір мезетте ой елегінен өткізеді. Алты ата Әлім балаларының өз ара татулығына, бауырмалдығына, бір-бірін құрметтеуіне, ешкімді сыртқа теппей, өзара байланыстарын үзбей келе жатырғанына қайран қалады. Жоңғарға қарсы соғысқа аттанар тұста шектінің қолын басқарып келген Құл батыр, бас сардар болып сайланған бұның ойластыққа шақырған мәжілісінде жауға қарсы қандай ұранмен шабамыз деген сұрағына, ойланбастан: «Мен болсам қартайдым, сонда да болса қазақ қолы жиылып ата жауымыз жоңғарға қарсы аттанып жатқанда үйде қарап жата алмадым. Шекті қолының жауға «Құл» деп шапқанын қаламаймын. Атымды қойған әке-шешемнің пайымына өкпелемесем, ешкімге өкпем жоқ. Бұдан былай шекті қолына Бақтыбай бас қолбасшы болады, бұл соғыста біз жеңеміз» –деп әулиелік танытқан. Оны былайғы жұрт әпенділік деп түсінген. Кейбір іші тар аталастар Құл батырдың бас қолбасшылықты Шектіге түбі айдаладан қосылатын Бақтыбайға бергенін көре

алмайды. Дегенмен, Құл батыр ағайынның бірлігін ойлап, өз туыстарындағы айтулы батырларды атамаған екен. Жалпы Әлім аталығының басқа да жақсы қасиеттері жетерлік. Бұл жөнінде көптеген ақындар жырлаған. Сондай жыр жолдарының бірі:

*«Әлім деген – көк теңіз,
Ортасы жылым, қатпайды.
Араға келген қонақты,
Сары майдай сақтайды.
Саптама етік, қу шекпен,
Бізді құдай сақтайды
Ерегісер күн туса,
Жайылған қойдай қаптайды»* - деп жырласа,

Құл батыр туралы:

*«Батыр айтсаң Әлім айт,
Жақайымда Құл батыр.
Бес қаруын асынып,
Дұшпанын топтан қашырған.
Қыста Сырды қыстаған,
Жаз Жайықты жайлаған,
Шекті Жиенбай жырлаған»* - деп келетін Құл батырға

арналған термелер де көп.

Осындай бауырмал, ағайынына астындағы тағын, алдындағы малын бөлісер, бірліктен, татулықтан өзгені ту етпеген елмен жауласу ақымақтың ісі екенін хан біледі.

Алты шекті атқа мінсе не боларын ойлаған ханның басы катады. Ерте көктемде еріген қардың суы мұз болып қатып жатқан, суы ащы теңіздің көбесін оңай сөгер, сол кезде ашуға мінген шектілер бұны мал-жанымен, елшілігімен қоса сол теңіз түбіне батырудан тайынбас. Сондықтан Әбілқайыр хан тездетіп бір шешімге келмесе болмайтынын біледі. Үй күзетіп тұрған бір төлеңгітін шақырып, Нұралы сұлтанды келтіруді бұйырады. Шекті ақсақалдарының келіп-кеткенінен хабардар баласы үйге имене кірді. Әбілқайыр хан баласына бас-аяғы он шақты күннің ішінде бұл жерден Борсықтың құмына көшіп, адай, тама,

табын руларына жақындамаса, өздеріне қауіп төніп тұрғанын ұқтырды. Оған да ертерек, көктемді күтпей, шектілермен арасы шешілгенше, қарақалпақтарға кете тұруын бұйырды.

Осыдан кейін далаға шыққан хан ауыл маңындағы төбе басына қарай беттеп, бір төлеңгітін Бөкенбай батырды шақыруға жұмсады. Төбе басында солтүстік жаққа қарай назарын салып тұрған хан, Бөкенбайдың келуін тағатсыздана күтті. Ізінше Бөкенбай батыр да келіп жетті. Жанына келген Бөкенбайға өз ойын жеткізген хан, батырды елшіге жұмсап, ата-баба салтымен Байғараға құн төлеуге үгіттеуді тапсырды. Ханнан тапсырма алған Бөкенбай батыр елші ордасына келіп, амандық-саулықтан кейін елшінің кешегі шектілердің талабымен келісуін, шектілермен араздасу ханға да, елшілікке де абырой әпермейтінін жеткізеді. Ресей империясын қайдағы бір қазақтың аяғына жығып, құн төлеуді намыс көрген орыс елшісі үзілді-кесілді қарсы болады. Тіпті, басқа елдерде ондай бас-бұзарларға құн төлемек түгіл, өлім жазасына кесетінін айтады.

Бұны естіген Әбілқайыр хан елшіден қайран болмасын біліп, атамыз қазақ айтқандай, «есің барда, еліңді тап» - деп көшуге пәрмен береді. Бұдан әрі кешіксе, ұсақ мал төлдеп, көшуінің өзі қиындап кететінін біледі. Қаратүп түбегі жайшылықта мал-жанға жайлы болғанымен, бүгінгі жағдайында қорғанысқа қиындау, өзінді-өзін жауға ұстап бергендей жер. Не болғанда да, өзі арқа сүйер елге жақындауды ұйғарады. Бас-аяғы он, он бес күннің ішінде хан ордасы мен елшілік қоныс аударып, Борсық құмына келіп жайғасты. Ел ішіне жіберілген жансыздары шекті руын билейтін Батыр сұлтан, қасына екі мыңдай нөкер ертіп, алыстағы түрікпендерді шабуға кетіпті деген хабар әкеледі. Сол хабармен, әзір шектілер мазаны ала қоймас, – деп хан да өз тіршілігіне кіріседі. Елшілік маңы да тыныштық. Бұрынғыдай Ресей империясына бодан боламыз немесе қарамағына алсын деген талап-тілекпен келушілер аяғы сиреген. Хан ордасына жақын мандағы тілектес рулардың ақсақалдары, ханға, елшілікке оң болсын айтып, ерулік әкелген бірен-сараң адамнан өзге бой

көрсеткен ешкім болмады. Күндегі күйбең тіршілікпен жүріп жатқанда, 1732-жылғы наурыздың алтыншы жұлдызында, іңір қараңғысын жамылып, елшілік қосынына ағайынды Қара батыр мен Бәйімбет батыр келеді.¹⁰ Жақайым аталығының Көгісінен тарайтын Бәйімбет пен інісі Торжымбайдың немересі Қара батырдың беймезгіл келуі тегін емес екенін аңдаған А.Тевкелев екеуінің аузына қарады. Жасы да, жолы да үлкен Бәйімбет батыр түнделетіп келген шаруасын айтады. Шектілер Баби би, Бәтжан, Жантума би, Еспембет би, Өтеғұл би, Байжан би, Малыбай би, Өтеп батыр, Ақша батыр, Сартай батыр бастаған қолдың түгелдей атқа қонып, елді дүрліктіріп осында бастап келе жатырғанын хабарлайды. Бірақ олардың қандай оймен келе жатырғандарын білмейтіндерін, олар елші А.Тевкелевке сақ болу керектігін ескертуге келгендерін және де жолай табын Бөкенбай батыр мен тама Есет батырға соғып, осы хабардан құлағдар еткендерін хабарлайды. Бұл хабарды алысымен Бөкенбай мен Есет батырлар да іздеріне нөкерлерін ертіп, ертелетіп елшілік қосынына жетеді. Хабарды жеткізген Бәйімбет батыр мен Қара батырға А.Тевкелев алғысын білдіріп, сый-сияпат көрсетеді. Бөкенбай, Есет, Бәйімбет, Қара батырлар Тевкелевті ертіп, Әбілқайыр ханның ордасына келеді. Негізінен Бәйімбет батыр мен Қара батырды Сартай батыр алдын-ала хабаршы етіп өзі жібереді. Ондағы ойы, Әбілхайыр хан біздің ісімізге араласпасын дегенді ескерту еді. Бұл хабарды батырлар Әбілқайыр ханға ретін тауып жасырын айтады. Хан хабарды есткен бойда өзінің қарауындағы Мойнақ батырды шектілердің ауылына жаңа хабар әкелуге жұмсайды. Баруынан қайтуы тез болған Мойнақ батыр, шектілердің Байғара батырды атқан башқұртты атымызға өңгеріп берсін, болмаса Байғараның құнын төлесін деген талаппен келе жатырғанын жеткізеді. Мойнақтың хабарын естіген Әбілқайыр өзіне қарасты батырларын ортаға алып отырып, А.Тевкелевке құн төлеуден басқа жол жоқ екенін түсіндіреді. Тевкелев те өз айтқанынан

10 А. Тевкелев. «Елші А. Тевкелевтің қызметтік жазба күнделігі» 104 бет.

қайтпай, қайдағы бір басбұзар қарақшы үшін құн төлейтін жайым жоқ, - дейді. Хан сөзін орыс елшісіне өткізе алмай, екеуі бір тоқтамға келе алмай жатқанда, Баби мен Жантума билер бастаған шекті қолының келіп қалған хабары да естіледі.

1732-жылғы наурыздың тоғызыншы жұлдызында Баби би мен Жантума би орталарынан екі кісіні А.Тевкелевке жұмсайды.¹¹ Олар 1731-жылғы қарашаның үшінші жұлдызында орыс елшілігінің адамдарының қолынан оққа ұшқан Байғара батырды атқан адамды тауып, атымызға өңгеріп бересің, не болмаса ата салтымызбен батырдың құны – жүз жылқы, бір қалқан, бір жесір, бір сауыт, бір мылтық, бір түйе құн төлейсің деген талабын қояды. Егер орындамасаң, өз обалың өзіңе, елшіліктен бір де бір адамды тірі қалдырмаймыз, – дейді. Көп ойланып отырмастан, А. Тевкелев те:

- Былтыр күзде орын алған оқиғаға қазақтар өздері кінәлі. Елші қосынына ұрандатып, ат ойнатып шауып келу, беймезгіл уақытта тыныштығын бұзу, нағыз бұзақы, қарақшының ісі. Осында келгелі мініс көліктерімізді қуып кету, елшілік адамдарына шабуыл жасау оқиғалары кездесті. Міне, осыдан зәрезап болған елшілік адамдары ат үстінде шауып келе жатырған бұзақыны тоқтатпақ ниетпен оқ атқан. Өкінішке орай қаңғыған оқ дәл тиіп, қарақшы оққа ұшты. Оған біз кінәліміз деп есептемеймін. Байғара қараңғылық уақытты пайдаланып қарақшылықпен айналысты, заңсыз шабуылдар жасады. Қай замандардан бері бұндай бұзақыларды, ұрыларды, қарақшыларды қорғамайды, қайта оларды осындай жазаға кесетінін айтады, сіздердің елдеріңізде де солай болар, – деп ойлаймын - дейді. А.Тевкелев қайдағы бір ұры-қары үшін өз адамдарын оның өтеуіне беруге үзілді-кесілді бас тартатынын, егер сол күні оның жанындағы серіктері қолға түскенде, оларды да сондай жаза күтіп тұрғанын айтады.

Шектілерден келген екі елші А.Тевкелевтің сөзін тыңдап, тіл қатпастан аттарының басын кері бұрып, өз адамдарына қарай шаба жөнеледі.

11 А. Тевкелев. «Елші А. Тевкелевтің қызметтік жазба күнделігі». 105 бет.

Төбе басында шоғырланып қарап тұрған шекті елінің батыр-билері екі елшінің хабарын естіген соң, Баби би мен Жантума би: «орыс мәмілеге көнбеді, ендігі билік өзінде» - деп, Сартай батырға қарады. Елден шықпас бұрын, егер екі жақ келісімге келе алмай, қақтығыс болатындай болса, қалған билікті Сартайға беретінін, Сартай батырдың айтуымен қимыл жасайтынын келісіп келген.

Көп ойланып тұрмастан, Сартай батыр елшілік қоныс тепкен аумақты айналдыра қоршап, іштен бірде-бір адамды шығармауды, отын, су, азық тағы басқа тірлікке қажеттілердің барлығын сырттан кіргізбеуді жасаққа бұйырады. Қоршауда қалған елшіліктің сыртпен байланысы үзіледі. Екі жақ аңдысысып, осылай он күн тұрады. Бұл жағдай әсіресе сырттан бақылап отырған Әбілқайыр ханға қатты батады. Шектілермен де арасын алшақтатып алғысы келмеген, бір жағынан екі елдің арасында қан төгіліп, ушығып, соғыс өрті тұтанбауын ойлаған хан Сартай батырға табын Бөкенбай батырды жұмсайды. Бірақ, Сартай батыр бұл іске ханның араласпауын, Байғараның құнын төлетпей бұл жерден ешқайда кетпейтіндерін айтады.

Бұдан кейін Сартай тез арада шешім қабылдап, наурыздың жиырма бірінші жұлдызында қолды екіге бөліп, Ақша мен Құл батырларды башқұрттарды шауып келуге жұмсайды.¹²

Бұл башқұрттар қарақалпақ тұтқынынан босап, Тевкелевтің өтінішімен қазақтардың арасында бір ауыл болып отырған. Бірде-бір адамын өлтірмеңдер, деген тапсырма алған шектілер қолы қатты қарсылыққа тап болады. Айқас таң атқанша созылады, қарсыластардың көбісі жарақаттанады,

Ақша мен Құл батырлардың башқұрттарды шабуға кеткенін естіген Әбілқайыр хан тағат тауып отыра алмай, Бөкенбай батырды нөкерлерімен сонда аттандырады. Бөкенбай батыр кеш жетеді, Бөкенбайдың нөкерлерімен келгенін көрген Құл батыр өзді-өзіміз бір-біріміздің қанымызды қайдағы бір башқұрттар үшін төкпейік, деген оймен өз жасағын алып, башқұрттардың жылқыларын алдына салып қуып, бұл жерден тайып отырады.

12 А. Тевкелев. «Тевкелевтің қызметтік жазба күнделігі».

Бөкенбай батыр да шектілерге қарсы соғысқысы келмейді, сол жерде жарақат алған шектінің үш адамын алып, ханға келіп, олардың башқұрттардың қырық алты жылқысын қуып кеткенін айтып келеді. Бұны естіген А.Тевкелевтен маза кетеді. Бір Байғараның құнының үстіне шектінің тағы үш адамын қосып алса, не болмақ. Не болғанда да бұл үшеуі өліп қалмай тұрғанда беріп құтылайын деген ойын Әбілқайыр ханға жеткізеді. Хан Бөкенбай батырды Сартайға жіберіп, Тевкелевтің де көп зиян шеккенін айтып, түсіністікке келуге, бітімгершілікке шақырады.

Құн төлеп құтылмаса, іс насырға шабатынын түсінген орыс елшісі де келіспеске амалы қалмайды. Осыдан кейін екі жақ бітімге келіп, Тевкелев шектілердің талабын қанағаттандырып, Бөкенбай батырдың алып келген үш адамын аман-есен қолдарына тапсырып, құнның көлемін үш жүз қырық жеті сом, елу алты тиынға бағалап, ақшалай есептеседі. Шектілер болса қуып әкеткен қырық алты жылқының отыз бесін қайтарып, он бірін өздерінің жараланған аттарының есебінен ұстап қалады. Тевкелев те олардан он бір жылқыны дауламақ түгіл, олармен бітімгершілікке келгеніне қуанып, ризашылықпен тарқасады. Әбілқайыр хан да шектілердің намысты қолдан бермей, дегендеріне жеткеніне шүкіршілік етеді...

Ғасырдан-ғасырға, ауыздан-ауызға тарап жеткен бұл оқиғаның желісі осындай. Бұл оқиға туралы орыс елшісі А.Тевкелевтің сол уақытта жазып қалдырған қызметтік жазба күнделігі ғана сақталған. Одан өзге құжат көзі жоқ. Бірақ, біздің елдің қариялары бұл оқиғаны (негізгі желісі біздің жерде болғандықтан) күні кешеге дейін айтып келді. Ал, кейіннен ел арасындағы осы тарихи деректер, жоғарыдағы орыс елшісі А.Тевкелевтің «Қызметтік жазба күнделігі» арқылы кеңейтіліп жазыла бастады. Бірақ, менің келіспейтін тұстарым да бар. Мысалы: Қазақстанның Ресейге қосылуының 250 жылдығына орай жазылған А.Сергеевтің «Петербор елшісі» мен Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романдарын алатын болсақ, А.Сергеев өзінің шығармасында Байғара батырдың елшілікке шабуылын былай суреттейді: ¹³

13 А. Сергеев. «Петербор елшісі» 160 - 161 бет.

Ұрыс – күрес емес, оның негізі күштілікте емес, ептілікте, тәсілқойлықта, шеберлікте. Байғара ойланбастан, өзінің жеңетініне сенімді түрде алға ұмтылды. Ол қолындағы шоқпарын Нұралы сұлтанның басына қарай ойнатып ұмтылғанда сұлтан жалтарып кетіп, шоқпар Байғараның қолынан ұшып түсті. Нұралы сұлтан қолайлы сәтті пайдаланып, кекесінді күлкімен Байғараны шоқпармен ұрып, оның басындағы дулығасын ұшырып түсірді, құлағы да жыртылып кетті. Бұдан кейін Байғара қолына қылышын алды, қылыш шоқпардың қасында қару емес. Нұралы сұлтан ашулы қарсыласының дәрменсіздігіне масайрап, Байғараны қарусыздандырып, аттан құлатуға ұмтылды...

Нұралы сұлтан мен Байғараның арасындағы ұрыс жалғаса берді. Бүкір Байғараның күші саркылып, қылышының өзін әрең қозғап, даусы да қарлыға балағаттап жатты, сұлтан болса оны шоқпармен ұрған үстіне ұра берді. Сұлтан енді Байғараны аттан құлатуға келген сәтте, алдынан Ақша шыға келді...- деп жазған. Бұл менімше көре-көзге нанымсыз, бұған дейін қаншама соғыстарда сыналған, шектінің бетке ұстар батырының бірі, жасөспірім немесе қартайған шал емес, орда бұзар отыз жаста тұрған қас батырды сұлтанның шоқпармен ұрып-ұрып құлатуға келді, деп суреттеуінің қисыны жоқ.. Одан әрі қарай...¹⁴ Сопақша жүзді Ақшаның үстінде сауыты, қолында металдан жасалынған қалқаны, келген бетте Нұралы сұлтанды шоқпармен ұрды. Алайда Сұлтан жалтарып кетіп, соққы иығына тиді. Нұралы сұлтан да соққысына соққымен жауап берді, бір кезде қапталдан қайта есін жиған Байғара қылышымен сұлтанмен қайта қақтығысты.

- О, әруақ, менің ұлыма көмектесе көріңдер, ақбоз атты құрбандыққа атадым!- деп Әбілқайыр хан айғай салды.

Әбілқайырдың осы жалбарынғаны құлағына жеткендей, ханның қорғаушылары қатарынан бойшаң, кең иықты салт атты шыға келді. Ол өзінің ұзын сапты шоқпарымен асықпастан, қиғаштап құлаштай баймұратшыларға шаба жөнелді. Жігіттің үстінде сауыты ғана емес, басында дулығасы да жоқ..

- Иә, бұл Бектемір, – деп елші айғайлап жіберді.

Шабуылшыларды қаға өтіп, сұлтанға жақындап, онымен қатарласты. Келген бетте Ақшаны бір соққымен аттан аударып түсірді. Бұны көрген Байғараның қолынан қылышы түсіп кетті. Нұралы атының басын бұрып, өзінің жігіттеріне көмек беруге ұмтылды. Оның соңынан Бектемір де солай қарай жылжыды, бірақ олардың артынан Байғара қайта қуады. Бүкір Байғара қолында қайдан пайда болғаны белгісіз, найзамен жігітті құлаштап ұрады. Найза шапанын түйрей, Бектемірдің қолының астынан өтті. Бектемір айналып кетеді, сол кезде Байғара найзасымен бірге, аттан ұшып түседі. Бектемір атының басын бұруға ыңғайланды, (жеңіліс тапқан қарсыласына қайтып қарағысы да келмеді) бүкір қарғып тұрып, белдігінен от алатын тапаншасын шығарып, дәудің (Бектемірдің) кеудесіне қарай көздеп, құлағын басып салды. Бектемір бұндай кішкентай мылтықты бірінші көруі, оған тандана қарады.

Атыс естілді. Бектемірдің шошынған аты артқы аяғынан тік тұрып, шапшыды. Жігіт шайқатыла барып, қолынан шоқпары түсіп кетті. Ол алақанымен оң жақ қапталын ұстай алды. Алақанының астынан қан ағып жатты. Дәу алақанына жұққан қанға түсінбей, қарама қарсы, қолында түтінденген тапаншасы бар Байғараға қарады. Көзі ашу-ызаға толы, беті қызарған Бектемір атын алға тебініп, асыққан Байғараға жақындап, ердің үстінен бүгіле, оның тамағынан ұстай алды.

-Адамның артынан келіп, кішкеңтай мылтықпен оқ атқан, сен, тағы мысық,-деп айқайлап, Байғараның желкесінен темір балғамен (мүмкін айбалтамен болар) ұрды... Не керек, әрең дегенде батыр Байғараны Әбілхайырдың жауынгері ұрып өлтіреді...

Орыс елшісі А.Тевкелев өзінің күнделігінде Баби би мен Жантума бидің екі адамы келіп, Байғараны өлтірген башқұртты беруін, болмаса құн төлеуін талап еткенін, олай болмаған жағдайда А.Тевкелевтің мықты жауынгерінің біреуін ұстап алып, кескілеп өлтіретіні туралы жазады.¹⁵ Сонда осы деректердің қайсысына

сенуге болады. Әрине, орыс елшісі Е. Тевкелевтің сөзінің жаны бар. Бірақ, бұл күнделігінде Байғара мен Нұралы сұлтанның арасындағы оқиғалар жазылмаған. Ал, А.Сергеевтің қандай деректерге сүйеніп жазғаны белгісіз. Байғараның қолындағы қаруларда шек жоқ. Бір өзі шокпармен де, қылышпен де найзамен де, ең аяғы тапаншамен де қаруланған екен. Бір қарудан соң, бір қару дайын тұр. А.Сергеев шындығында, оқиға дәл солай болмаса да, орынсыз қиялдарды көп пайдаланған. Осындай суреттемемен жазылған шығарманы негізге ала отырып, біздің қазақ батырларының тарихын жазу үлкен қателікке ұрындырмай ма? Енді құн даулау мәселесіне келер болсақ, бұнда да қазақ халқының қай замандардан бері қалыптасқан ата-салты есепке алынбаған. Біріншіден, Байғараның өліміне Әбілқайыр ханның жауынгері Бектемір кінәлі болса, шектілер батырдың құнын неге елшіліктен даулаған? (Тағы да айтып кетемін, батыр Байғараның өлімі орыстардың от қаруынан болған деп, біздің елдің көкірегі дана қарттары айтып кеткен, сол туралы жырлап та кеткен.) Қазақтың салтында сен қарасың ба, хансың ба, қарамаған. Кім жазықты болса, құнды тек жазықты кісі төлейді. Қазақ тарихында бұндай жәйттер кездескен. Соның бірі, Атақты Абылай хан Ботақараның өліміне себепкер болғанда, алты арғын түгел атқа қонып, құн даулауға хан ауылына келгені, арты жақсылықпен бітіскені тарихтан белгілі. Сондықтан батыр өлімі Әбілқайырдың жауынгері Бектемірден болса, шектілер оны аямасы қақ.

Ал, Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романында Сырлыбай байдың тұтқын башқұрт Таймасты елшілікке алып келгені туралы былай жазылады:¹⁶

Тевкелев Таймасты өздері біліп босатқандарына рахмет айтып, келген кісілерге бір-бір орам көк шұға сыйға тартты.

Манадан бері қақ төрде мұрыны қолақпандай боп қақырайып отырған Сырлыбай шаңқ ете қалды.

- Әй, Дәуімбай,- деді ол. Айт, мына ноғайыңа!.. – Бұл неме біз келгенде тауыққа жем шашқандай шөпектей қалған. Ана

сандығына қолын батыра түссе, түбінде шаян жатқан жоқ шығар, шағып алмас. Қасындағы мынау жуынды ішіп семіріп, есірген башқұрттардың бұдан үш жұма бұрын немере інімді өлтіргенін ұмытып қала қойды дейсің бе? Қазақтың санда жоқ жаны, санатта жоқ азаматы болмайды. Қанға қан, жанға жан деп, бір башқұртын ұстап алып ертең қырқын беретін күні, қаралы ошақтың басына апарып, маңдайын құбылаға қаратып, кеңірдегінен шалып, қара қанын шашайын деп едім, бәрің кеп «әке-көкелеп» қолыма жабыстыңдар. «Шырық бұзса, солар-ақ бұзсын, біз ертең елдің бетіне шіркеу салмайық»,- дедіңдер. Ағайын ғой, жаман болсын деп тұрған жоқ шығар деп айтқандарыңды қылдым. Сондағы жасаған жақсылығымның жауабы мынау бес елі көк шүберек болғаны ма! Қазақтың бетіне шіркеу түсірмеймін деп, қағынды алып қарайған жүрегімнің жарты қанын жерге төгіп, қолыма түсіп тұрған қандықол қарақшыға кешірім жасап, кеңпейіл болғанымда, ертең, ең болмаса иығым жарқырап бармайтын болса, елге не бетімді айтам... Бұдан кейін Тевкелев Сырлыбайдың алдына тағы да елу сомның матасын тастайды. Бұған да Сырлыбай байдың көңілі толмай, «маған берсең ана үстіндегідей асыл жағаннан бер,» –дейді. Елші үн-түнсіз тұрып, беліндегі деңмент белбеуін шешіп, бидің алдына тастайды, оның үстіне үстіндегі алқызыл мауыты шекпенін шешіп, одан кейін күрең барқыт бешпетін шешіп ұсынды.

- Пәлі, баяғыдан бері осылай істемедің бе?-деді Сырлыбай алдындағы үйіліп жатқан дүниенің бәрін өзіне қарай ысыра тартып, -деп жазады ағамыз.

Бұл романнан Байғара батырдың өліміне кінәлі башқұрттар екенін байқауға болады. Бірақ, алдында мыңғырған малы бар Сырлыбайдың күні Тевкелевтің үстіндегі шапанға қарап қалғаны ма? Сырлыбайдың өзіне жетерлік дәулеті бола тұра, орыс елшісінен өлген інісінің орнына тұтқын етіп ұстаған Таймасты босатқанын сылтау қылып, көйлектік материал, үстіндегі киімдерін алуы түсініксіз, басқа симайды. Оның үстіне бұның бәрін қабылдап алған Сырлыбай, кейін Байғара батырдың құнын қалай дауламақ? Орыс елшісі Байғара батырдың құны өткенде Сырлыбайға

берілді десе, Сырлыбай алты шектіге не айтады? Бұл жерде Сырлыбай адамгершілік қасиеттерден ада, дүниеқоңыз адам болып көрініп тұр. Осы оқиғаны Ә.Кекілбаев ағамыздың көсіліп шындықты жазуына сол кездегі, Кеңестік жүйенің салқыны тигені анық. Қазақта жазба дерек болмаған. «Үркер» романын жазуда Ә. Кекілбаев А. Тевкелевтің күнделігін басшылыққа алып, сондағы дерек көздеріне сүйенгені белгілі. Ол кездегі «саясат өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмау» екені баршамызға аян. Сондықтан ағамыз бұл мәселені толық зерттеп жазуды кейінгі ұрпаққа қалдырып, қазақ тарихында осындай айтулы тұлғалардың болғанынан хабардар етуді ойлаған болса керек.

Менің пайымдауымша, А.И. Тевкелев күнделігі күмән тудырады.

Біріншіден; А.И. Тевкелев күнделікті дәл сол күні емес, кейін жазуы да мүмкін. Ол өзінің шығындарын жауып қазынаның заттарын есептен шығару үшін, болмаса өзіне пайда келтіру мақсатында Сырлыбайға осынша зат берілді деп көрсетіп, күнделігіне жазып қойған шығар деген де ой туады. Егер Сырлыбай бұл заттарды қабылдап алған болса, 09 март 1932 жылы Байғараның құнын даулап бармаған болар еді.

Екіншіден; ақылы мен айласын замандастарынан асырған Сырлыбай байды орыстар бекерден-бекер «злодей» атамаған. А.Тевкелев Сырлыбайдың Таймасты қолға түсіргенін білгеннен кейін өлтірмесін деген ниетпен Худайназар мен Дәуімбайдан Сырлыбайдың көңілін аулау үшін алдын-ала беріп жіберуі де мүмкін.

Үшіншіден; Сырлыбай елшілікке 27 ноябрьде келді деп жазған. Бұған да келтірер уәжім бар. Байғара 3 ноябрьде өлген, оны қырдан Тебіренбес тауына әкеліп жерлеген Жетісін 10 ноябрьде берді деп есептегенде, Таймасты 13 ноябрьде қолға түсіргені ақылға сыйымды. Арада екі апта өтпей Таймасты қайта апарып беруі мүмкін емес. Себебі Таймасты тұтқындағаннан кейін Әбілқайыр ханның ордасы және елшілік Қаратүпке қыстауға асығыс көшіп кетеді. Сырлыбай, Баби Қаракұмды қыстаған. Әдепкі Сырлыбай отырған Тебіренбес тауының шығыс бетіндегі күздікке суыт жүрген салт атты бұл екі ортаға екі күн жүреді. Оның үстіне қулығына құрық бойламайтын Сырлыбайдың Таймасты қайда ұстап отырғанын Тевкелев пен Әбілқайыр ханның жансызы Нияз сұлтан біле алмай, пұшайман болған. Ата-бабамыздың

салты бойынша қайтыс болған арысының қырқын (40 күн) өткізбей, күн дауламаған. Осы аралықта айыпкер жақ өздерінің қателіктерін түсініп, аяққа жығылып, айыбын төлеп құтылады деп есептеген. Егер өз еріктерімен айыбын мойындамаса, содан кейін күш қолданылатын болған. Бұл салт-дәстүрді Әбілқайыр хан да, Тевкелев те жақсы білген. Сондықтан шектілер ашу үстінде Таймасты жазым етпесін деп, Әбілқайыр ханның ақылымен А. Тевкелев Худайназар, Дәуімбай секілді өзінің жақтастары арқылы 100 сомның тауарымен, бешпент, шапан жіберуі мүмкін. Сырлыбай бұл сәлемдемені қабылдауы да екіталай. Себебі, шектілер Байғара батырдың құнын даулай алмаса, Сырлыбай мен Баби бидің өз тұстастарының алдында беделі болмас еді. Сондай-ақ, хан алдында да, Тевкелевтің алдында да абыройының төгілетіні анық жағдай еді. Байғара батырдың құнын даулауға жиырма жасар Сартай батырдың араласуы, Сырлыбай мен Баби бидің қасынан табылуы оның ақыл-парасатының молдығын, «қанына тартпағанның қары сынсын» - деген қағиданы берік ұстанып, орыстардың, хан әулетінің озбырлығына төзбей, кешегі күні өзі қолдаған ханнан бөлініп, қандасының құнын даулауы, оның келешектегі ханға, орыс патшасына деген ұстанымын өзгертуіне әкеп соқтырады. Осы оқиғадан кейін Сартай батыр орыстарды да, Әбілқайыр ханды да қолдамайды.

Төртіншіден, ауызша айтылған әңгіме мен жазба деректерді салыстыра қарағанда байқағаным, жалпы сыр шектілерінің Сырлыбай, Баби, Байғара басым көпшілігі орыс елшісін құшак жая қарсы алмаған. Байғара өлгенге дейін орыс елшілігіне бірнеше рет түн жамылып, шабуылдар ұйымдастырып, қазақ елінен кетіруді көздеген. Бұл жөнінде де А.Тевкелев өзінің күнделігінде жазып қалдырған. Айлаға жетік, әккі батырды орыс елшілігі қолға түсіре алмай, зығырданы қайнайды. Әбден үстемдік құрып әлімжеттік жасауға дағдыланған орыстар, күндіз-түні күзет қойып сақ отырады. Сырлыбай мен Баби бидің және өзге топтардың бұл әрекетке барған басты себебінің тағы бірі, олар өздерінің көшіп-қонып жүрген жерінен айырылды. Сонымен қатар, Орынбор маңындағы башқұрт, татар, қалмақ және орыстар ұйымдастыратын жәрмеңкеге қатысу мүмкіндігінің шектелетініне

көздері жетті. Сауда-саттықты орыстар өз бақылауына алуды мақсат етіп, орта және кіші орданың қазақтарына жақын жер деп сол жерден Жаманқала (Орск) бекінісін салуды көздеді. Бұл жерлер Сырлыбай мен Бабидың ата қоныстары болатын. Оған Сырлыбай байдың өлгеннен кейін де сүйегінің Илецкіде қалуы, қазірге дейін сақталған моласы дәлел болады. Сырлыбай өлгеннен кейін сол жерге жерлеуді ұрпағына аманаттайды. Оған басты себеп, бұл жердің ата-бабасынан қонысы екенін, өзі өлсе де өзгеге дәлелдеп жату болған. Демек, Сырлыбайдың дүниеге қызыққыш, турасын айтқанда дүниеқоңыз болды дегенге сену мүмкін емес. Сырлыбай бай өзіне қарасты руымен, ел-жұртымен Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы тұрған көрнекті тұлға. Қазақ халқы өзінің тілін, дінін, ділін қашанда құрметтеп, дербестікті, еркіндікті аңсаған ұлы халық. Бүкіл қазақ даласы үшін, елі, жері, ұрпағы, олардың келешегі үшін жан аямай соғысқан дана халық. Сондықтан, қазақтың батырлары туралы сөз қозғау үшін, көне көз, дана қарттарымыздың айтқандарын зерделеу қажет деп ойлаймын.

«Үркер» романындағы тағы бір тоқталар тұсым, Сартай батырдың Ақша мен Құл батырды башқұрттарды шауып келуге жіберген жері. Онда былай жазылады: «Ойда жоқ шайқас таң атқанша созылды. Таңертең жал басына қаптап шыға келген Бөкенбайдың қолын көріп, қарсы топтың қазақтары өкшелерін көрсетіп тайып тұрды».¹⁷

Әбілқайыр хан, Бөкенбай, Есет батырлар, он күн бойына қоршап, көп зиян шектірген шекті қолын «сендерге төленетін күн жоқ» -деп неге қуып шықпаған? Шектілер де Бөкенбай батырдан қорқатын болса, он күн бойына елшілікті қоршап жатпас еді, башқұрттарға шабуыл жасауы да екіталай еді.

Осы жерде де А. И. Тевкелевтің күнделігіне тоқтала кетуді жөн көрдім:¹⁸

Кіші ордадағы ең мықты ру – алшын. Алшынның өзі екіге

17 Ә. Кекілбаев. «Үркер» романы. 443 бет.

18 А. И. Тевкелев. «Тевкелевтің қызметтік жазба күнделігі». 301-302 бет.

бөлінеді, яғни қаракесек және байұлы. Соның ішінде қаракесек бәрінен де күшті. Қаракесекке: шекті, қаракесек, шөмекей, төртқара, қаракете, қарасақал кіреді.

Жетіру кіші ордадағы ең әлсізі. Жетіруға: табын, тама, кердері, керейт, жағалбайлы, төлеу, рамадан кіреді. Жетіру тайпасы аты айтып тұрғандай жеті рудан құралған. Кіші ордадағы нағыз әлсіз ру болғандықтан, Әлім мен Байұлының әрдайым шапқыншылығына ұшырап, малдарын барымталатып, күштің тең болмағандығынан көп теперіш көрген. Олар осы жағдайларын айтып, Тәу ке ханға арызданған. Ақылды да айлалы Тәуке: олардың жетеуін біріктіріп «егер біреуіңді сырттан жау не болмаса ағайындар ренжітетіндей болса бірігіп есе қайтарындар» - деп ақыл айтады. Дегенмен, бұл жеті ру бірігіп іс қылса да алшындардың алдында бәрібір әлсіз еді – деп жазған. Міне, шекті батырларының өкшесін көрсетіп тайып тұруына себеп болған Бөкенбай батыр – табыннан, Есет батыр – тамадан шығады. Бұл жерде Бөкенбай, Есет батырлардың батырлығына шәк келтіру емес, Ә. Кекілбаевтың бір батырдан бір батырды кемшіндеу көрген тұсын дәлелдеу.

Сондай-ақ, А.Сергеевтің шығармасында тұтқын Таймасты елшілікке әкеліп тапсырғаны туралы былай жазылады:¹⁹ Баби би, Қара батыр, Едіге батыр, Сырлыбай елшілікке келеді.

- Сенің шақырған хабарыңды шабарманың жеткізді. Біз ұлы орыс халқының жауы емеспіз, біз де олармен достықты қалаймыз, бізге де қамқоршылық қажет, сол үшін келіп отырмыз және де халқымыздың салты бойынша сыйлығымыз бар, – деп оралған киізді ашып жібереді. Киіздің арасынан тұтқын Таймас шыға келеді.

Таймас та бір халықтың мықты батыры, әрі биі. Атам қазақ жау болса да, қашанда батыр мен билерді құрмет тұтқан. Сондықтан, Таймасты кйізге орап әкелді деу нанымсыз, Киіз леп жібермейді, оның арасындағы адам елшілікке келем дегенше тұншығып өлмей ме? Қонақтар тарар тұста, Баби би Тевкелевке:

- Мамет мырза, менің інім Байғараны хан адамдары өлтірсе де,

19 А. Сергеев. «Петербор елшісі». 229 – 230, 234 – 235 беттер.

мен саған башқұртыңды аман-есен әкеліп, тапсырып отырмын. Мен башқұрт үшін күн сұрап тұрғаным жоқ, бірақ інім Байғараға хан екеуің күн төлеуің керек,-дейді. Содан кейін Тевкелев елшіліктің шаруашылық жағын басқаратын Зиновьевті шақыртып, қоңыр қызыл түсті шекпен, бешпет, бас киім, күміс ат әбзелдерін, барлығы жүз теңге тұратын сары жібек матаны алдырып, Баби бидің аяғының астына тастады. Қалған қонақтар айлакер Баби биге қызғанышпен қарады, бұны байқаған Тевкелев, жанжал болмасын деп, барлығына сыйлықтар берді,- деп жазады. Бұл Байғараның құны төленді деген сөз. Сонда 1732-жылы алтыншы наурызда шектілер Тевкелевке қайтадан неге күн сұрап барған? Қарама-қайшылықтар көп.

Енді Байғараның қалыңдығы Шолпан туралы да А.Сергеевтің романында Нұралы сұлтан мен Байғара шайқасып, сұлтан жарақат алып жатқанда, Нұралының ақ шүберектей бозарған бетін сипалап, Шолпан бар даусымен айқайлап, «ай, қайран боздағым, есіл ерім-ай» -деп жылап отырды,- деп жазады.²⁰ Бұған қалай сенуге болады?

Қыз әкесіне Баби би өзі барып құда түскен. Шолпанның әкесі Баби биге бағынышты, дәрежесі төмен еді, қалай ол өз қамқоршысының талабын орындамасақ, - деп жазады А.Сергеев. Шолпан Байғараға атастырылып, қалың малы түгелдей төленіп қойылған. Ол замандарда «қызға қырық үйдентью» деген қазақтың салты қалыптасқан кез. Әлі әкесінің шаңырағын аттамаған қыз, қайдан соғысып жатқан жерге барып, сүйген жігітінің басын құшақтап жылайды? Бұл тәрбие көрмегендікке жатады. Біздің қазақ халқында әлі де солай. Сондай-ақ, өз шығармасында А.Сергеев Шолпан туралы, «Шолпан өзінің Байғарамен атастырылғанын мойындағысы келмей, кез келген сәтті пайдаланып, әдейі, бірде – бір жігітпен, келесіде тағы бір жігіттермен болып, Байғараның көзінше сүйіседі, - деп жазады. Мүмкін, Шолпан Нұралы сұлтанды сүйген шығар, бірақ Шолпанды кез-келген жігітпен сүйісті дегенге толық қарсымын. Ол дәл сол кездегі қазақ қыздарының қанында жоқ нәрсе. Оның үстіне қызуқанды Байғара батыр бұған жол беріп қоя алмайды. Сергеевтің өзі Байғараны қызуқанды, күші Нұралы сұлтаннан екі-үш есе басым деп суреттеген. Солай бола тұра, Байғараны Нұралымен шайқасқанын суреттеген жерде пікірі қайшы

20 А. Сергеев. «Петербор елшісі» 164 бет.

келеді. Нұралы сұлтан шоқпармен қанша соққанда, Байғараның қолынан өш дәрмені келмей тұра бергені қайран қалдырады.

Енді Шолпан туралы біздің елдің қарияларының айтуы бойынша, Баби би Байғара өлгеннен кейін бір жылдан соң Шолпанды өзінің үлкен баласы Ақша батырға қосқан. Былай қарағанда, қисыны келеді. Қазақ күшанда жесірін шетке бермеген, не болғанда да қыздың келісіміне салып, өз руларының ішіндегі ұнатқан жігітіне қосқан. Баби бидің шешімінен қыз әкесі де бас тарта алмайтыны белгілі. Бірақ Шолпан ұзақ жасамайды, мүмкін шынымен де өзінің сүйгеніне қосыла алмағасын, құсалықтан қайғыс болуы. Өйткені ол замандарда қазақ қыздарының сүйгеніне емес, әкелерінің атастырылған жеріне кепкені тарихтан белгілі.

Енді Таймас батырдың қазақтардан кек алмақ ниетіне тоқтала кетсем: Елшілер өздеріне тапсырылған міндеттерін орындап Ресейге барғаннан кейін Таймас батыр башқұрттардан үш жүз адам қол жинап, 1735 жылы қыркүйек айында Сырлыбай, Баби, Сартай ауылдарын шабуға, сөйтіп екі қызының кегін қайтаруға келеді. Қазіргі Қостанай облысының Жаманқала (Орск) бекінісіне қарай жайлауда отырған Сартай мен Жылқайдар батырлар башқұрттардың хабарын естісімен аталарымен соғысуды жөн көрмей, кейін көшіп кетеді. Сартай мен Жылқайдардың жұртын сипап қалған Таймас ішкерілеп қууға өзінің күшіне сенбей, кейін қайтады. Қайту сапарында Орынбордан базаршылап еліне қайтып келе жатқан Сартайдың әкесі Байжан биді атқосшыларымен бірге қолға түсіреді. Бұл жөнінде арнайы жыр болған, бірақ менің есімде сақталмады. Жалпы мағынасы: «башқұрттың екі қызының өтеуіне тұтқын болғаны, одан аман-есен орыстардың өзі құтқарғаны» туралы айтылатын. Кейін осы Сартайға байланысты жазба деректерді ізденгенімде Д.Кэстльдің Байжанды 1736 жылы наурыз айында тұтқыннан босатқаны жайлы жазғанын кезіктірдім. Сонымен, бұл жырдың да шындыққа жанасымды екені, яғни ауызша айтылған жырлардың негізінің түбі шындыққа тірелетініне көзім жетті.²¹

21 Д. Кэстль. «1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы». 29 бет.

САРТАЙ, ЖЫЛҚАМАН ЖӘНЕ БАТЫР СҰЛТАН

Астраханьдық қалмақтардың ішіндегі тілектес серігінің хабарымен түрікмен атырабын шарлап, орыс керуенін тонап, олжалы қайтқан Батыр сұлтанның көңілі көтеріңкі. Қолдың алдында келе жатқан Батыр сұлтан Борсық құмына аяқ іліктіргелі ойлағаны, бұл жоқта елде не болды? Шектілердің құн дауы қалай шешілді екен. Елге жақындаған сайын сұлтанды осы сұрақтар мазалап, ауылға жеткенше тағатсыздана асықты.

Бойын бақталастық пен қызғаныш билеген Батыр сұлтанға шектілердің Әбілхайыр ханды әулетімен қоса, түп-тұқиянымен көзін жойғаны керек. Егер хан олай-бұлай бола қалса, кіші жүз тізгіні өзіме тиер деген дәмеден құралақан емес. Ат тізгінін қайта-қайта қаққылап, көңілді келеді.

Тұс ауа өз ауылына жеткен Батыр сұлтан ауыл адамдарымен амандасып, бие сауым уақытта елдегі жағдайдан толық мағлұмат алды. Ханның амандығы, орыс елшісінің шектілермен бітімге келгені туралы хабар сұлтанды қуанта қойған жоқ. Ертеңіне барып келген сапарын, хан мен орыс елшісіне түгін жапқызып, қалай жеткізуді ойлап отырғанда, есік алдындағы төлеңгіті тамағын кенеп, біреудің келгенін білдірді. Соғанша болмай бұның үстіне жас батыр Жылқаман сәлем беріп кіріп келді. Батырдың сәлемін алған сұлтан, «ертелетіп неғып жүрсің, жайшылық па?» деген сұраулы жүзін Жылқаманға бұрды. Жылқаман батыр елінің амандығын білемекке, он шақты күнге босатуын сұрай келгенін жеткізді. Қазақтың бар тіршілігі алдындағы малы болғандықтан, көктемгі мал төлдету, олардың төлдерін уыз сүтпен ауыздандыру, аяқтандыру сияқты қарбалас жұмыстардың қабағасатынын, ондай кезеңде жаугершілікке барудың өзі екіталай екенін білетін Батыр сұлтан Жылқаманға рұқсат берді. Ел ішіндегі кез-келген хабарға құлағың түрік жүрсін-деп тапсырды.

Батыр сұлтан мінезі бірбеткей, көп сөйлемейтін Жылқаманды жоңғарлармен болған ұрыстан кейін өзінің жанына ұстауға бекінген. Жас батыр сол жоңғарлармен болған соғыстарда қолындағы «ақ шұбар» аталып кеткен орыс берденкесімен жаудың жасағын бірінен соң бірін жусатып, сонымен қатар құралайды көзге атқан мергендігімен де жалпақ елге танылған. Сол сапары Сартай

батыр бастап барған «мың баланың» жасы да, бойы да кішісі осы Жылқаман болатын. Бұның тұрқын көрген кейбір ақсақалдар «кіші жүз олжа алу үшін, баласына дейін ертіп келіпті»-деп орынсыз күстаналайды. Жылқаманды және тағы басқа жеткіншектерді көзге қораш көрген ақсақалдар, оларды елге қайтару керек деген талап қояды. Бұны естіген мың басы, жас Сартай батыр: «Мерген көз жанары таймай, қолы қалтырамай, белі аш күзендей иіліп тұрғанда ғана, мерген. Жылқаман садақпен қатар орыстың от қаруын да меңгерген. Сондықтан мерген жасаққа жасына қарамай алынған»-деп тілін безеп тұрып алады. Булығып өскен бұла күш иесі соғыс соңына дейін екі жауырыны қақпақтай, атпал азамат болып шығады. Сонымен қатар, Батыр сұлтанға Жылқаман батырдың басын кессең де өтірік айтпайтын шыншылдығы, өзі кедей отбасынан шыға тұра дүниеге, олжаға қызықпайтыны, барға қанағатшылдығы ұнайтын. Аңырақай соғысынан кейін сұлтан оны өз қарамағындағы нөкерлердің басшылығына шақырғанда, ақы-пұлын сұрамастан, келісе салған. Жанындағы сарбаздар түрікмен атырабын түгел шарлап, құм арасынан әрең тапқан орыс керуенінің дүние-мүлкін тонап, қарық болып жатқанда, Жылқаман бір сабақ жібіне тиіспеген. Жалпы тонау, тартып алу батырдың қанында жоқ еді. «Тентек шокпар жияды» дегендей, орыс әскерінің мылтықтарына көңілі кетіп, алғысы келген. Бірақ, оған сұлтан қарсы болады.

- Орыстың мылтығы ертеңгі күні бастарыңа пәле болып жабысуы мүмкін. Елге келген орыс елшілігіне барып, бодандығын қабылдап, ант бере тұра, олардың керуенін тонап, қару-жарағын тонап алғанын білсе, Ресей империясы кім-кімді де маңдайынан сипамасы анық. Қант, ұн, көйлектік мата, іш киімдік бөздер пайдаланылып, арты жоқ болып кетеді, ал мылтықты сіңіру қиын. Біздің елімізде, не болмаса мына жақын маңдағы елдерде мұндай қарудың жасалмайтыны белгілі, - деп Батыр сұлтан үзілді-кесілді қарсы болады. Қарудан өзге дүниеге қызықпаған Жылқаман, ештеңесіне де тиіспейді.

Сұлтаннан рұқсат алған Жылқаман батыр соңғы уақытта Арал теңізінің Құланды түбегін қыстайтын өз руластарының қонысына қарай ат басын бұрып, жолды өндіріп алайын деген

оймен атты бүкіл желіске салып келеді. Кеше жорықтан қайтқан ізімен бір шама уақыт жүріп, шығысты бетке алып, өзі білетін көне сүрлеуге түскен батыр батыстан соққан жел арқылы, алпауыт толқындары бірін-бірі қуалаған теңіздің алыстан әуірін сезінеді. Туған ұясын сағынған жас батыр өзі де бірін-бірі асықтырған теңіз толқынына ұқсап, атының сауырын сипай қамшылап, жүйткітіп келеді. Астындағы тұлпарының жүрісіне риза көңілмен шабыттанып келе жатқан батыр атының басын кілт бөгеді. Батырдың көзі сүрлеуді кесіп өтіп, теңіздің күн шығыс бетіне қарай тартқан керуен ізіне түсіп, қайран қалады. Іздің бірекі күндікте түскені көрініп тұр. Ағаш дөңгелекті арбалардан түскен ізден батыр бес-алты күндікте өздері тонаған орыс керуені екенін байқайды. Пайымдауынша, бұлар теңіздің батыс бетін айналып, қарақалпақтар арқылы Хиуа хандығына бармақшы еді. Олардың бұлай жол өзгертуі жалғыз келе жатқан жас батырды ойға қалдырды. Қазір теңіздің шығыс бетін қыстаған елдің басым көпшілігі ұсақ мал төлдемей, қырға құмға көшіп алды. Хан ауылы мен орыс елшілігі де құмға көшіп болған. Сонда олар бұл жақтан кімді іздеп келеді, қайда бармақ? Әлде теңіздің шығыс бетін қыстаған елдің бұл уақытта қырға көшіп кететінін біліп, елсіздікті әдейі таңдады ма?-деген сан сұрақ батырдың санасынан шықпады. Өз ойымен арбасқан батыр, жалғыз өзі керуенді қуып барғанда қолынан келер қайран болмасын біліп, көп ойланып жатпай, өзінің жүріп келе жатқан сүрлеуіне қайта түседі. Атының басын еркіне жіберіп келеді. Иесінің ауылға бет түзегенін аңдаған есті жануар сыпсыған желіс жүрісімен жол өндіріп, беліндегі жас батырдың алаңсыз ой теңізіне шомылуына жағдай жасаған іспетті. Туған даласының төсінде мына тамаша табиғаттың қызықтарына сұқтана көз салған Жылқаман керуен жайлы ойға қайта шомды. Сұлтанмен бірге осы керуенді тонағанда бұның қаруларды алуына оның келісім бермеген себебін аңдамайтын бұл да ойсыз емес. Сұлтан өз басының жан тыныштығын көкसेп отыр. Өзі шет елдің ыңғайлы әрі көздегенінді мүлт жібермейтін от қаруына қанша қызыққанымен, бұның басқа да өзіне ғана аян гәбі

болатын. Ол жайлы сол кезде сұлтанға айтып, ұғындырып жатуға зауқы соқпады. Бетін қайтарып тастайтынын байқаған соң, үндемей қоя салған. Сартайдың жөні бір бөлек. Бұл от қарулар ертеңгі күні сарттардың қолына өтсе, күндердің-күнінде өздеріне қарай ажал оғы болып атылатынын ол да, өзі де біледі. Жан-жағыңнан жауларын қоршалаған мына заманда қашанда сақ, айналаң берік болмаса, қапы қалуың ғажап емес. Керуен арбасындағы қаруларды діттеген жеріне жеткізбеуі ең әуелі өз қауіпсіздіктерін нығайтса, дәл қазір қолдана қоймаса да, олар келешекте өздерінің де бір қажеттеріне жарап қалуы мүмкін. Осындай ауыр ойлардың жетегімен келе жатқан Жылқаман осы шешімін Сартай батырмен ортақтасу керек деп түйді. Кеш қарая үйіне жеткен батыр, үй - ішімен, ағайын - туыстарымен аман қауышып, түннің бір уағына дейін өткен-кеткен әңгімелерін айтып, туыстарын бір мәре-сәре етті. Таңға жуық дем алуға жатқан Жылқаманның ойынан орыс керуені кетпей қойды, ұйқыдан да маза кетті. Ел азаматтарының басым көпшілігінің Құл батырға еріп, Байғараның құнын даулауға Қарақұмға кеткенін естіген бағыр әрі ойлап, бері ойлап, Қарақұмға аттанбақшы болып шешті. Баби бидің ауылында орыс елшілігімен бітімге келген шекті елінің бірыңғай «сен тұр, мен атайын» дейтіндей қолы тарамай тұрып, орыс керуенінің хабарын жеткізуді дұрыс көрді.

Астындағы тұлпарын асығыс ерттеген Жылқаман сәске түсте ағайын-туыспен қош айтысып, өзі көрген керуен ізімен теңіз бойын көмкере жатқан Ақбасты, Ақеспе құмдарының ішімен жүретін ескі жолға түседі. Ауыздығымен алысып келе жатқан тұлпары иесінің асығыстығын сезгендей, құмда жүзген кемедей есіп келеді. Кеш бата керуен аялдаған құм ішіндегі құдыққа ат басын тіреген сезімтал батыр орыс керуенінің осы арада бір қонып аттанғанын байқады. Аттан түсіп, құдықтан торсығын тастап су алған батыр шөлін басып, осы арада қонуға бекінді. Алды түн болғандықтан, ерте ертемен атқа қонуды ұйғарды. Даланың бозторғайы шырылдағаннан ұйқыдан тұрған Жылқаман, атын ерттеп, керуен ізіне қайта түседі. Түс әлетінде, көз ұшында орыс керуенінің қарасы көрінгеннен жас батыр керуенді айналып,

Баби бидің ауылына жолсызбен туралап тартты. Кеш қарая Баби бидің ауылына жеткен Жылқаман Байғараның құнын өндіріп, кеуілдері бірленген руластарының көңілді отырысының үстінен түседі. Жағалай тігілген ақ боз үйлерге тегеш-тегеш ет тартылып, шектілер орыс елшілігін қалай састырғаны туралы айтып, мәз болып, гу-гу әңгіменің үстінде екен. Кейбір үйлерде жыраулардың батырлардың ерлігі туралы қолдың рухын көтерер жырлары жырланып жатқаны естіледі. Сонымен бірге, Құл батырға еріп келген руластары Шекті ақсақалдарымен жаңа қоныс туралы, кімнің қай жайлауды жайлайтыны жайындағы мәселені ақылдасып шешіп, ерте ертемен ауылдарына аттанбақшы. Талабын орындатып, құн өндіргені, орыс елшілігі мен хан ауылының шамына тиіп, жаз басталысымен қақтығыстар да туып кетпес пе? - деген қауіптері де жоқ емес. Осындай мәселелермен отырған Шекті елінің азаматтары Жылқаманның қандай хабармен келгенінен бейхабар болатын. Жылқаман келген бойда Сартай батырды тауып алып, Батыр сұлтанға еріп барған сапарынан көрген-білгендерін толық айтып, сол орыс керуенінің теңіздің шығыс беті арқылы, Хиуаға қарай келе жатқанынан хабардар етеді. Сартай батыр көп ойланып отырмастан, бұл керуен Хиуаға аман-есен жететін болса, қазаққа тағы бір зобалаң туғалы тұрғанын ортаға салады. Орыс қаруымен қаруланған жоңғарлардай, күні ертең Хиуа өзбектері де көк желкеден төнетінін айтып, жиналғандарға ой тастайды. Сондықтан алдын алып, орыс керуенін Хиуаға жеткізбестен, оларды осы арадан тыржалаңаш, жалаңаяқ еліне қайтарған дұрыс деген шешімге келеді. Батырлар барлығы ақылдаса келе, орыс керуенін тосатын ұрымтал тұсты таңдайды. Ертеңіне Сартай батыр алдын-ала жіберілген шолғыншылар арқылы керуеннің қай тұста, қай бағытқа қарай келе жатқаны туралы хабар алысымен қолды бастап, қырдан сырға қарай жол тартады. Туған жердің әрбір бұтасы өзіне таныс батыр орыс керуені келе жатырған жолды орағытып, жауды тап басуға қолайлы жерге бұрын жетуді көздеп келеді. Ізіне ерген шекті қолы батырдың айтқанын бұлжыппай орындап, жымын білдірместен, Арал теңізінің солтүстігіндегі Қылыш тауының етегіне жетіп тоқтайды. Сартай батыр орыс керуенін жан-жағында бас сауғалар бір бұтасы жоқ,

Қылышсорының үстінде қарсы алуды таңдайды. Оның үстіне Батыр сұлтан нөкерлерінің тонауына ұшырап, қаншама күннен бері жолдың азабын тартып, көктемгі күннің қызуымен тұзды сордың үстіне тап келген орыс әскерінің мазасы болмайтынын сезген Сартайдың пікірі де ойлағанындай болады. Орыстардың от қаруынан зәрезап болған қазақтарға туған жердің осындайда пана болғаны, білуімізше, жалғыз бұл емес. Батыр күткен жерге таялған полковник Гарбер үстіндегі киімдерін күн ысыған сайын ауырсынып, бірінен соң бірін шешіп белуарына дейін жалаңаштанады. Керуенді бастап келе жатқан башқұрт пен түрікмен жігіттері сыр берер емес. Алға жүрген сайын танауын көтерген тәкаппар орыс полковнигі:

- Мынау жер емес, тозақ қой, - деп, осы сапарға баруға келіскен өзін де, жұмсаған жақын әріптестерін де сыбап келеді. Күн қызуымен сағым болып, алыстан су көрінгендей болады. Жақындай келе, бұл тұзы бетіне шығып, күнге жарқырап көрінген кеберсік тұзды сор болып шығады. Гарбер тездетіп мына сордан өтіп, демалуды бұйырады. Жолдан әбден қажыған керуендегілер Гарбердің бұйрығымен қанша алға өңмендегенімен, жүрістері өнетін емес. Бүгінгі күннің ыстығы ала бөтен, шақырайған күннен көлеңкелейтін бір бұта болсайшы. Өз бастарын әрең алып келе жатқан орыс әскерилері қолдарындағы қаруларын ағаш дөңгелекті арбаға тастай салған. Тонауға ұшыраған керуеннің мініс көліктері де жетіспей, кейбіреулері жаяу шұбырып, керуенге ілбіп еріп келеді. Алдарында не күтіп тұрғанынан бейхабар орыс керуенінің алды тұзды сордан өте бергенде, жол бастаушы башқұрттың ат жалын құшып қалғанын көрген Гарбер, қапелімде не болғанын түсінбей де қалады. Жан-жағына алақтап қарағанда көргені, жол бастаушы башқұрттар мен түрікмендердің садақ оғынан бірінен соң бірінің жусап жатқаны болды. Гарбер атының басын кері бұрып, керуенге қарай шаба жөнеледі. Керуеннің орта тұсында келе жатқан есаулға тұзды сордың жиегіндегі жыңғыл, түзгенге қарай оқ жаудыруды бұйырады. Керуенді иіріп, түйелерді шөгеріп, өздерінше қорғаныс жасап, тасасына тығылады. Арада бие сауым уақыт өтеді, күн көзінің қызуы мен шөлдің, тұздың аптабына шыдамаған орыс полковнигі не қыларын білмей, қатты

сасады. Шабуылдап жатқан ешкім жоқ. Алдыңғы жақтағы жол бастаушылардың шетінен өліп жатқанын көрген қалған орыс жасақтарының бойын қорқыныш билейді. Бұл отырыстан ештеңе өнбейтінін түсінген полковник Гарбер үш адамды, қасына тіл білетін башқұртты қосып, ақ жалау көтертіп, қарсыластарымен келісімге келуге жібереді. Жіберген адамдары ет пісірім уақытта оралады. Олар Гарберге тұзды сорды қазақтар айнала қоршап алғанын айтады. Өз еріктеріңмен қаруларыңды тастап, қолдарыңды көтеріп, тұзды сордан бері өткендеріңді өлтірмейміз деген талабын жеткізеді Олай болмаған жағдайда, бәрінің де аман қалмайтынын ескертті, – дейді. Гарбердің келіспеске амалы қалмайды. Өзі бастап, барлығы қазақтарға беріледі. Сартай батырдың бұйрығымен орыс керуеніндегі мылтықтар мен оқ-дәрілер, азық-түлікке дейін түгелдей тәркіленеді. Сартай батыр айтқан уәдесінде тұрып, Гарбердің әскеріне жетер-жетпестей азық-түлік пен мініс көліктерін беріп, өздерін сабап, келген жақтарына қарай кері айдайды. Хиуаға барам деген сапары сәтсіз аяқталып, арып-ашып, азып-тозған Гарбер керуені жаз аяғында Петерборға келеді. Бұл оқиға Анна патшайымға да жетеді. Бұл туралы Ресей патшайымы 1732 - жылы, жетінші қазанда Әбілқайыр ханға төмендегідей мәтінде хат жазады:

- «...получены здесь извести, коим образом киргиз-кайсаки, противно своему обещанию и присяге быт в верном подданстве, полк артиллерии нашей Гарбера и отправленной с ним в Хиву и Бухару купеческой караван разграбили и в нем людей и подданных наших до смерти побиили» дей келіп ханға: «...все погребленные из каравана сыскать и возвратить, участников того воровства наказать и жить как добрым и верным подданным принадлежить», - деп талап қояды.²²

22 Казахское русское отношения в XVI-XVIII веках. Қазақ ССР ғылым академиясы баспасы. Алматы, 1961ж.

1-ші том. 94 бет.

2 Дала мен қала газеті. «Жанқожа батырдың мылтығы»

14.08.2008 ж. 24 бет.

Гарбер керуенінің тоналғанынан бейхабар Әбілқайыр хан мен орыс елшісі бұл хабарды кеш естиді. Әбілхайыр Ресей патшайымының хатын алғанымен, Гарбердің керуенін тонаған шекті қолына ештеңе істей алмайды. Сартай батыр өзінің сенімді серіктері Жылқаман батыр мен Жарас мергенге қалаған мылтықтарын беріп, қалған керуеннен тоналған қару-жарақ пен оқ-дәрілерді киізге оратып, жерге көмдіріп тастайды. Кейіннен Сартай батыр қартайғаннан кейін, бұл қаруларды отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық көтерілісінде шекті қолын басқарған Жанқожа Нұрмұхаммедовке батасын беріп, тапсырады. Жанқожа батырдың Сартай қолынан алған осы қаруы батырдың ұрпақтарында осы күнге дейін сақтаулы көрінеді. Бұның растығы жөнінде газеттерде бірнеше рет материалдар жарық көрді.²³

САРТАЙ, ЖЫЛҚАЙДАР ЖӘНЕ ЖАНҚОЖА БАТЫРЛАР

Жылқайдар бидің ауылы Қаракұмдағы ата-қоныс қыстауына көшіп келгеніне бір жетіден асты. Биыл жылдағыдан ерте қимылдап, қыстауға көшуінің өзіндік себебі болатын. Би ауылы өткен жаз жайлауға шыққан кезде, екі жылдан бері жылқысын бағып жүрген қарақалпақ Нұртай есімді жігіт Орынбор қаласына кіре тартып бара жатқан жүргіншілерден ауру шешесінен хабар келгенін айтып, рұқсат сұрайды. Нұртай екі жылғы еңбегіне бір тай берсе елге жүргелі тұрғанынан хабардар етеді. Жылқайдар би бұл уақытта сексеннің сеңгіріне шыққан ақсақал, ауыл-аймақтың билігімен ғана айналысады. Шаруашылыққа о баста икемі жоқ, өмірі ат арқасында жорықтарда өткен, аты батырлығымен танылған. Жасы келіп аттан түскелі ермегі - бес уақ намазы, Аллаға мінажат етіп, иман тілеу. Ауылдың ер азаматтары қыстың қамымен Орынборға мал айдап, базарлап қайтуға кеткен. Батырға тән аңғалдықпен Жылқайдар би Нұртайға жылқыдан бір тай ұстап минуте үйінде отырып рұқсат беріп қоя береді. Бірақ Нұртай аңғал батырды қалай алдап соғуды жоспарлап, өзінің жымьсық ойының дәл осылай боларын болжаған. Өзінің бағып жүрген жылқыларының ішіндегі ақ құнанға көптен көзі түсіп жүрген. Оның үстіне Орынборға мал айдаушылармен жүргелі тұрған бидің Достан, Бостан атты екі баласы бұған ақ құнанды көзден таса қылмауды ерекше тапсырған. Өмірі жалшылықпен, жетіспеушілікпен өтіп келе жатқан Нұртай бидің осы екі баласын қаралай жек көретін. Тал түске дейін ұйқы, қалған уақытта ауыл-ауылды аралап, той тойлап, қыз ойнақ, қалды бәйгеге ат қосып, бай-батшалардай өмір сүріп жүрген Достан мен Бостанның бағын қаралай қызғанып, олардың өзін айқайлап жұмсағанын кек тұтып қалған. Қысы-жазы жылқы соңында жүрген Нұртай ақ құнанның аяғының желі барын бірден аңдаған. Жылқайдар бидің баяғы батыр деген атағы болмаса, бұл уақытта атқа мініп, қару ұстауды қойған. Ауылда ер азаматтардың жоқтығын пайдаланған Нұртай қу бидің аузынан бір тай алуға рұқсат шығуы мұң екен, ақ

құнанды ерттеп мініп алып, Жаңадария маңайындағы еліне қарай тұра тартады. Көмекші жылқышының ақ құнанға тиіспе дегеніне қарамайды, бидің өзі рұқсат берген,- дейді.

Орынбордан малдарын пұлдап сатып, ат қоржындарын базарлыққа сықа толтырған Достан мен Бостан келген бетте ақ құнанды Нұртайдың мініп кеткенін естіп, ашудан жарылардай болады. Дегенмен, айбатты, ел аймаққа беделді әкенің алдына бармағанмен, ақ құнаннан айрылып қалған өкініштері, әкелеріне деген өкпелері тарамай іште қара қазандай қайнайды. Ұзынқұлақтан келіп жеткен бұл хабарды естіген Жылқайдар би алданғанына, өзінің осыншама аңғалдығына намыстанып, ауылды ата-қоныс қыстауға жылдағыдан ерте көшіреді. Қыстауға келген бетте өзінен бір мүшел жас кіші інісі Батырсарыны шақыртып, ақ құнанды қайтарып алу үшін Жаңадария бойындағы қарақалпақтарға жұмсайды. Інілеріне тапсырма берген Жылқайдар би егер ақ құнанды өз еріктерімен бермесе, ұрлап алып келу керектігін айтып, бұл топқа төртінші қылып Бердіңғұлдың Бозым деген батыр жігітін қосады. Бозым өте айлакер, жүзіктің көзінен өтердей епті, қайратты әрі жердің бағдарын жақсы білетін батыр еді. Нұртай Жаңадария бойындағы еліне барысымен ақ құнанды түбі іздеп келетінін, ақ құнанның өзіне бұйырмайтынын біліп, сол елдің бегі Тықы батырға сыйға тартады. Бір-екі аламан бәйгеге қосып, ақ құнанға кеуілі толған Тықы батыр өзінің немере қарындасын Нұртайға қосып, қорғанбасы етіп жұмысқа қояды. Достан мен Бостанның тірі тұрып ақ құнанды бұған беріп қоймасын білетін Нұртай Жылқайдар балаларының қашан келсе де бір келерін біліп, өзінше қам жасай бастайды. Қорғанды қорғанысқа дайындап, қару-жарағын сайлап, қайнағасына адал болу мақсатында өзінің міндетті қызметіне құлшына кіріседі. Айтқанындай-ақ, Батырсары бастаған үш-төрт кісілік елшілік те келіп жетеді. Олардың іздеріне сарбаздар ертпей, үш-төрт кісі болып келгенін көріп Нұртай да қуанып қалады. Бірақ тоң мойын Тықы батырдың ақ құнанды оңайлықпен бермейтінін Нұртай жақсы білетін. Оның үстіне ақ

құнан қай жарыста да алдына қара салмай жалғыз дара келіп тұратын. Ондай аттан Тықы батырдың өлмей айрылмасы анық. Қорған ішінде жем жеп тұрған ақ құнанды көргенде Батырсары бастаған топтың іші күйіп кетеді. Тықы батыр да қазақтардың ішін күйдіре түскісі келіп, ақ құнанның жалынан, жон арқасынан сипай түсіп, енді бұл ат менің иелігімде, менен басқаны маңына жолатпайды дегендей паңдана бұларға көз тастайды. Бірақ құлынынан қолында өсірген, өмірі жылқы ішінде өткен Бозымды көргенде ақ құнан оқыранып қоя береді. Ақ құнанның өзін танығанын білген Бозым қасындағыларға сыр бермей, атқосшылық қызметін атқарып, Батырсарының алдына атын тарта береді. Қорғаннан шыққан серіктері Тықы батырмен кездесуі тез аяқталған Батырсарының аузына аңтарыла қарайды. Тықы батыр Батырсарыға: «Батырдың екі сөйлегені өлгені, өзі беріп, өзі қайта сұратқаны несі? Бұны менен басқа ешкім естімесін» депті. Тықы батырдың жауабын естіген Бозым қасындағы серіктеріне, сендер алаңдамай тездетіп жүре беріңдер деп, өзі қалың сексеуілдің ішінде қалып қояды. Араға екі күн қонып, түс мезгілі болғанда артына қарайлап келе жатқан Батырсары да: «Бозым бір нәрсеге ұрынып жазым болмаса жарар еді», -деп уайым қылады. Түс ауа жолдастарынан бөлініп қалған Бозым болса, қалай болғанда да ақ құнанды алып кетуді ойлап, қорғанды алыстан бақылап, қалың сексеуілдің ішінде жата береді. Айналдырған төрт қазақ қорған толы нөкерге шабуыл жасамасын білген Нұртай қазақтарды сыртынан көзбен қозы көш жерге шығарып салады. Кешегі қожайындарының бастарының салбырап бара жатқанына мәз болып, көкнәрді үсті-үстіне ішіп тойлай бастайды. Таң алдына дейін қорған ішіндегі қарақалпақтарды сыртынан бақылаған Бозым қалың өскен сексеуілдің түбіріне ертоқымын тіреп, ұйқыға кеткен. Сәске түсте қорғаннан шыққан сиыр табыны бұның жанынан өткенде оянып кетеді. Бозым табынның соңында жалғыз бақташыдан басқа ешкімнің жоғын білгесін тыпыр етпей жата береді. Бұның жанынан тақау өткен сиырлар сол қапталдағы көктемгі су тасқынынан пайда болған

көлшікке қарай жайылып барады. Шаруа жайын жақсы білетін Бозым желтоқсанның қысқа күнінде малдың ауылға түс ауа бір-ақ қайтатынын біліп, өзінше топшылап отырады. Табынның алды көлшікке құлағанда бұл да орнынан тұрып, тұсаулы атын сыртынан бағдарлап, жаяулап сиырлардың ізімен солай қарай жүреді. Бақташының кураған шөпшекті, сексеуілді жинап от жаққалы жүргеніне қарап, түскі астың қамына кіріскенін аңдайды. Бозым жақындап келіп бір шоғыр сексеуілдің түбінен бәрін бақылап отырады. Алдымен от жаққан бақташы шеткерірек тұрған қызыл қасқа сиырды сауып, сүтін мосыға іліп пісіре бастайды. Сүт пісті-ау деген кезде жаман дорбасынан қос уыс ақтаған тарыны алып сүтке салады. Бұны байқап отырған Бозымның бала күніндегі ақтаған тарыны сүтке салып, сары май араластырып, оны қоламтаға қойып жеген кезі есіне түсіп, қарыны ашқанын енді білгендей іші шұр ете қалады. Бұдан әріге шыдай алмаған Бозым сәлем беріп бақташының қасына жетіп барады. Бұның сәлемін алған бақташы неғып жүрген адам екеніне таңырқай қарап, қоламтадағы тары көжені екеуара бір ағаш қасықпен кезектесіп іше бастайды. Бақташы еш бүкпесіз бұның сұрақтарына жауап беріп, қорған ішіндегі тірліктен біраз хабардар етеді. Бақташыдан өзіне керекті біраз жайға қаныққан Бозым, өзінің не мақсатпен жүргенін ашық айтып, бақташының сырт киімдерін ауыстырып киіп алып, өзінің қол-аяғын байлап, сексеуілдің түбіне тастап кетеді. Кеш қарая малды қорғанға қарай айдайды. Бозым сиырларды айдап келгенде қорғанның қақпасы айқара ашық, ешкімнің бұнымен шаруасы болмайды, әркім өзінің сиырларын айдап кетіп жатады. Бозым да бақташының айтуымен қалған он бес шақты сиырды алдына салып, Тықы батырдың қора-жайына қарай айдайды. Күздің кешкі қараңғылығы ерте түскен, әйелдер де сиырларын саууға кіріскен абыр-сабырды пайдаланған Бозым ашық қорада байлаулы тұрған ақ құнанның жанына жәйлап барып, шылбырын, аяғындағы шідерін шешіп алады. Қорғанның қақпасы жабылмай тұрып сыртқа шығып кетуді ойлаған Бозым ақ құнанның үстіне қарғып мініп, шаба

жөнеледі. Ат дүбірін есіткен қорған күзетінің жасауылы бір сұмдықтың болғанын іші сезіп, үйіне қарай айдап тастамақшы болған сиырын тастай салып, қақпаға жан ұшыра жүгіреді. Үлкен қақпаның бір жақтауын жауып үлгіргені сол еді, Бозым да ақ құнанды ойнатып жеткен бетінде қолындағы сойылымен жасауылды көк желкеден бір соғып, құйғытып өте шығады. Апақ-сапақта не болғанын түсінбей де қалған қорғандағылар ақ құнаннан айырылғандарын білгенде сандарын бір-ақ соғады. Ізіне түспекші болған ойларынан да қайтып қалады, не болғанмен таңның атуын күтеді, себебі даланы кою қараңғылық басып үлгірген еді. Қорғанның қақпасы жабылмай тұрып, үлгіріп шауып шыққан Бозым сол бетімен өзінің атының жанына келіп бір-ақ тоқтайды. Дереву саптама етігінің қонышынан кездігін алып, бақташының аяқ-қолы байланған қыл арқанды қиып, сырт киімдерін шешіп береді. Өзі бақташымен жүре қоштасып, атына қарғып мінеді де, ақ құнанды жетегіне алып елге қарай атының басын қоя береді. Жастай жетім өскен, талай түнгі барымталарға қатысқан, бір көрген жерін есінде сақтайтын Бозым өте жершіл болатын. Екі тұлпарға кезек мініп шапқан Бозым таң ата Сырдың бойындағы қалың жидеге келіп бір-ақ тоқтайды. Соңынан қуғыншылар көрінбегесін екі атты тал түске дейін қаңтарып, суытады. Түс ауа екі атты жетегіне алып, дариядан өтер өткелге келгенде қуғыншылардың жоқ екеніне көзін тағы бір жеткізіп алады. Көңілі орныққан Бозым дариядан асықпай өтіп, аяңмен Шекті елінің шетіне де ілігеді. Жылқайдар бидің тапсырмасын орындағанына өзі-өзіне риза болып, кең даланы жаңғыртып әнге басады. Арттарына қарайлаумен келе жатқан Батырсары бастаған жолдастарына келіп қосылып, бидің қолына ақ құнанды қайта тигізеді. Балаларының күңкілінен құтылған Жылқайдар бидің де кеуілі жайланды. Дегенмен, бидің өз балаларына көңілі толмайтын, шетінен даңғой, өзіне тартқан біреуі жоқ. Он бесінде жауға аттанып жау түсірген, еліне батырлығын танытқан Жылқайдар би тұқымының майдаланып кеткенін ойлап налиды. Әне-міне дегенше қыс та өте шығады. Би ауылы ұсақ малды

төлдету үшін Қарашоқының бауырындағы Сарбұлаққа қоныс аударып, өздерінің күйбең тірліктеріне кіріскен. Ал қарақалпақтар болса ақ құнаннан айырылған күннен бастап әбігерге түседі. Кешкі қараңғылықты пайдаланып ақ құнанды алып қашқан Бозымды қолға түсіре алмасын білген қарақалпақ бегі Тықы таңсәріден Нұртайды алдыртады. Басы салбырап, екі көзін жерден алмай мүләйімсіп тұрған Нұртайға Тықы батыр аттарды баптап жаратып, жорыққа дайындалуды тапсырады, бірақ қай күні аттанатынын айтпайды. Жылқайдар бидің ауылының қайда көшіп-қонатынын сұрайды. Екі жыл малын баққан бидің қай мезгілде қай жерді жайлайтынын жақсы білетін Нұртай барлығын айтып береді. Қожайының алдында өзінің кінәлі екенін мойындап, тағы да не сұрар екен деп мөлііп тұрған Нұртайға, қолын сілтеп кете бер дегендей ишара жасайды.

Нұртай да қорған ішіндегі қарақалпақтарға аттарын жаратып, қаруларын сайлауды бұйырған қожайындарының сөзін жеткізеді. Тықы батыр болса өз жоспарын құра бастайды. Тұрмыс-тіршілігі қарақалпақтарға өте ұқсас қазақтардың көктемгі мал төлдету кезінде қыстауынан ұзап шықпай, алаңсыз шаруа жайымен айналысатын уақытын пайдаланып шабуды ойластырады. Бұл уақытта қазақтардың бір-біріне қатынауы сирейді. Әркім өз шаруашылығын күйттейді. Сондықтан ауылдарға соқпай, иесіз даламен жүріп отырып, ешкімнің көзіне түспей, аңсызда бас салуды ойлаған Тықы батыр сол күнге тез жетуді тағатсыздана күтеді. Межелі күн болғанда үш жүздей жасауылын ізіне ерткен қарақалпақ бегі Тықы Нұртайды алдына салып, Жылқайдар бидің қонысына жетеді. Келе, таң сәріде қаперсіз қалың ұйқыда жатқан ауылды ойсырата шабады. Ауыл ортасындағы еңселі ақ ордаға ат қойған Тықы батыр таң алдында өз ордасына қарай келе жатқан қолында құманы, үстінде ақ көйлек, ақ дамбалы, сыртынан түйе жүн шекпенін желбегей жамылған Жылқайдар бимен қарсы ұшырасады. Кездескен бетте ай-шайға қаратпай найзаны қақ жүректен қадайды. Қарақалпақтар бие сауым уақытта ауылдың ойран-ботқасын шығарады. Ұйқыларын аша алмай,

қаруларын таппай қарманып қалған бидің екі баласын Нұртай бірінен соң бірін өлтіреді. Басқа да ер азаматтар қарсылық көрсетуге дәрмені болмай, опат болады. Бет-бетімен безе қашқандар сай-саланы, қалың өскен жыңғыл мен түзгенді паналап аман қалады. Ауылды азан-қазан қылған қарақалпақтарға Тықы батыр қолға түскен малды, ажары тәуір қыз-келіншектерді алып, көрші ауылдар құлақтанбай тұрғанда тайып тұруды бұйырады. Желдей жүйрік ақ құнан үшін болған тартыстың ақыры Жылқайдар бидің, қаншама боздақтардың өліміне, қандарының судай шашылуына себепші болады. Ақ құнанның тізгінін қолына қайта ұстаған Тықы батыр оған еріп келген қарақалпақтар өздерінің істегендерін қазақтар алдарына келтіретінін ол кезде қаперіне алмады. Бір ауылды шауып, малдарын айдап алғанына маз болып, өздерінің келген ізімен қорғандарына қарай тартып отырады. Жылқайдар бидің ауылын шауып, қаншама адамның опат болғаны, бидің қазасы шектілердің аза бойын қаза қылады. Жылқайдар биді ақ жуып арулап қойған шектілер жетісін таратқан соң, бидің кегін алу үшін атқа қонады. Ұзын саны жеті жүздей қолды басқарып, ішінде айтулы батырлар торжымбай Жылқаман, кішкенеде Қылышбай, Нұрмұхамед, қарасақал Дабыл, бердіңғұл Толыбай, Беласар және тағы басқа батырлар қарақалпақтарға жорыққа аттанады. Батырлығымен де, билігімен де үш жүзге аты танылған Жылқайдардың кегін ала алмаса, шекті елі абыройдан бір жола айрылатынын айтпай-ақ ұққан. Жорыққа аттанған қазақтың айтулы батырлары Жылқаман, Қылышбай, Нұрмұхамед, Дабыл, Толыбай, Беласар, Өтеген би былай шыға бере Сырдың төменгі сағасында отырған Сартай батырға соғып, жорықтас серігіне көңіл айтып, бата ала кетуді жөн көреді. Бұлар Сартай батырдың ауылына келгенде, суық хабар бұл елге өздерінен бұрын жеткенін біледі. Бұларды батыр бір қырын отырған күйі қарсы алады. Жылқайдар бидің қазасы қабырғаларына батқан батырлар түнерген қалпы, ауыздарының ұшымен көңіл айтады. Бала күнінен небір соғыстарға бірге қатысқан, талай қанды қырғында тізе қосып шайқасқан серігінің

шайқасынан емес, ойда-жоқта опат болғанын естіп, қайғыдан қан жұтып, қаһарына мініп отырған Сартай батыр бұл келгендерге ашылып ештеңе айтпайды. Бата сұрағанда, «жолдарың болымынан» әрі аспайды. Сартай батырдың кек қайтаруға аттанған сарбаздарды қолдағаны, не болмаса қолдамағаны белгісіз, ашылмай отырғанына қарап қол бастаған батырлар да қалың оймен әрі-сәрі күйде аттанады. Қарақалпаққа аттанған қолға Сартай батырдың ауылынан ерген ешкім болмады. Бұл оқиғаға Сартай батырдың өзі айран-асыр таң қалып, көңілі құлазыды. Өзінен өрбіген алты ұлдың, олардан тараған немере-шөберенің, аталас ағайын-туыстың бірде-біреуінің суырылып шықпағанына батыр қатты налиды. Он бесінде қол бастаған батыр, бұл күнде ел билеген биді өкінткен, елге, жерге ие боларлықтай, ел тізгінін ұстап, елге қамқор болар бір ұлдың ізінен ермегені. Осыны ойлаған Сартай би мамық төсекті мыжғымдай қысып, аһ ұрады. Бұл күнде жасы сексеннен асқан би қолына қару алып жауға шаппағанмен, елдегі жылт еткенге құлағы түрулі, елдің келешегіне алаңдаулы еді. «Жігітті жорықта, атты бәйгеде сына» - деген бұрынғының сөзін еске алған Сартай би, осы жорықта бір батырдың қатарынан оза шығып, асығы алшысынан түсеріне сенімі де жоқ емес еді. Қанды кек арты жесір қалған әйелдің, жетім қалған баланың, бауырынан айырылған ағайынның, баласынан айырылған ата-ананың қайғысына ұласатыны белгілі. Адамның сай-сүйегін сырқыратар осындай оқиғаларды жаны қаламағанмен, басқа жолдың жоқтығы би көңілін жабырқатады. Бірақ жасықтық танытсаң өзінді талап жеуге даяр жау, қазақтың оңтүстігінен де, батысынан да бас көтеріп тұр. Ата жау жоңғардан құтылғанмен, өзбек пен кәпірден құтылуға келешек ұрпақ қандай айла-тәсіл таппақ? Қазақтың өсіп-өнгенін қаламайтын қара ниет көршілерге қасқайып қарсы тұратын, ел қамын жейтін ұлдың туатынына өзін сендіргісі келеді. Ел барда ер шығатыны даусыз. Ойы сан-саққа жүгірген Сартай би бесін намазынан кейін жорықтас серігі, қанды көйлек досы Жылқайдар батырдың аруағына құран бағыштап, жорыққа аттанғандардың жеңіспен

оралуын құдайдан тіледі. Кек қайтару жорығы сәтті аяқталып, жекпе-жекте он сегіз жасар Жанқожа, Нұрмұхамедұлы Тықы батырды өлтіріп, шекті қолының айбынын аспанға бір-ақ шығарады. Жауда кеткен мал-жанды түгел қайтарған қазақ қолы Тықы қорғанының быт-шытын шығарады. Жекпе-жекте мерейі үстем болған жас Жанқожа батыр Жылқайдар бидің ауылының қыз-келіншектерін, құлдыққа кеткен азаматтарын бастап ауылға ат басын бұрады. Кішкене аталығының қолын бастап келген Қылышбай батырдың қас-қағым сәтте атақ-абыройға ие болған туысы Жанқожаның ерлігіне пендешілік қызғанышы оянып, әрі түскен олжаның барлығы қаралы бидің ауылына кететінін біліп, ойланып қалады. Ойлана келе, өзіне қарасты төрт жүзге жуық сарбазды бөліп алып, қарақалпақтардың Орынбай бегінің қорғанын шабуға бекінеді. Жанындағы сарбаздарын ынталандыру үшін «Әркім өзі түсірген олжасына ие, түскен олжа бөлінбейді», - деп қызықтырады. Жанқожа, әкесі Нұрмұхамед, Өтеген би және Жылқаман батыр қалған сарбаздарды ертіп елге беттейді. Төрт жүздей қолмен шабуыл жасаған Қылышбай батыр Орынбай қорғанының ту-талақайын шығарады. Көп олжаны алдарына салып қайтқан Қылышбай батыр берген уәдесінде тұрмай, олжаның басым көпшілігін өз ағайындарына бөліп береді, бұл әділетсіздігі сарбаздардың арасында кикілжің туғызады. Бұған мән бермеген Қылышбай ел шетіне ілінген Жанқожаларды қуып жетіп, өздерінің жасаған ерліктері мен түсірген олжаларын айтып масаттанып, көңілі тасып келе жатады. Қаралы көштің малын айдап келе жатқан Жанқожаның назары Қылышбай қолынан бөлініп, өз алдына бөлек келе жатқан түрлері жабырқаңқы, олжаға кенелген жанға ұқсамайтын үш-төрт кісіге түседі. Бұлар шектінің ішіне ертеден сіңісіп кеткен ұлы жүздің үйсін аталығының азаматтары еді. Бұлардың жабырқауына не себеп болды екен деп, Жанқожа үйсін сарбаздарына қарай жақындай түсіп сыр тартады. Сонда үйсіннің ішіндегі жасы үлкені Қылышбайдың әділетсіздігін, берген уәдесінде тұрмай, бұлардың түсірген олжаларын өзінің туған інісіне тартып алып бергенін айтып шағымданады. Бұны

өстіген Жанқожа әкесі бастаған жақайымдардың көшіне ермей, Қылышбай қолына қарай тура тартады. Келе Қылышбайға істеген ісі батырдың ісіне жат екенін, айтқан сөзінде тұрып, үйсіндердің олжаларын өздеріне қайтып беруін талап етеді. Бірақ Қылышбай Жанқожаның сөзіне құлақ аса қоймайды. «Тықыны өлтірдім, енді мен батырмын дегің келе ме? Мені жөнге салатын сен кім едің, аулақ жүр»-деп айқайлап тастайды. Сөзін өткізе алмай ашуға мінген Жанқожа астындағы торы құнанға тақым қысып, Қылышбай батырмен қапталдаса бере қолындағы айбалтамен көк желкеден қалай ұрғанын да байқамай қалады. Сол бойы атына камшы басып, артына да бұрылып қарамай өз ауылдарының жылқышылар қосына барып, жылқы бағып жатып алады. Ауыр хал үстінде елге жеткізілген Қылышбай батыр басында иманын үйіріп отырған Қосымқожаның баласы Әбдужәлел қожаға есін біржиғанда, Жанқожаны жазаламауды бұйырады. Жақайымдардың қаралы көшін ата-қонысына орналастырып, елге оралған Нұрмұхамед баласының қолынан мерт болған Қылышбайдың қазасының үстінен түседі. Қылышбайдың жетісін бергеннен кейін билер ақылдаса келіп, Жанқожаға жаза қолдану керек деп шешеді. Бірақ Қосымқожаның ұрпағы Әбдужәлел қожа Қылышбайдың өлер алдындағы аманатын жеткізіп, жиналған көпшілік қауымға шектінің төбе биі Сартай ғана Жанқожаға жаза кеседі деп, құран ұстап ант етеді. Әлім-Жаманак-Өрістің Кішкене аталығынан тарайтын ағайындар кіші жүздің пірі болған Қосымқожаның ұлы Әбдужәлелдің сөзіне тоқтайды. Осы жорыққа аттанар алдында Сартай бидің оң қабағымен бата бермегенін, көріпкелі бар, қасиет дарыған Сартайдың жорық арты осылай боларын алдын-ала болжаған деген ой әрқайсысының көкірегінде сайрап тұрады. Сондықтан, Жанқожаға кесілер жазаны Әбдужәлел қожаға аманаттап, аузы дуалы, айтқаны қабыл болатын Сартай бидің кесіміне береді.

Әбдужәлел қожа қасына Жылқаман батыр, Өтеген би және қарасақал Дабыл батырды алып, жылқышылар қосында жатқан Жанқожаны ертіп, Сартай бидің ауылына аттанады. Түс ауа Сартай бидің аулына жеткен Әбдужәлел қожа сәлем беріп үйге

кіреді. Қожаның ізінен үйге сәлем беріп енген Жылқаман батыр, Өтеген мен Дабыл Сартайдың өңінің жорыққа аттанар алдында келгендегіден әлдеқайда жақсы екенін байқайды. Бұлардың соңын ала кірген төртпақтау келген, жұмыр денелі, орта бойлы Жанқожа да биге сәлемдесіп, жайғасады. Келгендермен амандық-саулықтан кейін, қонақасы берілгенше Сартай би Әбдүжәлел қожамен өткен-кеткенді, келешекті айтып біраз сұхбаттасады. Әңгімелесіп отырып, шеткері отырған өңі суық, кісіге тік қарайтын жас жігітті Жанқожа осы болар деп бағамдайды. Ұзынқұлақтан Жанқожаның батырлығы, жекпе-жектегі жеңісі, әділдігі Сартай биге де жеткен. Қонақасыдан кейін, келесі күні қонақтардың бұйымтайы сұралады. Әбдүжәлел қожаның сөзіне қанған Сартай би көп ойланып отырып, Жанқожаны жазалаудың орнына келешек ел қамқоры, шектінің бас батыры осы болар деп үміттеніп, өзінің ақыл-кеңесін айтып, бата береді.

– Мен болсам қартайдым, артымнан алдым жақын, ендігі жерде Аллаға мінажат етіп, иман тілеу ғана қалды. Балам, жастық шақ – батырлық жасайтын шақ. Жасымда қол бастап жауға шаптым, ел үшін, жер үшін намысты қолдан бермеуге тырыстым. Батырға бітер асыл қасиет: қылыштың шапқанда шалыс кетпесін, найзаң діттеген жеріне тисін. Атқан жебең мен айтқан сөзің тигенін мерт қылатындай оқ болсын. Аңғалдық та батырға тән қасиет. Аңғалдық бар жерде аярлық бар. Аярдың арбауына түсіп, қандасқа қас болма. Күштімін деп, момынға күш көрсетпе. Әдептен озба, жүзіңнен имандылығың көрініп тұрсын. Туыс та болса азғынның азғырғанына ерме. Батырлығыңды ата жауыңа көрсет. Елдікті, ауызбіршілікті, туған еліңді сақтауға жаныңды пида ет! – деп сөзін бітіріп, сөз аяғын тақпақтай жөнеліп бата береді:

«Ойдан өзбекті өргізең,

Балағыңнан кіріп, басыңа шығар.

Қырдан кәпірді кіргізең,

Қыл мойыңға тұзақ түсер.

Елді бірлігінен айырсаң -

Қайта бітпес жік түсер...».(Бұл бата менің ойымда толық сақталмады, ойыма түскендерін қағазға түсірдім. Бұған оқырмандар

түсіністікпен қарар деген ойдамын).

Сартай би осылай Жанқожа батырға шын кеуілімен батасын беріп, орыс керуенін тонағанда қолға түсірген от қару – орыс берданкасын сыйға тартыпты дейді әңгімені жеткізуші ақсақалдар.

Ал, кейінгі баспасөз беттерінде жарық көрген материалдарға назар салар болсақ, Жылқайдар батыр мен Сартай батырды 1785 жылы өлген деп жазып жүр. Тарихта Жанқожа батырдың 1774 жылы туғаны нақтыланған. Көнекөз айтушылар мен жыр жолдарына көңіл аударар болсақ, Жанқожа батыр Жылқайдар бидің кегін алғанда он сегіз жаста екені айтылады. Бұл жөнінде З.Шүкіров өзінің «Сыр бойы» романында, Ә.Оспановтың «Жанқожа батыр» романында деректер келтірілген. Егер осы деректерді басшылыққа алар болсақ, Жылқайдар би 1792 жылы қайтыс болған болып шығады. Сартай би де өте ұзақ жасаған, немере, шөберелерін көріп, немеренің қолында о дүниелік болған дейді аталарымыз.

Сартай батыр туралы деректер 1732-1817 жылдарды қамтиды және бұл деректерді растайтын құжаттар Ресей Федерациясының мұрағаттарында, қатынас хаттарда, сирек кездесетін әдебиеттерде ұшырасады. Қазіргі айтушыларды тыңдасақ, Сартай батыр Жанқожа батырмен екеуі кездеспеген дейді. Негізінде Сартай бидің билікті өзінде қалдырып, шекті қолының бас батырлығын Жанқожаға міндеттегені туралы Нұрмағанбат Қосжанұлының «Сартай батыр» дастанында былай жырланады:

«Жанқожа батыр тағы өтті,

Патшаға сілтеп қылышын,

Николайға бағынбай,

Тарылтты біраз тынысын.

Ұстамай кетті қолына,

Алтыны мен күмісін.

Сартай өтті би болып,

Қалдырып елге дабысын.

Кейінге сөзді қалдырған,

Сенімді көріп інісін.

Қисса қылып шығарсам,

Екеуінің бұл ісін...» –деп жырлаған. Дастанның бұл үзіндісінде Жанқожа мен Сартай туралы айтылып тұрғаны түсінікті. Жыр жолдарына мән бере оқыған оқырман, Сартай бидің соңғы уақытта тек билік айтып отырғанын, ал Жанқожа батырды сенімді көріп, батырлығын өзі аманаттап бергенін айтып тұр. Сондықтан, Сартайды 1792 жылы Жылқайдар би өлгенде бұл дүниеде бар деуге толық негіз бар. Сартай қазақ жерінің бүтіндігін, халық тыныштығы мен еркіндігін аңсаған батыр. Ол елге қорған болуды ойлаған. Жанқожа батырға батасын беріп, осындай талаптардан табылуды аманаттаған. Бірақ, ел аузында Жанқожа батыр мүмкін, жастықтың әсері болар, Сартай батырдың алдындағы аманатын орындай алмай, Сыр бойын тастап қырға кетіп, қыр шектілерімен, қарамашақтармен қоңсы отырған деген әңгіме айтылады. Бұл әңгіме желісі былай баяндалатын. (Оқиға Сартай батыр өлгеннен кейін үш-төрт жылдан кейін болған дейді, шамамен 1821-1822 жылдар).

Сыр бойын жағалай отырған Жақайым мен Өріс ұрпақтарының арасында жер дауы болып, Жанқожа батырға арқа сүйеген Өрістер жағы өзеуресе, Жақайымдар Толыбай батырды бетке ұстап, екі жақ соғысуға бекінеді. Сартай биден бата алған Жанқожа батырға қарсы соғысуға Толыбайдың ниеті болмайды. Ағайындарының кеу-кеуіне ермей, Толыбай батыр көп тартынады. Ол Жанқожа батырдан қорыққанынан емес, Сартай бидің батасына деген құрметі еді. Сартай биден бата алған Жанқожа шектінің бас батыры саналатын. Өзеуреп алған ағайын батырдың намысына тиер сөздер айтып, діңкесін құртады. Амалы таусылған Толыбай батыр сол кезде Бөген деген жерде отырған Жақайымның үлкені, 105 жасқа келіп отырған көлімбет Көлбай ақсақалға адам жұмсап, не айтар екен дейді. Толыбайдан келген шабарманды құс төсектің үстінде отырып тыңдаған Көлбай ақсақал:

- «Тірімде екі қошқардың соғысқанын көрген жоқ едім, Толыбайжан соғыссын», депті дейді.

Бұл хабарды алған Толыбай амалы құрып, жақайымдарды бастап шығады.

Толыбай батыр «жақайымдардың туын ұстамаймын, бірақ өзімдей қылып ұстайтын Көтібар балама берем», - дейді. Ту ұстаған Көтібарға әкесі Толыбай: «ешқандай қызбалыққа салынба, менен белгі болмай соғысқа кірме», -деп ескертеді.

Өріс жағын басқарып шыққан Жанқожа батыр ағайындарының асыра мақтағанына мастанғаны, әлде өзінен үлкен Толыбайдың ақылсыздыққа бой алдырып, қол бастап өзіне қарсы шыққанына ашуланғаны белгісіз, құрғап қалған көлтабанға келгенде астындағы «көк ешкі» атты тұлпарына тақым қысып, қарсы жаққа шаба жөнеледі. Екі батырды соғыстыруға құмар екі жақтың есерсоқтары «жекпе-жек» деп өңештері жыртылғанша айқайлайды. Толыбай батыр өз қолынан отыз қадамдай алға шығып, қолындағы найзасын кесе ұстап қасқып тұрып алады. Көк ешкіні көсілтіп жеткен Жанқожа найзасын кезеп, Толыбай батырды шаншар тұсқа келгенде, найзасы мүлт кетеді. Орағытып қайта шапқан Жанқожа батыр екінші рет Толыбай батырдың қасына шауып барып, тағы да түйрей алмайды. Көк ешкінің басын бұрып қайта салғанда, ту ұстап, делебесі қозып тұрған Көтібар шыдай алмай атын тебініп Жанқожаға қарсы шабады, найза салар жерге келгенде Көтібар Жанқожа батырдың найзасын қағып түсіріп, асқан шапшаңдықпен май бөкседен найзасын қадайды. Найза ұңғысы етіне батқан Жанқожа қолының қырымен ұрып, Көтібардың найзасын қақ бөлген күйі, соғыс шебін тастап, кері қайтады. Ашуға булыққан Жанқожа батыр: «Қолына күл шыққыр, Әймекен тоқалдан туған Көтібардың қолының қаттысы-ай», -деп қарғайды. Жанқожа ағайындарына етіне еніп кеткен найзаның сабын кертіп көк ешкінің шылбырына байлауды бұйырады. Батыр денесіндегі найза ұңғысын астындағы аты жұлқи тартып суырыпты. Жанқожа батыр майдан шебін тастап кеткесін қалған қолы да тарасады. Ертеңіне он сегіз жасар Көтібардың сол қолының алақаны күлдіреп күйіп қалғандай болып, денесі күйіп-жанып, ауырып жатып қалады. Толыбай батыр бір сұмдықты іші сезіп, торы тұлпарға қамшы басып, Жанқожа батырдың үйіне келіп түседі. Аттан түскен Толыбай төсекте етпетінен жатқан

батырдың ту сыртынан келіп сәлем беріп, беліндегі бұршақ белбеуді мойнына салып қарғысты қайтаруды өтінеді. Жанқожа түнеріп жатқан күйі: «Батыр, айтылған сөз, атылған оқ» - деген баба сөзін ескермегеніме өзім де өкініп жатырмын, ашу үстінде айтылған сөз екеумізге опық жегізгелі тұр», - дейді. Толыбай батыр орнынан әрең сүйретіліп тұрып, үйден шығып жүре береді. Келесі күні Көтібар қайтыс болады. Кеше ғана жер үшін бір-бірімен соғысуға дейін барып, қырғи қабақ болған ағайын, ойдан-қырдан «ой бауырымдап» ағылады. Көтібардың өлгенін естіруге келген шектінің ақсақалдарына қарауға Жанқожаның ары жібермей, «ата-баба аруағы ұрды, Толыбайды шанышқалы екі рет ұмтылғанымда, Сартай батыр ақ бурамен кесе көлденең тұрып, қолымды қақты» деген екен. Осы оқиғадан кейін Жанқожа батыр өзіне ерген он шақты үйді ертіп, қырға көшіп кетеді. Сыр бойындағы ағайындарының жыл сайын жіберген сыбаға, сыралғы, кеусенінен де бас тартып, жанындағы ағайындарына бөліп береді. Өзі отбасымен құмнан құмаршақ теріп, соны ұн қылып, қалды азын-аулақ малының төлін тамақ етуді дағдыға айналдырған екен. Ойдағы өзбектер бас көтеріп, қазақ жеріне бекініс салып, елге азары өткенше Жанқожа батыр Сыр өңіріне келмейді. Баласын жерлеген Толыбай батыр да ағайыннан бөлініп, Арал теңізінің Тастүбек қойнауына барып орналасады. Осы оқиғадан тәлім алған ағайын арасындағы дау-дамайды бұдан былай қарумен емес, билер шешімімен шешуді жөн көрген Жанқожа батыр баба аманатына адал болып, сексен алты жасқа келіп, жау қолынан мерт болады.

Осы әңгіменің желісінде жазылған Ә.Оспановтың «Жанқожа батыр» романындағы Жанқожа мен Толыбайдың арасындағы шиеленіске аз-кем тоқталмасам, бабалар рухына қиянат болар еді. Мен өзім осы батырлар шыққан өңірдің тумасымын, әрі жас алшақтығыма қарамай, жасы өзімнен біраз үлкен, Арал өңіріне белгілі ақсақалдармен көп араласып, осы батырлар жайында айтылған небір аңызға бергісіз әңгімелердің куәсі болдым.

Ә.Оспановтың «Жанқожа батыр» романынан үзінді келтіре

кетсем: Бір үйде тығылып отырған Толыбайға жолдастары: ²⁴

- Мынау кете ме деп едік. Сені көрмей, не жоқ екеніңе көзі жетпей кететін емес, сен қаш! – деп еді, Толыбай:

- Тал түсте қалай қашам?! – деп зарлап қоя берді. Сонда үйдің иесі:

- Сен біздің әйелдің киімін киіп, иығыңа қап сал да, тезек терген болып кете бер. Қалайда бұдан құтылмасаң болмас, - деді.

- Толыбайдың басқа амалы қалмады. Айтқанға көнді. Батыр үй тұсынан өтіп кеткен соң, ол қапшығын иығына салып, сыртқа шықты. Әйел киімін киіп, ауыл сыртына қарай кетіп бара жатқан ақ құба өңді көсе Толыбайды батыр аңғарған жоқ,- деп жазады.

Бұған не деуге болады? Батырлық та кез-келгенге берілмей, Алланың сүйген құлына қонатын қасиет емес пе! Толыбай батырға да осындай қасиет дарыған, атақ-даңқы алысқа кеткен, елі, жері үшін жан қиятын, ел қорғаған жау жүрек тұлға.

Толыбайдың бес әйелінен туған он бір ұлы бірінен-бірі өткен батыр болған дейді көнекөз қарттар. Соның бірі - Көтібар, қабақ Көтібарға ұқсап баққан батыр екенін айтушылар, қазіргі уақытта да сол Арал өңірінен табылады. Осындай батыр он бір ұлды дүниеге келтірген, Толыбай батырдың қатынның көйлегін киіп, қашты дегенге кім сенеді. Тіпті батыр аруағын сыйлау дегеніміз қайда қалды?

Сөз жоқ, Жанқожа аузы дуалы Сартай батырдан бата алған, халықтың айбаты болған, қасиет дарыған батыр. Жанқожа батырдың елге жасаған қызметі, ерлігі халық жадында сақталып, бүгінге дейін жеткен тарихи тұлға. Осы тұлға туралы жазғанда бағасын асырам деп, өзге батырларды осылай суреттеу асыра сілтегендік емес пе? Қазақ батырларының басым көпшілігі он бесінде жауға шауып, батырлығын дәлелдеген. Соның бірі әрі бірегейі Жанқожа батыр екені даусыз. Ал, он бесінде қол бастап, мың баладан жасақ құрып, ата жауға қарсы шығу мәртебесі қазақ тарихында жас та болса ақылдылығымен, батырлығымен, соғыс өнерін кемел меңгергенінің арқасында ие болған дара тұлға, Сартай батырға бұйырған атақ-даңқ деп ойлаймын.

Осы кітап жарыққа шыққанда мен Арал қаласындағы «Аралрыбпром» өндірістік бірлестігінде қызмет жасадым. Сонда Толыбайды осылай суреттегені үшін Ә.Оспаповқа ел ішінде біраз өкпе-наздың айтылғанының куәсі болдым. Соның бірі Қуандария балық зауытының директоры Толыбай Ұйқасовқа:

- Аға, Сіздің атыңызды неге Толыбай қойған деп сұрадым. Ол кісі бірден «батыр Толыбайдың есімін берген» – деді. Мен одан әрі «Жанқожа батыр» кітабындағы Толыбай батыр туралы пікірін білгім келетінін айтқанымда, ол кісі бірден ашуланып, кітаптағы жазылған оқиғамен келіспейтінін, бұл жөнінде авторға ауызба-ауыз айтқанын мәлімдеді. Осы мекемеде істейтін Жақайымнан, Шөмекейден және Өрістен тарайтын сол кездегі жасы үлкендермен сөйлесіп, пікір алысқанымда көпшілігі Ұйқасов Толыбайдың пікірін қолдады. Осы ағаларымның есімдерін атап кеткенімнің артықтығы болмас. Олар: Смағұлов Махмут, Есенов Әбілтай, Қалқаманов Қалдыбек, Төлеков Қалдыбай, Тілеулесов Қуанышбай, Түбекбаев Амангелді, Құлмашев Өмірзақ, Тәжімбетов Қарасай. Бұл кісілердің барлығы оқыған-тоқығаны көп, өздерінен үлкендерді тыңдап өскен, көзі ашық, өздері де өткен-кеткеннен жақсы әңгімелер айтатын азаматтар еді. Мен де бұл әңгімелерді қызыға тыңдайтынмын, ол кезде тіпті жазамын деген ой үш ұйықтасам, түсіме кірмеген де еді.

ПАТША САЯСАТЫНА ҚАРСЫ ШЫҚҚАН САРТАЙ БАТЫР

1748 жылы Әбілқайыр хан өлген соң Кіші жүзде береке болмайды. Жәнібек тарханның ықпалымен Әбілқайыр ханның үлкен ұлы Нұралы өзінің отауында, өзіне жақтас старшындардың ұйғарымымен хан сайланады. Бірақ кіші жүздің көптеген рулары бұл шешімді қолдамайды. Қызылқұм, Қарақұмды, Сырдария бойын жайлайтын ықпалы зор шекті елі бұл шешіммен келіспей, Батыр сұлтанды өздеріне хан сайлайды. Нәтижесінде жаңадан сайланған екі хан кіші жүздің берекесін кетіріп, іштен ыдырауына әкеліп соқтырады. Нұралы ханның сенімді тірегі Әбілқайыр ханның кезіндегідей «шекте» елі емес, өзінің нағашы жұрты «Байұлы» болады. Он екі ата байұлының да ол кезде ауызбіршілігі болмай, өзара бақталастық қозып, ханға арқа сүйегендердің өзінен әлсіздеріне қыр көрсетуі көбейеді. Байұлының кейбір рулары Нұралының хандығын амалсыз мойындайды.

1751 жылы тама Есет батырдың қайтыс болуына байланысты Жетіру жұртына Нұралы ханның інісі Айшуақ сұлтан иелік етеді. Нұралы хан кіші жүз старшындарының өзін толық қолдамайтынын, елді басқару оңайға соқпайтынын дәл ұғады. Сондықтан өзінің саясатын жүргізуге жәрдем беретін, тірек болатын сыртқы күшке иек артуды жөн көреді. Шығыстағы өзбек хандарымен байланысы үзілген Нұралы хан жоңғар, қалмақ, башқұрт хандықтарымен де қатынас орнату бекершілік деп шешеді. Әкесі Әбілқайыр ханның жолымен Ресей патшалығын мойындап, Нұралы ханға соған арқа сүйеуден өзге жол қалмайды. Өзінің жақтас старшындарының қолдауымен хан сайланған Нұралы, осы қызметке бекітуді өтініп, 1749 жылы Петерборға елші жібереді. Әкесі Әбілхайыр ханның арқасында жастайынан сұлтандық қызметтің дәмін көп татқан тойымсыз Нұралы хан кіші және орта жүздің аға хандығына бекітуді сұрайды. Кіші жүз қазақтарының сол кездегі жағдайынан хабары мол Ресей өкіметі өздерінің ішкі есебін іске асыруды көздеп, Нұралыны «қазақ ханы» етіп бекіткен грамотасын жібереді. Бастапқыда әкесі сияқты ел

мүддесін шешуде билердің, старшындардың кеңесімен санасып қызмет атқарған Нұралы хан келе-келе ежелден қалыптасқан ел басқару жүйесін күрт өзгертіп, бәрін өзі басқармаққа бекіп, билер мен старшындардың ақыл-кеңесіне жүгінуді тоқтатады. Ел іші іштен бүлініп, барымта-қарымта көбейеді.

1758 жылы жоңғар мемлекеті жойылып, ата жаудан құтылған қазаққа бұдан кейін де тыныштық болмайды. Орта Азия хандықтары қазаққа Оңтүстіктен бүйідей тисе, батыстан патшалық Ресей өкіметі құнарлы жерлерді, орманды-сулы өңірлерді тартып алып, қазақ жеріне сұғына түседі. Сондай-ақ, Ресей империясы өзінің отаршылдық саясатын іске асыруға патша өкіметінің құралы болған орыс-қазақтарды, қалмақтарды, түрікмендерді, башқұрттарды және Орта Азияның Бұхара, Хиуа, Қоқан хандықтарын да қоса пайдаланады. XVIII-XIX ғасырларда өздерінің ата кәсібі – мал шаруашылығымен айналысқан кіші жүз өңірінің қазақтары үлкен күйзеліске ұшырайды. Шаруашылықтың бұл түрі жыл мезгіліне қарай әрдайым көшіп-қонуды талап ететіні белгілі жағдай. Қысқы қонысқа дауылдан, бораннан ық-пана болатын, қар жұқа түсетін, қысы ұзаққа созылмайтын Оңтүстік өңірлер, жазғы жайлау үшін шөбі-суы мол өзен бойы, суы тұщы көлдер маңы таңдалып, іріктелетін. Әрбір рудың көшіп-қонып жүретін қыс-қыстауы, жаз-жайлауы белгілі болған. Оған басқа рулар өзара келісімсіз қоныстана алмаған. Ежелден атадан балаға мирас болып келе жатқан кіші жүз қазақтарының осы ішкі тәртібіне Ресей империясының саясаты үлкен зардабын тигізеді.

Ресей империясының 1580 жылы Жайық (Яйцкий) казак әскерін құруының негізгі себебінің өзі, қазақ елін жаулап алу еді. Сол күннен бастап Ресей империясы жақсы қаруланған орыс-қазақтарды, кейінірек қалмақтар мен башқұрттарды қазақ еліне айдап салып отырады. Арнайы жоспар құрған Ресей отаршылдарының мақсаты Жайықтағы қалашықтан бастап Орынбор, Ор, Жаңа Үй шебі, Сібір шебі арқылы қазақ даласын қарулы әскермен қоршап, тыпыр еткізбей ұстап отыруды көздеді. 1755-1772 жылдары кіші және Орта жүз жерлерінде, Жайықтан Өскеменге дейін 3,5 мың шақырым жерде бірнеше бекіністер салынады. Жайықтың

теңізге құяр сағасынан жоғары қарай Жайық казактары, Елек пен Верхноуральск бекіністерінде Орынбор казактары, Үй шекара шебі мен Ертіс бойындағы бекіністерде Сібір казактары орналасады. Олардың қай-қайсы да патшалық Ресейдің отарлау саясатын өте қатал әскери тәртіп арқылы жүзеге асырады. Жаңадан салынған бекіністерге ішкі Ресейден казак-орыстарды әкеліп орналастырып, оларға жер беріп, қазақтардың мал жайылымдарын тарылтқан үстіне тарылта түседі. Бекіністегі казак-орыстар жақын отырған қазақ ауылдарына оқтын-оқтын шабуыл жасап, малдарын айдап, адамдарын байлап әкетіп тұтқын етеді. Осындай жағдайлар шекара бойындағы бекіністердің барлығына тән. Бұл жөнінде белгілі зерттеуші М.П. Вяткин өзінің «Батыр Сырым» кітабында былай деп жазған: «...Тегі негізгі орыстың деректерінде «шекара барымтасы» дейтін шабуыл бүкіл бекініс линиясының бойында үнемі қолданылып тұрады. Мұның ұйымдастырушылары – Жайықтағы казак-орыс әскерилерінің старшиналары. Бұл шабуылдардың көп болатын себебі, шабуылға қатысқандар олжа түсіріп, ауқаттанып қалып отырады. Мұны Орынбор әкімшілігінің өзі де мойындайды. Шекара барымтасы қырғыз-қайсақ халқының қарсыласуын басудың негізгі әдісі деп қаралған²⁵».

Бұдан патшалық Ресейдің негізгі мақсаты – қазақ елін өз дегеніне көндіруді көздегенін аңғарамыз. Бағындырып алған соң, сол арқылы Орта Азияға өту екені анық байқалады. Патша үкіметі қазақтарды бағындыру саясатын кіші жүз өңірі арқылы жүргізеді. Өкініштісі сол, сол кезде ел тұтқасын ұстаған қазақ елінің хандары, сұлтандары мен би-батырлары ата жау жоңғарды қазақтарға айдап салып, өздері қазақ елін қоршай бекіністер салып, әбден күшейіп алған Ресей империясының жымысқы саясатын кеш түсінеді. Кіші және Орта жүздің жазғы жайлайтын жайлау қоныстарын күштеп тартып алу арқылы өздерінің отарлау саясатын жүзеге асырған патшалық Ресей, ел басқарып отырған хандардың хандық дәрежесін алып тастап, елді бассыздандыруды да көздеген. Қазақ даласын губерниялық кәсіпорынға бөліп басқару реформасын дайындап, енгізуге күш салады. Орынбор генерал-губернаторлары қазақ хандарын, сұлтандарын, би-батырларын

бір-біріне айдап салып, жағдайды шиеленістіре түседі. Кіші жүз қазақтарына жазда мал жаятын жайылым, жайлау жетіспей өз ара талас-тартыс күшейеді. Жайықтың оң жақ бетіне өтулеріне тыйым салынады. Суы мол өңірге, жайлауға таласқан ағайын бірінің малын бірі қуып барымталайды, адамдарын байлап әкетіп тұтқын ету басталады. Бұндай әрекеттен қазақ даласында кіші жүз елімен бірге көшіп жүрген Нұралы хан да тыс қалмайды. Өзін қолдамаған старшындардың елін шауып, малын барымталайды. Нұралы ханның балалары, бауырлары басбұзарлықты өршіте түседі. Қолдарына түскен әрбір тұтқын қазақ үшін 20 (жиырма) жылқыдан алатын Нұралы хан жақтастарымен тегін пайданың қызығына беріліп, елдің мұн-зарына құлақ аспайды. Осындай жер үшін, жайлау үшін болатын қақтығыстар кіші жүздің бар өңірінде белең алады. Оның үстіне қазақ жерін басып алуды әріден ойлаған Ресей империясы Бұхара, Хиуа, Қоқан хандықтарымен астыртын келіссөз жүргізіп, қару-жарақтармен жабдықтау арқылы өздеріне одақтас ете отырып, оларды қазақтарға айдап салған. Осы XVIII-XIX ғасырдағы қиын кезең туралы Х. Досмұхамедов өзінің «Аламан» кітабында нақты бейнелейді:

«Осы екі ғасырдағы патша өкіметінің жұмысы қазақты әбден бағындырып алып, қазақты көпір қылып Азияға аттау болды. Қазақтың амалы таптайын деп тұрған патша өкіметінен құтылу болды. Дәуірлеп келе жапқан орыс байларының капиталымен жауласам деп, кіші жүздің жүз жарым жылдай тарихы қанмен жазылғандай болды» - деп көрсеткен.²⁶

Ресей патшалығының және осы өкіметті қолдаған қазақ хандары мен сұлтандарының озбырлығына шыдамаған кіші жүздің би-батырлары отаршылдық саясатқа қарсы тұрады. Атап айтар болсақ: Сырым Датов, Қаратау би, Софы би, Бөдене би, Тормамбет би, Сартай би және тағы басқалар елді патша саясатына қарсы көтере білді. Ал Нұралы хан отарлаушы империяның саясатын қолдап, сойылын соғады. Патшаға арқа сүйеп Ресей өкіметі салған бекіністердің бірін паналап, ел басқаруды ойлайды. Кіші жүз халқы мен кейбір сұлтандар бұған қарсы болып, сұлтандар да екіге жарылады. Өз тәуелсіздігін, ата-бабадан мирас болып

26 Досмұхамедов Х. «Аламан». Алматы, 1991. 51-бет.

қалған жерін сақтап қалуды ойлаған кіші жүздің елуден астам билері 1785 жылдың 21-шілдесінде Екатерина II патшайымға Нұралы ханды тақтан түсіру жөнінде өтініш жазады.²⁷

«Ее, величеству всемогущей великой императрице и самодержице всея России и прочих, и прочих краев повелительнице, государыне Екатерине Алексеевне. Аксакалов и всего верноподанного ее величества народа Малой Орды киргиз-казахского журта прошение.

Мы, простой народ Малой Орды киргиз-казахского журта, люди все, исключая хана и начальства, совершающие набеги на российский журт в гневе на Нур-Али хана в виду его дурного отношения к российскому журту, и не совершающие набегов, - все в одинаковом положении и с равным единодушием единодушно обещали: ни в кося мере не оспаривать и не сопротивляться повелениям и ярлыкам ее величества падишаха, если будут отстранены от ханства дети Абулхайр хана и не будут приниматься во внимание все письма Нур-Али хана. При этом условия мы все старосты и весь народ Малой Орды обещаем повиноваться и потому признаем величие журта ее и.в. и будем исполнять ее волю, а падишаха, ее величество, признаем милостивой и милосердной. Признаем, что происходившие до сего времени у нас с вами взаимные перестрелки и набеги (возникали) по причине губительных действий Нур-Али хана, из-за его честолюбия и жадности. Он (причинил) бесконечное и бесчисленное множество подлостей как киргиз-казахскому журту, так и журту России. Знает ли ее величество падишах об этих его предательствах? Возводить такого предателя в ханы и правители, не зная о том, едва ли уместно.

Если вы не отстраните детей Абулхайр хана от ханства, у нас с вами не будет мира и спокойствия, не потому что мы терпим от падишаха что-либо худое, а в виду злодейства хана. Поэтому мы единодушно решили не вести с вами переговоров и не заключать мира, до тех пор (пока он не будет отстранен). Прежнее наше условие с вами было нарушено

27 Қазақ ССР тарихының материалдары. IV-том. 1940ж., 50-бет.

жадностью хана, а настоящее он нарушит, если не будет изгнан из нашей среды.

В случае, если вы примете настоящее условие, просим освободить всех находящихся в ваших руках пленных и заложников; в особенности и прежде всего пришлите, сделав милость, Шукур-Али, который был торговцем на Белом базаре и хорошо знает способы успокоения нашего журта.

При этом мы отправили посланными от народа следующих 5 человек: муллу Шафибахадур, Абдуллатифа Бухари, Искендербая, Мажан бахадур и Женкибая.

За неимением у нас, киргиз-казахов, печати, мы поставили имена всех аксакалов на месте печати.

Рода Шекты: Кудаш бий, Сегизбай, Баиш бий, Нурбай бий, **Сартай бий**, Жан-Сары.

Рода Торткара: Отыбас бий, Кара-Кобек бий, Тилбай бахадур.

Рода Каракесек: Айдарбек, Кара-жан бахадур.

Рода Шокекей: Арсланбай бахадур, Актан бий.

Рода Кете: Коккоз бий, Макул бахадур, Отеп бахадур.

Рода Алаш: Азамат бий, Сафар бий, Отевли бий.

Рода Серкеш: Тормамбет бий, Есен-Аман бий, Косем бахадур, Жаркын-бай.

Рода Тазлар: Колжабай.

Рода Ысык: Берды-Али бий, Каратау, Косек-бай...»

Өтініште Сартай бидің есімі жазылған. Бұл хатты сол кездегі кіші жүздің пірі болған Әбдужәлел Қосымқожаұлы мен Сырым батыр бекіткен.

Жайық бойындағы шұрайлы жерден айырылған кіші жүз қазақтарының өзара жер үшін таласып, қырқысуын қолдамаған Сартай би бастаған шекті елі екі жарылып, Сыр бойын, Қызылқұмды қыстап, Қаракұм, Борсық құмына жайлауға шығуды дағдыға айналдырады. 1771-1772 жылдары батыста қалған қыр шектілерінің елін Жайық бойының казактары рұқсатсыз Жайық өзенінен өткендерін сылтауратып, аяусыз шауып, малдарын тартып алып, басты-басты адамдарын байлап әкетеді. Бұны

өсетіген шекті елінің биі Сартай батыр атқа қонып, сыр шектілерін бастап барып, ағайындарын тұтқыннан босатып алады. Малдарынан айырылып, күйзеліске ұшыраған қыр шектілеріне сыр шектілерінен «жылу» жинап, алдарына мал салып береді. Тумысынан намысқой, қайсар, қажырлы қыр шектілері сонда да Сырға қайтпай, Мұғалжар тауын паналап, Борсық құмын жайлап отырып қалады. Орыс зерттеушісі И.П. Георги 1770-1774 жылдары кіші жүз даласына өз бетімен саяхат жасайды. Осы сапары туралы «Ресей мемлекетінде мекендеуші барлық халықтарды сипаттау» - деген еңбек жазып қалдырады. Осы еңбегінде XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында, түрлі жағдайларда кедейлікке ұшыраған, қиындыққа душар болған рулас ағайынға «көмек» көрсету жөніндегі дәстүрдің бары туралы қызықты мәлімет қалдырған. Бұның өзі қазақ халқының қиындық жағдайда бас біріктіріп, бір жерден табылатынын көрсетеді. Бұл дәстүр кіші жүз елінде жалпы қазақ халқында осы уақытқа дейін жалғасын тауып келеді.²⁸

28 И.П. Георги. «Описание всех в Российском государстве обитающих народов. СПб., 1776; 2-е изд., СПб., 1779.

САРТАЙ БАТЫР ТУРАЛЫ ӨЗГЕЛЕР НЕ ДЕЙДІ?

1787 жылы қыркүйек айында Хобда өзенінің бойында Орынбор генерал-губернаторы барон О.А.Игельстромның ұйымдастыруымен кіші жүз елінің старшындарының жиналысы болады. Бұл жиналыста генерал-губернатор О.А.Игельстромның кіші жүз елін Қаракесек, Байұлы және Жетіру аталықтарына, яғни, үш ордаға бөліп басқару туралы ұсынысы өтіп, шешім қабылданады. Старшындар мен халықтың жалпы жиналысы әрбір «басты орданы» басқаратын старшындарды сайлайды. Қаракесек руына – Сегізбай би, Байұлына – Тормамбет би, Жетіруға – Тіленші батыр старшын болып сайланады. Жаңа сайланған старшындарға барлық рудың үстінен қарау міндеті жүктеледі. Осы жиналыстың өтуіне басты себепкер болған, халық алдында зор беделге ие болып, Нұралы ханға басты қарсылас бола білген Сырым батыр үш орданың да кеңесшісі болып сайланады. Сонымен бірге Көккөз би мен Қаратау би де старшын болып сайланады. Бірақ олардың атқаратын қызметі түсініксіз күйде қалады.²⁹

Дегенмен, жаңа сайланған старшындар басқару реформасын патша әкімшілігі ойлағандай жүргізе алмайды. Басқару жүйесінің ойдағыдай жүрмеуіне қазақтарға белгілі айтулы билердің сайланбауынан көрген генерал-губернатор О.А.Игельстром өзінің реформасына қосымша енгізуге мәжбүр болады. Барон О.А. Игельстром өзінің патшайым Екатерина II-ге жазған мәлімдемесінде: «...басқаларға қарағанда өздері артықшылық халде боларлықтай қызмет жүктеу қажет», - деп өз ойын білдірген. 1787-1789 жылдар аралығында сайланған тексеру-басқару старшиналығына Әлім әулетінен Сартай би, Қаракөбек би, Мұратбек би тағайындалған. Байұлына – Сырым батыр, Қаратау би, Жетіру әулетіне – Тіленші мен Жанболат батырлар сайланады. Бұдан басқа Сырым батырға «тархан» атағы беріледі.³⁰

29 Вяткин М.П. «Батыр Сырым». Алматы, 1951. 189-бет.

30 Вяткин М.П. «Сырым батыр». Алматы, 1951. 229-230 бет.

Бұл жиналысқа патша әкімшілігінің өкілі, сарай кеңесшісі А. Вектурин мен Орынбор губерниясының бірінші ахуны, муфти Мухаммеджан Хусайнов та қатысады. Осы жиналыстан кейін старшындар өздері басқаратын рудың қожалықтары атынан патша ағзамға, оның өкіметіне адал болуға ант қабылдайды. 1786-1787 жылдардағы орыс-қазақ қатынастары туралы жазылған деректерде, осы жылғы ант беру құжатына басқа билермен қатар шекті руының он мың үйі атынан Сартай бидің де ант бергені туралы жазылған.³¹

Одан әрі мұрағаттық деректерді саралап қарасақ, кіші жүз қазақтарының ішкі жағдайының сапырылысып, әлеуметтік жағдайының нашарлағанына көз жеткізуге болады. 1780-1785 жылдары Нұралы хан мен Сырым батыр арасы шиеленісіп, ханға өшіккен батыр ел басқарып отырған би-батырларға арнайы хат жазып, ханға қарсы соғысуға көмек сұрайды. Сырым батырдың хатын алған Сартай би: «Жаныңда Әлімнің туын көтеріп Сегізбай, Мұратбек, Қаракөбек, Шүкірәлі жүр. Жайықтың бойы қонысың болса, басыңа әлдеқандай күн туа қалған жағдайда келіп паналайтын Сырдың бойы өрісің. Бұл жақтан бәріміз атқа қонып батысқа бет алсақ, ойдан өзбек өргелі тұр. Сондықтан Сыр шектісінің екі мың қолына бас болып Жылқаман батыр аттанады, өзім іштей тілекші болып Сыр бойында қаламын...», - деген мазмұнда жауап хатын жолдайды. Хан мен патша әскеріне қарсы ұрыста Сыр шектісінің қолын басқарып барған Жылқаман батыр қос жауырынының ортасынан ауыр жарақат алып, кейін осы жарақаттың салдарынан аяғын баса алмай сал болып, төсек тартып, көп жыл жатып қалады.

1787-1791 жылдары Түрік елі мұсылмандығын алға тартып, Бұхара хандығын Ресей империясына қарсы көтеру мақсатында хат жолдайды. Бұл Түрік елі мен Ресей империясының арасында соғыс жүріп жатқан кезі еді. Ал, Бұхара хандығы Ресей империясымен көршілес жатқан кіші жүз қазақтарын осы соғысқа араластырмақшы ниетпен басты-басты билерге,

31 Вяткин М.П. «Сырым батыр». Алматы, 1951. 226 бет.

батырларға хат жолдайды.

«Храбрым воинам, биям и старейшинам Сарытай-бию, Сырым-батыру, Шукуралы-бию, Садырбеку, Барак-батыру, Даждан-батыру мир и благославление, а потом слово наше. Слава Вышнему Богу. По милости Его Святой все наши дела теку благополучно. Одна только у нас скорбь: недавно от православного турецкого государя, наместника божия, прибыл к нам посол с грамотою, извещающею, что неверные россияне со всех сторон собирались и, соединясь с семью европейскими державами против турецкого государя, выступили поход. А как вы живете к россиянам ближе, нежели мы, и, следовательно, сражаться с ними умеете лучше нас, то мы предлагаем всем рабам Божиим и последователям Мухаммеда, уповающим на ходатайство Пророка нашего, соединиться с войском турецким делами и духом и отправиться на поражение неверных, за что великую мзду получить можно. Если же кто в том походе упустит нанести неверным возможный удар, тот имеет опасаться от Бога жестокого гнева и на ходатайство Пророка нашего да не упоает. Впрочем, просим словесному объявлению посланного дать веру».

«Слышим мы, что у вас, казахов, собственных мудрецов или ученых людей нет; почему никак не можете исполнить узаконений Пророка нашего. Поелику же господь Бог всем народом повелел знать учение его и, сообразуясь с оным молиться, содержать пост и давать милостыню из имения своего, то познание грамоты для чтения книг принадлежит к богослужению. У нас ныне находится источник мудрости: ибо из всяких народов, а именно из узбеков, таджиков, арабов и туркменцев много есть учащих в школах наших, а от вас, народа столь многочисленного, не находится ни одного ученика. В Коране Пророк наш предписал, чтобы всякий правоверный, не только муж и жена, но и малые дети учились закону, боялись Бога, и когда в состоянии найдутся, то друг друга увещевали бы, а потому советуем вам прислать сюда из

всякого рода по два или по три человека для научения. Ежели увещаний ваших не послушают, то силою возьмите от всякого рода по два или по три человека. Пропитание им будет от нас. Когда же они окончат учение и сделаются сведущими в законе, то возвратятся в дома свои с правилами благочестия, с привычкою к молитве и посту. Если же вы, народ казачий, имея возможность исполнить наше предложение, оставите оное без исполнения, то сделаетесь на сем свете изменниками Богу, а в день Воскресения будете гореть в адском огне. Ежели бы мы сей истины вам не предложили, то сами заслуживали бы в сем свете название неверных, а в будущем подвергли бы себя вечному адскому огню.

Впрочем, с нашим почтением пребываем. Лета 1202 от Эгиры, (или 1788 от Рожд. Христова)».

К письму сему приложена была чернильная печать бухарского аталыка (первого министра) Шаг-Мурата.³²

Сартай би бұл хатқа: «Шекті елінің Ресей империясына ұзында өші, қысқада кегім жоқ, орыстармен соғысқысы келсе бұхаралықтар өздері білсін. Бірақ жолда қалың қазақ елі бар, бұхара әскерін өз жерімен өткізу-өткізбеуді мен шешем», деп үзілді-кесілді қысқа жауап қайырады.

Бұхара хандығынан кіші жүздің батыр-билеріне хат келгенінен құлақтанған генерал-губернатор О.А.Игельстром шекті еліне, өзбектермен шекаралас жатқан төртқара, шөмекей руларының арасына құпия мәлімет жинау үшін жауапты тапсырмамен Орынбордың муфтиі Мухамеджан Хусайновты бірнеше рет жібереді. Көне ноғай жолымен Арал теңізінің жағалауын бойлап, Сырдария өзенінен Райым бекінісі арқылы өтіп, Қызылқұмдағы төртқара, шөмекей руларын аралаған М.Хусайнов Бұхара, Хиуаға дейін сапар шегеді. Өзбек хандарымен астыртын сөз байласқан М.Хусайнов өзбек хандығын қару-жарақпен жабдықтап қазақтарға айдап салмақ болады. Татар купецінің баласы М.Хусайновтың өзбек пен

екі ортаға сапарының жиілеуінен күдіктенген Сартай би сыр шектілерін көтеріп, 1790 жылы М.Хұсайновтың керуенін тонап, өзін Ресейге кері қуады. Бұл оқиға туралы Ералы сұлтан 1794 жылғы 4-қаңтарда Екатерина II-ге жазған хатында мәлімдейді.³³

Осы оқиғаларды сараптай келе, ой түйгенде Сартай бидің Ресейді шын мәнінде қолдамағаны белгілі. Жасы келіп қалған қарт би, айбынды батыр Сартайдың Ресей отаршылдарына деген ашу-ызасы, қаһары көкірегінде шер болып қатады. Өз кіндігінен шектінің ақ туын көтеріп, қастасқан дұшпаннан ақырып теңдік сұрайтын ұлдың тумағанына өкінеді. Алдағы өмірден үмітті Сартай би, сол жылдары Малтабардан туған немересі Бейсеннің екінші ұлына «**Мыса**» деп ат қояды. Келешек менің орнымды осы басатын болар, елдің намысын ойлайтын халықтың айбаты болар деп үміттенеді. «Әке балаға сыншы» - демекші, Мысаға да көңілі толмайды. Бұны байқаған ел: «Мыса нағашысына тартқан жабы болды» - деп кекетіседі. Мысаның нағашысы қарақалпақ ішіндегі «жабы қыпшақ» екен. Сартай би қартайса да ел басқару, билік айту ісінен қалмайды. Оның нақты дәлелі: 1817 жылдың 16-тамызында кіші және орта орда билерінің патша ағзамға жазған мәлімдеме хатында Шерғазы Айшуақұлын өздеріне хан етуді ұсынып, ол турасында дәйекті деректерді алға тартқан жүзден астам билер қол қойған. Міне, осы хаттағы тізімде 21-ші болып, «мен Сартай Байжанұлы өзімнің мөрімді бастым» деген сөздер бар.³⁴ Ең қызығы, осы құжатта Сартайұлы Жабы деген кісі де қол қойған. Сартайдың үш әйелінен өрбіген алты ұлдың батыр немесе би болғаны туралы ауызекі әңгімеде айтылмайды. Не болмаса тарихи құжаттарда дерек келтірілмейді. Сондықтан, бұл хатқа батырдың шөбересі Мыса өзінің қосалқы атымен қол қойған деп ойлаймын.

33 Қазақ ССР тарихының материалдары. 1940 ж. IV-том, 166-170 беттер.

34 Қазақ ССР тарихының материалдары. 1940 ж. IV-том, 317 бет.

Ал енді осы Сартай батырдың мөрі және қылышы кешегі күнге дейін сақталып келіп, бүгіндері ізім-ғайым жоғалған баба мұралары ұрпақтарын үлкен өкінішке ұрындырып отыр. Баба мөрі мен қылышы туралы Күләй Әйтенқызы былай деп жазады:

«Үш жүзге аты мәлім батыр, әрі би Сартай атамның бел баласы екенімді мақтан тұтамын. Кеңес дәуірі кезінде әкелеріміз бізге ешнәрсе айта алмады. Ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға мирас болып келе жатқан бұл мұраны Төремұратқызы Рабиға апам апам Күлмашқа аманаттапты. Апам Күлмаш «жасым болса келді, бұл мұраға сен ие бол, атаңның мөрін көзіңнің қарашығындай сақта»-деп 1980 жылы маған тапсырған еді. Мөрдің көлемі домалақ, жан-жағы күміспен қапталып, алтындалған. Ортасында арабша жазуы бар. Сол бір жылдары ауырып атамның сақина мөрін қолыма тақтым. Оны көрген жандар таңқалатын-ды. Сақина мөрдің шапағаты ма, оны таққан соң ауруымнан айықтым. Содан соң балам ауырған соң сақинаны оның қолына тақтым. 1982 жылы мөрді балам жоғалтып алды. Бұл оқиға Тельман көшесі бойында болды. Сол бір жылдары балалар көше-көше болып төбелесетін-ді. Мүмкін мөрді тауып алып, сақтап отырған жандар болса хабарласар деген үміттемін. Мөрдегі арабша жазуды молдаға оқытып алмағаным өкінемін. Қателігім, әрі білместігім болар, бабаның мұрасын сақтай алмадым. Алладан кешірім сұрап, бабама сыйынып жатамын. Мөр жоғалған соң да іздеуге мүмкіндік болмады. Әуелі жолдасым, одан соң мөрді жоғалтқан балам қайтыс болып, уайым-қайғыдан бас көтере алмай қалдым ғой.

Және де Сартай атамның бел баласының бірі – Шижағада тұратын Мәукеков Жұмахметтің Кермеқас атты апасы босана алмай қиналып жатқанда, Сартай атамның қылышын бас жағына апарып байлапты. Сол жерде бабаның қылышы ұшты-күйлі жоқ болып кетіпті. Атамның қылышын сақтап отырған жандар болса қайтарса екен».

Сонымен бірге Нұрмағанбет ақын жазған «Сартай батыр»

дастанының түпнұсқасын Ақшатаудағы Қадірхан Махмұтовтың атасының бейіті маңына апарған Жетпіс деген шал теріге орап көміп, баласы Жұбатханға аманаттапты. Жұбатхан өмірден өткенмен, баласы Шанжарханның көзі тірі» – деп жазады.³⁵

Осы мақаланы жазып отырған Күләй апамыздың Сартай батырға туыстығын тарката кетсем, артықтығы болмас. Сартай бабамыздың Малтабарынан Меңдіқара туады, одан Боранбай, Боранбайдан 1888 жылы Әйтен туады. Күләй апамыз осы Әйтеннің қызы.

Ал, енді баба мұраларына келетін болсақ, Сартай бабамыздың мөрі мен қылышының жоғалмағанына мен сенемін. Біз пендеміз ғой, мүмкін құнды металдарын ерітіп, пайда етеміз деп ойлауы. Ол заттарды басқа ештеңеге жаратпайтынымыз белгілі. Қылыш алып жауға шабатын жаугершілік заман емес, не бабаның сақина іспетті мөрін қолға тақпаймыз. Сондықтан жалғыз кіші жүздің ғана емес, үш жүзге ортақ Сартай бабамыздың мұралары мұражайға өтуі тиіс. Он бесінде қол бастаған батыр бабамыздың батырлығына қоса, әулиелік, көріпкелділік киелі қасиеттері болған. Олай болса баба әруағын сыйлайық, киесінен қорқайық, ағайын!

35 Толқын газеті. «Сартай батырдың мөрі». 2008 ж. 27 ақпан.

ҚОСЫМ ҚОЖАНЫҢ КӨРІСКЕЛДІГІ

Ел аузында мынадай аңыз бар: Бірде Қосым қожа, төртқара Дәулет бақсы, жақайым Сартай батыр үшеуі қызылдың құмында келе жатып, алдарынан шыға келген қоянды көреді. Қоян да бұлардан үрікпей, арқан бойы жерде көрініп тұрған сексеуілдің түбіне жата кетеді. Сонда ат тізгінін тежеген Қосым қожа: «Менің өлгеннен кейінгі бейітім – анау қоян жатқан жер. Сен Сартай оң жағыма, Дәулет сол жағыма жайғасарсындар» - депті.

Жасы ұлғайып, әбден қартайған Сартай батыр бабамыз дүниеден озар шағында ағайын-туыстарымен, балаларымен араздасып, қоштасып: «Мені Қызылқұмдағы Қосым қожаның оң жағына жерлендер» - дейді. Қыс мезгілі болса керек, тандана қараған балаларын түсінген әкесі: «Қорықпандар, мені ақбас атанға артып басын бос қоя бер, межелі жерге сол жеткізер» - дейді. Қайтпас сапарға аттанған баба сүйегін қыстың саршұнақ аязына қарамастан, ақбас атан Қызылқұмды бетке алып, қаралы топты бастап желе жортқанда, күн райы бірден сынып, сіреу қар ери жөнелген екен. Ешқандай қиындықсыз Қосымқожа бейітіне жеткен қаралы топ Сартай денесін жер қойнына тапсырып, қайтуға жиналғанда, қыс қаһары қайтадан күшіне мінген көрінеді. Баба күдіретіне танданбасқа, табынбасқа лажың жоқ!


Ал, енді Орынбет ақсақал айтқан аңызға бергісіз әңгімелерге, тарихи деректерге сүйенсек, Сартай батыр 1711 жылы туып, 1818 жылы 107 жасқа келіп қайтыс болған екен. Орынбет атамыз: «Сартай батыр өз тұстастарының барлығы дерлік о дүниелік болып, әбден қартайып, кейін бала-шағаның ортасында өлді. Мен де бабама ұқсап ұзақ жасаймын» - деп айтып отыратын. Айтқанындай-ақ, ақсақал елдің айтуы бойынша 1972 жылы тұп-тура 107 жасқа келіп қайтыс болды. Сүйегі Арал ауданы Шөміш станциясының күн батыс жағындағы қорымға жерленді.

Осы «Мың бала жорығын», оның қолбасшысы Сартай батыр есімін қасиетті бойтұмардай сақтап, жырлаған, кейінгі ұрпаққа айтудан жалықпаған, көне көз қария Орынбет атамыздың соңғы тыңдаушысы мен болуым мүмкін. Қария да Сартай есімі өшпесе


екен, балалардың ішінде бірі болмаса бірі есте сақтап, кейін жарыққа шығарар деген үмітте болды ма? Кім білген?..

Менің замандастарымның ішінде көне әңгімелерді айтатындар жоқтың қасы. Менің де осы «Мың бала жорығы» туралы жазуыма бабалардың әруағы себепкер болған шығар. Ауызша айтылған көптеген деректерді, өлең-жырларын ұмытқаным, әрине өкінішті.

Дегенмен, ойымда қалғандарын, еске түйгендерімді барға қанағат ете, тарихи деректермен салыстыра отырып жазып шықтым. Оқырман мені сөкпес деп ойлаймын. Баршаңызды Сартай баба әруағы қолдасын!




2008 жылы Арал қаласында ашылған
Тәуелсіздік алаңындағы
Сартай батырға қойылған ескерткіш.



Мүсірәліқожаұлы Қосымқожаның бейіті



Мүсірәліқожаұлы
Қосымқожаға қойылған
құлпытас




Сартай батырдың
бейітіне қойылған
құлпытас



Байжанұлы Сартайдың бейіті



Жалаңтөс
баһадүрдің ұрпағы
Дәулетбақының бейіті




Бетпақдала. Таңбалы Нұрадағы – Таңбалы тас



Таңбалы тастағы казак руларының таңбалары


- 1. Жоңғария шабуылы
- 2. Қазақ әскерлерінің бағыты
- 3. Қазақтың үш жүзінің басы қосылған жерлер
- 4. Таңбалы тас
- 5. Ақ табан шұбырынды
- 6. Шайқас болған жерлер



Бұланты шайқасы туралы карта-сызба

Надписи
на камне «Тамғалы-тас» (или «Тамғалы-нұра»)

1895 жылы жасалған көшірме



Шұбар теңіз – XVIII ғ. қорымындағы шекті таңбасы

«Қалмаққырылған» тауы



Білеуті өзенінің арнасы



«Қалмаққырылған» тауының басындағы қазақ батырларының обалары
(әр обада ру таңбалары бар)



Жезқазған қалалық әкімшілігінің «Қалмаққырылған»
тауына орнатқан ескерткіш белгісі



Сартай – Малтабар – Бейсен –
Мыса – Мәукек.
Мәукекұлы Жұмахмет



Сартай – Малтабар – Бейсен –
Мыса – Мәукек.
Мәукекқызы Кермекас



Сартай – Барт – Қазанқап – Күндебай –
Нұр – Ердеш – Мешітбек – Мархабат



Сартай – Малтабар – Бейсен – Мыса –
Мәукек – Кермекас.
Кермекас – Аязбайқызы Бақтыбике



Бір топ ақын-жазушылар



Теориялық конференциядан көрініс

САРТАЙ – БАТЫР, БИ, КӨРІПКЕЛ ӘУЛИЕ

Қыр шектісі алдағы мың жылдығын болжаған Тілеу ұлы Мөңке бидің шақыртуымен Сартай батыр, би, Қара Көбек би мен Мұратбек би үшеуі сырдан қырға барады. Бұл Кіші жүз Ханы Әбілхайыр өлгеннен кейін бір жылдан соң дейді, шамамен 1750 жылдар болса керек. Бұл үшеуінен өзге, Мөңке шаңырағына кіші жүзге қарасты басты-басты билердің барлығы жиналыпты. Тиесілі қонағасысын жеп, Мөңке би не айтар екен деп отырған билерге: «Ертең орта жүз билері Абылайханның нұсқауымен осында келеді, төрт көзіміз түгел қарсы алайық», - депті Мөңке би. Орта жүз билерінің келетінін Мөңке би өзіне тән көріпкелділік қасиетімен болжаған болуы керек.

Айтқанындай, ертеңіне орта жүз билері атқосшыларымен жиырмадай кісі келіп, екі жақ мәре-сәре болыпты. Әбілхайыр хан өлгелі бері арада қағынас тоқтап қалса керек. Қысырдың семіз тайлары сойылып, саба-саба қымыз ішіліп, Абылайханның, Қаз дауысты Қазыбек бидің, Бұхар жыраудың, Қанжығалы Бөгенбай батырдың амандық-саулықтары, ел бірлігі, ел жағдайы, жоңғардың қазіргі хал-ахуалы үш күнгі әңгімеге арқау болыпты.

Төртінші күні екі жақтың билері төрт көзі түгел Мөңке бидің сегіз қанат ақордасына жиылып, қонақтардың бұйымтайы сұралыпты.

Орта жүзді басқарып келген бидің үлкені сөз алып, жұттан-жөктықтан, ақтабан-шұбырындыдан, елді жаудан тазарту кезіндегі қанды қырғын орта жүз халқының санын селдіретіп кеткенін айтыпты. Солтүстіктен – орыстың, шығыстан – жоңғардың қазақ жеріне көз алартуын тоқтатпағанын жеткізіпті. Бар қазақтың қамын жеген Абылайханның: «Кең жайлауы бар Сарыарқаға кіші жүз рулары қоныс аударса, сыртқы жауға айбат болар еді», - деген сәлемін жеткізіпті. Осыны айтып отырған биді не түлен тұрткенін қайдам, «сендердің хандарың өлді, енді бас иелерің жоқ, Әбілқайыр балалары Нұралы Хиуада, Пірәлі Астраханда хан болып жүр, дегенге саятын әңгіме айтыпты.

Жасы қырыққа толмаған, қызу қанды Сартай батыр Әбілхайыр ханмен ниеттес, пікірлес болғандықтан, оның өлімінің өзіндік

астары барын, ханды өлтіруге Барақ сұлтанға орта жүз рулары жігіттерінің көмек бергенін білетіндіктен ашуы қозып, шарт жүгініп отыра қалып, сол қолымен беліндегі қанжарды сығымдай ұстапты. Сол уақытта Мөңке би сөзге араласып:

Бабасы бұл елге күйеу болар,

Бұл келгендер жиен болар.

Жаулассаң жат болар,

Ақылмен іс қылсаң,

Екі жақ шат болар, - деп тақпақтай жөнеліпті және орта жүздің бірге туған бауыр екенін, қыз алысып, қыз беріскен жекжат екенін еске салыпты.

Сол уақытта Сартай батыр, би алақанын ашып үндемей, орта жүз билеріне тік қарайды. Түсінбеген билер көзін тайдырып әкетеді. Жағалай қарап келе жатқанда, төменде отырған бір жас би, көзі тоқайласқанда: «Құп» - дейді. Сартай би қолын жұмып, жұдырығын түйеді. Орта жүз биі: «Құп» - дейді. Сартай би саусақтарын жазып қолын созады. Орта жүз биі: «Құп» - дейді. Сартай би сегіз саусағын екі қайтара көрсетеді, бір қолының жұдырығын жұмып, екінші қолының саусақтарын жазып көрсетеді. Орта жүз биі: «Құп» - дейді. Сартай би қолын айқастырып, өзін-өзі құшақтайды. Орта жүз биі: «Құп» - дейді.

Сартай би орнына барып отырады. Орта жүз биі: «Келісім бітті, енді Мөңке атам бата берсе, елге қайтайық», - депті.

Орта жүз билері аттанып кеткен соң, кіші жүз билері Сартай батырға: «жанағы орта жүздің жас биі бәріне «құп» деп кетті. Біз түгіне түсінгеніміз жоқ», - депті.

Сонда Сартай би: Абылайхан «Сары арқадай» сайын даланы қорғау оңайға соқпай тұр, бізге қарай қоныс аударындар, сыртқы жауға айбат болсын депті. (Ол кезде кіші жүз рулары жайлауға қазіргі Орынбор, Орск, Магнитогорск жағында көшіп жүрсе керек.) Елшілердің келген жұмысы осы.

Мен алақанымды ашқаным «алысуға бармыз», ал жұмғаным «ашсам – алақанда, жұмсам – жұдырығымдасын», қолымды созғаным – «атысып, шабыссақ мылтық, қылып бізден де табылады,

ау-жанжалды доғарайық», - дегенім еді. Сегіз саусағымды екі қайтара көрсетіп, бір қолымның жұдырығын жұмып, екінші қолымның саусақтарын жазғаным, қолымды айқастырып, өзімді-өзім құшақтағаным – «сегіз күннен кейін сегіз сала көш барады, жартысы үйлі-баранды, жартысы бойдақ болады, құшақтап қарсы алып, кеуделеріне баса білсең, сол жақта тұрақтап қалады дегенім еді», - депті.

Осыдан кейін кіші жүз билері өздеріне қарасты рулардан адам бөліп, алдарына мал салып, салтанатты көшті аттандырыпты. Сегіз күннен кейін Абылайхан орта жүз билерімен көшті қарсы алып, Қызылжар, Көкшетау маңына, Есіл-Нұра өзендерінің бойына Түгіоскен, Қарқаралы деген жерлерге орналастырыпты. Орта Жүзде жүрген қазіргі «Алшындардын» ата-бабасы осылай көшіп барған екен. Арадағы араздық қалып, екі жақ бірін-бірі қолдап, осы уақытқа дейін ауыз-бірлікте өмір сүріп жатқанына өзіміз куәміз.

Үш арыстың ұрпақтары кең байтақ Қазақстанның әу бастағы ата-бабалары мұра етіп қалдырып кеткен, ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен қорғаған жерлерде сол замандардан бері өмір кешіп жатқанынан хабардармыз. Дей тұрғанмен, Қазақстанның солтүстік, орталық аймақтарында тұратын кіші жүз ұлыстарының бұл жақтарға қалай, қандай жағдайларда келіп қалғанын көпшілік халық біле бермейді немесе жаңсақ пікірлер айтылып жүр. Міне, осы аймақтағы кіші жүз аталығы ұрпақтарының осында қоныстанып калуына сол соғыстар кезіндегі қазақ жерін сыртқы дұшпандардан қорғау үшін көшіріліп алынуы себепші болса керек.

Жалпы, Сартай батыр, би тұспалдай сөйлеп, ыммен айтатын, ишараны тез түсінетін, шындық сөзді танбай айтатын кісі болыпты. Арабша сауатты болған, Софы Әзиздің алдын көрген, Қосымқожадан ислам дінін оқып үйреніп, дінді жетік білген көрінеді. Дауысы ырғақты, әуезді, сөйлеген сөзі мәнерлі болған деседі.

САРТАЙ МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАР ХАҚЫНДА ХИҚАЯ

1752 мешін жылы Ұлытаудың батыс бетін, Ырғыз даласын, Қарақұмды жайлап күзекте отырған Шекті еліне қыс жылдағыдан ерте түседі. Қоңыр күзде жауған жаңбыр күннің суықтығынан тез қатып, кең дала көктайғақ болады. Артынша жауған қалың қар жер бетін түгел басады. Азық таба алмаған мал мұз аралас шөп жегеннен іш тастап, қондарын жоғалтып, өлім-жітім көбейіп, қыс басталмай жатып елдің берекесін кетіреді. Басында өткінші жаңбыр мен қар болар, арты ашылар деп ойлаған ел ағалары, жаз айының соңында Орта жүздің ханы Абылайханның шақыртуымен, Ерейментау жағындағы жоңғарлардан қазақ жерін тазартуға Сартай батыр бастаған жорыққа аттанған ел азаматтарының жолына алаңдаулы еді. Қыстың қаһарынан секем алған Шекті елінің ақсақалдары жорықтағы сарбаздарды күтпей, Сыр бойына, Қызылқұмдағы қыстауға қарай көшуге ұйғарым жасайды. Алдыға атандарды салып, қалың қарды бұздырып, одан кейін малдарды айдаған көш Арқадан Сырға құлағанда, қар жұқа болғанымен қара суық, көк тайғақта жүру оңайға соқпайды. Жол азабын тартып, қолдағы малдың жартысынан айрылып, қыстауға жеткен көшті тағдырдың тағы бір сыйы алдан күтіп тұрады. «Жұт жеті ағайынды» - дегендей, Сыр бойына егін егіп, диқаншылықпен айналысатын қарақалпақтар бұлар жайлауға кеткенде артық заттарын қалдырып кеткен қыстауларын ашып, жылы киім, киіз, алаша, сырмақтарын пайдаланғанымен тұрмай, басы артық ағаш үйдің жабдықтарын отқа жағып, отын орнына пайдаланғанының куәсі болады. «Мал ашуы - жан ашуы» - дейтін қазақ мына көрініске жаны күйіп, Тәуке хан заманынан тату, қоңсы болып келе жатқан қарақалпақтармен қақтығысуға мәжбүр болады. Адам шығыны болмағанымен, екі жақтан да жарақат алғандар жетерлік еді.

Тағдыры, тегі, түбі бір қандас қарақалпақ ағайынның соңғы уақытта бастары бірікпей, өзара қырқысып, жерге таласып,

алып-тоза бастаған шағы еді. Сол уақыттағы қарақалпақтың өз ұстар биі – Маман биді тыңдамай, бас-басына би болғысы келетіндер халықты бірлікке шақырудың орнына, бір-біріне айдап салып, өзара таластың қозып тұрған шағы. Оған мына көктайғақ қосылады. Қысқы азығын диқаншылықпен жаздай еңбек етіп жинағанмен, эне-міне отын түсіреміз дегенде, ауарайы күрт бұзылады. Мал соңында жайлауға кеткен қазақтар мына көктайғақта келмейтіндей көрінеді. Әркім өз білгенін жасап, қыстауларды тонап қарқ болған қарақалпақтар бұл жерде өздерінен өзге жан жоқтай есіріп, Сыр бойының төменгі сағасының қожасындай сезініп, пендешілікке бой ұрғызады. Жолдан арып-ашып, тоңып-шашырап келген Шекті елі мына бассыздыққа шыдамай, қарақалпақтарды аттың бауырына алып бөріктіре жөнеледі. Абырой болғанда, жер бетін көк мұз басқаны қарақалпақтарға пайда болды, ат құлағында ойнайтын қазақтар еркін көсіліп шаба алмай, тағасыз аттар тайғанақтап құлап, Шектінің жігіттері ызадан жарылардай болды. Екіншіден, әруақтап шапқан қазақ қолында айтулы батырлар, соғыс өнеріне жетік азаматтар жоқ еді. Сонда да ашулы қазақ қолы қарақалпақтарды қуырып жіберді. Қарақалпақтар да ат жаратып, қару қамдатып, мұз кетіп, жер аяғы кеңігесін қазақтарды шабамыз деп күмпілдеді. Арада он шақты күн өткесін Арқадан келген Шектінің қаруына аты сай жаужүрек оғландарын көргесін, әдепкі ойынан тез айнып мәмілеге келіп, ат-шапан айып төлеп құтылмаса іс насырға шабарын түсінген қарақалпақтар қоғадай жапырылып, Маман биге барады. Қандастарына өкпелі Маман би ағайын-туыстың айыбынан қазақтарға көрінуге ұялады. Қадірлі би амалсыздан қарақалпақтардың сөзін ұстап, қырғынды дереу тоқтату үшін бар ақыл-парасатын жұмсап, қазақтарды келіссөзге шақырады.

Күннің бұзылып, қыстың ерте түсуі қазақ қолына жорықты тоқтатуға себеп болды. Абылайхан батырларды, билерді ордасына тегіс шақырып, соғысты осы арадан тоқтатуды, сарбаздарды аман сақтау үшін қыстауларға қалың қолды,

алыстан келген сайып-қыран жігіттерді орта жүз ішінде бөліп-бөліп қыстату мәселесін ортаға салып, қонақжайлылық танытты. Шекті қолын басқарып келген Сартай батыр бұлар жорықта жүргенде ойдағы өзбектің бас көтеретінін алға тартып, алдияр ханнан рұқсат болса елге барып қыстап, келер жылғы жорыққа ат тізгінін беретінін айтты. Абылайханнан рұқсат алған Сартай батыр Шекті қолын ізіне ертіп, елге қарай асығыс ат басын бұрды. Жол азабын тартып, аман-есен ауылға келген Сартай батыр бастаған Шекті қолы елдің қарақалпақтармен қақтығысып, бүлініп жатқан үстіне тап болды. Көктемгі, күзгі көші-қон уақытын, құбылмалы ауа-райының абыр-сабыр кезін пайдаланып, ойдағы өзбектің шеткі ауылдарға тиіп жылқы барымталап, қарсы тұрар азаматтар болмағанда әдемі қыз-келіншектерді олжалап кететінінен қауіптенсе де, қандас қарақалпақтардан Сартай батыр бұны күтпеген еді. Сартай батыр, әрі би екі оттың ортасында қалды. Бір жағы қыз алып, күйеу болған қайын жұрты қарақалпақтар, екінші жағында әділетсіздікке шыдамай атқа қонған аталас ағайындары. Әсіресе, ағайынның шымшыма сөздері жанға батты. «Қыз алып, күйеу болдық деп, сарт қарақалпақтарды қашанғы төбемізде тайраңдатамыз, батыр болсаң, би болсаң жатқа хақымызды жібермей, адал мүлкімізді қайтар. Жылдағы әдеті осы, сондықтан, бұл жерден кетсін. Жер үшін, ел үшін шыбын жанды шүберекке түйіп, қиян шетке барып келіп отырғанымыз жоқ па?» -деп Бердіңғұл аталығынан тарайтын, ешкімге есесін жібермейтін өжет, өр көкірек, шыншыл, ханға да, қараға да жалтақтамай бетке айтатын кілең батыр ағайындары бет бақтырар емес. Қарақалпақтың аяғы суға тигені – өзбек, құмға тигені – қазақ деген сөз бар. Бұл су бойын жайлаған қарақалпақтар өзбекке бейім, құмды жайлағаны қазаққа бейім деген мағынада айтылған. Ашуға мінген Бердіңғұл жігіттері бұл жерде қарақалпақты сарт дегенде осы ұлттың түбі шикі деген мағынада кемсіту түрінде айтып тұр. Туыстардың сөзінің де жаны бар, өткен жылдарда жаз дария бойында қалатын

қарақалпақ ағайын ара-тұра қазақ қыстауларынан керек-жарағын алып, араздық болып тұратын. Бірақ, кең қолтық қазақы мінезге жеңдіріп, ел шектен шықпай, қайта табысып кететін. Бұл жолғы жаппай тонау, сіркесі су көтермей келе жатырған Шекті елін түгел атқа қондырды. Арқадан елге қайтарда Сартай батырды елдің келешегі толғандырып, жол азабына қоса ой азабы да мазалап келген. Жол бойы кез-келген жерде қалған малдың өлексесін көрген сайын Сартай батыр елдің келешегін тереңірек ойлай түскен. Төрт түлік малға қараған қазақ мынадай жұтта таяқ ұстап қалғанда, қатын-баланы қалай асырау керек екені жанына батты. Ағайынның айтқандары орынды, ел үшін, жер үшін қиян шетке барып, ағайынның жерін жоңғар, қалмақ басқыншыларынан тазартамыз деп жүргенде, өз жеріміз сонау Асан-Қайғы бабадан, Ораз қажы, Сейтқұл би, Жалаңтөс баһадүр, Ақша, Әйтеке билер мемлекет құрып, билік айтқан ата-қонысымыздан айырылсақ, біз кім боламыз?... Кезінде Тәуке ханның өтінішімен Әйтеке би рұқсат беріп, қоңсы еткен қарақалпақтар бүгін ес жиып, етек жапқасын өзіңді жоқ етуді ойлап тұр. Өз аталастарының суы мол құдық, шөбі шүйгін жайлау мен қыстау үшін өзді-өзі қырқысып қалатын күндері болады. Бірақ мына мұздақтан аман қалған азғантай малмен кімді жарылқайсың, қыс әлі алда. Азғантай малмен Орта, Ұлы жүздегі ағайынға ат тізгінін бермек түгілі, жайлауға көшудің өзі мұң болады. Сондықтан, ойдағы өзбек, қарақалпақ және солтүстіктегі мұжықтарға ұқсап, халыққа жер емшегін емуді, егін салуды, диханшылықпен айналысуды үйрету керек. Бұлай көшіп-қонып жүре берсек, ата-бабадан қалған қонысымыздан айырылармыз деп ой түйіндеген Сартай батыр қарақалпақтардың бітім сұрап келген Маман би бастаған ақсақалдарын өзінің сегіз қанат ақ ордасында селқос қарсы алады. Әңгіме ұзаққа созылмайды. Қарақалпақтың Маман биі өз қандастарының айыбын мойынға алып, шекті биінің шешіміне тұратынын білдірді. Шекті биі Сартай да билікті ұзаққа созбай, келте қайтарды. Арысы Асан-Қайғы

бабамыздан, берісі Әйтеке би тұсына дейін Ташкен маңайы, Бозатау, Нұрата, Қызбибі тауы, Боқан тау, Самарқан маңайы, Әму мен Сыр өзендерінің қос жағалауы, қасиетті Қызылқұм Шекті елінің ата қонысы. Тәуке ханның, қарақалпақ Сасық бидің өтініштерімен Әйтеке би өз жерінен жер беріп, азып-тозған қарақалпақты қандас деп бауырға тартып, уақытысында паналатты. Бүгін тойынған қарақалпақ қазаққа көз алартты, қазақты шабамыз деп ат жаратып, қару дайындатты.

«Жаман тентек болса – ел бұзады, жақсы тентек болса – шеп бұзады», қарақалпақтың ауылдағы телі-тентегі елді бұзды, оларды қайтаратын бұл жұрттан ел ағаларының болмауы өкінтеді.

Жерсіз ер, ер болмайды,

Ерсіз ел, ел болмайды.

Ер елдің баласы,

Жер ердің панасы. Осы жер үшін, ел үшін қазақ баласы жоңғарлармен қанды қырғын соғыс жүргізіп, елді, жерді жаудан босатып жүр. Бұл қанды қырғынға қарақалпақ ағайын ат тізгінін беріп, аламанға сарбаз қосқан жоқ. Керісінше елім, жерім деп өз жеріне келген қазаққа дөнайбат көрсетіп, елдің мүлкін тонап, жаудың ісін қылды. Бұған қазақ елі, шектілер көнбейді. Қарақалпақ елі қойша бауыздалып қырғынға ұшырамасын десең, ата-қоныс жерімізді босатындар, бастарыңа сауға бердім, ағайындарыңды алып, қоныс болар жер қарап, жеті күн ішінде Шекті жерінен көшіңдер, – дейді. Сартай батырдың билігін үнсіз тыңдаған Маман би, ақ ордадан сүйретіліп әрең шығыпты. Төскейде малы, төсекте басы қосылған қазақ елінен айырылу, басқа қонысқа көшу, сөз түсінетін, ар-ұяты бар Маман биге ауыр соққы болады. Телі-тентегін айдап салып, билікке құмартқан өзінің қандас ағайындарының қылған ісіне өкпелемесе, қазаққа өкпе жүрмейтінін ұққан Маман би көш қамына кіріседі. Көштің алдына төгілген боз жорғаға мінген Маман бидің өзі түсіп, Хорезм шаһарына қарай бет түзейді. Қарақалпақ әйелдері :

«Бозатау қош аман бол, көшкен жерім...» - деп жоқтауға бергісіз мұңлы өлеңдерін айтып, Бозатау етегіндегі қышлақтарын тастап, елден бөліне көшеді. Алда не күтіп тұрғанынан бейхабар қарақалпақтар туған жерін қимай, өз ішінен шыққан пысықайлардың кесірінен болған араздыққа арланып, ендігі барған жердегі өзбектер қазақ бауырдай болар деймісің дегендері Жаңақазған, Жыңғылды, Өгіз, Аяққұдық, Құлымбет деген қазақ жерлеріне ауыл-ауыл болып, көштен бөлініп қалып қояды. Өзбекстан Республикасына қарасты Науаи облысының Тамды, Кенимех ауданындарындағы көптеген ауылдарда бұл аталған қарақалпақ ағайындардың ұрпақтары осы күнге шейін тіршілік ететінін сол жақтың тумасы, ақын, ҚР Журналистер Одағының мүшесі Нұрғали Қарабектегі де растаған еді. Өздерінің қарақалпақ екендерін білгенімен, сол жақтағы қазақтарға мидай араласып, тілі, салт-дәстүр, әдет-ғұрпына толық сіңісіп кеткен көрінеді. Қазақ руларымен қыз алысып, қыз берісіп, құда-андалы, сүйек-тамырлы туысқанға айналған. Олардың біразы осы күнгі тарихи Отандарына оралған бауырлармен бірге Қазақстанға көшіп келуде. Ол жақта да қарақалпақтардың Қызылқұмдағы қазақтар арасына келіп қосылуы туралы әртүрлі алып-қашпа болжамдар айтылып жүр. Өткен тарихтың бүгінгі ұрпаққа жаңылыс жетпеуі үшін осындай анық мәліметті жариялап отырудың маңызы зор деп санаймыз. Негізгі көш сол бетінен таймай, Хорезм шаһарының надишахына барып, аяғына жығылған Маман би, осы күнгі қарақалпақтар қоныс етіп отырған жерді сұрап алады.

САРТАЙ БАТЫРДЫҢ ЕЛДІ ЕГІНШІЛІККЕ БАУЛУЫ

1753 тауық жылы көктем созылыңқырап шығып, Шекті елі қыстан жұтап, жоқшылыққа ұшырайды. Бұрын төрт түліктің арқасында не ішем, не жеймінді уайымдамайтын ел мына жоқшылықты көргенде не істерін білмейді. Күйзелген ел күзде өздері көшіріп жіберген қарақалпақтарға, ойдағы өзбекке ауа көшпек болады. Ағайындарының күйзелісін көрген Сартай би оларға тоқтау салыпты:

–Уа, халайық! Қоныс аударып бекерге боспайық. Одан да қолда бар көліктерімізді жиыстырып, он шақты кісіні Ташкен маңайын жайлап отырған Ұлы жүздегі ағайындарға астық, егетін дән әкелуге жіберейік. Ендігі жерде тек қана төрт түлік малға сеніп, тіршілік етуге болмайтынына көздерің жетті. Өзіміздей өзбекке, қарақалпаққа барып аяғына жығылғанда ұтатынымыз қайсы? Адамның жасағанын адам жасайды, тек жалқаулықтан, еріншектіктен, ұйқышылдықтан, тілазарлықтан арылуымыз керек. Еңбектенсе адам қолынан келмейтін нәрсе жоқ. Одан да Сырдың суын қара бура салып бөгеп, тоғанға шығарып, құнарлы жерді соқамен жыртып, өңдеп егін салайық. «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» деген, өзен-көлдің балығын аулап, Алланың берген ризығын пайдаланайық. Азын-аулақ малды, малын қыстан аман сақтаған ауқатты ағайындарға қосып жайлауға көшіріп, қолда сауын мал мен бойдақ малдарды алып қалайық, – дейді.

Талай жорықта бірге болған сарбаздар Сартайдың сөзін құп алып, бұрын кәсіп қылмаған жұмысқа кірісіп кетеді. Айтқанындай, күзде дөңді дақылдан мол өнім жинаған ел нанға ауыздары тиіп, тоқшылыққа кенеледі. Жас та болса, бас болып жүрген Сартай бидің елді аштықтан аман алып қалуды ойлап істеген бұл ісіне Шекті елінің азаматтары тәпті болады. Сондай-ақ, көктемде уылдырық шашуға жағаға келген балықтың небір түрлерін лай суды кешіп жүріп бірі найзамен, сүңгімен, шаньшқымен түйресе, бірі садақпен атып аш елді қарық қылады.

Сартай би Сыр бойындағы шұрайлы жайылымдарды, Қызылқұмдағы қолайлы қыстауларды, егін егетін құнарлы

жерлерді Шекті еліне қарасты руларға адамның, қолдағы малдарының санына қарай араздық тумайтындай әділ, тең бөліп беріпті.

Қызылқұм деп отырғанымыз – Қызылорда облысының оңтүстігінде, Оңтүстік Қазақстан облысының батысында орналасқан құм жоталы, сексеуіл-селеулі, изен-бетегелі, қоянсүйек-қызылшалы, құм төбелері малға қорасыз-ақ пана болатын, төрт түлік малды қыстатуға таптырмайтын, Өзбекстанға жақындаған сайын жазық далалы, арагідік таулар кездесетін, кезінде Тәуелібай деп аталған, бүгінде көп жері Өзбекстанға тиесілі Тамды, Үшқұдық, Кенимех аудандарының өңірлері. Бұл жақта осы күні қазақтың үш жүзінен де әртүрлі рулар өкілдері ғұмыр кешуде. Кенестік кезеңдегі құйтырқы саясаттың кесірінен Өзбекстанға беріле салған осы жерлерде сол замандарда біздің ата-бабаларымыз тіршілік еткен. Әлгіндей малға жайлы өріс болатын ерекшелігін дөп басқан бабаларымыз жазда Сырдан өтіп, Қарақұм арқылы Еділ-Жайық бойына дейін жайлауға шығып, қыста қызылқұмды паналап, көбінің кіндік қаны осы жақта тамған. Сол өңірде туып-өскен, қазір Қарағанды облысы, Приозерск қаласына көшіп келіп, ағарту, журналистика саласында еңбек етіп жүрген жорналшы, ақын Нұрғали Қарабектегінің мұрағат деректеріне сүйене айтқан әңгімелеріне қарағанда, Тәуелібай аймағының барлық жері кезінде Ақтөбе уезіне қараған, кейіннен Қызылордаға беріліп, Ұлы Отан соғысы басталар тұста Қарақалпақ уезіне өткен де (бұл кездері Қарақалпақстанның өзі Қызылорданың қарамағында болған) соғыс жылдары жол қатынасының қиындығына байланысты Бұхара облысына қосылған. Яғни, ол жақтан көшіп келіп жатқан ағайындар кейбіреулердің жаңсақ пікірлеріндегідей, сол жаққа ауа көшіп барған ел емес. Атам заманнан бері сол жақты қоныс еткен қазақ жерінің тұрақты иелері. Сартай батыр діни дәріс алған Мүсірәлі Софы Әзиздің қалмақ әйелінен туған баласы Қосым қожадан тараған әулеттері Тамды ауданының Керізбұлақ деп аталатын ауылында тіршілік етуде. Жолдан, Берсүгір, Дәуіт, Әсілхан қожалар осы жерде

жерленген. Қасиетті бабаларының бейіттеріне Дәуіт қожаның ұлы Сәбит қожа мен Әсілхан қожаның ұлдары Тәліп қожа мен Серік қожа шырақшылық жасап, тәуап етуге келгендерге қызмет етуде. Осы жерде дүйім қазаққа бас пір болған Мүсірәлі – Софы Әзиздің ұрпағының қожа атануы жайлы бірер ауыз дерек келтіре кеткеніміз жөн секілді.

Нұрғали Қарабектегінің оқыған және білетін деректері бойынша, Мүсірәлінің шыққан тегі кіші жүздің ішіндегі жетірудан тарайтын керейттің сиек деп аталатын аталығынан. Біздің қазақта «қожа» деп ислам дінін қазақ еліне тарату үшін келген араб әулеттерін түсінеді. Мүсірәлі ұрпақтарын да осылай қабылдайтындар кездесіп қалып жатады. Негізінде, оларда Алладан берілген керемет қасиеттің барын іс жүзінде мойындағандықтан, «қожа» атауы дәреже ретінде берілген. Мүсірәлінің өз басында осындай ұлы қасиетпен қатар, ол сол дәуірде Самархан мен Бұхарадағы діни медреседе оқып, білім алған, Әйтеке бимен үзеңгілес, дос-жолдас болған кісі. Софы Әзиз атағы да осындай ғажайып қасиеттері үшін берілген. Негізінен бұл қасиеттер оның ұрпақтарының ішінде қалмақ әйелінен туған Қосым жожадан тарайтын ұрпақтарының еншісінде кеткен секілді. Солардың бірі – әлгі айтып кеткен Дәуіт қожа. Осы заманда өмір сүріп, Ұлы Отан соғысына қатысып, бір жерінен жаракат алмай оралған Дәуіт қожа туралы аңыз әңгімелер ел арасында әлі күнге дейін айтылып келеді. Неміс фашизмімен болған небір қиян-кескі соғыстан оралғанда, Дәуіт ата шинелін шешіп, сіліккенде, қорғасын оқтар бытырлап жерге төгілетін көрінеді. Оған куә кісілер ауыздарынан суы құри әңгімелейді екен. Бұлар негізінен шын болған оқиғалар мен кереметтер. Дәуіт қожа небір ақыл-есінен адасқан, қояншық ауруларды жазып, қатарға қосқан. Олардың ішінде әлі күнге дейін ғұмыр кешіп жүргендері бар екен. Сондықтан болар, Дәуіт қожа мен оның ата-бабалары жатқан жер Өзбекстан мемлекеті тарапынан қорғау мен қолдауға алынған. Осыдан оншақты жыл бұрын Дәуіт қожаның 100 жылдық мерейтойын өзбек елі дүркіретіп өткізіп, басына күмбезді сағана

орнатыпты. Осы күні бабаның басына тәуап ету, жәрдем тілеу үшін Өзбекстанның, Қарақалпақстанның және Қазақстанның қияндағы аудандарынан қазақ, өзбек, тәжік, азербайжан, татарлар секілді мұсылмандармен қатар орыс, украин, армян, еврей секілді өзге дін өкілдері де келіп тұратын көрінеді. Алланың құдіретімен, әулие бабалардың шарапатымен дерттеріне дауа, жандарына рухани шипа алған кісілер саны жыл өткен сайын ұлғая түсуде. Нағыз қасиетті, қасиеті мен рухы арқылы ұрпақтарына шапағаты тиіп жатқан баба рухы мен еңбегін бағалау осындай-ақ болатын шығар. Жалпы Өзбекстан мемлекеті бұл жағынан алғанда бізге үлгі болатынын мойындауға тиіспіз. Иmandылықты ауызбен дәріптеумен шектелмей, тарихта аты, өмірде үлгілі ісі мен көрсеткен құдіреті қалған кісілерді ұлтына қарамай-ақ қадірлеп отырғаны құптарлық-ақ.

Дегенмен, Нұрғали Қарабектегінің Қызылқұм өңірінің тумасы болғасын айтқан пікірін осы әңгімеге арқау ете отырып, өз ойымды да ортаға салғанды жөн көрдім. Қазіргі кезде халық арасында Мүсірәлі (Софы Әзиз) жетіру тайпасының керейт руынан шыққан, қазақ бола тұрып қалай қожа болған деген пікір қалыптасқан.

Кіші жүз шежірешілерінің айтуынша, Керейттің әкесі Құдаһияр негізі араб, елге ислам дінін таратуға келген қожа көрінеді. Осы шежірешілердің ауызша айтылған деректерін жазбаша деректермен салыстыра қарағанда оның дұрыстығына көз жеткізуге болады. Орта жүзден – Құнанбай, кіші жүздің шөмекей аталығынан Мырқы және табын-Досжан халфе 1876-жылы Меккеге барғанда әкелген қазақ шежіресін кейін Қарасақал Ерiмбет пен табын-Шоңбай Жұбанұлы негізге ала отырып мынадай өлең жолдарымен жазылған нұсқасын қалдырған.

-Алшыннан - Арғымақ пен Алау батыр,
Атадан кем болмаған олар дерлік.
Арғымақтан - Телеу мырза жалғыз еді,
Атаның қара орнында қалған кіндік.
Рамадан, Сәдір, Нәдір, Құдаһияр,

Жағалбайлы киімді ұлдар, ол шетелдік.
Сәдірден – Тама, Табын екі ұл туып,
Кердері Нәдірден еді, нағыз ұлық.
Әкесі Керейттің Құдаһияр араб еді,
Құддыстан келген ол да керуенге еріп.

Міне, шежірешілерді, ел аузындағы әңгімелерді жинап екшегенде шындыққа жеткендей боламыз. Осы керейт әулетінен тараған Жәдіктің ұлы Мүсірәлі (Софы Әзиз) қожаны көрген, оның баласы Қосымқожадан дәріс алған Сартай батыр да дініне берік болған – дейді.

Сартай батырдың, оның жорықтас сарбаздарының жаңа кәсіпке бет қойып, елді отырықшылдыққа бейімдегенінен хабардар Бұхара, Қоқан және Хорезм хандары Кіші жүз жеріне жасайтын шапқыншылықтарын тоқтатқан көрінеді. Сартай батырдың айбыны, мысы, ақыл-парасаты сырт жауды дағдылы озбырлығын жасаудан жаңылдырыпты.

САРТАЙ БИДІҢ КӨРЕГЕНДІГІ, СӘУЕГЕЙЛІГІ ТУРАЛЫ АҢЫЗ ӘНГІМЕ

1756-тышқан жылы күз жылы болып, Сартай би бастаған Шекті елі егіндерін ерте жинап бастырып, артық астықтарын ұраға салып алады. Қараша айы жылы болғанмен, ауа-райы күрт бұзылып, кенеттен жапалақтап қар жауып, лезде төңірек аппақ болады. Артынша күн ашылып, ертеңгілік жауған қар еріп, жер алаңғыттана бастайды. Күнделікті дағдысымен төбе басына шыққан Сартай би төңірекке көз жіберіп, табиғаттың ерекше құбылысына, Алланың құдыретіне таң қалады. Төбе етегімен топтанған киіктер жосылып жөңкіп өтіп жатады, оның артынан қарақұйрық, арқар, құлан. Ізінен қуып келе жатырған аңшы немесе дала тағысы жоқ. Көл беті жыпырлаған құс. Құс төресі аққудың сұңқылы, киіктердің жәудіреген бота көздері сезімтал Сартай биге бар жан-жануар өрісінен жаңылғандай әсер қалдырады. Тылсым тыныштық, күннің қызарып батуы, аң-құстың ауа көшуінен секем алған Сартай би қалың ойға шомады. Ел тыныш, жақын манда жау жоқ, апақ-сапақтағы бұл құбылыс қазақтың мандайына біткен асыл ұлдарының біреуінің бұл фәниден бақи дүниеге көшкенін хабарлағандай сезімде болады. Сартай би диханшылықпен айналысқан ел-жұртқа басшылық жасап, екі-үш жылдан бері жайлауға шығуды мүлдем қойған. Күзде жайлаудан келген ағайындары, Қыр шектісі Мөңке бидің сәлемін, бидің қартайғанын, сырқат екенін жеткізген. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен сұңғыла би алдағы күнді айнытпай болжайтын сәуегей, ақын, дала данагөйі, пәлсапашы Мөңке бимен тіршілікте жердің шалғайлығынан жеті-сегіз рет жүздесіп, әңгіме құрып, ақыл-кеңесін алған. Сартай би Алла жазса ақылгөй данамен жүздесіп, кеуілін сұрауды, о дүниелік болса ақтық сапарға өз қолынан аттандырып, жаназасын шығаруды ойлап, төбе басынан дереу түседі. Баласына өрісте жүрген ақ желмаяны алдыртып, жазылауды бұйырады. Ақ желмая арғы бабасы Асан Қайғыдан қалған ақ бураның тұқымы, жүрісі жайлы, ұзақ жолға шыдамды. Сартай соңғы уақытта ислам дініне ден қойып, Софы Әзиз пірдің

бел баласы Қосым қожадан дәріс алып, бақилық болғандардың жаназасын шығарып, батыр, би атағына молдалығы да қосыла бастаған. Әлі ой тізбегінен арыла алмай отырған биге баласы желмаясының дайын екенін хабарлайды. Ақ желмаяға мінген Сартай би батысты бетке алып, қыр шектісіне жол тартады. Бірнеше күн жол жүріп, Мөңке бидің ауылына жеткен Сартай би желмаяны шөгеріп, түсіп жатып бұл елдің адамдарының аңтарылып бұған таңдана қарап тұрғанын аңдайды. Сартай би ақылгөй, дана Мөңке бидің үйіне қарай асығыс жүреді. Ел ақсақалдары бұған қарсы жүріп, амандық-саулықтан кейін Мөңке бидің о дүниелік болғанын естіртіп, көңіл айтады. Көріпкел әулиенің «жаназамды Жақайым Сартай би шығарсын» деген аманатын қоса жеткізеді. Мөңке бидің көріпкелділігіне талай куә болып жүрсе де, жиналған ел үшін мынау таңқаларлық оқиға болады. Хабарсыз жеткен Сартай бидің де тегін адам емес екенін халық мойындапты.

Осы оқиғадан кейін Сартай би әулиелігімен, қара қылды қақ жарған әділдігімен, хақ жолын берік ұстаған адалдығымен, әрі дана адамгершілігімен ел жұртына кеңінен танылады. Тіпті өзбек, қарақалпақ, қырғыз, түрікпен жұрты оны «көкірегі пәк адам» - деп қатты құрметтеген. Себебі, Сартай би елге өзі келіп тиген жау болмаса, жау іздеп жорыққа шығуды қолай көрмеген. Барымта, ел араздығын тудыратын, ел бірлігін бұзатын кез-келген келеңсіз оқиғалардан аулақ болуды халқына насихаттап, бірлікке шақырып, ислам дінін уағыздаған.

Сартай бидің болашақты айнытпай болжайтын ерекше қабілет иесі Мөңке биді өз қолынан ақтық сапарға аттандырғаны туралы аңыз ауыздан-ауызға таралып, кейінгі ұрпақтарына жетті. Екі әулиенің тіршіліктегі сыйластығы, өзара түсіністігі біздерге үлгі болып қалды.

ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИДІҢ СЫНЫ

Қалмаққырылғандағы қазақтың елі, жері үшін болған соғыс аяқталып, қаза болғандарды арулап қойып, құран бағыштап ақтық сапарға аттандырғаннан кейін, әр жүздің би-батырлары бас ерлер Әбілхайыр ханның сары-ала шатырына жиналыпты-мыс. Мақсаттары, жаудан түскен олжаны бөлісу және келешекті ойласу болған көрінеді. Адам шығынысыз соғыстың болмайтыны белгілі. Бұл айқаста да қаншама боздақтардан айрылып, ер азаматтар қатарының селдіреп қалғанына, әсіресе кіші жүзден келген «мың баланың» жартысынан көбі шейіт болғанына қабырғалары қатты қайысады. Жиналғандар осы шайқастағы батырлардың ерліктерін мадақтап, сөз етісіп отырғанда шатырға үш бозбала келіп кіреді. Үшеуі қазақтың жақсы-жайсаңдарына қолдарын кеуделеріне қойып сәлем береді де, Сартай батыр жағалай отырғандардың қатарына келіп жайғасады. Ал, Жылқайдар мен Жылқаман батырлар бірі оң, бірі сол босағаға тұра қалады. Үлкендердің үстіне еркін кіріп сәлемдескен жас бозбалаларды төрде отырған Төле мен Қаздауысты Қазыбек билер жыға танымаған соң, екеуі бірдей Әйтеке биге қарайды. Әйтеке би де бірден келген жас батырларды кешегі соғыста жоңғарларға қарсы атой салып, қазақ қолын жеңіске бастаған «мың бала» сарбаздары екенін, мына отырған бала Асан Жақайым Байжан бидің баласы Сартай батыр, екі босағадағы батырлардың бірі Сырлыбай байдың баласы Жылқайдар батыр, бірі Отыншының баласы Жылқаман батыр, деп таныстырыпты.

Жас батырларға аталық мейіріммен сынап қарап разылығын білдірген Қаздауысты Қазыбек би сонда былай деген екен дейді:

–Босағадағы қос батыр сырт жауды босағадан аттатырмаймын, қазақты жауға бермеймін деп тұрған жоқ па? – деп сұраулы пішінмен жағалай отырғандарға қарапты. – Ал, мына отырған Сартай батыр үш жүзге аға болғалы тұрған бала екен. Есімі ақырға дейін барар, соғыстан түскен олжаны бөлу билігін осы Сартай батырға бердім! Қасында отырған Үйсін Төле би де Қаз дауысты Қазыбек бидің сөзіне тоқтап, балаларға бата беріпті,

деген ел аузында қалған аңыз әңгіме бірден-бірге тарап, бізге де жетті.

Қаздауысты Қазыбек бидің айтқанын Алла қабыл етіп, құдайға тәубе, үш ғасыр уақыттан бері бабамыз Сартай батырдың есімін ұрпақтары ұмытқан жоқ. Бабамыздың ерлігі, айтқан билігі осы күнге дейін жетті. Кешегі қылышынан қан тамған Кеңестер жүйесінің кудалап, Сартай батыр туралы жазылған дастандарды жойғанына қарамай, халықтың Сартай батырға деген ықыласы арта түсті. Сол кездің өзінде «Сартай батыр» дастанын жатқа айтушылар, жыраулардың айтуы бойынша дастанды көшіріп жазып алғандар Қызылорда облысының Арал, Қазалы аудандарында көптеп кездеседі, олар дастанның сол нұсқасын сақтап, осы күнге дейін жеткізген.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері хандарымыз мен билеріміз, батырларымыз насихатталып жатыр. Соның бір айғағы, бабалар есімін кейінгі ұрпақтар жадында мәңгі қалдыру мақсатында Қызылорда облысының Арал қаласында Сартай, Жылқайдар, Жылқаман батырларға көше аттары берілді. 2008 жылы аралдықтар ата-бабаларын ардақтауды батыл қолға алып, қала орталығынан «Тәуелсіздік алаңы» бой көтерді. Тәуелсіздік монументін айналдыра Әйтеке би, Сартай батыр, Нұртуған жыраудың ескерткіштері орналасқан. Арал ауданының әкімі Мұсабаев Нәжмәдин Түрікбенұлының аудан халқымен кездесуі барысында өз ойын ортаға салып, кейін халықтың қолдауына ие болған тың жоба іске асты.

Сондай-ақ, 1978 жылы Сартайдың Барт баласынан тарайтын ұрпағы Нұров Ердеш ақсақал бас болып, туыстары мен балаларын жұмылдыра отырып, ауыл тұрғындарының көмегімен Арал ауданының Ақшатау елді мекенінің батыс жағындағы қорымға бабасы Сартайға арнап ескерткіш белгі қойды. Нұров Ердеш Ақшатаудың бастауыш мектебінде қырық жыл ұстаздық қызмет жасаған.

2006 жылы мамыр айында Республикалық деңгейде «Мың бала» жорығының әнұранын жазуға конкурс жарияланып, ақын

Батық Мәжитұлының сөзіне жазылған Бейбіт Дәлденбайұлының әні бас жүлдені жеңіп алды. Қорытындысында Алматыдағы «Қазақ концерт» залында «Мың бала» әнұранының тұсауы кесілді. Сондай-ақ, республикаға танымал, күйші Асылбек Еңсеповтың әкесі Жасарал «Сартай батыр» күйін шығарды.

Сартай батыр бастаған «Мың бала жорығының» Шұбар теңіз, Қалмаққырылған және Аңырақай шайқастарына қатысып, қазақ қолының мерейін асыруға үлес қосып, ерлік жасағанын паш ету мақсатында Алматы облыстық әкімшілігі Аңырақай шайқасының 270 жылдығына орай «Мың бала жорығын» ұйымдастырып, тарихымызға тамаша бір тағзым жасалды.

Қаздауысты Қазыбек бидің «есімі ақырға дейін барар» - деген сыны, кеудесінде отаншылдық рухы бар, есті де сергек азаматтардың арқасында Сартай есімі, оның туған ел, жер үшін атқарған батырлық істері мәңгі өлмейтініне сенеміз. Келешек ұрпақтарымыздың Сартайдай болуға ұмтылатынына үміт артамыз. Осы орайда Сырдың дүлдүл ақыны Нұртуған атамыздың мына бір өкініші еске түседі. Науқас меңдеп бойынан күші, жүрегінен жалыны мен шалқар шабыты азая бастаған сәтте:

«Әттеген-ай, Жанқожа мен Сартайды жырламадым, әруақтың киесіне ұшырадым» - деп налыған екен. Бұл да бір тарихымызда із қалдырған дәуір тұлғаларының кейінгі ұрпақ жадын жаңғыртып тұрар ескертуі шығар. Сондықтан, Сартай есімін тарихи тұлға ретінде танып, құрметтеп, Қазақстан тарихына енгізудің күні жетті.

Сартай батыр қазақ тарихында ең алдымен он бесінде қол бастаған кемеңгер қолбасшы, қаһарман батыр, ел басқарған көсем, ақыл-ойдың алыбы, киелі де қасиетті көріпкел әулие ретінде мәңгі қалатыны анық.

САРТАЙДЫҢ ТҮСКЕ ЕНІП, АЯН БЕРУІ

Ұлықтарға да, жергілікті басшыларға да бас имеген адуын, бір беткей жан Көгібар батырдың ұлы Есет жастайынан батырлығымен атағы елге жайылған. Ұнамаған байлардың жылқысын барымталап, керуен тонап, патша әскерімен де, Хиуа хандығының жасақтарымен де соғысып ерте көзге түскен Есет батыр өз тұсында ешкімді көзге іле бермеген. Тумысынан батыр, халық ішінде үлкен қолдауға ие болған Есет батырды бір тұқыртып алуды ойлаған Жантөре хан шабарманын жіберіп, ертең сәскеде болатын хан кеңесіне шақыртады. Хан бұйрығын шабарман Есет батырға хабарды әдейі кеш жеткізеді. Хан кеңесіне «ақ бас атанымды ұрлады» деп Жантөре хан шағым түсірген екен. Егер Есет батыр хан кеңесіне бармаса, атанды ұрлаған болып сырттай жаза кесілуі мүмкін болғандықтан, кеш те болса атқа қонады. Жеделдетіп жүрген Есет батыр хан ордасына талма - түс шағында жетеді. Бұл келгенше хан кеңесі тарап кеткен екен. Орда алдында тұрған Жантөре хан Есет батырға: «Хан кеңесіне» кешігіп келгенің үшін алатын жазан, мына төбенің басына шығып белуарыңа дейін жалаңаштанып, күнге қарап кешкі бесінге дейін отырасың. Кешкі бесінде хан кеңесі мәселенді қарап, жазанды кеседі» – дейді.

Есет батыр төбе басына шығып, белуарына дейін шешініп, күнге қарсы жүресінен тізерлеп отырады. Хан айтқан кезде жаза түкке тұрмайтындай көрінгенмен, арада біршама уақыт өткесін батырдың денесі күнге күйіп, удай аши бастайды және аңызак желден тамағы кеуіп, шөл де қысады. Басында бұлай болады деп ойламаған аңғал батыр енді тек құдайға, әруақтарға жалбарынып мына сынақтан аман өтпесе, өлімнен ұят күшті дегендей, дұшпанға таба, досқа күлкі болатынын ұғады. Құдайға, ата-баба әруақтарына шын пейілімен жалбарынып, медет тілеген батырға Софы Әзиз пірдің жанынан өтіп бара жатырғаны елес болып көрінеді. Есет батыр шалғайынан ұстамақшы болғанда, Пір: «артта Ғайып Ерен қырық шілтен келе жатыр» - дейді. Бұрылып қараса, қою қара сақалды Ғайып Ерен қырық шілтен келе жатыр екен, бұған

жағдайын айтпақшы болғанда, ол: «Қыдыр атаңа айтарсың» – деп өте шығады. Үшінші болып көрінген Қыдыр атасы бұның жанына жоламай, артта Сартай бидің келе жатырғанын мәлімдейді. Бұның көзіне көрінген Сартай би қатуланып, айбатын бетіне шашып: «Алған атаның жоқ, алмасаң да алғандай болып, тізерлеген бурадай шөгіп отырғаныңа жөн болсын! Шектінің жауға шабар батыры болар десем, ат төбеліндей аз төренің арқандаулы атына айналғансың ба?» – деп ақырыпты. Сол жерде Есет батыр: «мені бұл жерге отырғызардай жазығым жоқ еді, жазығым болса да бұндай жаза қолданатын төренің сенгені не? Қолынан екі келсе, бірін қылсын» – деп қолын бір сілтеп, төбе басынан түсіп жүре беріпті. Осыдан кейін Шекті елі төрелермен ат құйрығын кесісіп, қатынас біржола тоқтайды. Есет батыр өз елінің әділ, құрметті биі болып, сөзуарлығымен және шешендігімен ел жұртының алғысына ие болады.

Ел ішінде бір Алладан рахым тілеп, құлшылық жасаған, зекет берген, шын ниетімен ата-баба әруақтарына сыйынып, құран бағыштаған жандардың түсіне Софы Әзиз пір, Ғайып Ерен қырық шілтен, Қыдыр, Сартай әулиелер еніп аян береді екен деген ұғым қалыптасқан.

САРТАЙ ҰРПАҚТАРЫМЕН СҰХБАТ

Мен осы уақытқа дейін Сартай батыр туралы өзімнің туған жерім Шөміш станциясында тұрған Орынбет ақсақалдан естігенімді жазып келдім. Осы атамыздың Сартайға қандай жақындығы барын күні кешеге дейін білмедім. Жақында, 2008 жылдың желтоқсан айында Алматыға қайнағам Тоқабайдың үйіне қыз ұзату тойына барғанмын. Тоқабай Сартай батырдың ұрпақтарынан тарайды. Сол тойға Тоқабайдың әкесімен бірге туған апасы Бақтыбике апамыз да қатысты. Өзім де апамыз Сартай туралы не білер екен, мүмкін әке-шешелерінен естігендері болар, сұрастыра отырайын деп ойлағанмын. Енді түсініктірек болу үшін осы кісілердің таралу тегіне тоқтала кетейін.

Сартай батырдың мүйте қарақалпақ әйелінен туған баласы Малтабардың ұрпағы былай өрбиді. Малтабар – Бейсен – Мыса – Мәуекек. Мәуекектің әйелі Томан 1952 жылы жетпіс бес жасында Арал қаласында қайтыс болған. Мәуекек пен Томаннан алты қыз туған. Ұл бала болмай, Мәуекек налып жүреді. Сол кезде Томанның жасы орта жасқа келіп қалған екен. Шаңыраққа ие болар ұл тумағанына қатты қайғырып жүргенде, Мәуекектің түсіне ақ сақалды бабасы кіріп, аян береді. Мүмкін сол Сартай бабасы болар, – дейді Бақтыбике апамыз. Ұйқыдан қуана тұрған Мәуекек тездетіп атын ерттеп, жетегіне алған түйеге әйелін отырғызып бабасының мазарына барып, басында мал шалып, түнейді. Таң алдында аян берген бабасы Мәуекекке екі пышақ беріп, «қазір ауылына қайт, қызылдың құмынан шығар жерде алдыңнан қоян кездесер, сол қоянды үркітіп алмай, ізінен жүріп отыр, бір сексеуілдің түбіне аялдаған қоян, сол жерге қиын тастап кетеді. Сол қиды орамалға орап алып, әйелінді соның үстіне отырғыз», – дейді. Түсін жақсыға жорыған Мәуекек ертелетіп кейін қайтады. Айтқанындай-ақ, қызылдың құмынан өтер тұста, алдынан ақ қоян кездеседі. Қоян ізіне түскен Мәуекек алыстан аңдып, қоянның сексеуілдің түбіне аялдағанын көреді. Біраздасын қоян өз бетімен кетіп, көзден ғайып болады. Мәуекек те жүгіріп келсе, сексеуілдің түбіне қоян отырып кеткен екен. Қуанғаннан үйілген

қиды орамалға түйіп, жазылы түйенің үстіндегі әйеліне береді. Қоянның қиының үстіне отырған Томан ауылға жетем дегенше қара терге түседі. Артынша-ақ көп ұзамай Томан екіқабат болып, арасы бір жастан Қожахмет пен Жұмахметті туыпты, – дейді. Мәуекектің Кермекас атты қызынан туған жиені Бақтыбике. Нағашы әжем осы әңгімені айтқанда мен он үш жасар қыз едім, деп еске алады апамыз. Тыңдаған құлаққа аңызға бергісіз әңгіме, сонда қоян қиының емдік қасиеті болғаны ма, деген ойға қаласың. Бұл күнде Бақтыбике апамыздың өзі жетпістен кеткен, ұлды ұяға, қызды қияға қондырған батыр ана. Елден 1956 жылы кеттім. Тәжікстанға тұрмысқа шықтым. Жолдасым Қызылорда облысы, Қазалы ауданының тұрғыны. Аталарымыз 1930 жылғы Асан көтерілісіне қатысып, көтерілісшілер жеңіліс тапқасын Ауғанстанға үдере көшіп, жолда осы Тәжікстан маңына тұрақтап қалыпты. Кейін кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін Тәжікстанның іші бүлініп, тәжіктер бір-бірімен соғысып жатырғанда егеменді еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев самолетпен бір күнде Оңтүстік Қазақстанның Жетісай қаласына көшіріп әкелді, – дейді. Туған жеріме жыл сайын келіп тұрдым. Сартай бабам туралы жас күнімде шешемнің жездесі Орынбет айтып отыратын. Бірақ ол кісінің әңгімелері есімде қалмапты.

Ал, Мәуекек нағашым туралы шешем Кермекас, оның інісі Жұмахметтен есітуім бойынша, нағашымыз сол бабасы Сартай биден қалған Қызылқұмдағы қоныстарды, Ақшатау маңындағы Шұқыркөл мен Қаракөлді ағайындарымен қатар жайлап отырыпты. Мәуекек елге өте сыйлы болған, егіншілер салған егінінен кеусен, балықшылар аулаған балығынан сыралғыны сұратпай-ақ, шын пейілдерімен қоржынына толтырып береді екен. Бабамыздан бері қарай бұл тұқымның көзі де, тілі де өткір болған дейді. Біреуге назаланса, ол адамның аман қалуы неғайбыл, сондықтан барынша артық сөз айтпауға тырысатын көрінеді.

Мәуекектің алдыңғы екі үлкен қызы қайтыс болған. Одан кейінгі балалары: Айша, Қатша, Кермекас, Әнеш, Қожахмет, Жұмахмет.

Қожахмет 1941 жылғы Ұлы Отан соғысына қатысып, хабарсыз

кетіпті. Жұмахмет Ұлы Отан соғысынан 1946 жылы аман-есен оралып, 2002 жылы сексен екі жасында Арал ауданының Шижаға елді мекенінде қайтыс болды. Бала-шағасы сол Шижағада.

Мәуекеттің қыздары бірінен-бірі өткен сұлу, ажарлы болған. Небір жігіттің төресі дегендердің өзі батып бара алмаған. Тіптен айттырып қойған жігіттер қалың малын толық төлей алмай жүргенде, мыңды айдаған байлар қалыңды екі есе төлеп, әйел үстіне алған екен. Соның бірі менің шешем Кермеқасты әкем Аязбай да әйел үстіне алған. Аязбайдың інісі Айжарық аты елге танымал, атақты бай, көпес болған.

Шешем Кермеқас та атына лайық сұлу болған, екі бетінің ұшы бояу жаққандай қызарып тұратын. Аязбай әкеміз сапарлап келген сайын, әркімдердің сөзіне еріп, шешемді бетіңе опа-далап жағып, кімге көрінейін деп жүрсің деп сабайды екен. Таяқ жегеніне азарланып «бұдан менің мұрным пұшық болып, Аязбайдың пұшық тоқалы атанғаным жақсы еді» дейді. Айтқанындай-ақ, артынша мұрнының үстіне қарайып жара түсіп, оның аяғы мұрнының сүйегі шіріп түсіп, пұшық болады. Осы әңгімені шешем үнемі айтып, «біреуге қанша көңілдерің қалып ренжісеңдер де, артық сөз айтпаңдар»- деп ақылын айтып отыратын. Өзінің алдыңғы екі қызына да, «құдайдан да шығар, бірақ менің өзімнің тілім өтті ме»,— деп ойлаймын. Ол кезде көзім не болмаса тілім өтеді екен деген ой жоқ, таңырқап, сүйсініп аузымнан сөздің шығуы, ертеңіне қызым табанда ауырып қайтыс болды,—деп есіне алатын. Нағашым Жұмахметтің көзі де, тілі де өткір болды. Ауылдастары алдынан кесе өтпейтін. Ол кісі бізге ашылып әңгіме айтқан жоқ, оның үстіне алысқа кетіп, төркіндеріме жылына бір келетін маған бабамыз туралы ештеңе айта бермейтін. Жұмахмет нағашымның мына сөзі есімде: «менің әке-шешемнің аттары, Мәуекет пен Томан Одақ бойынша ешкімде жоқ, қайталанбаған»-деп

отыратын. Шынында, ондай есімдерді мен де осы күнге дейін кездестірмеппін. Ал, нағашы әжеміз Томан Сартай бабамыздың Қарабұлаң ұрпағынан тарағандарды «баран», Таймас ұрпағынан тарағандарды «шикіл» деп атаушы едік дейтіні есімде қалыпты.

- Апа, Сіз әңгіменіздің арасында Сартай туралы шешемнің жездесі Орынбет айтушы еді дедіңіз. Мен де осы Сартай туралы Шөміш станциясында тұрған, руы Асан Жақайымның Есені Орынбет деген ақсақалдан есіттім. Ол кісі де бірнеше әйел алған, баласы Сақташ менімен түйдей құрдас деуші еді әкем. Өзім Сақташты бір-екі рет көрдім, аудандық милиция бөлімінде жүргізуші болып жұмыс істеген, кейін істі болып, сотталып кетті деп естідім.

- Менің айтып отырғаным да сол Орынбет. Орынбет шешемнің туған апасы Қатшаны алған. Баласы Сақташ, одан Сағынған мен Жәкенай туады. Олар Арал қаласында бізбен көрші тұрды. Орынбет кейінгі әйелімен басқа жақта тұрды. Бірақ Аралға келген сайын Қатша апамның үйіне келіп тұратын. Ұзын бойлы, ақ сары келген, дөңгелек жүзді, әңгімешіл адам болатын. Мен де ол кісіні бала күнімде үш-төрт рет көрдім. Елден ерте кетіп қалдым, көп нәрсе есімде қалмады.

Шешем Кермеқас он үш құрсақ көтерген. Содан аман-есен ер жетіп ұрпақ өсірген үшеуміз. Ағам Есенбай Айжарықов 1928 жылы туып, 2004 жылы дүниеден қайтты. Апам Ұрымқан Аязбаева Арал қаласында тұрады. Бізден тараған ұрпақтар Алматыда, Ақтауда, Шымкентте тұрып жатыр,—дейді Бақтыбике апамыз.

Сонымен, менің бала күнімнен тыңдап өскен шежіреші, әңгімешіл Орынбет ақсақал Мәуекетке туған күйеу бала болып шықты.

САРТАЙ БАБА ҰРПАҒЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

Бұл күнде Сартай бабасының ел қорғаған батырлығы, алқала топта айтқан билігі мен шешендік сөздерін жинамақ ниетпен Қазақстанды шарлап іздеп жүрген ұрпағы - Нұр Мархабат Мешітбекұлы.

Мархабатқа қойған алғашқы сұрағым: «бабаның қай ұрпағынан тарайсың», - болды. Өйткені өзім де Сартай туралы, оның артында қалған ізі, ұрпақтары туралы ізденіп жүргесін, бұл мені бей-жай қалдырмады. Мархабат кідірместен былай, - деді:

«Бабамыздың қазақ әйелінен, әжеміз табын Барақтың қызы екен. Сартайдың қазақ әйелінен: Барт, Шыңдалы, Әлібұлан, Қарабұлан туады. Мен Барттан тарайтын ұрпағымын», - деп өзінің тегін былай таратты:

Сартай – Барт – Қазанқап – Күндебай – Нұр – Ердеш – Мешітбек – Мархабат.

Мархабат 1989 жылы 13-сәуірде Қызылорда облысы, Арал ауданының Жаңақұрылыс елдімекенінде дүниеге келіпті. Қазір Алматы қаласының Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің тарих факультетінде, 3-курста оқиды екен. Республикалық «Ислам тану», «Шапағат-Нұр» журналдарына және т.б. газеттерге мақалалар жазып, өзінің жеке пікірімен замандастарына ой тастап, халқына қалаулы, еліне елеулі азамат болатыны байқалып тұр.

«Өзіңе бабаның көп қасиетінің қайсысы қонған деп ойлайсың?», - деген сұрағыма: қол сөмкесіндегі көп қағаздарының ішінен ҚР Білім және Ғылым министрі Ж.Түймебаев пен ұйымдастыру комитетінің төрағасы, профессор Л.Тәшімов қол қойған II-дәрежелі дипломды алдыма қойып: «Әзірге жеткен жетістігім осы» - деді. Дипломды қолыма алып танысқанда Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің арасындағы «Республикалық Дінтану және Теология олимпиадасында II-орынға қол жеткізгені үшін марапатталды» - деген жазуды оқып, «бабаның молдалығы қонған болды ғой», - деп әзілдедім.

Мархабат өзін егіздің сыңары екенін, туғаннан әлжуаз, аурушаң болғанын, бес уақ намаз оқитынын айтып, «бабамның батырлығы әзірге ешқайсысымызға дарыған жоқ, дегенмен, үмітсіз емеспіз, болар. Сіздің баба туралы жазған мақалаларыңызды газет-журналдардан оқып жүрмін. Осы уақытқа дейін жекелеген мақалалар болмаса, бабам туралы бір кітап шықпағаны қынжылтады. Оған әрине, заман кінәлі - деп ойлаймын. Егемендік алғанша Сартай батыр туралы жазуға ешкімнің жүрегі дауаламаған болар. Оның үстіне Сартай бабамыз туралы білетіндердің көбісі о дүниелік болып кетті. Нұрмағанбет ақынның «Сартай батыр» дастанын жинақтап, Ө.Жолымбетов ағамыз шығарды. Бұл бабамызды ұлықтауға, уағыздауға жеткіліксіз. Сондықтан, әлі де кеш емес, осы еңбектеніп, тірнектеп жазған мақалаларыңызды жинақтап, кітап етіп шығарсаңыз, баба әруағы да, кейінгі ұрпақтары, біздер де риза болар едік», - деген балалық көңілімен ұсыныс-тілегін айтып, «Сартай бабаның әруағы Сізді әрдайым қолдап жүрсін!», - деп сөзін аяқтады.

АСЕКЕҢМЕН БОЛҒАН БІР СҰХБАТ

«Мың бала жорығы және оның қолбасшысы Сартай батыр туралы алғаш жазып, газеттерге жариялатқан кезімде, алғашқылардың бірі болып Қостанай облысының тұрғыны Төлеуов Әскербек ағамыз өзінің ойын менімен бөліскен еді.

Ә.Төлеуов киіктің асығындай шағын денелі, шақар, бетін бар- жүзің бар демей тіке айтатын, тік мінез адам екен. Кездескен жерде амандық-саулықтан кейінгі сұрағы сенің «шолақ найзаң» не? Сартай батыр оны қалай, қанша жерге лақтырған болды.

- Менің қателігім, оқырманға, жалпы халыққа түсінікті болуы үшін «шолақ найза» деп жазғанмын, негізі Сартай батырдың соғыс құралының бірі «сүңгі» болатын дедім. Олай болса сүңгіні «сүңгі» деп жаз, қазақтың сөзін түсінбеген адамның өз обалы өзіне деді, жүзінен сәл ашуланғаны байқалып тұрды. Асекең де әңгімешіл, бас қосқан жерде өзінің көкірегінде сақталған қазақтың басынан өткізген нәубет туралы, қазақ батырлары туралы әңгімелерін жұртпен бөлісіп отыратын еді.

Одан кейін ағамыз «мың бала» және Сартай батыр туралы жазба деректің жоқтығына, бұл әңгімелерді әкелерінен, ауыл ақсақалдарынан естігенін айтты.

- Жарықтық, Сартай батырдың сүңгі лақтыру мен садақ атудың айтулы шебері екенін айтқанда, біздің елдегі шалдардың аузының суы құрып отыратын еді. Осы сүңгіні ашаршылық жылдары (1932-1933) біздің елдің халықтары да пайдаланған екен. Ол кезде жалпы халықта қақпан, мылтық қайдан болсын?! Ел аш, сонда судағы балықты ұстау үшін сүңгіні пайдаланған, ал, дала аңдарына тұзақ құрып сонымен тамақтарын асырап, аш өзегін жалғаған екен. Тағы бір құралдың бір түрі – балақпан деген болды, оны семіздіктен су бетінен ұша алмай жатқан құстарды ұрып құлатудың таптырмас әдісі болған. Әкелеріміз бұл құралдарды сыр шектілерінен көріп үйренгенін, аталары айтып отырады екен. Бала күнімде бұл құралдарды мен де көрдім – деді.

- Мен, біздің жақта тұзақты пайдаланатын адамдар ішін-ара кездесетінін, ал, сүңгі орнына кейінгі уақытта су астындағы балықты ұрып алу үшін шанышқыныны пайдаланатынын, балақпанды бірінші рет есітіп отырғанымды айттым.

Асекең: «Балақпан алақандай иленген (лақтың немесе аңның) тері, жиектерін тесіп, бір метрге жуық бау өткізеді. Терінің ортасына жұдырықтай тасты салып, бауын тартқанда тері жиырылып қалтаға ұқсап қалады. Міне, осы дайын балақпанды бауынан айналдырып-айналдырып нысанаға бағыттап баудың біреуін жіберіп қалады. Балақпан әркімнің күш-қайратына қарай қырық-елу метр жерге дейін ұшады, тигенде кәдімгідей зақым келтіретін болған» - деді. Сартайды, «Мың баланы» білетіндердің көбісі бақилық болып кетті. Сартай түгіл кешегі қызылдармен айқасқан Кейкі батыр туралы да жазба деректің де жоқтығына өкініш білдірді. Тәуелсіздік алғалы батырлар мен билерді жарыққа шығару қолға алынды. Сондықтан, батыр бабаң Сартай туралы ізденіп, жазғаныңа тілектеспін. Жоңғарламен болған соғыста Сартай батыр мен «Мың бала» қазақтарды жеңіске жетелеген деп естігенбіз – деп сөзін бітірді.

Ал, балақпан туралы елге барғанда үлкендерден сұрастырғанымда Сыр бойының қазақтары білетін болып шықты. Бірақ, Сартай батыр бұл қаруды қолданған-қолданбағанын ешкім білмеді.

Бүгінде осы «Мың баланы» басқарған Сартай туралы бар білгенін бөліскен Асекең де былтыр марқұм болды. Аға, жатқан жерің пейіш болғай! Мәңгілік ештеңе жоқ. Сондықтан, осы өмірге келгеннен кейін есітіп-білген батырларымызды, билерімізді ұлықтау кейінгі ұрпақтың парызы – деп білемін. Кейінгі ұрпақ Тәуелсіздікке қолымыздың қалай жеткенін, Тәуелсіздіктің қадірін білгені жөн.

**САРТАЙ БИДІҢ ХАЛЫҚ ЖАДЫНДА САҚТАЛҒАН
НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ.**

Жастық шақ – батырлық жасайтын шақ.

*Жаман тентек болса, ел бұзады,
Жақсы тентек болса, шеп бұзады.*

*Елін бөлген - ер оңбайды,
Жерін бөлген - ел оңбайды.*

*Өлімім өзімдікі,
Өмірім халқымдікі.*

Өлімнің көркі – жоқтау.

*Ерсіз ел, ел болмайды.
Жерсіз ер, ер болмайды,
Ер - елдің баласы,
Жер - елдің панасы.*

Өзен жағалағанның өзегі талмайды.

*Жалқаулықтан, еріншектіктен, ұйқышылдықтан,
тілазарлықтан арылмаған адам өмірбақи оңбайды.*

Кісілік пен кішілік – жігіттің басты қасиеті.

*Қанағат тұтқан – тарықпайды,
Ынсапты білмеген - жарымайды.*

**Пайдаланылған әдебиеттер және БАҚ-на
жарияланған материалдар тізімі:**

1. М.Тынышбаев. Материалы и истории киргиз-казакского народа. Ташкент, 1925-ж.
2. Геродот. История. Научно-издательский центр «Ладомир» Москва, 2001г.
3. Джон Кэстль. «1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырма барып қайтқан сапар туралы». Алматы, 1994- ж.
4. Мақаш Тәтімов. «Қазақ әлемі» Атамұра-Қазақстан. Алматы, 1993- ж.
5. М. Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. Алматы, 1994-ж.
6. Ә. Кекілбаев. «Үркер». Алматы, 1981-ж.
7. А.И.Тевкелев. Қызметтік жазба күнделігі.
8. Н. Қосжанов. «Сартай батыр» дастаны.
9. Ж. Дәуренбекұлы, С. Құттыбайұлы «Алты ата Әлім». Алматы, 1992-ж.
10. А. Сергеев. Петербургский посол. Алма-Ата, 1981г.
11. А.И.Левшин. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-кайцацких орд и степей.
12. Ә. Оспанов. Жанқожа батыр. Алматы, 1992-ж.
13. Қазақ ССР тарихының материалдары. Алматы, 1940-ж.
14. М.П. Вяткин. Батыр Сырым. Алматы, 1951-ж.
15. Х. Досмұхамедов. Аламан. Алматы, 1991-ж.
16. И.П. Георги. Описание всех в Российском государстве обитающих народов. СПб, 1976г., 2-ое изд. СПб, 1979г.
17. Қазыбек-бек Тауасарұлы. «Түп тұқияннан өзіме шейін». Алматы, 1987-ж.
18. З. Шүкіров. «Сыр бойы». Қызылорда, 1998-ж.
19. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2005-ж.
20. Қазақ мәдениеті энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2005-ж.
21. Қ.Әбдуов. «Дала мен қала» газеті. «Жанқожа батырдың мылтығы» 14.08.2008-ж.
22. К. Әйтеңқызы. «Толқын» газеті. «Сартай батырдың мөрі». 27.02.2008-ж.

III тарау. Пікірлер, арнау-жырлар. Сартай батыр дастаны.



Кеңесов Жалмұрат Кеңесұлының «Сартай батыр бастаған «Мың бала жорығы» атты ізденісіне жазылған

ПІКІР

Европада XX ғасырдың 60-70 жылдарынан, Ресейде 90-шы жылдардан басталған тарих ғылымындағы «антропологиялық (адамға) бетбұрыс» қазақ тарихына да өз ықпалын тигізе бастаған сияқты. Бұл өзгерістің тамыры XX ғасырдағы ғылымтануда ашылған жаңалықтардан бастау алып жатыр. Ол ең алдымен таным теориясындағы өзгеріс. Тарих ғылымында танымның назары адам қоғамын нысанаға ала отырып, ондағы адам орны емес, анонимдік құрылымдар экономика, саясат, әлеумет саласындағы жалпы заңдылықтарды анықтауға бағытталып келді. Осының негізінде қоғамдық, тарихи құбылыстарды түсіндіруге тырысты. Енді таным мүмкіндігінің шектілігі мойындалып, адам іс-әрекет ететін салада заңдылыққа сүйеніп түсіндіру емес, әр кім өз тұрғысынан түсінуге талпыну мүмкіндігі ғана барлығына көзі жетіп отыр. Осыдан келіп, қазіргі әлемдік демократизация үрдісі бәрінің тең құқылық құндылығын санаға сіңіру арқылы тарихтағы ұлы тұлға ғана емес, күнделікті тірлігімен болған қарапайым адамның да тарихта өз орны барлығын мойындауға мәжбүрлеп, оған бет бұрғызып отыр.

Тарихты жасайтын ұлы идеялар, немесе, ұлы адамдар ғана емес. Онда қарапайым бұқара халық өкілінің де өз үлесі бар екенін естен шығармау керектігіне назар аудартады.

Мысалға, осы ізденіске негіз болған басты аңыз - «мың бала жорығын» алатын болсақ, бұл жерде жаугершілік замандағы жан алып, жан беріскен арпалыста мемлекеттің иесі - хан, ел тұтқасы - би, қол бастаған - батыр ғана емес, басына күн туса

жас та, кәрі де, әйел-ана да қолына қару алып, соғыстың ащы дөмін татуға мәжбүр болатынын көрсетіп отыр. Бұл тақырыпқа көз жұмып қарауға болмайтынын меңзейді. Бұрынғы зерттеулерде жаугершілік десе, ел бастаған көсем кім, сөз бастаған шешен кім, қол бастаған батыр кім екендігін, оқиғаның барысын анықтаумен шектеліп келдік. Автор ізденісінің басты лейтмотиві - осы ойды ортаға салып, Сартай тұлғасы арқылы оның қалай зерттелуі мүмкіндіктерін көрсетіп отырғандай. Бұл әрекет тарих ғылымындағы «адамға бетбұрыс» құбылысымен үндес келеді.

Бұл бетбұрыстың тарих ғылымына тигізген әсері ерекше болды. Бұрынғы тарих ғылымы маркстік-лениндік теориямен қаруланып, оның негізінде барлық тарихи құбылысты таптық көзқарас, формациялық теория тұрғысынан түсіндіруге болатынына иманындай сенген болатын. Қазіргі кезде тек адам қоғамын зерттейтін ғылымды былай қойғанда, жаратылыстану ғылымдарының өзінде қолданыста жүрген теориялардың ғылым дамуына байланысты қателіктері анықталып, оның орнына жаңа болжамдар ұсынылып, ол дәлелденсе - ғылым әрі қарай дамуға мүмкіндік алатыны анықталды.

Бұлжымас заңдылықпен дамитын табиғат саласының өзінде нақты бір уақыт пен кеңістік аясында қалыптасқан мүмкіндіктердің адам танымына шек қоятынын мойындап жатқанда, адам қоғамын зерттейтін, оның ішіндегі, біздің қазақ тарихы саласындағы ресми ізденістердің өзі осы күнге шейін күні өткен «таптық» көзқарас, «формациялық» тұрғы, «феодализм» ұғымдарынан бас көтере алмай отыр. Ширек ғасыр бойы талқылап, қайтадан жаңартып жазып жатырмыз деген қазақ тарихының бес томдығында теориялық-әдіснамалық жағынан еш өзгеріс жоқ. «Баяғы жартас, сол жартас» - ескі сұрлеумен жазылып шықты. Ал түйіні шешілмеген сұрақтарға жауап табылған жоқ. Бұл әсіресе көне заманнан XX ғасырдың басына дейінгі кезеңдегі тарихты қамтитын алғашқы үш томға тікелей қатысты.

Батыстық ғылымда әр он-он бес жылда ғылыми теориялар жаңадан ашылған жаңалықтардың негізінде талқыға түсіп, қайта қаралып, жаңадан түлеп шығуы заңды құбылыс. Сондықтан, мұндай ғылым әр уақыттың тынысына құлақ түріп, талабына сай ізденіс жасап, қоғам алдында нақты қойылған мәселелерді шешуге тікелей септігін тигізіп отырады.

Ал қазақ тарихындағы ресми зерттеулер уақыт талабынан едәуір артта қалып отырғаны талай рет баспасөз бетінде, теледидарда талқыланса да, одан шығарған қорытынды тәжірибеде мардымсыз орындалып жатыр. Алға дамимыз деген қоғам үшін бұл өте қауіпті дерт. Сондықтан, қоғамдық санадағы бұл вакуумды толтырамыз деп, кеудесін намыс пен жігер кернеген, көкірегі ояу, көзі ашық зиялы азаматтар амалсыздан тарихшының атқармаған міндетін өз мойнына алып, шама-шарқынша мәселенің шешілуіне септігін тигізуге ұмтылып жатыр. Бұл құбылыс жаппай етек алды десе де болады.

Кеңесов Жолмұраттың «Сартай батыр бастаған «Мың бала жорығы» атты ізденіс, зерттеулері осы топқа жатады.

Маман емес азаматтардың мұндай ізденістерін кәсіпқой, танымал тарихшылар «аңызды қолдан жасаушылар» (мифотворцы) деген айдар тақты. Бұл атаққа кейбір маман деген атағы бар тарихшылар да ілігіп кетті. Ғылыми ізденістер алдына қойылатын талапқа сай әдіс-тәсілдерді қолданбай, жалаң идея, фактімен дәлелденбейтін бұлдыр аңыз, жеке бастың мүддесінен ғана туындап жататын дәйексіз долбарға негізделген дүниелер шындығында жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткені баршаға аян. Бұл әрекет «амалы құрып, аузын буып» отырған тарихшылардың міндеттерін орындамауынан да қауіпті құбылыс екендігіне ешкім күманданбайды.

Мәселе, бұл жерде бұған кім кінәлі екендігін анықтауда емес, керісінше, егер маман тарихшы өз міндетіне сай мұндай ізденістерге ат салыса кірісіп, сын тезіне салып, ақиқатын екшеп алуға өз үлесін қоспаса, жаңа толқын өз дегенімен сыңар езуге салып, қай орға апарып жығатыны белгісіз.

Осы қауіптің қазақ тарихы ғылымының қазіргі хал-ахуалына тигізіп отырған әсерін мынадан көруге болады:

Бұрын тарихи факті дегеніміз, бірінші кезекте, хатталып, қағазға түскен жазба дерек, ал, содан кейін ауызша дерек деп келсек, енді, қазақ тарихын жазу үшін алдымен шежірені игеру керек, ауызша айтылып келген деректің жазба деректен еш кемдігі жоқ екендігіне көңіл аударма бастадық.

Осыдан келіп, жазбадағыға - күман, аңыздағыға – сенім күшейді. Жазбаны сынап, аңызды дәріптеу, немесе, керісінше, жазбаға сүйеніп, аңызды елемеу, тек сыңар жақтыққа әкеліп соғатыны белгілі.

Мысалға, осы зерттеудің басты кейіпкері Сартай батырдың шығу тегін анықтау барысында автор шежірені және ел аузындағы аңыздарды талқылай отырып, сонау бастан қазақ елінің іргесін қалаған тарихи тұлғаларға тіреліп, оларды осы күнге шейін өзімізге теліп келсек те, нақты анықтай бастағанда олардың кім екенін, қазақ елін құрайтын қай рудың өкілі екендігін білмейтіндігіміз аян болды. Бұл халық аузындағы аты аңызға айналған Асан қайғы тұлғасына байланысты. Өнер Сарайдың анықтағанындай маңғыт деп жүрген Едіге бидің тегі түріктің, оның ішіндегі қыпшақтың бір бөлігі (күшік) күрлеуіт руынан болып шығуы, осы еңбек авторының болжамы бойынша Асан Сәбитұлының әлім ұлы ішіндегі шекті руынан болып шығуы, Сартайдың осы Асанның алтыншы ұрпағы екендігі жайлы деректер тарихшылардың ойы түгілі, түсіне де кірмеген жаңалықтар. Ал бұл болжам мен дәлелдеулер тарихи шындыққа сай келе ме – ол жағы ендігі зерттеулердің алдындағы кезек күттірмес мәселе.

Жолмұрат Кеңесовтің еңбегіндегі осындай тосын жаңалықтар маман тарихшыларды қатты ойландырса игі болар еді. Автордың көтеріп отырған мәселелері шынымен де қазақ тарихын анықтаудағы ең маңызды мәселелер. Оның ішіндегі ең маңыздысы – ауызша айтылып келген аңыздан тарихи шындықтың сілемін қалай анықтауға болатындығында. Бұл мәселеде маман емес ізденушілер ауызша айтылған мәліметті жазба дерекпен салыстырудан әріге бара алмайды. Оның себебі, олар түгілі, мамандардың өзі қазір ауызша тарих дегеніміз не деген сұраққа

біржақты анық жауап бере алмайды. Өйткені соңғы жарты ғасыр көлемінде батыстық ғылымда осы аттае «ауызша тарих» деген жаңа зерттеу әдісі пайда болды.

Бұл әдістің танымдық түсінігі бойынша «ауызша тарих» дегеніміз қазір өмір сүріп жатқан адамдардың есінде сақталғандарды ұнтаспаға жазып алып, соның негізінде тарихты жазу. Мұндағы басты ұстаным ресми түрде «жоғарыдан» идеологияның тапсырысымен жазылатын тарихтың жасырғанын немесе әсірелегенін, халық өкілінің өз ауызынан айтылғанның негізінде «төменнен» анықтап тарихты жазу дегенге саяды. Әрине, бұл жерде осы әдістің қандай теориялық, әдіснамалық ұстанымдарға негізделетінін талдап жазып жату мүмкін емес. Бұл әдістің шығуының өзіндік тарихи себептері бар. Жазуы жоқ халықтардың тарихын жазуда ауызшадан басқа мардымды дерек болмаған соң, амалсыз осы әдісті жетілдіріп қолданғаннан басқа шара қалмады. Ал енді осы әдісті қазіргі заман тарихын зерттеуге қолданғанда ең әрі дегенде 100-150 жыл бұрын болған оқиғалар туралы ғана есте сақталғанды жазып алуға мүмкіндік бар. Одан әріге бойламайды. Бұл жерде көңіл аударатын мәселе - осы әдістің ең басты кемшілігі - тек айтушының жеке санасындағыға ғана сүйенетіндігінде. Ал біз түсінетін, және мыңдаған жылдар Евразия алқабындағы көшпелілер өркениетінің өмірін қамтамасыз етіп келген ауызша тарих ұжымдық санада сақталып, ұжымдық сана қалпында қызметін атқарып келді. Біз ауызша деректі талдасақ ең алдымен осы ұжымдық сананың өз өміріне қажетті дегенін тәжірибе сүзгісінен өткізе отырып, код түрінде сақтап отыруы заңдылығына сүйенеміз. Сондықтан, оның негізінде тарихи шындық жататынына сенеміз.

Ал батыстық ғылымның ұстанымын талғамсыз қолдансақ, біз тек жеке адамның санасындағыға ғана сену арқылы ақиқат түгілі, тарихи шындықтың да сілемінен айырылып қаламыз. Оның себебі жеке сана өз тәжірибесіне ғана сүйеніп, қоғамдық санамен санаспай

өсінде сақталғанын ауызша айтып, соның негізінде тарихты жазуға болады деп сенсе мынадай құбылысқа тап боламыз. Адам өз өркімен айналасындағы болып жатқан құбылыстардың бәрін бірдей тоқтатып, есіне сақтай алмайды. Бұл аққан су сияқты. Болып жатқан оқиғалардың кейбірін есте сақтағанмен, оның мәнін дәл сол кезінде адам анықтай алмайды. Оның мәні уақыт өте тәжірибеден түзіліп шығады. Ең басты ескерілмейтін мәселе: жеке сана өз кезімен ғана шектеледі, ал ұжымдық сана өткеннің тәжірибесінен, уақыт сынынан өткен мәнді сақтау арқылы қазіргінің мінез құлқын тізгіндеп, бір арнаға бағыттап отырады. Осы арқылы кепілді болашаққа деген сенім туады. Керісінше болса, аққан судай жөнкілген оқиғалардың мәнін анықтай алмаған жеке адамның пайымдауларының негізінде тарихи шындықты анықтаймыз десек, ол бос әурешілік. Соқырдан жол сұрағанның кетінде қаламыз. Осыған байланысты ұлы ойшылдардың бірі «тарихтағы адам көртышқанша әрекет етеді. Себебі ол өзінің іс-әрекеті неге апарып соғатынын білмейді» деген болатын. Адам қанша ақ пейілімен іс-әрекет етсе де, оның нәтижесі қалай болып шығатыны оның құзырында емес.

Міне, «ауызша тарихқа» байланысты осы күрделі мәселені шешу үшін тек жүрегі таза, ел қамын ойлаған қатардағы азаматтар ғана емес, ғалым деген атаққа ие болып, ғылым атынан ой толғап жүрген зиялы қауым өкілі қоғамдық сананың адаспайтын жол табатын қалпын қалыптастыруға бел шешіп кірісу керек. Бұрын бұл міндетті әр елдің данышпан ойшылдары, дана билері, әр ауылдың ақылгөй ақсақалы, әр шаңырақтың жасы үлкен отағасы - әр кім өз деңгейінде атқарып отырды. Қазіргі жағдайда бұл міндетті бірі-біріне сілтей салып, қол қусырып отырған кейіп бар. Сондықтан бұл жағдай елім деген азаматтарды бей-жай қалдырмады.

Өз басым Жолмұрат Кеңесовтың осы ізденіске бел шешіп кірісуін осы тұрғыдан түсінемін және осы ізденістің қазіргі күйіндегі қалпын баспадан басып шығару бастамасын қолдаймын.

Бірақ, оқырман қауым мұнда жазылғанның бәрі тарихи шындық деп қабылдауға әлі ертерек екенін ескертпей кете алмаймын. Оның бәрі

автордың және осы тақырыпқа қалам тартып жүрген ғалымдардың зерттеулерінде толық анықталуы керек. Бұл еңбек ортаға ой салу жағынан құнды. Ал жеке автордың ізденісіне байланысты көтерілген мәселелерді шеше алмау себебі қазақ тарихы мен этнография, этнология ғылымы саласындағы қордаланып қалған теориялық және әдіснамалық мәселелердің әлі күнге шешілмей келуіне байланысты. Олардың кейбірін ғана атап өтсек:

- ауызша тарихтың табиғаты қандай? Оны әдіс ретінде қалай түсінуге болады? Одан тарихи шындықты қалай сүзіп алуға болады?

- шежірелік деректе тарихи шындық қалай көрініс табады. Одан тарихи шындықты қалай сүзіп алуға болады?

- қазақ елінің тарихын рулардың тарихын зерттеуден бастау қандай тың теориялық және әдіснамалық мәселелерді көтереді?

- осыған байланысты мемлекет пен рулық институттың ара-қатынасы, атқаратын қызметінің ұқсастығы мен айырмашылықтары қандай?

- қазір қазақ елінің құрамындағы ру статусында жүрген бөлшектердің бұрын жеке мемлекетті құрап отыруын қалай түсінуге болады?

- қазақ елінің этникалық тарихының саяси тарихты түсінудегі атқаратын рөлі қандай?

- ел ішіндегі аңызда айтылып, хатқа түспегендіктен, немесе түскенмен, ол дерек сақталмағандықтан ресми тарихта аты аталмай қалған тарихи тұлғалардың атын жаңғыртуда қандай негіздерге сүйенуіміз керек?

Әрине, бұл толық тізім емес. Дегенмен, осы сұрақтарға жауап табылмай, жеке тұлғалардың да, тұтас елдің де тарихын түсінуге жол ашылмайды.

М.С.ЖАКИН,

тарих ғылымдарының кандидаты

Академик Е.А. Бөкетов атындағы

Қарағанды мемлекеттік университеті

Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының

доценті

ПІКІР

Жалмұрат Кеңесұлымен соңғы оншақты жыл ішінде танысып. Екеуміз өнер, әлеумет, тіл мен діл, дін мен салт-дәстүр, тарих пен таным және бүгінгі қоғамдағы келелі мәселелер тоңірегінде пікірлесіп, ой толғасып, санамыздағы мен көңіліміздегіні ашық та, ащы күйінде ортаға салып жүрген жайымыз бар. Мұндай шынайы әрі ашық-айдын пікір таластығынан кейін негізгі нақты көзқарас қалыптаспақ. Сондықтанда, бұндай ой ортақтастығының замандастар арасында болғаны мақұл һәм пайдалы. Жалмұраттың Сартай батыр туралы тарихи деректермен көмкерілген, баяндау жолымен жазылған мына хикаяттарын мұқият оқып шықтым. Қажет кезінде өз пікірім мен көзқарастарымды айтып, өткен замандар шежіресі мен тарихы жайлы өзім есітіп-білген аңыз-әңгімелерімді, хикаят-дастандарымды ортақтасып отырамын. Ата-баба тарихы мен мұрасына бейжай қарай бастаған дәл осы кезеңде, бұл деректі хикаяның жастар санасына сіңіреті және берері мол деп пайымдаймын. Сартай батыр жайында үзік-үзік әңгіме-дастандар мен тарихи шығармалардан там-тұмдап білгеніміз болмаса, әлі сол заман мен ол адам туралы зерттеліп, зерделенбеген мағлұмат мол екеніне шүбә жоқ. Солардың бірсыпырасын осы көлемді әңгімеден де кездестіріп, көзайым болдық. Жалпы, қазақ тарихында өшпес һәм өлмес ерлік, қомақты қайрат көрсеткен кейбір дара тұлғаларымыздың еңбектері еш болып, тарих сахынасынан сырт қалып, көмескіленіп, кейбір деректері бұрмаланып жататыны шындық. Осы олқылықтың орнын толтырып, ата-бабамыздың ерлік істеріне лайықты бағасын беретін кезең жетті және оны жасайтын сіз бен біз. Жалмұраттың Сартай батыр мен Софы Әзиз жайлы, сол заманда олардың қасында болып, елі мен жерін апталаған жсаудан қорғау жолындағы ерен ерліктері, өз ұлтының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін жасаған толағай еңбектері жайындағы, оларды ұлықтау, есімдерін еліне таныту, ескерткіш орнату туралы пікірін толық қолдаймын. Сонда ғана әруақ риза болып, тірілер байымақ!

Нұрғали Қарабектегі

ақын,

Қазақстан Журналистер

Одағының мүшесі.

Құрметті оқырман!

Мен, Кеңесов Жалмұрат Кеңесұлы 1959-жылы Қызылорда облысы, Арал ауданының Шөміш станциясында туғанмын. Сартай батыр бастаған «Мың бала» жорығы туралы әңгімені ең алғаш рет 9 (тоғыз) жасымда осы ауылдың тұрғыны Орынбет ақсақалдан естідім. Ол кісінің руы Асан Жақайымның Есені болатын. Туған жылын, фамилиясын білмеймін. 1972 жылы елдің айтуы бойынша, 107 жасқа келіп қайтыс болды. Өзінің айтуы бойынша еш жерде жұмыс істемеген. 1930 жылы Кеңес Өкіметіне қарсы болған «Асан Көтерілісіне» қатысқан. Жеңіліс тапқан көтерісшілер Өзбекстанға қашқанда, бұл кісі Ұлытауға қашқан. Орынбет ақсақалдың «Мың бала» туралы әңгімесі, өлеңмен айтқан жырлары Нұрмағамбет Қосжанов жазған «Сартай батыр» дастанына ұқсамайды, өзгеше еді. Жасы 100-ден кетсе де есту қабілеті жоғары, өле-өлгенше ақыл-есін жоғалтпай, тыңдаған жұртты әңгімесіне ұйытып отырушы еді. Одан кейін өз әкем Құлпыбаев Кеңестен, әкемнің құрдасы Медетияров Кемалдан, қайын атам Айжарықов Кемалдың немере ағасы Қарман Сұлтаевтан, көршісі Рахманберді (Төкебай) Қуанышпаевтан естіп, жадымда қалғандарын қағазға түсіріп, Сіздерге ұсынып отырмын.

Қадірлі оқырман! Менің бұл жазғаныма пікір, уәж айтушылар болса немесе Сартай батыр бастаған «Мың бала» жайлы білетіндер болса маған хабарласуын өтінемін.

Мекен-жайым: 101100

Қарағанды облысы,

Приозерск қаласы,

Центральная көшесі, № 13 үй

Қызмет телефоны: 8-710-39-5-36-50;

Үй телефоны: 5-46-33

Нұрмағамбет ҚОСЖАНОВ

САРТАЙ БАТЫР

(дастан)

Сартай – Малтабар – Бейсен – Мыса –
Маукек – Маукекқызы
Кермеқас пен Аязбайдың баласы
Есенбайда сақталған
НҰСҚАСЫ

Ұлап тугуз таштар бир шайкеш
Кербалинның шолінде.
Ойпанан елмен еген ысгал
Тартынан кейін шегінде.

Аман аман бүгінбе
Халысың болса ақалда се
Абай болса айды мін
Ысгалда отан бір көңіліме.

Үш күздің басан ысгалда
Ерінбе халық ерінбе.
Найза ұшпадан ерлерің
Баршаңдар сөзің еліңде.

Өзбек пен Сартай халықпен ден
Бұхарда семірме.
Айтпағандар ысгалда
Ұлап тугуз бен таш тугуз.

Абайнан тсерінде.
Мен айды болса сөзіңді.
Мен берсеңдер сөзіме.

Әңгіме.

Айтпағандар Сартай батырдың сөзін Сартай
би ысгалда. Халықтың бәрі бұхарда баруға
Ысгалда. Үш күздің басан ысгалда отан
айдай үш шайкеш. Кімде кімнің ысгал
Ысгалда отан айтпағандар кейде кейде
ашпағандар айды болса деп тсерінде. ысгалда
Кек салса ысгалда бае байлағандар деген
айдай үш шайкеш ысгалда отан айтпағандар.
Өзбек пен Тәжікке қашуға ысгалда отан Казакте
Ысгалда отан еді. Тек ысгалда отан халықтың
Айтпағандар билерінің көңілің байлағандар деген
сөз еді. Айтпағандар Сартай батыр би ысгалда сөз
айтпағандар ысгалда отан кейін Енді ысгалда отан
Өзіннің тугуз артыңа Брған аманда

Нурмағанбет жолға сал
Қаламыңды қақпалап,
Бұл күнде күйсіз жүйріксің
Құралса сөзің нақпа-нақ,
Қалың тарихтың біреуін
Жаза бер батыр шатпалап,
Шаруашылық сай келсе
Тастар едім тақталап,
Тақтасы келсе жел сөздің
Тыңдаған халық мақтанат,
Білік емес билікті
Мақтамақ, әркім жақтамақ,
Шындықты айтсам түбінде
Бай боларсың бақ қарап,
Өзіңнен тарих табылса
Не керек төрге аттамақ,
Аруағын әркім сыйласа
Нурмағанбет Қосжанов
Қаламың бедел қаптамақ.

Нұртуған өтті дүниеден
Қандырып құлақ құрышың,
Едігенің тұқымы
Мұсаханнның жынысын
Нақыштап толғап жұмысын,
Жанқожа батыр тағы өтті
Патшаға сілтеп қылышың,
Николайға бағынбай
Тарылтты біраз тынысын
Үстамай кетті қолына
Алтыны мен күмісін.

Сартай өтті би болып
Қалдырып елге дабысын,

Кейінге сөзді қалдырған
Сенімді көріп інісін,
Қисса қылып шығарсам
Екеуінің бұл ісін,
Ағайынға хабардар
Шаруашылық түрлі ісім,
Сартайдың сөзін жазбаққа
Қаламның алдым қырлысын,
Қағаздың алдым сырлысын,
Көк сияға батырдым
Қаламсабымның ұңғысын
Құрап-сұрап тон қылдым
Әркімнен жинап бір қысым,
Көмектесіп ағайын
Жамап тұрды тігісін.
«Нәрік ұлы Шора» еді
Дастаннан жазған тұңғышымы,
Айдауға кеттім бес жылға
Мәлімсіз, неден қылмысым!
Айналып келдім саламат
Санаулы болып күн кесім,
Жоқшылықтың зарпынан
Бұзылып қалған тұрмысым,
Сартайдың сөзін жазбаққа
Ақының жәйлап ілбісін.

Алтай мен Саян тауы екен
Қалмақтың мекен жерлері
Шорас деген рудан
Шығады екен беклері,
Рабтан деген ханы екен
Бағынған толық ерлері,
Сарыхан деген қаласы
Жаханнан асқан өрнегі,

Еріккен қалмақ халқының
Қазақ екен ермегі,
Қазаққа қалмақ аттанса
Орта жүз екен деңгегі,
Жыл сайын шауып мал алып
Толады екен шеңгелі,
Қатын-қызын олжалап
Дүниесін талап теңдегі.

Төрт түлік малды қалдырмай
Олжаға қалмақ бөгеді
Қалмаққа қазақ аттанса
Алтай таудан аса алмай
Қайтпайды екен еңбегі,
Жыл сайын жауға шабылып
Орта жүз елі жүдеді.
Осы арадан азырақ
Әңгіме қылып өтейін
Тоқтатып қойып термені.

Орта жүзде Қаракесек Арғын
елінен Қаз дауысты Қазыбек
би халқын (Қаз дауысты
аталуының себебі дауысына
аспанда ұшып бара жатырған
қаз айналады екен) жиып, 80-ге
келген Аймауыт Сұлтан жарты
би деген шалға келіп, ақыл
сұрап тұр.

-Келді бүгін жиналып
Арғын Қыпшақ халқың-ай,
Алаштан асқан ақылың
Аймауыт Сұлтан қартым-ай.

Есіл, Тобыл екі өзен
Жатушы еді суы шалқып-ай,
Алалы жылқы жабылса
Кететін суын сарқып-ай.
Күз айында көңірсіп
Бұлар көпті шарпыды-ай,
Сол малдардан ашырылып
Соғыстың тиді салқыны-ай.
Шатырлатып оқ атып
Жау қалмақ түсті артыма-ай,
Аға-інісі тұрғанда
Арғын-Қыпшақ халқымның
Барады қалмай тамтығы-ай.

Қасы жайдай керілген
Сары майдай иірілген,
Нәзік белі бұралып
Нұры жерге себілген.
Ақ бетінен қан тамып
Ажары жерге төгілген,
Сол секілді сұлулар
Қалмақ жауға телінген.
Жары кетіп жігіттер
Арбадағы мәстектей
Тертенің басын кемірген,
Қазақтан таңдап қыз алып
Дұшпанның көңілі семірген.
Иесіз жатқан ел шауып
Дінсіз қалмақ елірген,
Шырқыраған сұлулар
Жау қолында кеткені
Қалмай тұр ата кеуілден.
Ақ сауытын жамылған
Алқалы дуга түскенде

Кеңеске сөз табылған,
Арыстандай ерлерім
Ақырса дүние тарылған.
Қоршаған жауға қол салса
Ашылып екі жарылған,
Ақылы асқан қырандар
Алдына келіп бағынған.
Сол сықылды батырлар
Қапыда жауға алынған,
Тозғындаған бұл қазақ
Қарғадай болып танылған.
Алтайдағы қалмақтың
Қолдары қанға малынған,
Ақ сауытын кие алмай
Етек жеңін жия алмай
Ерлердің басы қағылған.
Неңдей асыл бектерім
Азу тісі айқасып
Жай алып жатыр қабырдан,
Осылар еске түскенде
Қайнайды қаным тамырдан,
Сай сүйегім сырқырап
Қаусайды қырық қабырғам.

Сынатқан менің сөзімді
Ақылға салып қаралық,
Мына жатқан Хорезм
Мұсылманға барарлық,
Өзбек пенен Тәжіктен
Барып көмек алалық,
Әскер алып ханынан
Қалмақты біздер шабалық.
Тамызға қалмай қазақты
Ертерек жиып алалық,

Қырғауыл болып жүрмелік
Шегірткеге таланып,
Арнаған осы сөзімді
Аймауыт Сұлтан жарты би
Табуға ақыл жаралық

Сонда Қаз дауысты Қазыбек
биге Аймауыт Сұлтан жарты
бидің қайтарған жауабы:

Қазақтың қамын ойлаған
Қазыбек бала қарағым,
Ақыл айт деп адаспай
Аузыма менің қарадың,
Қазақтың қамын ойласаң
Қайырлы болсын талабың!
Азықпассың ойласып
Ақылын алсаң ағаның,
Сексенге келіп селкілдеп
Таусылып отыр заманым.
Қолдан келер шама жоқ
Тілеймін елдің аманын,
Жанын сақтар Жасаған
Он сегіз мың галамның.
Асығыс жинап бір ойлас
Үш арыс елдің алабын
Ел іші алтын бесік қой
Ойласып табар амалын,
Қаз дауысты қарағым.

Ай да өтер, күн де өтер,
Енді қалмақ келгенше
Тағы төрт-бес жыл өтер,
Сарт пен өзбек сын етер

Салық салып, ақша алып
 Кеуіліңді кір етер.
 Солқылдаған мырзанды
 Қаздырып арық құл етер,
 Жібегіңді жүн етер,
 Әр шаһарға тентіреп
 Азығып қазақ күні өтер.
 Қарсыласып қағыссаң
 Мойныңнан қылыш сыр етер,
 Шарияттың жолы деп
 Көнбеген күні дүр етер,
 Тегі алыс Өзбегің
 Жұрытыңды жүдетер,
 Бір күні барып Өзбектің
 Арбасына жегілме,
 Есіңе түсер сол күні
 Жатқаның жәннат төрінде,
 Біздің қазақ үйренген
 Жалғанның мынау кеңіне.
 Кіші жүз жатыр толқындап
 Жайықтың сонау өрінде,
 Ұлы жүз жатыр бір беткей
 Жетісудың шенінде.
 Ойласып елмен есеп қыл
 Тартынып кейін шегінбе,
 Тілімді алсаң, жарандар
 Бөлінбе қазақ бөлінбе!
 Найза ұстаған бозбала
 Намысың бір ғой сенің де,
 Өзбек пен Сартты досым деп
 Өнбейтін іске семірме.

Қарт осыны айтқаннан кейін
 Қаз дауысты Қазыбек би,

ауызымен ұшқан құсты тістеген
 тұлпарлары Тауқараны, Қара-
 қыпшақ Мәмбет сыншыға,
 Ақжелеңді ақын Арғын
 Біржанға мінгізіп, хат жазып,
 қолын қойып, мөрін басып Ұлы
 жүз бен Кіші жүзге шаптырады.
 Жау шапса да жарлы екен
 деп ойламасын деп екі
 қапталы алтынмен қақталған
 Көкшетаудың қайыңынан
 жасалған ерді Ақжелеңге
 салады.

Екі тұлпар жөнелді
 Ақжелең мен Тауқара
 Аяғын басты көлденең,
 Қасқа жол деген жолменен
 Байлауда өскен жемменен,
 Кең далаға шыға алмай
 Иштері толған шерменен,
 Қанатындай сұңқардың
 Төрт аяғын сермеген,
 Аяқты малда адамзат
 Бұл жүрісті көрмеген,
 Суыт шыққан елшілер
 Танысты талай жерменен,
 Алдынан соққан самал жел
 Көкіректерін кернеген,
 Шапқан сайын жүрісі
 Алуан-алуан өрлеген,
 Атқан оқтай ұшады
 Мыс құлақтан кезеген,
 Қала берді артында

Нелер тегіс кезеңдер
 Қапталы ердің қақталған
 Оқалы алтын зерменен,
 Елден шыққан елшілер
 Тұғырып тізгін тежеген.

Қос тұлпарды сынады
 Ақжелеңнің жүрісі
 Ақынға Біржан ұнады,
 Бедені сұлу жануар
 Төңкерген қазан тұяғы,
 Бейне Дүлдүл секілді
 Әлінің мінген пырағы,
 Қос шекеде қадалған
 Қарыс жарым құлағы,
 Бір айшылық жол екен
 Жүретін жолдың жырағы.
 Үйсін-Дулат еліне
 Үш күн жүріп екеуі
 Төртінші күні құлады,
 Міне осымен елшілер
 Арада үш күн түнеді,
 Асығыс алыс сапарда
 Ат қағып ерлер жүдеді,
 Тарта-тарта тізгінін
 Талды құрыш білегі,
 Ел ішіне келген соң
 Көңілдері бірлесіп
 Алладан пәрмен тіледі,
 Бір ақын мен бір сыншы
 Ақсұңқар құстай түледі,
 Мәмбет сыншы атанған
 Адамның ойын айттырмай
 Көрген жерден біледі,

Біржан ақын жас жігіт
 Сыйлаған жұртты би еді,
 Алқалы жиын кез келсе
 Қызыл тілдің гүлі еді,
 Аузынан шыққан лебізі
 Өлең менен жыр еді,
 Шайқыислам әулие
 Сол Біржанның пірі еді,
 Хабарлас қып елшілер
 Төле бидің аулына
 Ат басын келіп тіреді.

Үйсін Төле би меймандарды
 інісі Шеге бидің үйіне түсіріп,
 қойын сойып, қымызын құйып,
 қонақ қылып жайлап жатты.
 Соның алдында Дулат елінен
 қыз ұзатылып әдейі шақырушы
 келіп кеткен екен. Төле би тойға
 Мәмбет пен Біржанды да алып
 жүреді. Аттың бас бәйгісі 600,
 қалғандары 400, 300, 200, аяғы 5
 жылқыға дейін болды. Бәйгеден
 бірінші болып Ақжелең келді,
 Тауқара екінші келіп, екі жүлде
 1000 жылқы бәйгісін алды.
 Кешке қыздың ойын-сауық
 тойы болып, Төле биге ерген
 Мәмбет пен Біржан да сонда
 келеді. Келген ауылға кірме
 Қырғауыл қожа сөз бастайды.

-Жалайыр, Үйсін, Дулат Ұлы жүзбін
Салтанат бәрі сахи еліміздің,
Алты жүз бас бәйгеге ат тігілген
Отырмыз дәулетінде Айша қыздың,
Хал-ахуал сұрасып жөн біліспеген
Әлбетте ісі болар көргенсіздің,
Сұраймын көп ішінде жолаушылар
Құрбылар адамысың қайсы жүздің?

Біржан:

-Орта жүз Найман, Қыпшақ, елім Арғын
Қолыма он үйімде домбыра алдым,
Арғында алты аталы атам Ахтан
Мен Біржан баласымын Қалжан шалдың,
Жолдасым жанымдағы Қарақыпшақ
Нәсілі кешегі өткен Қобылан нардың,
Той тойлап, ат қосуға шыққан жоқпын
Сұрасаң жөні басқа ахуалдың,
Оң болар иншалла сапарымыз
Мың жылқы мерекенің алдын алдым,
Сұрасаң қазір айтам сапар жайын
Алдында ел иесі ағалардың.

Қырғауыл:

-Жалайыр біздің халық Үйсін, Дулат
Жел сөзді шығарамын будақ-будақ,
Байлар бар біздің елде дәулеті асқан
Ерлер бар дұшпандарын жүрген турап,
Білмейміз Орта жүздің жағдаятын
Басында болсақтағы бірге тұмақ,
Дұшпанға қарсы шабар азаматы жоқ
Қатындай қалады екен көзін сулап,
Қаңғырған Алтай таудың қалмақтары
Әр жылда Орта жүздің малын қумақ
Семейде сүйектерің жатыр қурап,

Бұл үйде аузың толып мақтанасың
Ортаңнан олжа алдым деп шумақ-шумақ,
Менімен бұл жайында қарсыласпа
Деміңді ал біраз жатып аунап-қунап,
Көлбақа көлеңкеме көзің салма
Ұлы жүз бәйтерекпін өскен дулап,
Сыпырып барлық малды жау алғанда
Не қылып қолда қалған екі тулақ,
Дулаттың мен атақта Қырғауылы
Алдында тастадым сөз бунақ-бунақ.

Біржан сол уақытта Мәмбет
сыншыға қарады. Мәмбет: -
Шырағым, мін шұқысып, мін
айтысқанша өзіңнің келген
жөніңді түсіндір, - деді.

Біржан:

-Мен сөйлейін жарандар
Сендер тыңда аламан,
Шаршы топта сөйлесем
Кеңесім соғар шамадан,
Үш арыс қазақ боламыз
Бірге туған анадан,
Аса алмай тұрмыз айбынып
Жаудан түскен жарадан,
Кек тастап кетті араға
Қара қыпшақ Қобыланды,
Қияттан шыққан Қараман,
Орта жүз ешбір аспайды
Қысқалап айтсам сагадан,
Сені де алар қалмақ жау
Алдағы күзде жагадан.
Табарсың сонда Қырғауыл
Туысқа қылған табадан,

Бізде де ерлер бар еді-ау
Алпамыс батыр секілді
Өздерін мыңға балаған,
Атақты байлар бар еді
Сары қымыз ішкен сабадан,
Замандасым Қырғауыл
Елден шыққан еліміз
Аса берме шамадан,
Аттанбаққа қалмаққа
Жиналып жатыр біздің ел
Кілең бөрі шабаған,
Жөн сұрауға шыққанбыз
Жасы үлкен Үйсін агадан
Ұлы жүз бен Кіші жүз
Алтыс екі сагадан,
Түгел төртеу аспай ма
Аузы алты аладан.
Ақ сүйектен хан сайлап,
Біліктіден би сайлап,
Жол саламыз кейінге
Бір ауызға қараған
Елден шыққан жұмысым
Қазаққа хабар таратпақ,
Ұлы жүз бен Кіші жүз
Екі елді қайтам адақтап,
Еліңде көп жігітің
Босқа жүрген салақтап,
Бірін-бірі шабақтап
Қоңыр қаздай бектерің
Дәулеттің гүлін сабаттап,
Талап қылмай жатырсың
Жауға қарап алақтап,
Ұлы жүздің ұлдары
Қазанат мінсін қаңтарып

Жал құйрығын тарақтап
Наз бедеу шықсын құбылып
Аяғын басып қадақтап,
Әспәһан қылыш қолдағы
Шағылсын күнге жалақтап,
Жебелі найза, шар болат
Дұшпанын құртсын тамақтап,
Өшіккен жаудан өш алып
Қан ұрттайық табақтап,
Ер жігітке жарасар
Қалың жаудың ішінде
Найза шанышып, оқ атпақ.

Қиядан ұшқан ақиық
Аң көрмесе шөлдейді,
Жігіттіктің дәуірі
Екі айналып келмейді,
Намысы жоқ жігіттер
Жетегіне ермейді,
Жау қарасын көрмей-ақ
«Қанды көз батыр мен» - дейді
Алдап қатын-баласын
Өз көңілін делбейді,
Елін сүйген ер жігіт
Намысын жауға бермейді,
Ұран салып кеудесі
Екі қап желді теңдейді,
Қатын-бала алдында
Өзінің кеулін делбейді,
Білекте күші буырқап
Кемшілікке көнбейді,
Жалаңаштан да, жауға шап
Бұйрықсыз адам өлмейді,
Тіршіліктің шырағы

Мезгілі келмей сөнбейді,
Ата жаудан кек алған
Ерлердің бағы өрлейді,
Жапырып жауын олжа алмай
Қайратын жігіт көрмейді,
Сұлуын алып сүймесен
Ерлігіңе сенбейді,
Шүлен болса Қырғауыл,
Қолыңда байлық тұрғанда
Сауынсыз қалған Арғынға
Қосақтап неге бермейді?
Біздің елдің сәбиі
Қазақтың арын қайғылап
Ашудан емшек ембейді,
Ел қорғаны, жарандар,
Ақыл алып қайтпақпыз
Ұлы жүздегі ағадан,
Кіші жүздегі данадан
Кеңесім қалай көлбейді?!

Ертеңіне Төле би Шаған деген
биіне Жасылтас, Қырғауылға
Бурыл деген тұлпарын мінгізіп,
қолын қойып, мөрін басып,
Кіші жүздегі Әйтеке биге
сәлем айтып төрт елшіні жолға
шығарып салады.

Сытырып ұшқан секілді
Асқар таудан лашын,
Оңашада тұлпарлар
Бірін-бірі сынасын,
Кесе басып келеді
Даланы, таудың жырасын,

Тыңдарсың алқа жиында
Таба алсаң сөздің ігасын,
Тау менен тасты сыр етіп
Жортуылды жыр етіп
Шабасын айтсам тұлпардың
Келеді жырдың қайымы,
Түс ауғанда босады
Тұлпарлардың айылы,
Ырғыз бен Талдың суында
Жоқ еді теңіз қайығы,
Жүзіп өтіп соларды
Қысқарды жолдың айрығы,
Осындай тұлпар мінгенде
Алыстың болмас қиыны,
Ырғыз бен Талдан өткенде
Ембіге таман жеткенде,
Құлан қуған көп аңшы
Алыстан бұлар көреді,

Қиқуға салған еліріп
Тұлпарлар құстай ұшады,
Бөліп-бөліп үйірді
Жекелеп олар қысады,
Бұлар да озып ілгері
Қызықты алдан тосады,
Жігіттер емес аңшылар
Бозбалаларға ұсады,
Шалқасқа ат мінген бір бала
Қулыққа жетіп тұсады
Жетті де жалға жармасып
Көтеріп басты сағақтан
Қанжарды салды тамақтан,
Дүние көшіп зырқырап
Құлады құлан қорқырап,

Осы сәтте айғыры
Балаға жетті арқырап.

Арқырап жетті балаға
«Ойпырмай, жазым бола ма?»
Дегенше болмай жолдасы
Сілтеді найза тағыға!
Жіңішке болсаң үзілу,
Әлсізді таптау, қауғаулау
Жазулы өмір заңы ма?
Балбыраған қуырдақ
Бұларға енді бұйырмақ,
Тамашалап ағысты
Жолаушылар танысты.
Торсиган екі шекесі
Шекесінде қос айдар,
Байжан бидің еркесі
«Сартай» - деді есімім
Көмекке келген серігі
Болып шықты Жылқыайдар.
Содан кейін барлығы
Жолбасшы алып қатарға
Аттанды бірге сапарға.
«Жинал!» - деп жар салғаны
Жаушының жұртқа қайыры.

Екі сала алдында
Алиынның Еділ-Жайығы,
Жайықты қыстап жай салған
Кіші жүздің баласы
Жетіру, Әлім, Байұлы,
Мұздыбалақ ақиық
Қатуланбай аң алмас,
Аруаққа сыйынбай

Ерлер қылыш шаба алмас
Жігіттің пірі болмасқа
Қынаптан шықпас ақ алмас,
Аладан бұйрық болмаса
Табанға тікен қадалмас,
Екі елден шыққан төрт жаушы
Құрбы, құрдас замандас,
Тізіндескен тұлпарлар
Бәрі қатар қадамдас,
Төртаяқты жануар
Осылардай жаралмас,
Бірнеше күн жол жүріп
Төртқараның баласы,
Әйтекенің аулына
Елшілер қылды хабарлас.

Сонда төрт елші ат басын
Әйтекенің ақбоз үйіне тіреді.
Бұларға тілдесуге адам
шықпаған соң Біржан ақын
сөйлеп жатыр:
-Екі өзен Еділ-Жайық жатыр ағып
Аяғы Атырауға құйған барып,
Байұлы, Әлімұлы Жайық жайлап
Көп малын көңірітіп жатыр бағып,
Жеріне дұға тиген жақсы қоныс
Халқы бай, бағы өскен Қыдыр дарып,
Дәулеті көк иірім көл суындай
Қоңыр қаз меймандары кеткен қонып,
Ауылына Әйтекенің түспекшіміз
Білетін жолбасшыны алдық тауып,
Жолаушы алыс жолдың адамы едік,
Көп түрдық атымыздың белі талып,
Мейманға шығып біреу жауаптаспай
Адамы бұл ауылдың жатыр нағып?

Әйтеке бидің үш қызы бар еді. Ортаншы қызының аты Қанымша еді, жасы 13-те, әкесінің ауылда жоқтығын айтып, елшілерге былай дейді:

*-Байұлы, Жетіру мен Әлім-Шөмен
Ән салсам сәл жетпейді көкке төбем,
Екі өзен Еділ-Жайық жатыр ағып
Шалқарлы, ағысы мол, түбі терең.
Қалың ну екі беті қаптай біткен
Қонысқа жарасады қайың-емен,
Осында өңкей көкжал, теп-тегіс бай
Ел емес әлдеқалай ала-көбең
Сұрасаң Әйтекенің ауылы осы
Білмейтін бұл есімді көрдім сенен
Билер бар қара қылды қақ жаратын
Қолдаған көп әулие Қайып-Ерен.
Ерлер бар дұшпанына оқ ататын
Дүние емес халқының қамын жеген,
Тайлақтай тапырақтап үй сыртынан
Айғайлап жөн сұраспай айттың өлең,
Ақбоз үй анау-әні құрулы түр
Меймана сырттан келген түссін деген,
Атыңның белі талса суытқа қой
Сонан соң сөйлесерсің меніменен,
Қызымын Әйтекенің Қанымша атым
Сұраған сауалыңа жауап берем,
Әкеміз Әйтеке би ауылда жоқ
Билікпен ел аралап кеткен еді
Шақыртып алдырарсың жетсе өрең,
Саясат, сыпайылық естен шығып
Түр шығар кеудеңізде әт-тегенен,²
Жатырқамай, жайласып тынығыңдар
Сөз айтып дастарханда тәрбиеден,*

*Ұлы жүз, Орта жүздің елшілері
Мархабамен келтірген Қыдыр ием.*

-Аяғымыздан шалдырып алдық-ау, - деп бір-біріне қараған елшілер ақбоз үйге түсіп жата берді. Ертеңіне Әйтеке би келіп, елшілердің жәй-мәнісіне түсініскен соң:

-«Жақында Жақайым Құрым биге ас беріледі, соған ел жақсылары түгел жиналады. Мұндай ірі жұмысты солардың алдына салып, көпшілік алдында шешейік! – дейді.

Екі-үш күннен кейін Кіші жүздің көп рулары асқа жиналады. Жақайымның Бәйімбет, Қыдырбай, Құлымбет, Тайқожа, Көлімбет Қарашора Қармыс, Бердінғұл Сырлыбай, Асан Қожамжар-Дула билерге қосшы болып Байжан бидің баласы Сартай да келеді.

Тамам жұрттың алдына шыққан айыр тілді Әйтеке би елшілерді ас беріп жатқан ауылдың азаматтарымен және ас иелеріне таныстырып былайша толғайды:

*-Атамыз қазақ үш арыс
Бір туып еді енеден,
Ақарыс және Жанарыс
Бекарыс пен үшеуін*

*Бір бесікке бөлеген,
Біз Кіші жүз боламыз
Тарихты алсақ көнеден,
Бір ұядан үш ұлан
Үш арыс болып дөреген
Билері әділ қазақтың
Дау бітірген төбеден,
Жігіті батыр қазақтың
Жебесін тасқа егеген,
Әспаһан қылыш байлаған
Балдағы алтын шегеден,
Бұл руда ерлер көп
Азды көпке теңеген,
Бүкіректей батырың
Қалмаққа жалғыз аттанып
Олжаға халқын бөлеген,
Қадырбай сынды билері
Сөзді үндай елеген,
Қара Шора Қармыс би
Кем емес еді кемедең,
Сырлыбай, Бәби екеуі
Тайсалмас әділ төреден,
Байжан, Ақша Асаннан
Әрі сахи, әрі би
Атымтайдай береген,
Құлымбетте Олжабай
Көп ішінде сөйлесе
Шапқан аттай сөреден,
Інісі мынау Сасықбай
Қобызбен аруақ жебеген,
Аумайтын астау едіңдер
Билерім сендер кенеден,
Ортаңа келді төрт елші
От ауызды Қазыбек,*

*Орақ тілді Төледен,
Хабар беріп жинамақ
Үш арыс елдің адамын,
Кіші жүздің баласы
Біліңдер сендер талабын,
Алты сан жоңғар бірігіп
Қытай мен Орыс кірігіп,
Жылына шығып талап түр,
Сарыарқаның алабын,
Орта жүздің адамын,
Басына берсе жау қалмақ
Алтын бесік арқадан
Тайдырар елдің табанын,
Табаның тайса қоныстан
Құбылар сонда заманың,
Осындай толық заманда
Торғауыт пен Жоңғардың
Тартқызайық табанын
Қайтарайық талабын,
Шығаралық есебін
Найза ұстаған баланың,
Тоқалы сауыт түймелеп
Асынсын жау-жарағын,
Жаужүрек болсын ерлерім
Дұшпанға түйіп қабағын,
Жесір алсын қалмақтан
Үзілдіріп сағағын,
Қалмақтың қызы сұлу деп
Айтады әркім жамалын,
Алыстан келген ағайын
Құтты болсын қадамың!
Әйтекеден соң сексен жастағы
сегіз сүйем оқ атқан Бүкірек
батыр сөз алады:*

-Көп гұлама таласып
 Аз мәселе қарамас,
 Самсаған сансыз суырлар
 Көлденең інді қаза алмас,
 Нәсілі арам жаралған
 Көп жуғанмен тазармас,
 Көпке шашсаң топырақ
 Дау-шарға түсіп азар бас,
 Бейғам жатып жау тисе
 Бармағыңды тістелеп,
 Екі көзден ағар жас!
 Қаптаған көп қаргадан
 Қаршыға қазды аз алмас!
 Екі жүз басын қоспай-ақ
 Найзасы алтын Алиыным,
 Қалмақтан олжа алмай ма
 Болмай-ақ көппен қазандас?

Бүкірек батыр осыны айтқанда
 билер дағдарып отырып қалып
 еді, сонда Байжан бидің ұлы
 он бес жасар Сартай былайша
 толғайды:

-Көп гұлама таласпас,
 Ортасында пір болса,
 Суыр мен адам тең болмас
 Пір алдында бір болса.
 Көп жуылса ағарар,
 Көйлекке жұққан кір болса.
 Біреу таппас, көп табар
 Құпияланған сыр болса,
 Дыбысың елге тарамас
 Жаңғыздап шыққан үн болса,

Көптеп ал халқым жауыңды
 Үш арыстың баласы
 Бір туғаның шын болса,
 Көп түкірсе көл болар,
 Құм жиналып бел болар,
 Көп жиналып ел болар,
 Көппен күшің көрініп,
 Көлемің жаумен тең болар,
 Азда қуат кем болар.
 Ақылы жоқ зор басқа
 Адырайған көз бітер
 Дуасы жоқ ауызға
 Таусылмайтын сөз бітер,
 Аз алтынды таба алмай,
 Айналып келіп жез күтер,
 Ақ қайыңға жарасып
 Болаттай берік без бітер,
 Айтарым осы ағайын
 Көпшілік басы құралса
 Қолға алған іс тез бітер.

Баланың сөзіне риза болған
 Әйтеке бидің балаға бата беріп
 жатқаны:

-Ұстаменен дос болсаң
 Мүйіз жонғыш аларсың,
 Қайықшымен дос болсаң
 Аяғыңды суға маларсың,
 Жырауменен дос болсаң
 Той тойлауға барарсың,
 Бақсыменен дос болсаң
 Қобызын алып қағарсың,
 Керауызбен дос болсаң

Әзиз басқа болар сын,
 Байжанның мынау Сартайы
 Көп жасап, шашың ағарсын.

Келген сыншылардың жасы
 үлкені Мәмбет сыншы сөз
 алады:

-Ұрлық қылсаң жалғыз қыл
 Екеу болсаң, бірі айғақ,
 Өткел етсең бұрын өт
 Артынан өтсең жол тайғақ,
 Мақұл десең әлеумет
 Уәде бер сөз байлап,
 Жеті өлиеп бір-ақ кес
 Бас қосар жерді ыңғайлап,
 Уағыдамыз бір болсын
 Қалмасын кеңес құр қайнап,
 Уағдалы жерге кім бармай
 Ағайын қалса ой ойлап,
 Екі жүз басы құралып
 Сол елге қойсын ат ойнақ,
 Ел қорғаны ерлерім
 Елшілер босқа қайтпайды
 Осыған керек қол қоймақ.

Сегіз сүйем оқты Бүкірек батыр
 сөйлейді. Оның сегіз сүйем оқты
 деп аталатын себебі екі садағы
 болады екен. Бірі жеңіл қол
 садақ, екіншісі кісі бойындай
 ауыр көн садақ, сол көн садаққа
 сегіз сүйем (бас бармақ пен
 шылдыр шүмектің керегендегі

арасы бір сүйем, сүйем құрыстан
 ұзынырақ) ұзын жебе салып, көн
 садақтың кірісін аяғының басын
 іліп, өзі шауып бара жатқан
 аттың екінші қапталына еңкейіп,
 бүкірейіп әлгі жапырма ұзын
 оқты топталған жауға атады екен.
 Шын есімі Бұрхан, соған бола
 халық оны Бүкірек атап кеткен:

-Жау хабарын естісе
 Еліріп ерлер талтынбақ,
 Тамыз айы туғанда
 Ат семіреп алқымдап,
 Сүмбіле туса су суып
 Ат таңасар салқындап,
 Сүмбідей болып жараса
 Сәйгүлік сымдай тартылмақ,
 Астында аты сай келсе
 Жігіт жауға шабады
 Найзағайдай жалтылдап,
 Іріктелсін батырлар!
 Қаптай шапқан болмайды
 Көп қарғадай жалтылдап,
 Есіңе салдым әлеумет
 Сүмбіленің бесінде,
 Үш жүздің сұңқар ұлдары
 Басын қосып жиылсын
 Ордабасы төсінде.
 Осыған даяр болуға
 Әлеумет салдым есіңе,
 Алдымдағы ағайын
 Қайталаймын несіне,
 Осы айтқан сөзімнің
 Еріңдер жұртым, көшіне!

Аруағына ас беріліп жатқан көпшілікке қарап сөйлеп жатыр:
 Көлімбет Құрым бидің
 інісі Қара-Шора Қармыс би
 көпшілікке жар салады:

Ау, Әлеумет! Әлеумет!
 Менің айтар сөзім бар
 Ойға түйіп алыңдар,
 Ертең өтіп арғы күн
 Аламан бәйге шабылар,
 Жүлдеге санап шығарған
 Бес мың жылқы, бір мың нар
 Алты жүз қой, мың сиыр,
 Алты жүз нардың үстіне
 Атылас кілем жабылар,
 Құрым деген ағамыз
 Ақсақал екен бағы бар,
 Ас беріп ата-бабаға
 Азамат елге танылар,
 Озғандарға тиесі,
 Сыралғысы, үлесі
 Айтылып жатқан осы мал.
 Көп түкірсе көл болар
 Жиналған мынау жануар,
 Ас иесі бес Шекті
 Атың келсе бәйгеден
 Мал басына бармаңдар,
 Бір тұяқ та алмаңдар,
 Жауда қалған Орта жүз
 Көрсетіп көмек беруге
 Сол жүлдені қамдаңдар.

Ас тарқарда қай күні, қай жерде
 қауышамыз деп, ақын Біржан

-Үйсін, Дулат елімнің
 Төле би еді ағасы,
 Арғын, қыпшақ халқымның
 Қазыбек еді жағасы,
 Кіші жүз сенің жұртыңның
 Жетіру, Әлім, Байұлы
 Әйтеке би панасы.
 Бір анадан дөреген
 Алаштың мынау баласы,
 Білекке тиер шарпуы
 Бармақтың болса жарасы,
 Қазақ пен қалмақ ата жау
 Қашаннан ашақ арасы,
 Қазақтың күлін ұшырар
 Шабылмаса қалмақтың
 Даласы мен қаласы,
 Мөрін басып қол қойсын
 Қазақтың асқан данасы,
 Тойда киер жағасы
 Бас қосатын жеріміз
 Бөген мен Арыс саласы,
 Арғы беті Қаратау
 Далиган қазақ даласы,
 Ұлы жүз бен Кіші жүз
 Екі арыс елдің арасы,
 Кешігіп жетсе қайсы жүз
 Ашылар жіктің арасы,
 Жаңғырар ескі дау-дамай
 Ұмыт болған жаласы,
 Қансырар қайта жарасы,
 Осы жолда бір құдай
 Қазақтың болсын панасы.

Бәйімбет менің атым Нұрмағамбет
 Отырмын тарихқа қолым сермеп,
 Көзімен мұның бәрін көрген жан жоқ
 Жалғасып бірден-бірге қалған бір кеп.
 Тарихын ата-баба жаздым хатқа
 Қолға алып қаламынды тәуекел деп,
 Нұртуған сөз иесі өтіп кетті
 Шағында тіршіліктің ет деп еңбек.
 Пәниден бақижайға көшті бір күн
 Өлеңі заманында болып ермек,
 Нұсқасын қара сөздің әркім айтар
 Өлеңмен кім береді ойға өрнек?
 Аруағын ата-баба сыйлағандар
 Еңбекті есіне алып сынап көрмек,
 Заманда жағдайсыздау бастап кеттім
 Әрине, ешкім айтпас артық-кем деп,
 Ал тыңда ұлы сөзді жамағаттар
 Болсақ керек бәйгеде атты көрмек.

Шаң шықты түс әлетте арқа жақтан
 Будақтап борасыны аспанға өрлеп,
 Аблығып ат қосқандар тұрды қарап,
 -Йә, құдай өзің атты қолдай гөр!- деп
 Үш арыс қазақ болып ат қосқанмен
 Олжа емес, қызықтырған атағы тек.
 Шаң астынан шайқалып шағаладай
 Ақжелең келе жатыр көлденеңдеп,
 Қайырылмай көтермеге өте шықты
 Жануар арпалысып сулығын жеп,
 Ақжелең Қазыбектің тұлпары деп
 Жаңғырды дабысына жер менен көк,
 Ақжелең аламанды келді бастап
 Ақ көбік сауырынан өтті шашып.
 Сартайдың Шалқасқасы бұл да келді

Жануар Ақжелеңнің ізін басып,
 «Ат шаппайды, бап шабады»,- деген бар гой
 Жәмиғат тұрды бұған таңырқасып,
 Торғайдай шапқан бала үстіндегі
 Әл бермей кетті басын ала қашып.
 Аттыға күн жарымдық аламанның
 Оралды қара көрім белден асып,
 Жетіру, Жағалбайлы, Тама, Табын
 Тамадан Есет қосқан арғымағын,
 Шүйлігіп лашындай келді жетіп
 Төгілтіп ол жануар құйрық-жалын,
 Табыннан Бөкенбайдың Ақжол аты
 Төртінші боп боратып келді шаңын,
 Санаттан келген аттар өтіп жатыр
 Қоздырып ата-баба аруағын,
 Белсеніп бесінші боп өте шықты
 Теңбіл ат Жақайымнан Тойғожаның
 Әлімде Айттан туған Тілеу-Қабақ
 Қабақта Бақтыбайдан Ақтабан ат,
 Тұқымы Түрікменнен Ахал-теке
 Наз бедеу жеті жасар алма сағак
 Байбақты Дат батырдың Шабдарымен
 Ақтабан тізгіндесіп келді Ақшабақ,
 Аталған алпыс атқа әзір бәйге,
 Тоғызын біз келтірдік кәзір санап.
 Оныншы Қаракесек батыр Жақау
 Жақаудың Бозмойнағы келді тақау,
 Үшінші я төртінші болар еді
 Тер қатып жаратуда кеткен ақау
 Қолтық пен тебінгілік, жұқа шаптан,
 Босанған жаңа гана кең омырау,
 Елінен жылықсы көп Жағалбайлы
 Торытөбел келді жетіп көбігі аққан.
 Беке! Бекет! Ұрандап Адай елі
 Кертайлақ деген атты тәуір баққан

Тайталас Төртөбелмен бұл да келді,
 Арасы ашақ емес балта-саптан.
 Күлігі Әйдербектің Жанке сары
 Қарақұйрық созылып көлбей шапқан
 Тілеуден Тәңірберген қосқан құла
 Шүйлігіп, жұмаланып шаңнан шыға,
 Түйдектеп құла шауып өткен шақта
 Әлеумет: - тәуір екен! — деді бұ да,
 Тауқара Төле бидің Бурылымен
 Жасылтас келді үшеуі келді мана.
 Біленім топ бастаған осы он жеті ат
 Қалғанын ел адақтап жұрттан сұра?
 Анығын білмеген соң айту қыйын
 Алдында жамағаттың үлкен күнә,
 Алпыс ат сол бір аста бәйге алыпты
 Бір жақтан күрестіріп палуанды да,
 Айдады малдың бәрін Орта жүзге
 Мереке өткеннен соң екі жұма,
 Бас ұстаған әр елдің жақсылары
 Құрымның рухына қылды дұға,
 Тоқтатам осы арадан қара өлеңді
 Азырақ әңгімемен толғау қыла.

Осы ас өтіп жатқанда ауылында
 қалған тоқсан сегіз жастағы
 Байжан би қатарынан үш түн
 түсінде баласы Сартайды
 көреді. Астан оралған соң
 Сартай жауға аттанамын деп
 әкесінен рұқсат сұрайды. Сонда
 әкесі былай дейді:

-Көзімнің нұры Сарыжан
 Құлыншағым сен едің,
 Жастайыңнан шырағым

Ақылмен топты бөгедің,
 Қайырлы болып қадамың
 Қарағым, болсын дегенің,
 Сен туралы Сарыжан
 Үш түн жалғас түс көрдім,
 Соны айтайын деп едім,
 Сен отырсың түсімде
 Басында биік төбенің,
 Сол төбенің басында
 Қылышты тасқа егедің,
 Жеті пір бар қасыңда
 Біреуі пірі кебенің
 Кебеден шыққан піріңе
 Иығыңды теңдедің
 Қожа Ахмет Иассауи
 Қол жайып бата бергенде
 Қолтығыңды демедің,
 Ақ сары бас қу болып
 Аспанға ұшып жөнедің,
 Ғайып болып көзімнен
 Көктің көрдің кемерін,
 Көп жүрмедің тез қайттың
 Айтайын қалқам себебін.

Би көрген түсін өзі былайша
 жориды:

-Пайгамбарлар жар болып
 Бақ қонады басыңа,
 Наркескенді сілтерсің
 Таудың қия тасына,
 Жүрелеп жүріп бас ұрар
 Дұшпаның келіп қасыңа,
 «Айтқаным болып түр ғой»-деп

Бағыңа бірақ тасыма,
 Сарқылғанша ғұмырың
 Кісіден қорқып жасыма,
 Билік қыз да, байлық мұз
 Қызмет қыл досыңа,
 Мақтай берме өзінді
 Басқалардан асыра,
 Осы жолы жауға аттан
 Қамдан-дағы асыға,
 Жауды жалғыз жеңбесең
 Мың бала ал қасыңа,
 Ғұмыр бойы сол достар
 Қорған болар басыңа,
 Қара Шора Қармыс би
 Панасы таудың ығындай,
 Құлымбетте Олжабай
 Аузынан шыққын лебіз
 Ақындардың жырындай,
 Қожамжар, Дула ағаң бар
 Қызыл зерен сырындай,
 Сырлыбай, Мыңбай, Бердіңгүл
 Тар жерден өтер жығылмай,
 Осыларға қызмет ет
 Сатып алған құлындай,
 Бас-басыңа би болсаң
 Кең далаңа симасаң
 Бақсылардың жынындай,
 Ағаға қосшы болмасаң
 Көпке басшы болмасың,
 Еске сақта мұнымды-ай,
 Бөкенбай, Есет нағашың
 Тама мен Табын халқында-ай,
 Бүкірек, Жақау, Бәйімбет
 Кіші жүздің жырындай,

Кемшілік болмас шырағым
 Солардың жүрсең соңында,
 Алиынның биі Әйтеке
 Айтары тұрған алқымда
 Осыларға ойласпай,
 Ақ сұңқарым талпынба!
 Олжа түссе ортаңа
 Қызықпа ұлым алтыңға.
 Халыққа кесір іс қылса
 Кетбұқадай бидің де
 Айт бетіне, тартынба!
 Шындық сөзді танбай айт
 Жақыным деп жалтарып
 Ағайынға артылма!
 Алдыңа шешер дау келсе
 Сөйлеме тартып жақыңға,
 Жағдайың келсе жәрдем ет
 Залалы жоқ пақырға,
 Жауыңды жеңсең достық қыл
 Қолыңды қатты батырма,
 Ойланып сөйле орынды
 Кетпесін ойың ақырға,
 Жақсылармен көп ойлас
 Мол болсаң да ақылға,
 Ізіңе ерген мың бала
 Аға болсаң бүгінде,
 Пана болсаң түбінде
 Отырғызбас тақырға,
 Басыңды қосып қатар жүр
 Ел қорғаған батырға,
 Олжа келсе елге бөл
 Қыстырма балам тақымға,
 Дүние пәни баянсыз
 Бір күндікке сатылма,

Басшылық пене қосшылық
Екеуі келсе қолыңнан
Аға болып халқыңа
Атағың қалар халқыңа.

-Өттен, жас болсам өзім де жауға
аттанар едім. Бұл жолғы соғыс
өте ұзақ болады. Балалардан
жасақ жина дегенім, балалар
үшін соғыс ойын сияқты,
үлкендермен бірге бірнеше жыл
жорықта шыныққан әр бала
ертеңгі күні әрқайсысы мыңға
бергісіз жажүрек қас батыр
болып шығады, - деп Байжан би
баласына бата береді:

-Қолыңды жай, жан балам!
Дұғаға толсын уысың,
Дәулет беріп жасаған
Мол болсын бағың, ырысың,
Бағың өрлеп биікке
Тарасын елге дыбысың,
Жау ішінде кіргенде,
Көрінсін көпке ұрысың,
Ел ішіне келгенде
Әділдік пен әдеппен
Жұртыңа жақсын жүрісің,
Орайы келіп тез бітсін
Қолыңа алған жұмысың,
Ауызыңа қарасын
Үш арыс қазақ жынысың
Жасаған ием жар болып
Аллаһу әкпар! Дұғамның
Қазағың көрсін ырысын.

Осы батадан соң 15 жасар
Сартай елден ізіне ерем деген
мың баланы жинап, Әбілхайыр
ханның жасағын іздеп сапарға
аттанады.

Қозы жауырын қу жебе
Сартайдың қолында,
Дула деген ағасы
Келе жатыр оңында,
Қайып Ерен қырық иілтен
Сартайдың тобында,
Мінген аты Шалғасқа
Мың баласы соңында,
Қомына сауыт бөктерген
Кимейді жаудың жоғында,
Жарқырайды сары жез
Қозы жауырын оғында,
Анталап олар келеді
Ұлы жорық жолында,
Келе жатқан жастарға
Бір топ қара көрінді
Електің шығыс жағында,
Бекенбай мінген теңбіл ат
Топты көрсе желіккен
Жаздай шықпай далаға
Жануар әбден еріккен,
Алыстан-ақ байқалды
Астына мінген көліктен,
Тама Есет танылды
Басында сусар бөріктен.
Екі арыстан Ашында
Талапқа шыққан сертпен,
Он мың сарбаз соңында

Кіл жолбарыс ерткен,
Қарағай найза, сұр жебе
Саптарын толғап керіткен,
Садақтары сартылдап
Кілең көкжал деміккен,
Түстері суық батырлар
Әзірейліді көрікпен,
Бәйімбет, Асан қосылып
Шаңдары шықты аспанға
Жанғандай жалын өрттен,
Мүшел жаста Жылқыаман,
Қосылды осы бөліктен.

Бір қосын қол көрінде
Ырыздан шыққан арнадан,
Топ ішінен шығады
Қобыздың даусы сарнаған,
Қорқыт жауға шыққанда
Қобыздың қылын қандаған,
Бұл жолғы дыбыс ызалы
Түсінеді аңдаған,
Бұл Сасық деген бақсы еді
Даусы елді шарлаған,
Құлымбеттің пірі еді
Қара аруақ орнаған,
Олжабай шешен басшысы
Сөзіне халық қанбаған,
Олжабай асқан тілді еді
Алдына адам салмаған,
Жүз арыстан қасында
Нағыз ерлер таңдалған,
Бүкірек батыр сексенде
Ұрыста қары талмаған,
Ханға келіп қосылды

Қара жердің тозаңы
Аспанға шығып шаңдаған.

Тағы бір қосын келеді
Құбыла жақ бүйірден,
Екі мың жігіт еліріп
Лашын құстай шүйрілген,
Хан қолын көріп қиырдан
Бұларға қарай иілген,
Тілеу Қабақ бектері
Қабағы тастай түйілген,
Асынып қылыш байлаған
Кілең сауыт киінген,
Қола менен сары жез
Болаттан жібін иірген,
Бақтыбай мен Пұсырман
Жау жарағын түйінген,
Әбілхайырға қосылды
Қаһарға мінген жиынмен.
Үлкен бір қол көрінді
Қырындаған бұларға
Тосыннан шыққан иіннен,
Он мың көкжал келеді
Кілең сайлы, кіл дөкей,
Қабаттап берен киінген
Түймелерін ағытқан
Ат пен киім бір өңкей
Шығарғандай қалыптан,
Жауырындарын қиғаштап
Жасынан садақ тарытқан,
Жебесінің сағасын
Қара тасқа дарытқан,
Аузынан жалын шарпиды
От жанғандай тамұқтан,

Шақшақ Арғын ерлері
Танылды бұлар анықтан,
Қошқар ұлы Жәнібек
Сөзіне халық қаныққан,
Әбілхайыр тобына
Бұлар да келіп қосылды
Түйдектен келіп арттан.

Үш мың кісі қосылды
Кішкене кезең қапталдан,
Жиеней мен Жолиора,
Құрманай, Құттық жақтардан,
Бір мың бес жүз адаммен
Алтай келіп қосылды
Кетеден сарбаз тақталған,
Қарасақал ерлері
Сексеуілдей қақталған,
Үш мың кісі Шөмекей
Елемес, Аман шығарған
Әлім қосқан он мыңның
Шаңы аспанға шұбалған
Тағы он мың жауынгер
Байұлы деген ұраннан,
Отыз бес мың ер болды
Кіші жүзден сыбанған,
Әбілхайыр бас болып
Билігі көпке сыналған,
Құба жондар шаңдалды
Түк көрінбей тұманнан,
Азыққа етті қақтаған
Киік пенен құланнан,
Сүмбіленің бесінде
Сарсудан шыққан кезеңнен
Көп әскер көрді құлаған,

Кілең батыр келеді
Білектің күшің бұлаған,
Жігіттер ерткен ірікпен
Насихат айтып билері
Жалғайды жіпті үмітпен,
Әскердің көңілін теңейді
Аспандағы бұлтпен,
Әдеппен сөзді тастаса
Май аққандай жіліктен,
Ақ мақтаны тазартып
Айырғандай шіліктен,
Үш жүздің басы қосылды
Іс қылмақ болып білікпен.
Әбілхайыр сөйледі
Алтындайын нарықпен,
Ханға біткен парықпен:
-Жауға аттансаң бектерім
Жарамайды үріккен,
Кезенгенге кез келсең
Тартынбай ұмтыл үмітпен.
Қазаққа бол әдепті
Қыз секілді қылықпен,
Өз араңа келгенде
Барлығың жүр ырықпен,
Бекем бірлік қашанда
Душпанның тобын іріткен,
Үш арыс қазақ бас қосты
Соңына ерген жұртпенен,
Осы сәтте шығыстан
Қалың әскер көрінді
Шендескен қара бұлтпенен
Бұл сарбазбен жеті мың
Қазыбек еді қосылған
Бір күн бұрын сүріктен,

Тағы бір күн өткен соң
Екі жарым мыңменен
Төле би келіп іліккен,
Баласы бар, қарты бар,
Батырлар бар даңқы бар
Осылайша сол жолы
Елу мың қазақ біріккен.

Қырғауыл:

-Үш арыс қазақ жиналды
Ордабасыға кеңеске,
Талаптанып келеміз
Жаудан жейтін жеміске,
Жиналған мынау әлеумет
Мұнымды бұрыс демес те,
Жау аяғы жаралы
Үміт арттық ұлы іске,
Ауыздықпен су ішіп
Арғымақ түсер желіске,
Бала-шаға айдайтын
Қой емес қалмақ өрісте,
Кіші жүз адам жинаған
Олжа алу үшін бөлісте,
Он екі жасар жас бала
Ішінде бар періште,
Әйтекем ауыр алмаса
Ашың сені санаймын
Ақылы жоқ кеміске,
Кіші жүздің билері
Жарма жарын қайтарсын
Ақылға айтқан көніссе.
Сартай:
-Қырғауыл ақыл қалтасың
Қатарыңнан білімді,

Сыпайылық етпей-ақ
Шығардың зәрлі үңді,
Ақылсыз деп Алиынды
Қадап өттің тіліңді,
Көпшілігімізді даттайсың
Көрсетіп күншіл сырыңды,
Білесің бе, Қырғауыл
Олжа алар күніңді,
Кіші жүз малын айдатқан
Олжа мен білсең шығынды,
Не деп тұр мынау Қырғауыл
Төлеке, айтшы шыныңды
Мен бір ақыл салайын
Көрсеніз мақұл мұнымды,
Ел иесі құралып
Балаға қойсаң сыныңды,
Сол балаға шығындар
Қос батыр бұзбай жұбыңды,
Ақшұбар тұрса қолында
Біріңе қоспас біріңді,
Жазатайым жығылсаң
Сұрамайсың құныңды,
Артық айтып кетпейін
Көп шұбыртып жібімді,
Амандық-саулық сұраспай
Балаларды қайтар деп
Асығыс айттың жырыңды,
Асығыс айттың сырыңды!

Қаз дауысты Қазыбек:

-Кіші жүз іні біздерге
Ұлы жүз сендер ағасың,
Әркімдер керек білуге
Ақылдың салмақ бағасын,

Мен шақыртып едім басында
 Үш арыс елдің данасын,
 Ертемін ғой деп едім
 Бесіктегі де баласын,
 Жыртамын ғой деп едім
 Жау қалмақтың жағасын,
 Айдаймын ғой деп едім
 Төрт түлікті қарасын,
 Бас қоспай жатып билерім
 Таласқа кетіп барасың!
 Өзіңді-өзің көп көріп
 Аз бенен кімді аласың?
 Ақылға салып аңдаңдар
 Аз бенен көптің арасын.

Ашуланып Қырғауыл

Балаға Сартай жүлқынды:

-Жастықтан басты көтермей
 Ашпайсың ертең ұйқыңды.
 Жау жағадан алғанда
 Ұшырар сендей қиқымды,
 Жау жеңбек түгіл сен бала
 Сыға да алмайсың битіңді,
 Бізден қалмақ қорықпас
 Көріп сенің сиқыңды,
 Қалмақ та деп білдің бе
 Кие алмай жүрген китіңді
 Ұрыста деп келдің бе
 Ойын-сауық жырыңды,
 Осы арадан елге қайт
 Шапсаң көрсет сыртыңды.
 Бір ауыз сөз сөйлеме
 Тілемін бала ұртыңды!
 Осыны айтып Қырғауыл

Жақын тұрған жанына
 Жылқыаманға ұмтылды,
 Ашуланып Жылқыаман
 Қалт, қалт, қалт етті
 Қайтпаймын деген дауысы
 Ақ сұңқардай саңқ етті,
 Найзадан кетті бұлтарып
 «Атамын»-деп ант етті,
 Сүрініп бара жатқанда
 Жауына қарап жалт етті,
 Жалт еткенде ақшұбар
 Мылтықтың даусы таңқ етті,
 Қап-қара түтін ішінен
 Оқпанның аузы жарқ етті,
 Қырғауылдың басынан
 Құс телпегі жалп етті,
 Мұны көріп тұрғандар
 Қарқ, қарқ, қарқ етті,
 Қазыбек, Төле, Әйтеке
 Жылқыаманның өнерін
 «Ойпырмайлап» парқ етті,
 Күлкіге шыққан ілесе
 Ақшұбар тағы дүрк етті,
 Опырайған оқпаннан
 Түтін бүрқ, бүрқ етті
 Араласып түтінге
 Жалын жылт, жылт етті,
 Қой боғындай қорғасын
 Көздеген жерден діңк етті,
 Қырғауылдың қолында
 Найзасы кенет сырт етті,
 Ұстаған жерден үзіліп
 Қарағай сабы бырт етті
 Тұтамдай сабы қолында

Үш жағы жерге сылқ етті,
 Найза жерге түспей-ақ
 Ақшұбар тағы дүңк етті,
 Дүңк еткенде белдегі
 Қынның бауы бүлк етті,
 Темірден құйған шығыршық
 Шықыр-шықыр шырт етті,
 Үзілген соң шығыршық
 Алдаспан жерге ыңқ етті,
 Қырғауылдың қолынан
 Қамшысы тағы бүлт етті,
 Жүрдай болып Қырғауыл
 Жүрегі енді зырқ етті,
 «Енді өзімді атар»-деп
 Артқы жағы тырқ етті,
 Өзімді атып тастар дап
 Бидің даусы жыңқ етті,
 Он екі жасар Жылқыаман
 Қырғауылды күлкі етті
 Жылқыаманды көруге
 Жүрттың бәрі қаптады
 Шапшаңдығын, көздеуін
 Бір адам қалмай мақтады,
 Алдыңғылар көрді де
 Көре алмады арттағы,
 Бір-бірінен сұрасып
 Баланың атын жаттады,
 Кейін қарап шығуға
 Жүрер жерін таппады,
 Сол уақытта Жәнібек
 «Мергендер енді шықсын»-деп
 Топтан ашты қақпаны,
 Садақшыларды шақырды
 Үш арыс елден мергендер,

Үш арыстан жүз-жүзден
 Үш жүз кісі бөлінді
 Тасқа садақ тартқалы.

Әуелі кезек садаққа
 Ұлы жүзге берілді
 Әр жүзден жүз кісіден
 Тартуға садақ бөлінді
 Ұлы жүздің ішінде
 Көп еді мерген сенімді
 Төле би мен Қырғауыл,
 Жігіттеріне тебінді:
 -Ақ білекті сыбанып,
 Түрін!-деді жеңінді,
 -Жауырынды қиғаштай
 Бекем ұста беліңді,
 Иығыңды келтіріп
 Тарт ішіңе деміңді,
 Тасқа ендіріп оғыңды
 Көрсетіңдер ебінді.

Осыны айтып ерлерге
 Екі би кейін шегінді,
 Жартасқа келіп тұрғанда
 Кірістен жебе жып етті
 Тигені тасқа көрінді,
 Сауыт бұзар сұр жебе
 Ұңғыдан тасқа көмілді,
 Ізінше бір оқ жып етіп
 Төрт елі тасқа сіңілді,
 Осылардай жүз жебе
 Қазба қатар тізілді
 Жүз кісіден бір-бір оқ
 Жартасқа келіп сіңілді,

Жарпақтап құлап қара тас
 Топырақ болып төгілді,
 Алдыңғы кірген алты оққа
 Төленің көңілі семірді,
 Көтеріліп Қырғауыл
 Кептірді буға кеуілді,
 Жүз кісі атып болған соң:
 -Қазыбек би қайдасың?
 Ал шығар,- деді еріңді.
 -Тартыңдар! — деп садақты
 Қазыбек салды айқайды
 Орта бойлы бір жігіт
 Садағын алып талтайды,
 Кірістің жібі керіліп
 Сарыжа бауы қайқайды
 Оқ кеткенде кірістен
 Жығыла жаздап шалқайды,
 Тепкіден шыққан ашулы оқ
 Құмары тастан тартқайды,
 Жарты арышын өтіп жартасқа
 Дірілдеп құйрық шайқайды,
 Осылардай үш-төрт оқ
 Қатарынан байқалды.,
 Бұл оқты көріп Қырғауыл
 Таңырқап аузы аңқайды,
 Қаздауысты Қазыбек
 Топ ішінде марқайды,
 Сауыт бұзар сұр жебе
 Кіріп жатыр тізіліп,
 Кесек ұшып жартастан
 Құлап жатыр бұзылып,
 Үш арыс қазақ қарап тұр
 Сайысқа мына қызығып,
 Садақшылар тартады

Күшін жинап кіжініп,
 Кімнің оғы екені
 Жазылып жатыр тізіліп,
 Орта жүздің оғынан
 Тас қалды біраз мүжіліп,
 Өшіккен жауға қайтеді
 Осылар кетсе қызығып,
 Жүз кісі атып сарқылып
 Кіші жүзге қарады
 Кезегін таусып тұжырып.
 Сексен жасар Бүкірек
 Ханға тастап қиығын,
 Әлеумет күтіп тұрғасын
 Көтерді алып иығын,
 Сардар ханға бір қарап
 Азырақ тартты миығын,
 Миығын тартып білдірді
 Сынның «кімге» қиынын,
 Байқаған соң шешініп
 Тастады ауыр киімін,
 Сегіз сүйем жебенің
 Таңдап алды сүйірін,
 Кіріске салып кезеді
 Жартастың ұшар биігін,
 Шіреніп тартты садақты
 Оңға бұрып бүйірін,
 Жібек баулы сарыжа
 Иіліп қосты иінін,
 Бүкіректі сұрасаң
 Ата тегі кім еді?
 Жақайымның Асаны
 Марқадамның ұлы еді
 Қорғап жүрген сыртынан
 Жеті гайып пір еді,

Қожа Ахмат Иассауи
 Сыйынып соған жүр еді,
 «Шар болатты тасқа тарт»
 Атасы айтқан сыр еді,
 Атасының айтқаны
 Есіне түсіп тұр еді,
 Сарыжа бауы ширатқан
 Самарханның жібегі,
 Демін тартып ішіне
 Табанын жерге тіреді,
 Сарыжа бауын тартқанда
 Сүйсінді шалдың білегі,
 Азаматқа бақ қонса
 Орындалмақ тілегі,
 Сауыт бұзар сұр жебе
 Жартасты жарып айырып,
 Бауырдай тіліп іреді,
 Жартысы құлап жартастың
 Оқ тоқтамай кеткенін
 Үш арыс қазақ біледі
 Мақтанып тұрған батырлар

Отыздан, бар ұлыстан, әрбір жүзден
 Тоқсан би отырысты қатар тізген,
 Жүз-жүзден әр ұлыстан бақылаушы
 Отырған тоқсан биге көзін сүзген,
 Үш арыс күллі қазақ ортасынан
 Сайламақ қолбасшыны жаннан безген.
 Тоқсан би көптен шыққан кілең дана
 Сөйлейді тілді безеп дара-дара,
 Сұлтандар Батыр, Барақ, Күшік, Нияз,
 Болат пен Әбілмәмбет елге пана,
 Қазақтың шаңырағы шайқалғанда
 Қайсысы бола алады әскерге аға?
 Біріне-бірі қиып берер емес

Осыны көріп жүдеді,
 Осы оқты атқан адамның
 Тегін сұрап білуге
 Әркімдер құлақ түреді.
 Барлығы сынап талабын
 Ең соңынан жас Сартай
 Суырып алды садағын
 Күлімсіреп Әйтеке
 -Тартшы,- деді қарағым,
 Сартай бала ашулы
 Тастай түйіп қабағын
 Тіреді жерге табанын,
 Оқ кеткенде кірістен
 Ентігіп қақты танауын
 Тепкіден шыққан сұр жебе
 Бойлай еніп жартасқа
 Жартастың етті тамамын,
 Хан шақырды содан соң
 Үш арыс елдің жаранын.

Таласқан билік үшін өзіара,
 Созылды тоғыз күнге айтыс-тартыс
 Айналып арты дауға бара-бара,
 Қосылмай үш арыстың ынтымағы
 Осылай жатты біраз айдалада,
 Қатысқан осы дауға әрбір бидің
 Сыналды тереңдігі шаба-шаба,
 Қазыбек қаз дауысты сөйлегенде
 Бермейді адамзатта тілге шама,
 -Қарадан хан боп туған жан екен,-деп
 Әлеумет Қазыбекке берді баға.
 Ішінде түз жалаған бақталастар
 Ойласып данышпанға етпек шара,
 Білдірмей тартар жанға адалына
 Нақақтан Қазыбекке жаппақ жала,
 Тартыстың тамашасын ойға түйіп
 Сөз тыңдап отырады Сартай бала.

Күн кешкіріп тарады тағы халық
 Таң ата жиылысқа тұрды барып,
 Қаз дауысты Қазыбектің алтын ерін
 Қырғауыл ат үстінен алды танып,
 Тепсініп тоқсан бидің ортасынан

Қырғауыл сөз сөйлейді топты жарып:

-Алатаудың алабын
 Біздің ауыл жайлайды,
 Құлкеткен деген бұлағы
 Тастан шығып қайнайды,
 Сол бұлақтың құрағын
 Жапырып бие байлайды,
 Бие байлау жерінде
 Ақ қайың өсіп жайнайды,
 Басына қонып бозторғай

Таң сәриден сайрайды,
 Сол қайыңнан біздің ел
 Ерлік ағаш сайлайды,
 Жарылар деп жас қайың
 Жыл жарым үйде сақтадым,
 Алтынбай деген ұстаның
 Үйімде үш ай жатқанын,
 Қапталын қақтап қайқайтып
 Білесіңдер ғой шапқанын.

Қырғауыл осыны айтып тастады ерді,
 Тар кеуілі тамсанып қойды елді,
 Жөнсіздің бекер жапқан жаласынан
 Назары Қазыбектің түсе берді.
 -Сөйлесем егес туып кетеді-ау? — деп
 Көңіліне неше түрлі қиял келді,
 Бүкірек сол уақытта иек қағып
 Орнынан Сартай бала тұра берді,
 Дал болған ақ-қараны ажыратпай
 Жұртшылық сөйлегенді тәуір көрді,
 -Жаратқан, жақсылық сөз естиін,-деп
 Ағызды Қазыбек би беттен терді,
 Әділдік осы арада сөз айтуға
 Жас Сартай не де болса мақұл көрді,
 Нандырса уәжіне ақтап шықпақ
 Алаштан асып туған кемеңгерді,
 Әйтеке атасынан рұхсат алып
 Жас бала тілін безеп аттай желді.
 Төле би: - сөз баста! — деп иек қақты
 Жамағат жас баланың аузын бақты,
 Қандай сөз бұл баладан шығады деп
 Жанына Қазыбектің қатты батты,
 Дейтұғын Қараменде ұста соққан
 Ері еді Қазыбектің лайқатты,
 Күмістен күмбез құйып, қадақ қағып

Сол ұста қапталына алтын жапты,
 Алты ай жаз мойын бүрмай істеп болып
 Алған-ды ақысына алпыс атты,
 Барғанда Кіші жүзге Біржан ақын
 Осы ердің Сартай жәйін сұрап апты,
 Сол сапар қолқалаудың жөнін таппай
 Кетсе де кеуілі қанша сұрамапты,
 Біліп тұр Қазыбектің ері екенін
 Сол сәтте мынадай бір ақыл тапты,
 Көтеріп ерді қолға алып тұрып

Сөйледі сонда Сартай қатты, қатты:
 Сартай:

-Қапталың қайың, қасың тал
 Қараменде соққан бір ерсің,
 Таласып жатыр кіл Көкжал
 Қайсысын мақұл көрерсің?
 Әділдікке жүгінсем
 Қазыбекке тиерсің,
 Анығын ашып айтқанда
 Би Қазыбек күлерсің,
 Қара көңіл Қырғауыл
 Жалған айтсам сүйерсің,
 Жалалы жанды жегі жеп
 Бір күні сен де өлерсің,
 Тозақта жаның шырқырап
 Тас таразы көрерсің,
 Сонда осы жайында
 Не деп жауап берерсің?
 Пәнидегі күнәнді
 Иманыңменен төлерсің,
 Әй, Қырғауыл, Қырғауыл!
 Күншілдікке шеберсің,
 Ағаға іні бола алмай,

Ініге аға бола алмай
 Нардай болып шөгерсің,
 Халық айтса, қалп айтпас
 Ырықына көнерсің,
 Халқыңа зәбір жасасаң
 Түбінде қайғы шөгерсің,
 Халыққа тентек, қудайға жат
 Деген сөзге сенерсің,
 Атыңды ұрпақ жаттамай
 Мәңгілікке сөнерсің,
 Күншіл болма, көпшіл бол
 Десеңдер халқым көгерсін,
 Қазыбектікі мына ер
 Не дерсің билер не дерсің?!
 Осыны айтып Сартай би
 Ерді қолдан түсірді,
 -Сенікі,- деп мына ер
 Қазыбекке ұсынды,
 Ақталатын сөз таппай
 Қырғауыл қатты қысылды,
 Мерейі өскен Қазыбек
 Қаны тасып пысынды,
 -Ақыл жастан,- рас деп
 Сартайды халық түсінді.

Екі аптаға созылған күллі қазақ қолының қолбасшысын сайлау ақыры Әбілхайыр ханның жеңісімен аяқталып жұмылған жұдырықтай болып түйілген қалың әскер лек-лек болып жауға аттанады. Араларында сексендегі қарттар да, тіпті балапан дерлік он екі жастағы балалар да, жігіт болып киініп алған қыз-келіншектер де бар. Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны басынан кешкен, сай-сүйегі сырқырап «Елім-айды» тыңдаған әрбір қазақ: - «жаным арымның садақасы» - не жер бетінде ұлт болып аман қалуға, не туған жердің топырағын мәңгі жастанып

қалуға бел байлаған еді. Қазыбек би Сартайға көңілі толып, Ақжеленді сыйға тартады.

Ал тыңдаңдар, Әлеумет!
Аламан атқа міністі,
Біраз жатып бұл жерде
Майданға қарай жүрісті,
Сартай мінген Ақжелең
Жүріске сұлу кірісті,
Қанаты жоқ жануар
Қара жермен жылысты,
Үсті жайлы Ақжелең
Аққан судай ығысты,
Жарысқанда тұлпарлар
Он мың аттың ішінен
Қуландай ойнап шығысты,
Жол-жөнекей жұртты
Сұрасып әбден білісті,
Ізіне ерген мың бала
Бетке алды шығысты,
Нағашылы, жиенді
Әзілдесіп күлісті,
Аударыспақ ойнасып
Жарысып бәйге тігісті,
Кілең тұлпар мінгені
Байлаған белге қылышты,
Жасаған өзі оңғарсын
Жорықтағы жастардың
Алдындағы жұмысты...

Әбілхайыр сол сапар
Ақсұңқар құстай түлеген,
Кілең тұлпар мінгені
Тор көз сауыт кигені

Ізіндегі батырлар
Үзеңгіде шіренген,
Аттың асыл әбзелі
Алтындаған жүгеннен,
Кейде тартып ат басын
Ауық-ауық жіберген,
Неше ұдай жол шекті
Азамат қайтпас жігермен,
Қазақтың қалың әскері
Бұланты деген бұлаққа
Осылай келіп тірелген,
Алдында қалың жау тұрды
Қара бұлттай түнерген,
Зеңбіріктері зіркілдеп
Алысқа добын жіберген.

Екі жақ арпалысып, бір-бірлеріне бата алмай аңдысып ұзақ тұрады. Жау зеңбірекпен атып қазақтың қолын біраз шығындайды. Осы сәтте қазақтың қалың қолының арасынан бір топ бөлініп шығып жаудың сапын қақ бөледі. Бұл топтың Сартай бастаған балалар екендігін көрген қазақ батырлары жауға ұрандап лап қояды. Балалардың ерлігіне тәнті болған қазақ жағы жан аямай соғысып жауды жеңіп шығады. Сол ұрыста он екі мен он алтының арасындағы бес жүзден астам қазақ баласы туған жерінің азаттығы үшін шәһит болады.

Өрімтал елі үшін жанын қиған
Жаратқан өздеріңе берсін иман,
Халықтың бақыты тек газаттықта
Байлықтың пайдасы жоқ жаудан жиган.
Баян еттім қазақтың бір тарихын
Сыртқа симай білгенім ішке сиган,
Дұға ет оқи қалсаң бұл қиссаны
Өмірге келген, кеткен мен де мейман.

«Мың бала» жорығының әнұраны

Сөзін жазған: Батық Мәжитұлы
Әнін жазған: Бейбіт Дәлденбайұлы

Арман қуып өсеміз, алға асамыз,
Айбынына намыстың ән қосамыз.
Мың баланың ерлігі үлгі-өнеге,
Мұрагер боп біз оған жалғасамыз

Қайырмасы:

Азаттық ұранымыз,
Алаштың ұланымыз.
Қазақтың батырлары,
Киелі жыр-әніміз.

Қасиетті қазақтың топырағы,
Жайқалды өркен-жапырағы.
Сарбаздары Сартайдың ел қорғаған,
Бізді үнемі биікке шақырады.

Қайырмасы:

Қанат берген бабалар ойымызға,
Күн нұрының шашуы — тойымызға.
Мықты болып ержету — міндетіміз,
Мың баланының рухы бойымызда.

Қайырмасы:

Азаттық — ұранымыз,
Алаштың ұланымыз.
Қазақтың батырлары
Киелі жыр-әніміз.
Мың бала, мың бала, мың бала!

МАЗМҰНЫ

1. Сөзбасы.....	3
2. Б.Б. Енсепов. Алғы сөз.....	5
3. Автордан.....	7
4. Кіріспе.....	8
4. I тарау. Батырдың шығу тегі, зерттеулер мен тарихи деректер.....	13
5. Асан Қайғы; шығу тегі, өмір сүрген жылдары, ұрпақтары.....	13
6. Сартай батырдың шығу тегі, өскен ортасы, тұлға болып қалыптасу тарихы және ол қолбасшылық жасаған «Мың бала» туралы.....	33
7. Сартай батыр бастаған «Мың бала» жорығы.....	39
8. Шоқан салған суреттегі Сартай портреті туралы.....	58
9. II тарау. Сартай батыр туралы ел аузындағы әңгімелер мен көркем шығармаларды тарихи деректермен салыстыру.....	65
9. Сартай батыр мен Мүсірәлі - Софы Әзиз.....	65
10. Мың баланың ерліктері.....	78
11. Сартай батыр туралы ел аузындағы әңгімелер.....	83
12. Сартай батыр мен Әбілқайыр хан жайлы.....	88
13. Сартай, Жылқаман және Батыр сұлтан.....	126
14. Сартай, Жылқайдар және Жанқожа батырлар.....	134
15. Патша саясатына қарсы шыққан Сартай батыр.....	151
16. Сартай батыр туралы өзгелер не дейді.....	158
17. Қосым қожаның көріпкелдігі.....	165
18. Сартай – батыр, би, көріпкел әулие.....	173
19. Сартай мен қарақалпақтар хақында хикая.....	176
20. Сартай батырдың елді егіншілікке баулуы.....	182
21. Сартай бидің көрегендігі, сәуегейлігі туралы аңыз-әңгіме.....	187
22. Қаз дауысты Қазыбек бидің сыны.....	189
23. Сартайдың түске еніп, аян беруі.....	192
24. Сартай ұрпақтарымен сұхбат.....	194
25. Сартай баба ұрпағымен жүздесу.....	198
26. Асекеңмен болған бір сұхбат.....	200
27. Сартай бидің халық жадында сақталған нақыл сөздері.....	202
28. Пайдаланылған әдебиеттер және БАҚ-на жарияланған материалдар тізімі.....	203
29. III тарау. Сартай батыр дастаны. Пікірлер, арнау-жырлар.....	204
30. Пікірлер.....	204
31. Сартай батыр дастаны.....	213
32. «Мың бала» жорығының әнұраны.....	246

Ж.КЕҢЕСОВ

Сартай батыр

Редакторы: Атабай ҚЫЛЫШБАЙҰЛЫ
Беттеуші-дизайнер: Гүлнұр МУХАМАДИЕВА
Техникалық редакторы: Ермек ЖАРЫҚБАСОВ,
Корректор: Динара АЙНЕКОВА

Теруге берілді 04.10.2011. Басуға 12.11.2011. қол қойылды.
Пішімі 84/108 $\frac{1}{16}$. Көлемі 15,5 б.т. Қаріп түрі “Times New Roman”.
Офсеттік басылым. Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 355

“Дала” баспаханасында басылды.
050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, В.Радостовец көшесі, 301 үй.